

63,3/51091


101-12

Шакарман Мұқанұлы Шайгөзов

**Едігенің**  
майлы жұрты







Шакарман Мұқанұлы Шайгөзов

*Едігенің  
майлы журты*

Шакарман Шайгөзов

Едігенің майлы жұрты  
—168 бет,  
Жезқазған, «Полиграфия Ер Мұра» ЖШС-ы



## Өмірдерек

Шакарман Мұқанұлы Шайгөзов 1937 жылы Ұлытау ауданы Қаракеңгір кеңшарының Көгелең бөлімшесінде туған. Әкесі Шайгөзұлы Мұқан Отан соғысының ардагері, Республикаға еңбегі сіңген қызметкер болған.

1955 жылы Ұлытау орта мектебін бітіргеннен кейін, Жезқазған Руднигінде № 51 шахтада екі жылдай электровоз машинисі болып жұмыс істеген.

1957 жылы Алматы Малдәрігерлік — зоотехникалық институтына түсіп, оны малдәрігерлік мамандықпен 1962 жылы бітірген.

1962-1972 жылдар арасында Жетіқоңыр совхозында бас малдәрігері болып қызмет атқарған.

1972-1974 жылдар арасында Сарысу совхозында директор болған.

1974-1978 жылдарда аудандық малдәрігерлік лаборатория директоры болып қызмет атқарған. 1978-84 жылдарда Қаракеңгір совхозының бас малдәрігері, 1981-1987 жылдар арасында аудандық ауылшаруашылық басқармасының бас малдәрігері болды.

## **ТӨРТ БОСАҒА**

Қазақ тарихында қайғылы заман әкелген атақты «Ақтабан шұбырынды, «Алқа бел сұлама» қай атаның баласына болса да жақсы тиген жоқ. Бет-бетімен шұбырған ағайындарын жиыстырып, Сарыарқаның Ұлытау маңайына топтастырып, бағаналы елінің басын құраған, Кершолак атты Ер Шоштан деген батыр бабамыз екен.

Халық есін жинап, етек-жеңін түре келе үлкен іргелі елге айналып, қарадан шығып, хан болған Барлыбайдың иелігінде болған.

«Жері байдың елі бай» деп тегін айтылмаған. Бағаналының орын тепкен жерінің кеңдігі мен шөбімен жайылымдығының байлығы көшпелі елдің тез байып кетуіне жол ашқан.

Он екі болыс бағаналы елінің көлемі: ұзындығы 600 шақырым, көлденеңі 200 шақырым кеңістікті алып жатқан. Жерінің шеті терістігінде Арғанаты таулары мен Желді адырға дейін, шығысы Шу өзені, Оңтүстігі Ақмешіт, Түркістанға қосылады. Бағаналыда 7435 шаңырағына қарасты 40 мың жан болған. Орта есеппен жан басына шаққанда әр шаңыраққа 34 ірі малдан келген. Шу бойынан 900 шақырым Атбасарға қарай көшкенде әркімнің өзінің күш көлігі жеткілікті болған. Бала-шаға мен дүние мүлікті түйенің қоршауына орналастырады да, ат жалын тартып мінуге жарайтын адамдар атқа отыратын. Бір жұртта көп отырмай жол-жөнекей қонаша іздеп тауып алып, үнемі соны жайылымдықтарды пайдаланған. Малдары түгін тартса майы шығатын семіз болған. Бағаналы елі көп уақытқа дейін отырықшылықты қолдамаған. Жаз Атбасардан аса жайлап, күзге қарай Сарысу өзені бойы, жетіқоңыр құмы, одан әрі Шу, Телкөлге жетіп, басым-көпшілігі қысты сол жақта кигіз үйде өткізген. Кигіз үйлерді екі қабат кигізбен қаптап, іргесін көмеді. Қысқы қонашалар Шу бойындағы қалың тоғайлы, қамысты қойнаулар мен құм ішіндегі сексеуілді, талды-шілікті жерлер болған. Отынға кез-келген ағаш томарлары мен жазықтарда өсетін сексеуілдер мен боялыштар, өзен бойының жыңғылдарын пайдаланған. Малға шөп дайындалмаған. Малдарын жыл бойы жайылымда баққан. Жазда жайылым көп, қысқа қарай шөбі қалың біткен қорықтарды сақтаған. Қар қалың жылдары қорықтарды күрекпен ашып отырған. Малдың дені қой мен жылқы және түйе болған.

Бағаналы елінде малдың көптігі сондай қолдағы малдары өздерінен артылып, Атбасар, Қызылжар, Қостанай, ақмешіт, Түркістан базарларын жауып кететін еді. Бағаналыға қарасты жерлердің жартысынан астамы құйқалы, қара отты келеді. Жайылымдықтарында сан түрлі жусан, қызыл изен, сүтіген, еркек, бұйырғын, қарға тұяқ, жапырақ-шәйір, сияқты майлы шөптер көп. Таулы жерлері көк майса шалғын, бидайық, түрлі дәрілік шипалы шөптерге бай. Осыған байланысты малдарының еті дәмді, майы шыны, тіл үйіретін болғандықтан жұрт қызығарлықтай құнды еді. Атбасар базар-жәрменкелері боларда алдын-ала Мәскеудің Паншин, Бардыгин сияқты ірі байлары таныстарына телеграмма соғып, Бағаналы базарға келеме?» — деп сұрайды екен. Егер, келмейді деген хабар болса, олар да келмей қалған уақыттарыда болған. Бертінде 1915 жылы қазнаның бидайын Атбасар, Балқашин дейтін жерлерден Қызылжарға тартқанда Бағаналыда 24000 түйе жиюға оядан бұйрықпен пристав келгенде, жұрт 19000 түйені өз ішінен, 5000 түйені сырттан жинап берген. Соның өзінде халықтың көші-қоны үшін, қолдағы түйенің өзі-ақ жеткілікті болған.

«Береке байлық бірлікте, Бірлік болмай тірлік болмас» деп, тегіннен тегін айтылмаса керекті. Ел бірлігін сақтаған ерлері болмаса, оза шыққан көреген көсемдері мен сөзге жүйрік шешендері болмаса ел-ел болып тұра ала ма? Бағаналыны ел еткен, іргелі ел болып қалыптасуына еңбегі сіңген «төрт босаға» атанған — төрт адамның тарихымызда алатын орны бөлек. Олар: Кәдір би, Сандыбай, Бабыр және Шегірі.

Кәдір би Сары сарғалдақ руларынан шыққан ақылды-дана адам болған. Кәдір би, екі адам арасындағы дау — шардан бастап, ел арасындағы жер дауы, жесір дауы, барымта-жанжалдарын екі жаққа бірдей тиімділікпен мәмле-бітімге келтіріп, шешіп отырған. «Өнер алды — қызыл тіл» дегендей ол батылдығымен, әділдігімен, сөзге шешендігімен халқына қамқор, еліне пана болған адам. Кәдір би әр уақытта ел бірлігін сақтау жағында болған.

Сандыбай қазақ тарихында әйгілі, аты ұранға шыққан батыр. Сандыбайдың тұсынан бастап, Бағаналы елінің бағы көтеріліп, беделі артқан. «Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді» дегендей, намысты қолдан бермес үшін, батыр-батыр деген соң шығамыз, батырға да жан керек, — деген сөз сол кісіден қалған екен. Сандыбай ертерек дүниеден өткен. Сандыбай өлгеннен кейін, оның орнын жас та болса, бас болған, Ерден басқан. «Талапты ерге нұр жауар» дегендей,

Ерден ақылына батылдығы сай, аузынан жалын атқан өткір — бетті, айлалы жігіт болған. Ел билігінде Сандыбаймен терезесі тең жүрген, әрі сыйлас, Кәдір би, Бабыр, Шегір, Ерденді қатарларына алып, ел билігіне баулыған. Есейе келе Ерденнің бағы арта түскен. Ол кез ресей патшалығының қазақ жеріне етене кіріп, Ақмола, Атбасар тағы басқа көптеген бекіністер салып, енді орта Азия елдеріне ауыз салған шағы еді. Ақмола мен Атбасарды басып, қазақ жерін қақ жара Ташкентке қарай арасы 30 шақырымнан бекеттер орнатып, сол бекеттер арқылы қазақ-орыс әскерлері ерсілі — қарсылы жүріп жатқан кез. Ел оларды «Ақсирақ» дейді екен. Патша саясатын түсінген төртуыл Орынбайдың Жанайдары, Бекбауыл Баубек батырлар мен Ерден батыр сол «ақсирақ» әскер басыларымен етене араласып, тіл табысып, олардың ел арасында еркін жүріп-тұруына көмек жасаған. Әскер басылары Ерденді мақтап, губернаторға білдірген. 1862 жылы «Аға сұлтан» сайлауында, Ерден Атбасар уезіне «Аға сұлтан» — правитель болып сайланады.

Атбасар уезінде «Ерден көлі» деген көл бар. Бұл көлді Баубек батыр бекбауыл еліне алып беремін деп, көп таласқан екен. Бірақ, Еркекең ақыл-айласын асырып, бұл көлді Бағаналыға қаратқан.

**Бабыр** батырлығымен де, билігімен де, байлығымен де даңқы шығып, бағаналының төрт босағасының бірі атанған. Бұл кісі ірі, қайратты, келбетті де, марғасқа адам еді. Ел арасындағы барымта сырымталарда бұзау тіс қамшымен-ақ қарсы кегендерді түсіре берген екен. Ол кісі адалдығымен халқына жаққан, өсек-өтірікке жанықас, сол заманның қасиетті адамдарының бірі болған. Бабыр аулы сән-салтанатымен көзге түсуші еді. Тоғыз әйел алған. Олардан 25 ербала көріп, ұрпағы өсіп-өнген. Ол кісі дүние салғаннан кейін, сүйегін халқымыз қасиет тұтып құрметтеп, түркістандағы Қожахмет Яссаудің кесенесіне апарып жерлеген екен.

**Шегір** Ел билігінде тапқырлығымен, ақыл-айласымен белгілі болған. Шешуі қиын істерді ақылдасу үшін, ағалары Шегірге жиналады екен. Жорыққа шыққан батырлар келіп, болашақ ұрыстың айла-тәсілдерін, ұрымтал тұстарын Шегірдің ақылымен шешіп, аттанатын болған. Төрт босағаның ішінде ол ерекше беделге ие болған кісі.

Бағаналы елінің өсіп-өніп, толысқан кезінде жер бөлісуге төрт босаға бас қосқан. Билікті Кәдір биге берген екен, ол Шегірге қарап, «осы билікті Сіз шешіңізші» депті. Сонда

Шегір отырып «екі кеңгірді Сары — сарғалдақ пен Жырық алсын, екі Жездіні Ибеске мен Жұртшы алсын, Ырғайлы өзені мен Байқоңыр өзенін Ақтазға беріңдер» — дейді. Сонда Қәдір би тұрып, «Оу, Бозжорға-ау, мұның не» — депті. Бұған Шегір «қалағаныңды өзің ал, тастағаныңды ініңе бер» деп жауап қайтарыпты, осымен бітімге келіп, келісіммен тарасқан екен.

Төрт босағаны — төрт тірек — деп ұғынған жөн. Отау үйдің босағалары берік, болмаса шаңырағы биік тұра ала ма?

Бағаналы елінің береке-бірлігін сақтаған даңқын жоғары көтерген, елімізге қорған, халқымыздың өсіп-өнуіне ықпал жасаған бабаларымызды еске алып отыруымыз бүгінгі жұртымыздың қасиетті істерінің бірі, ұрпаққа өнеге болмақ.

Ескерту: тақырыпқа ел аузындағы аңыздар, Сабыр Шәріпов пен Сәбит Мұқановтың шығармаларындағы және «Жұлдыз» журналының 1994 жылғы 5,6 басылымдарындағы тарихи деректер пайдаланылды.

## ***ЕДІГЕ — ҰЛЫ ТҰЛҒА***

Бозшакөлдің жалпақ жазығынан терістікке қарай қасқая жатқан қаражолмен Дулығалылатып Қаракөзден өтіп, өзеннің бергі қабағындағы үстіртке көтерілген жолаушылардың көзіне алыстан аспан түстеніп көкшіл тартып, мұнартып тұрған Ұлытаудың түстік жақ шеті — Едіге тауы шалынады. Сол ұлыбиікке шыққан жанға оның түстік жағында көлденең жатқан сұлу жота «Серек» шыңды Кішітау көрінеді.

Үлкенге тағзым етіп, кішіпейілділік кейіппен көрініс бергендей көңілге елес береді Кішітау. Осы қасиетті екі биікті ісі қазақ болғанның бәрі қасиеттеп құрмет тұтады. Өйткені осы өңірден енші алып, Қазағымның үш жүзі етек-жеңін жайып, ұлы далаға тарап, үлкен елге айналды емес пе? Сондықтан да қасиетті екі биіктің етегіндегі елдің «Едігенің майлы жұрты» — деп аталуы тегін емес. Әлемге атақ-даңқы жайылған Едігенің Ұлытаудың биік шыңына жерленуінің өзі көне заман тарихының дәлелді айғағы боларлықтай үлкен белгісі болмай ма? Едігені алты алаштың баласы пір тұтып, оның аруағына сыйынады. Тарихтың төрінен орын алған, атақ — даңқы аңызға айналған түркі халқының мақтанышы болған Едіге туралы тарихи деректер мен жырлар ұрпақтан-

ұрпаққа беріліп, келе жатыр. Едігені Алаштың әр елі өзінің батыры деп атайды. Біреулер Едігені «Қара қылды қак жарған» әділ би болған десе, енді біреулер Әулие деп қасиеттейді. Тарихи деректері бойынша Еуразиядағы ірі мемлекет Алтын Орданың тарихына байланысты Едіге батырдың аты бүкіл түрік тұқымдас халықтардың (Қазақ, ноғай, қырымлы, қарақалпақ, көшпенді өзбектер, таулы алтайлықтар) бәріне мәлім болар. Осы халықтар Едігені өзінің батыр — бабасы есебінде құрмет тұтқан. Алтын ортамен саяси байланыста болған сол кездегі елдердің ғылымға белгілі болған деректері (Араб және парсы, түрік және татар деректері, орыс және литва-польша деректері) бойынша ХІҮ-ғасырдың екінші жартысы — ХҮ ғасырдың алғашқы ширегінде Едіге тарих төрінде орын алған — ұлы тұлға болғандығы белгілі болып отыр. Араб тарихшысы Ибн Араб Шах Едігені «Ол қара торы, орта бойлы, дембелше, кен иықты, ер кейіпті; түрі айбарлы кісі еді» дейді. Ол кісінің ұлты қазақ, руы қоңырат болған.

Тарихи деректердегі Едігенің замандастары, оның даралығы мен даналығын, аса іскерлік терең білімді «стратег» қолбасшы екендігін мойындаған. «Ақылы кемел, асқан жомарт, күлкісі биязы, аңғарымпаз да тапқыр ғұлама оқымыстыларды сыйлаған, мәрт азаматтарды қастерлеген, пақырларға мейрімді, имандыларға қайырымды, ораза, намазын берік тұтатын, шариғат жолын адал ұстаған, «Алланың аяты мен пайғамбардың хадисін көкірегіне түйген адам еді» — деп, тарихи деректер едігені осылайша дәріптейді. Алты алаштың да құрметтеп, қасиет тұтатыны халық қамын ойлаған Едігенің осы адамгершілік қасиеттерінен туындаған болу керек.

Дүниені тітіреткен Алтын Орда мемлекеті ХІҮ-ғасырдың 60 жылдарынан бастап, ішкі қайшылықтардың шиеленісуіне, Шығыс ұрпақтарының өзара қырқысуынан әлсіреп, ыдырауға бет алған. 1360-1380 жылдар аралығында жиырма жыл ішінде 14 хан алмасып үлгерген, Дәл осы тұста тарих сахнасына Едіге батыр шыққан еді — дейді. Осы кезде, Орта Азияда Ақсақ Темірдің құрған мемлекеті де күш ала бастаған. Бақкүндес екі ірі мемлекеттің геосаяси біріншілігі үшін, бақталастығы осы тұстан басталған еді.

Темір — Мәлік ханмен өзара билікке таласқан Шыңғыс тұқымы — Тоқтамыс 1380 жылы Алтын Ордаға хан болып таққа отырды. Едігенің әкесі Балташық, Темір — Мәлік ханның беделді биі болған екен. Ол Тоқтамысқа қызмет

етуден бас тартып, «Әміршімнің орнында сені көргенше, көзім неге шығып кетпейді», — дегені үшін, өлтірілген. Осыдан Едіге мен Тоқтамыс арасында араздықтың ұшқыны тұтанып, жалын шашқан еді. Едіге Ордада билердің бірі болып жүріп, өзіне қатерлі хауіп төнгенің сезіп, Темір-Мәлік ханның баласы Темір-Құтылық екеуі есебін тауып, ордадан қашып шығып, Ақсақ Темірге барып бой тасалаған.

Бәсекелес екі мемлекет Мәуренахыр мен Алтын Орда арасында үш ірі шайқас болады. Бірінші шайқас 1389 жылы Сырдарияның жағасында, Сығанакқа таяу маңда болған еді. Екінші шайқас Еділдің бойында Құндызшы деген жерде 1391 жылы болады. Осы шайқасқа барар алдында Ақсақ темір 200 мың әскерімен Ұлытау жерінде болып, Алтын шоқыға, «Мен — Тұранның Әмірі — Темір қой жылы Дәшті — Қыпшақтың ханы Тоқтамысқа қарсы жорыққа атандым» — деп, тасқа қашап жаздырып, тарихи құнды ескерткіш қалдырып кеткен екен. Ол ескерткіш-тас осы күні Санкт-Петербургтегі эрмитраж музей үйінің көне тарих бөлімінде тұрғанын, сол жаққа оқуға барғанымда көрген едім. Ал, енді үшінші ұрыс 1395 жылы Кавказда Терек өзенінің бойында болды. Осы жолы алтын Орданың астанасы Сарай өртеніп, тоналды. Осы шайқастан кейін, Тоқтамыс тақтан айырылып, бас сауғалап, Литва жеріне қашты. Ордадағы хандық таққа Шыңғыс ұрпағы Темір-Құтылық отырды. Едіге, осы ханның бас әміршісі болды. Осы кезден бастап ордадағы бар билік шын мәнінде Едігенің қолына көшкен еді.

Қашып барған Тоқтамысты жылы жүзбен қабылдап, қамқорлығына алған Литваның ұлы князы Витопты Алтын Ордадағы бақталастықтан туған шиеленісті пайдаланып қалмақ болып, 1399 жылы Литва әскерін, Польша әскерін, Тевтон орденінің рыцарларын бастап шешуші ұрыс жасамақшы болып, Ворскла өзенінің бойында алтын Орда әскерімен кездеседі. Литва князы Витопты Алтын орда ханы Темір — Құттылыққа: — «Жаратушы мені бар жердің әміршісі етті, сен де маған бас иі, маған бала бол, мен саған әке болайын, әйтпегенде құлым боласың!» — деп миғынан күле талап қойған. Бұл мазақты естіп, әскер басына келген Едіге Зитоptyға былай деп, жауап қайырады: «Ұлы Орда, ханын сен өзіңнен жасы кіші деп тауыпсың, өзіңе бала болып бас иуге шақырыпсың. Рас, Темір-Құтылықтың жасы сенен кіші. Бірақ мен — Едіге, сенің жасың менен кіші. Кел, сен маған бала болып бас иі, алым-салық төле, еліңдегі барлық теңгеге орданың таңбасын соғатын бол!» — деген. Осы сөзден кейін, бұрын-соңды болмаған үлкен шайқас басталып та

кеткен еді. Бұл ұлы шайқаста Алтын Орда әскері князь Витопты бас сауғалап, өзі әрең дегенде құтылып кеткен. Осы ұрыста Құрама әскерлердің нелер жақсы басшылары мен көптеген князьдары ажал тауып, өмірлерінен қоштасты.

Бұл соғыс барлық Түрік халықтарының болашақ өмірін сақтап қалды. Екіншіден Еуропадағы мемлекеттердің тепе-теңдігін сақтап, қалыптастырды. Осы шайқастан кейін Едіге батырдың атақ — даңқы шарықтау шыңына жетіп, жер жүзіне тараған еді. 1405 жылы Мәуренақырдың әмірі Ақсақ Темір өлген соң, осы қолайлы жағдайды пайдаланып, Едіге бастаған Алтын Орда әскері Сыр бойы және Хорезімді қайтадан өздеріне қаратады. Ал, енді 1408 жылы Алтын Орда әскері Едіге батырдың қолбасшылығымен Мәскеуге жорық жасап, орыстарды бас игізеді. 1406 жылы тарихи деректерде айтылғандай Тоқтамыс Едігенің қолынан өледі. Оның қайда жерленгені жөнінде екі түрлі сөз айтылады. Оның бірі Тоқтамысты Сібірде жерленді делінсе, екіншісінде Ұлытаудың бір шыңында жерленген деген сөз бар әрине ол әлі толық ғылыми түрде дәлелденбеген. Едіге Алтын Ордаға он бес жыл бойы өз билігін жүргізеді. Елдің ішкі жағдайын жақсартып, халықтың еңсесін көтереді. 1300-1400 жылдары ақша реформасын жүргізеді. Ордада «Төре», «жасақ» деген атпен заң жүйелерін енгізеді. 1410 жылы Ордада тағы да бақкүндестік күшейіп, береке кетіп, ішкі жағдай шиеленіскен кезде Едіге өз ұлысына кетеді. ХҮ — ғасырдың аяғында ыдырап кеткен Алтын Орда жеріндегі түрік руларын біріктірген Ноғай Ордасының негізі осы кезден қаланып еді. Едіге жырының бірінде «Он сан ноғайдың ішінде үш жүз алпыс от басы қазағым» деген сөздер айтылады. Содан да болу керек ноғайлардың қазақ халқын бірге туған бауырым дейтін сөздері.

Атадан балаға ұштасқан, Тоқтамыс ұрпақтары мен Едігенің арасында өшпенділік күресі күшейген үстіне күшейе түсті. Тоқтамыс балалары Едігемен соғысуды тоқтатпады. 1419 жылы Тоқтамыстың кіші баласы Қадірберді бастаған көп әскердің ортасына аз қолымен қоршауға түскен Едіге батыр жанұшырған ұзақ шайқастан кейін әлі кетіп, жараланып, мерт болады.

Ел аузындағы айтылып жүрген аңызда жаралы жатқан Едіге батыр, ұрыстан кейін қасына келген жолдастарын көріп, есін жиып, «Мені, мынау Ұлытаудың биік шыңына жерлендер! Қазір менің тұлпарымды көлденең ұстап мені мінгізіндер, де ұран салып, таудың басына қарай шабындар!,

тұлпарым мені жатар жеріме жеткізер», — деген. Ол тілегі орындалып елі үшін, еңіреп туған Ұлы тұлға — Едіге, кейін «Едіге тауы» аталған шыңның басына жерленген — дейді мыс.

Соңғы айқас Ұлытау мен Кішітау аралығында өткен бе?, деген ой жетелейді де тұрады. Өйткені Кішітаудан бері тұрған «Боздақ» атты төбелер, сол Едіге батырға ерген және сол маңда мерт болған боздақтардың есімі болар деуге қисыны келеді.

Сарыарқаның төскейінде тұрған Ұлытау мен Кішітаудың тұлабойы тұнып тұрған тарих емес пе? Сол көне тарихтың жасырын тұрған сырларын ашатын алтын кілт қашан табылар екен?.. Иә, ол болашақ тарихшылар мен ғалым археологтардың үлесіне тимек. Рас, ол ұрпақтан-ұрпаққа ұласа зерттеле беретін парыз болмақ.

## **ҰРАНҒА ШЫҚҚАН САНДЫБАЙ БАТЫР**

Қасиетті Ұлытау!, Сенің қойның толған қазына — байлық, бойың тұнып тұрған тарих-ау. Сымбатыңа қарасам Сарыарқаның төскейінде орнаған ғажайып бір шаһарындайсың, етегіндегі «Қыземшек тау», сол шаһардың бойжеткен аруындай болып, көзге шалынады. Жоталарын жұпар исі аңқыған аршамен қапталған. Дараларың мен жыраларың толған орман-тоғай, шұбыра аққан өзендер, ұзынабойы жайқалған алуан түрлі шөптер мен шалғындар. Әрбір адырыңның етегінен қайнап шығып жатқан күміс сулы бұлақтарың қандай.

Түстігінде Қарақұм, одан әрі Арал теңізіне аяқ тірейсің. Күнгеіінде Жетіқоңырдың құмы, қазақтың бетпак даласымен жалғасып жатыр. Етегіңнен солай қарай ұзатқан сұлулардай: Қаракенгір, Сарыкенгір, Жезді өзендері ағады. Түстігінде Арғанаты тауы, омырауындағы қос жұлдызы: «Барақ көлі», «Қос көлі» мен ажарланып көздің жауын алады. Одан әрі Торғай мен Терсаққан бастау алып шарттарапқа бет бұрады. Батысында «Ырғайлы», «Айбас» өзендері ағып отырып үлкен «Жыланшық» өзеніне қосылады.

Тарихыңа үнілсең, «Алаш-алаш болғанда, Алаша хан болғағда» — деген, көне де болса, бір аңыз бар. Сол алаш заманынан қалған ескі мұра — Алаша ханның ескерткіші

(кесенесі) Қаракеңгір өзенінің оң жақ қабағында тұр. Одан әрі жиырма шақырым сол жақ қабағында Шыңғыс ханның үлкен Ұлы — Жошы ханның кесенесі орын тепкен.

Алтын Орданың ханы Тоқтамыс пен бас қолбасшысы Едіге батыр, тегінен-тегін Ұлытаудың басында жатқан жоқ. Ол дүниежүзіне аттары жайылған тұлғалар. Олардың атымен сан қилы тарих жалғасқан. Ақсақтемір мен Едіге батыр, дүниені тітіреткен мың — сан әскерімен Ұлытаудағы «Алтын шоқыға» аялдағанда, меторид тасына жазып қалдырған ескерткішін, Санк-Петербургтегі эрмитажда өз көзіммен көрген едім. Кезінде Ұлытау елі «Едігенің майлы жұрты» атанған. Не замандар өтпеді дейсің халқымыздың басынан. Жоңғар шапқыншылығынан «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұламаға» ұшыраған халқымыздың үш жүзінің жақсы — жайсаң басшылары киелі Ұлытауға келіп, ес жиіп, ақылға келген.

Баһардүр батырлар: Қаракерей Қабабай, Қанжығалы Бөгенбай, шақшақ Жәнібек, Шұбар тулы Жаулыбай бастаған қазақ қосындары жоңғарға Ұлытау жерінде тойтара соққы беріп, құншығысқа қарай үдере қуған еді. Ұлытаудың «Білеуті, Бұланты бойында» және Жетіқоңырдың құмында «Қалмақ қырылған» деген жерлер, сол кезден бері аталған екен.

Одан бері де Оңтүстіктен Қоқан хандықтары жылма-жыл шабуыл жасап, елімізге маза бермеген. Соның бірі қарадан шығып хан болған Барлыбайдың тұсында күшейе түскен. Үргеніштен шыққан қалың қол Арал теңізін жағалай отырып, Қаракұмды басып, ел шетіне кірген. Басқыншы қанішерлер жолындағы халықтарды қырып-жойып, мал-мүліктері мен қыз-келіншектерін олжалап, ойнына келгендерін істеп баққан.

Бұл жайсыз хабар Ұлытау өңірі, Атбасар атрабы көлеміндегі Орта жүздің елдеріне жеткен. Орта жүзге беделі артқан хан Барлыбай ел-елге ат шаптарып, адам жіберіп, өр кеуделі, палуан білекті ержүрек жігіттерден үш қосын сарбаз құрап, Арал қайдасың деп, жорыққа аттанған.

Арал теңізі ол кезде суы жер-көкті алып жатқан, айнала жиегі нар қамысты болады екен. Сырттай қарағанда жайқалған биік қамыстан теңіздің түбекті алқаптары көзге шалынбайды екен.

Аралға жетіп, жайдың жатқан жерін бақылауға шолғыншылар жіберілгенмен, олардың көзіне ешқандай белгі байқалмайды. Содан жан-жақты іздеумен тапқандары жалғыз

қараша кигіз үй болған. Үй иесі Жамал деген ақсақалмен тілдеседі. Ол кісі ағынан жарылып «мен-қожа едім, маған қоқандар сенбей жалғыз тастап кетті. Бірақ, мен олардың қайда бойтасалап тұрғанын білемін» — деп жаудың шоғырланып жасырынып тұрған түбегін көрсеткен. Жаудың ойластырған амалы қазақ әскерін өткізіп жіберіп, артынан түре тиу екен.

Жамал қожаның көрсетуімен түбектің аузына келіп қалған көп әскерді қоқандар күтпеген де еді. Арты теңіз, алдын кесіп әскер келіп қалғанын көрген қоқанның аты әйгілі бас батыры — Нұртай, қосынынан оза шығып, қарсы жақтың батырын жекпе-жекке шақырады. «Ал мынаған қайыссың шығасың?» — деп Барлыбай 15 батырына аралай қараған, ешқайсымен белсеке шыға алмай төмен қараған. Олардың сесін басқан Нұртай батырдың айбаты, өрен батырға лайықты дене бітімі еді. Астындағы арғымағының ірілігі мен ауыздықпен алысқан шат қимылы да ерекше көрінген болатын.

«Жаудан беті қайтпаған қазақ батырларына бұдан өткен қорлық, бар ма?» — деп қапаланып, Барлыбай хан бір шешімге келе алмай тұрғанда, он алты жасар жас жігіт шауып келіп, атынан қарғып түсті де, «Ата мен шығамын жекпе-жекке!» — депті. Арыстан жүректі жас жігіттің көзінен от шашып, жолбарысша атылғалы тұрған бейнесіне көз тастаған Барлыбай хан іші жылып, бес қаруын сайлап, астына таңдаулы арғымақ мінгізіп, құдайдан оң жолын тілейді.

Жекпе-жекке шыққалы тұрған жас жігітке көңілі толмай, менмендігі ұстап, менсінбей жай-ақ іліп тастамақшы болған Нұртайдың қарсы алдына құйғытып келіп қалған жас батыр, Нұртайдың желкесін нұсқап, «сал желкеден, сал желкеден!» — деп, айқай салған. «Желкемнен біреу кеп, қалды ма?» — деп, жалт қарап қалған шағын аңдып келе жатқан жас батыр, Нұртай сауытының алқымының ашылған жерінен, көз ілеспес жылдамдықпен найзасын иегінің астын ала кеңірдектен салып үлгерген. Алданып қалған қоқанның батыры шалқасынан жерге жалп еткен. Қылышымен басын кесіп, найзасымен шаншып әкеп Барлыбайдың алдына әкеп тастаған.

Жас балғын батырдың ісіне жан-жүрегімен риза болған хан, «Батырым есімің кім?» — деп сұрайды. — «Есімім — Сандыбай» — деп жауап береді, Жас қыран.

Сонда Барлыбай хан, «Ұраның да, руың да Сандыбай болсын, жас қыраным!» — деп бата берген. Сол кезден бастап орта жүздің ұраны «Сандыбай» — болған еді — дейді, Көнекөз қариялар.

Жекпе-жекте мерт болған батырын көрген, қоқан әскерінен береке кетіп, тегеурінді қарсылық көрсете алмаған. Түбектен шығармай, қоршауға алған қазақ сарбаздары Қоқандықтардың негізгі күшін ойсырата қырғынға ұшыратқан. Майдан болған жердегі теңіз суы қызыл түске айналған.

Сандыбай — жырық руының Сарыбай тармағындағы Төлек батырдың бел баласы. Сандыбайдан, аға сұлтан Ерден батыр, одан Бименде би туған.

## ***САНДЫБАЙДЫҢ ЕРДЕНІ***

Атақ — даңқы исі қазақ еліне кең жайылған Ерден Сандыбайұлының тарихта алатын орны ерекше. Еркекеннің ел қамын ойлап, өміршең істерге мұрындық болып, үлкен қайраткерлік дәрежеге көтерілгені жайында сол заманның ойшылдары аз естеліктер қалдырған емес.

Қарауыл Орынбай ақынның Ерден аға Сұлтандықты Жантөреден алып келе жатқанда айтқаны:

Ассалау мағаликум батыр Ерден,  
Кетіпті бақ-дәулетің тағы керуен  
Ішінде мың қарғаның бір бүркіттей,  
Көзіме көрінуші едің салған жерден.

Мысырдың лашын құстай денесіндей,  
Ту сыртың нүкі мінген кемесіндей.  
Адамнан алапатың асқан екен,  
Күн түскен Алатаудың төбесіндей.

Кесілмес қарағайдай терегімсің,  
Ақылға көз жеткізсіз зерегімсің.  
Бас қосқан Орта жүздің жиынында.  
Алаштың баласына керегімсің.

Ұсынса қол жеткізсіз асқар белім,  
Өлімнен қорықпайсыз қарсы келген.  
Қарындас қадір білмес тірлігінде,  
Арыстандай асып туған асыл ерім.

Баласы Сандыбайдың Сағым сарым,  
Дұшпаннан өзің өлмей сынбас сағың.  
Есілдің ұзына бойын жүрдің жайлап,  
Жібектей шалғынына бие байлап,  
Бас қосқан орта жүздің жиынында,  
Шығушың айдаһардай көзің жайнап.

Одан әрі:

Омбыдан Шоқан шықты боламын деп,  
Ақылға жаста болса данамын деп.  
Өзі хан болып, Шыңғыс жүр баласын,  
Сұлтан қойып, екі жерден аламын дап.

Жақындай өрге жүзіп Ерден келді,  
Нағылып бұл жарыстан қаламын деп.  
Найманнан жанып шықты Ерден деген,  
Ешбір жан бұған пар, тең келмеген.

Меңдағы сондай адам боламын деп,  
Төредей Шоқан шықты ербеңдеген.  
Қарадан хан боп туып, асты-ау Ерден,  
Бойына хан-төрені теңгермеген..

Ерден 1840 жылы Терсаққан өзені бойындағы «Бегентай сай», «Сандық кескен», «Қайрақты» ауылдарында бес жылдай болыс болды. 1846 жылы патша жарлығымен Хорунжи атағына ие болған.

1855 жылғы наурыз айында Ресей патшасы II — Александрдың таққа отыру рәсім — салтанатына арнайы шақырумен барып қатынасты. Сол сапарда атақты күйші Тәтімбет те бірге болған екен. Патша сарайынан біраз сый-құрмет көрген Ердекең елге көңілді оралып және Омбы мен Орынбор генерал-губернаторларының қолдауымен біраз жыл Бағаналыға Старшин болған.

1862 жылы Атбасар өңіріне Ағасұлтан — правитель болып сайланды.

Ерден батыр салқын қанды, өткір жүзді, ұшқыр ойлы, сөз тапқыр шешендігімен және оны жеріне жеткізе айта білетін беттілігімен ерекшеленетін. Сонымен қатар ел билеген игі жақсылармен қадірлес те болған. Ықылас Дүкенұлы, Сайдалы Сары Тоқа, Шөже ақын, Жанақ ақын Шыңғыс Уәлиханұлы, Мұса Шорманұлы, Ыбырай Жайықбайұлы, Жанайдар Орынбайұлы, Тәтімбет Қазанқапұлы, Ақан сері, Орынбай ақын, Досбол шешен сияқты ел ағалары мен өнер

адамдарымен сыйласқан. Сол замандастарымен бір жиында отырғанда былай деген екен:

Батырлықтан не пайда,  
Ажалға қылар айла жоқ.  
Сараң байлықтан не пайда,  
Халыққа келер пайда жоқ.  
Қанша жақсы болсаң да,  
Ағайының білмейді,  
Өлгеннен соң өкінер,  
Уа, дүние, дүние бок.

«Болар бала қандай болады, болмас бала қандай болады?» — дегенде, Ерден:

Ел мықтымен ұранға шығады.  
Ер мықтысы дуанға шығады.  
Болатын ер аталы ердің сөзін ұғады,  
Болмайтын шіркін, адамнан,  
Қырғи көрген торғайдай бұғады — депті.

Бағаналы жырық руының бір байының қызына, Қыпшақтың бір байы құда түседі. Жігіт ұрын келіп, қызға көңілі толмайды. Дегенмен, қалың мал өтіп кеткен соң, қызды еліне апарған қыпшақ жігіті, ашу үстінде алған келіншегінің бұрымын кесіп алады. Бұдан екі ел арасында дау өршіп, Ерденнің билік айтуын өтінеді. Ерден ыңғайсыз шаруаға не айтарын білмей, сөзден тосылады.

Сол кезде үйге кіріп келген Аймырза шешен:

Өзенді судың өлгені —  
Үстінен түлкі жортқан соң.  
Емен ағаштың иілгені — сынғаны,  
Ер жігіттің екі сөйлегені — өлгені.  
Сен байталыңды танып күзесең,  
Мен айғырымды танып ен салайын — деп,

Күйеу жігіттің бір құлағын кесіп алады. Сонымен екі ел арасындағы дау-жанжал тоқтаған. Бірде, Ерден ордасында әр елдің небір қасқалары мен жайсаңдары жиналып, жер дауы мен жесір дауын шешіп отырады.

Орданың есігінен кіре беріп, сүрініп құлаған Аймырза шешен:

Бай екенін кім білер,  
Қымқаптан туырлық жаппаса  
Мырза екенін кім білер,  
Алтындап жүген тақпаса.  
Ақ орданы кім білер,  
Кірерде біреу, шығарда біреу,  
Сүрініп құлап жатпаса — деген екен.

Ерден, Қаржас Шорманның Мұсасына сәлем бере барады. Ерденге сый-құрмет көрсетіп, келесі күні қонағын аттандырып, жолға шығарып салып келе жатқанда, алдынан атақты қыпшақ Шоқай би кездесіп қалып, Мұсадан: мына сұмырай бөрік, сум басың кім? — депті, Ерденді меңзеп. Сонда Ерден: Ағасы: «А-а, ендеше малти беріңіз» деп, жүріп кетіпті. Шоқай би болса: «Апырай, мен қателестім-ау, иттің қалай түзетінін өзіңнен сұра десемші. Мынаның әруағы қара бұлттай өсіп барады екен, түбі жай болмас!» — деген екен.

Кер шолақ атты Ер Шоштанның әулетінен тараған Мықан Бәлтекейұлы Қос батырға шығарған жыр-толғауында Ерден жайында былай дейді:

«Батыр, сізге шамасыз бакты құдай бергені,  
Ол уақытта халқыңның кеңшілік еді көргені.  
Сіздердің шыққан бағыңа Сандыбайдың Ердені  
Ақылы асып үш жүзден, дұшпанға теңдік бермеді.  
Өзгеше еді олардың ел үшін қылған еңбегі.  
Ертедегі Ғали сияқты дұшпанға қылыш сермеді».

Халқымызда «Қанына қызбағанның қары сынсын» деген сөз бар. Шу, Сырдария өзенінің бойындағы елді мекендерді басып алған Қоқан қандығы сол өңірдегі Қоңырат пен Қыпшақтарды қойша қырған. Ерденнің Ағасұлтан болып, үлкен беделге ие болып тұрған шағы болатын. Тосын хабар жіберіп жедел көмек сұраған ағайындарға Еркекең жаны ашып, Омбыдан 250 орыс әскерін алдырып, және елден үш қосын ұйымдастырып, оңтүстіктегі туыстарға көмекке барып Айнакөл шайқасында Қоқан әскеріне бірнеше жерден соққы берді. Бірлесе қимылдаған қазақ сарбаздары жауды ойсырата жеңіп көп жерді босатты.

Сол қырғында Ерден қосынында болған Саптаяқ, Өткелбай, Көпекше, Малшыбай сияқты батыр жігіттер ерлік көрсетті. Жау жағында жансыз жүрген Ұлы жүз шапырашты Қарабас батыр, Қан қызымен шатырда жатқан Лепесбайды өлтіруге қатнасып, енді бір ұрымтал тұста Ерденді аңдып өлтіруді ойластырып жүрген. Ұрыс кезінде оны Ерденнің көзі шалып қалып, «анау қашып бара жатқан қарақасқа аттыны жібермеңдер» — деп, жанындағыларға көрсетеді. Оны Өткелбай батыр қуып жетіп, найзалап басын кесіп әкеледі.

Ол қарабас Айранбай ауылының күйеуі еді. Ерденмен іштей қас болған.

Өткелбайдың ерлігіне риза болған Еркекең, «ой зұлпықарым-ай!» — деп, көтермелеп жаудан түскен олжаның үштен бірін және қарақасқа атты қосып соған берген. Ол

басты әкеп жерлеген жер, осы уақытқа дейін, «Қанды Қарабас» атанды.

Бір үлкен асқа Сағымсарыны бәйгеге қосуға Есенғабыл, Есенбек батырларды басшы етіп, біраз жақсыларды жіберген екен. Бәйге аттар жіберетін жерге айдалып кеткеніне де едәуір уақыт болған. Үш жүздің қасқалары мен жайсандары қатысқантой төбенің басында, аттардың келетін мезгілін күтіп қос батыр да елеңдеумен болған. Үлкен батыр жауырыншыны шақырып, жауырын аштырады. Жауырыншы сағымсарының басында қан бар, дегенмен екі-үш аттан кейіндеп шабысын үдетуде» — дейді.

Ашуға мінген Есенғабыл, Есенбекті шақырып алып, «Сағымсарыны тос, егер Сағымсарының басында қан болса, айқайың маған жетсе саған серт, жетпесе мына қылышқа серт» — деп, інісін шұғыл жібереді. Аттар да мәреге таяп қалған екен. Адында бірінші болып, той егесінің аты — Нарқызыл келеді, екінші Сағымсары. Мұны көрген Есенбек батыр Сағымсарының үстіндегі балаға таяна келіп, Сағымсарының басындағы қанды көреді. Атымды бастан ұрып, ана бала таяқтады. Қатты тиген соққыдан Сағымсары есенгіреп, көпке дейін шабысы бәсеңдеп, осы жаңа ғана үдеп келеді» — деді.

Қамшымен атын борбайға көміп жіберген Есенбек айқайды сала Нарқызылға ұмтылған. Тың ат қояма, жетіп келген бойда Нарқызылды қылышпен көк желкеден салып өткен. Атты, бала да омақаса құлап домалап қала берген. Есенбектің айқайын құлағы шалған Есенғабыл той төбедегілерді түгел аттан түсіріп иіріп тұрған. Ондағы мақсаты Сағымсарыны ұрған адамды ұстау болған.

Қос батырдың қаһарынан қорыққан той егесі бірінші бәйгені Сағымсарыға берген.

Осындай шайқас, даудамаймен жүріп, кешіккен адамдарына алаңдаған Ердекең, «Бұл тентектер бірдеңені бүлдірген болар» — деп өзі нөкерлерімен жолға шыққан. Бәйгені алып, сағымсарыны ұрған баланы ұстап, енді қайтқалы жатқанда Ердендер де келіп, мән-жайды біліп, ұрған баланы қоя беріп, ұрғызған бұзақыны ұстайды. Сол елде екі-үш күн аялдап, елді бітістіріп жүргенде бір кәртәң әйел жылап келіп, кешірім сұрайды. Сағымсарыны ұрғызған жігіт сол әйелдің баласы екен.

«Баламның өмірін қый, бастан құлақ садақа деген, кінәсі үшін, бір құлағын ал» — депті.

Соны мен іс бітіпті.

Ерден Сандыбайұлы саясаттың адамы еді. Жастайынан Есіл бойындағы қоныстанған орыстың мықтыларымен тіл табысып, аралас-құралас жүріп, орыс тілін үйреніп, еркін сөйлеу қабілетіне ие болған. Ол орыс әскерінің көп екенін, Ақпатшаның құрығы ұзын екенін білген. «Көп қорқытады, терең батырады» — деген қағиданы әрқашанда есіне ұстаған. Қазақхалқы аз, әрі алауыз жайлағанын да ескерген. Қазақтың пейілі кең болғанмен, іші тар, бақталастықпен бірін-бірі көре алмайтынын да сезген. Оның түбі немен аяқталарын да сезген.

Ерден Кенесарыны да жек көрген жоқ, оның көзсіз батырлығын да құрметтеген. Қуғын-сүргін кезеңдерінде патша ұлықтарына сездірмей Ұлытау төңірегіне паналатқан және оның қайда екенін ешкімге сездірмеген. Кенесарының сарбаздарына астыртын ат жинатып беріп, оған қосылам деген еріктілерге тоқтау жасамаған. Ұлытау аймағы Кенеханның тыныстайтын жері болған.

Қыпшақ арасындағы тоқал Арғын Жәуке батыр Ерденнің нағашысы екен. Олар нағашылы-жиенді болып, алыс-беріс жүріп аралары жарасып, аралас-құралас жүреді екен. Бірде Жәуке батыр нөкерлерімен Ерден ауылына қонаққа келе жатып, Ұлытаудың батыс жақ етегіндегі Қараторғай Тоғызбай, Сегізбай ауылына ат басын тірейді.

Жәуке батырды құшақ ұрып қарсы алған Тоғызбай қысырдың тайын сойып, құрмет көрсетеді. Жәуке Ерден ауылында бір жетідей болып, еліне қайтып бара жатып, Тоғызбай ауылына тағы соғады. Бұл жолы Тоғызбай семіз байтал сойып күтеді. Ертеңіне қонақтарды аттандырарда Тоқаң бір үйір жылқыны айдатып алдырып, Жәукеге сыйсияпат есебінде ұсынады.

Сонда аттанғалы тұрған Жәуке батыр үйге қайта кіріп: — «Батыр ақымақ, бай ақымақ, қатын ақымақ — дейді. Бас киімін сыпырып алып, төбесінің найза, қылыш тиген сайсай боп біткен орындарын көрсетіп, міне батыр ақымақ дейтінім осы. Батыр, батыр — деген соң өлген — тірілгеніне қарамай шайқасқа кіріп кетесің. Ал бай ақымақ дегенім, келгенде бір малыңды, қайта келіп соққанда екінші малыңды сойып сыйладың. Оның үстіне бір үйір жылқыңды алып кет деп, және тұрсың. Қатын ақымақ дегенім, сен сұлу әйел екенсің деп, мақтай жөнелсең жек көрмейді, меселіңді де қайырмайды» — депті.

Жік-жапар болып, сізге тартқан тартуым сен алған бір үйір жылқыдан мен кедей болып қалмаймын деп, аттандырып салған.

Ерден жастау кезі болса керек, жұртшылардың көшін тоқтатып, Сағындық батырдан бата тілемек болған. Сағындық батыр қоршаудағы сандықта жатқан екен. Мезгілсіз түйесін шөгеріп, сандықты жерге түсірген жігіттерге 102 жастағы кәрия «Менің көшімді тоқтатқан кім?» — деп, — реніш білдіріпті. Сонда жігіттері!, «Сіздің көшіңізді Ерден тоқтатты, сізден бата аламын» — деп тұр деген. Басын көтеріп, өзіне қараған қартқа, Ерден, — «Батыреке сізден жас туралы емес, бақ туралы бата тілеймін» — деген. Қарт батыр Ерденнің тілеген батасын беріп, көш қайта қозғалуына бұйрық берген екен, десетін үлкендер.

Ердекең 54 жасында қастандық жасалып дүниеден өткен. Қастандықтың кімнен болғанын Есенбай мен Жұртшы Қожабай ақындардың айтысынан шамалауға болады.

### **Қожабай:**

Есеке, тілің тәтті, көзің шырын,  
Арқаға Қадір алла төккен нұрын.  
Кешегі Сандыбайдың ақынымын,  
Өлеңді кім бастайды менен бұрын.

### **Есенбай:**

Қожабай қай жеріңнен мақтанасың,  
Сонымды айтады деп сақтанасың  
Өлтірген Ерденіңді егескенде,  
Қалайша өлген жоқ деп ақталасың.  
Біреудің пышақ жонбас мінін айтып,  
Өзіңе балта шапқан дақ саласың  
Аққошқар Сайдалы еді, соны өлтірген,  
Бұл сөздің шындығына жоқ таласың.

### **Қожабай:**

Есеке не сөйлесең өзіңде ерік,  
Жиналған қалың халық отыр көріп.  
Сайдалыдан Ерденнің құнын сұрап,  
Мұсаның құтылып еді жанын беріп.  
Ажалы, соры содан болып еді,  
Мойныңа алып жүрсің, өзің келіп,  
Ұстаған орта жүз еді малмен бағын,  
Әркімнен өте шығар дүние сағым.  
Сол жиында отырған Абай айқай салды,  
Тоқта деп, аруақ үшін екі жағың.  
«Қожабай сен шырағым, жас баласың,  
Бата алсаң әр жұмысты басқарасың

Шырағым жас та болсаң жол сенікі,  
Сөзіңе әділ айтқан жоқ таласым.  
Есембай, көлденеңнен қарап тұрсаң  
Үш жерден бұл баладан тоқталасың».

Сол сияқты Болман мен Несіпкүл ақындардың айтысында Ерденнің қазасы айтылады.

**Болман:**

Орныцнан тұра алмайсың қыз Несіпкүл,  
Құйылса терең жырым екі жақтан.  
Кеше кеп Жәнібекті жау шапқанда,  
Малды айырып, Ерден батыр қалған сақтап.  
Арғынның бекер демес кәрі-жасы,  
Ауылыңның шаң болғанда айналасы,  
Малыңды жаныңменен алып қалған,  
Төлек, Тулақ Сандыбайдың ер баласы.

**Несіпкүл:**

Ақыным, мінің солма маған таққан,  
Арғыннан батыр шақшақ шыққан Ақбан  
Жантөре, білемісің Жәнібекті,  
Барақ көлінде ауылыңды барып шапқан.  
Ерденің Жантөремен ұстасам деп,  
Омбының қаласында қаза тапқан  
Сұраусыз осыменен Ерден кеткен,  
Ер болсаң қайда жүрсің қолың жеткен.  
Ағыбай, Алтынсары, Абай, Құнақ,  
Теңдікті сіздің елге бермей кеткен.

**Болман:**

Мақтайсың Жантөре мен Ағыбайды,  
Ерліктен соң мінезі табылмайды.  
Қырғызбен Алатауда шабысқанда,  
Тастап қашқан Кенесары, Наурызбайды  
Жантөре ұлықпенен ақыл қосып,  
Ерденге жамандықты жүрген тосып,  
Улаған Ерден жатқан үйін келіп,  
Сонымен Ерден өтті ажал құшып,  
Жантөре өзі тартты қайғы сала,  
Сандыбай орта жүзге болған пана  
Ұлыққа бақыт үшін ақыл қосқан  
Жантөре екі дүниеде жүзі қара.  
Демейді бұл сөзімді ешкім жалған.  
Ерден еді орта жүзден ұрандаған.

Үш жүздің басшылары бас қосқанда  
Батыр деп, Сары Ерденді ауызға алған.

Ерден қайтқан қаралы күндерде, көп келген игі-  
жақсылардың бірі Арғын Қазанқап болыс келгенде Байназар  
Бозай бидің қарындасы Құлпы қыздың Ерденге шығарып  
жырлаған жоқтауын оқырман қауымның есіне салғым келеді.

Бисмилда деп бастаған,  
Артық сөзді қоспаған.  
Жырыма біраз құлақ сал,  
Жиналған көп жақсы адам.

Асылын жоқтап қыз отыр,  
Қайғы жырын жамылған.  
Ханына қара жамылып,  
Қайғыдан көзін ашпаған.

Нағашысы Ер Жәуке,  
Арғынның көшін бастаған.  
Ардақты ерден айырылдық,  
Арыстан туған патшадан.

Бабасы мұның батыл ер,  
Мыңсан жаудан қашпаған.  
Қатер төнсе басына,  
Қаймықпаған саспаған.

Арқаның туған алыбы,  
Ақылмен қол бастаған  
Жетпегенді жеткізген,  
Тарамыс алып таспадан.

Сүрініп шұқыр баспаған,  
Қырыққа келген шағында.  
Шекпен киіп, шен алған,  
Жоғарғы үлкен патшадан.

Осыны айтып біз пақыр,  
Таңсәріде тұрып ап,  
Бұл-бұл да болдық қақсаған.

Ағайын-туған жұртымыз,  
Ескілік әдет гұрпымыз.  
Жоқтаған Сұлтан ағасын.  
Қарындасы Құлпы қыз.

Малым қайда дегізбей,  
Ағаға арық жегізбей,  
Дүзенді Ерден байытқан,  
Тасыған дәрия-теңіздей.

Осылай Ерден атанған,  
Жұртшыдан Сары ат алған.  
Ірбіт шауып іркілмей,  
Бұхарадан жақсы зат алған.

Нағашысы Қошқардан,  
Тоғыз жаста бата алған.  
Орыс ханды оятып,  
Хабар айтып хат алған.

Қожасқа беріп қонысты,  
Ішінен қойып болысты.  
Арқадан таңдай жер алған,  
Кеңгірден, Торғай, Саладан.

Ерекше туып жасынан,  
Өртүрлі іске жараған.  
Өмірі жүріп әкімге,  
Томаға пәле жамаған.

Үш жүзден келіп таралғы,  
Ағызған қымыз сабадан.  
Толағай тарту әкеліп,  
Мінгізген атын қалаған.

Осылай туған артық ер,  
Ең асылдан жаралған.  
Арғы атасы Сарыбай,  
Сарыбайдың бәрі бай.

Ойлай берсек өмірді,  
Көшпей бір жатқан сағымдай.  
Сағымды қуып сарғайдық,  
Іздесек те табылмай.

Айтатұғын назым бар,  
Тыңдасандар аһ-ұрмай.  
Ата, жеңге жоқтаушы,  
Жылауменен сабылмай.

Жыр өліктің қамшысы,  
Толғайық қатты жаңылмай.  
Бұрында, бұрын боп өткен,  
Қараның ханы Барлыбай.

Барлыбайдың батыры,  
Төлекұлы Сандыбай.  
Сандыбайдың ұраны,  
Екпіндей соққан дауылдай.

Төренің ханы Ер Қасым,  
Түнерген бұлт жауындай.  
Жақсыны жақсы сыйлаған,  
Бірге туған бауырдай.

Ерденнің жерін баспаған,  
Асуынан аспаған,  
Қанша да батыр болса да,  
Кенесары Наурызбай.

Солардан асқан кім бар еді,  
Айтыңдаршы бұл қалай.  
Сайлауға түсіп Аққошқар,  
Қазынасын шашқан бірталай.

Салы судан қайтқан соң,  
Шар алдында жеңе алмай.  
Қапада болып Аққошқар,  
Істің де арты осылай.

Үй салдырды шатырлап,  
Жүк жинады сатылап.  
Қайғылы аят оқыды,  
Соққандай боран ақырып.

Бәйтерек құлап қурайды,  
Көгеріп өскен жапырақ.  
Өзінен басқа ешкім жоқ,  
Қорғайтұғын бақылап.

Қос батыр болса, бұл жақта,  
Қолдай да алмай әруақ.  
Шақырған хабар кешбарып,  
Сала да алмай топырақ.

Атбасардың басында,  
Ешкімі жоқ қасында.  
Бозбала жүзі өзінде,  
Ақ кірмеген шашына.

Қошеметтей, құрметтей,  
У қосып беріп асына.  
Діні кәпір бір ноғай,  
Қулығын кеткен асыра.

Дүние салды асыл ер 54 жасында,  
Сондықтан тыңда нағашы,  
Көзімнің ағы-қарасы,  
Ерден өлді дегенде,  
Жыртылды халық жағасы.

Арғын, Найман арада,  
Болып па еді сөздің жаласы.  
Ел шетіне жау келсе,  
Қарсы тұрып қайырған,  
Сандыбайдың баласы,  
Тимеп пе еді елге панасы.

Осындай Сұлтан ерімнің,  
Арғыннан боп тұр жаласы.  
Дуанда шулап айтып жүр,  
Қамыққан қазақ баласы.

Қостанай, Есіл, Торғайдың,  
Алпыс екі саласы.  
Туған жылы батырдың  
1808 — жыл шамасы.

Төле бимен құрдас еді,  
Бір жеті-ақ күн арасы.  
Туған жері Тұмада,  
Сары ұзақтың даласы.

Қара бүркіт әруағы,  
Қабылда болды тобасы.  
Шаңқай түсте тудым деп,  
Айтушы еді тапқан анасы.

Өлген жері батырдың,  
Атбасардың қаласы.  
Қойған жерін сұрасаң,  
Қарағанды жағасы.

Аты-жөні белгілі,  
Төлектей батыр бабасы.  
Үш жүзге шыққан ұран боп,  
Ер Сандыбай баласы.

## ***КӨКБЕСТІ***

— «Боржыжан, осы жұрт неге дүрлігіп жүр, сен не білесің? — деді, жасы жетпісті алғымдап қалған, кейінгі кезде ауырып төсек тартып жатқан әжесі».

— Әже, естіген жоқсыңба табындағы жылқыдан үш жүйрікті әкелгенін. Қазір олар кермеде тұр. Үшеуі де жүзіктің көзінен өткендей, түбі сол үшейінің ішіндегі ең жүйрігіне өзім шабам ба деп, қуанышым қойныма сыймай жүр, әже!

— «Боржыжан, құлыным, қолтығымнан демеп жіберші, мен де көрейін сол жануарларды» — деп әжесі тұруға ыңғайланады. Боржынның сүйемелімен кермедегі аттарды көрген әжесі:

— Өлгі көкелеріңді шақыршы, мынау аттарды қоя берсін, бұл шаппайтын жылқы — деді де, аз ойланып осы жаңа бір әзірде менің тұсымнан бір жылқыны жетелеп өтіп еді. Жануардың тұяғының дүбірі құлағымның түбінен кетпей тұр. Сол қандай мал? — деп сұрады.

— Әже-ау, ол Қодар көкемнің қойшыға берген жаман көкбестісі, өзі арық, басқа ұрсаң да баспайды — ау...

— Боржыжан, Қодарға айт сол жылқыны менің көзіме көрсетсін. Қодар, кейігенмен шешесінен аса алмай, амалсыздан Көкбестіні алып келді.

— Түріне қарасаң Көкбесті емес, көк есектің өзі. Бірақ, оның ішкі сырын дарынды саятшы, сыншы шешей, бірден аңғарған еді.

— Балам, мына бестіні қазірден бастап жанына күйі өзіндей екі бестіні қосып, еркіндікке қоя бер, жылқыда болсын. Жылқышыларға ескерт, ол үшеуіне ешкім мінбесін. Бәйгеге қосуға әлі бір жылдай мерзім бар ғой — ұстайтын уақытын өзім айтам — деді. Бес айдан кейін Көкбестінің

жанындағы бестінің біреуін сойғызып, жілігінің майын көрді. Одан әрі бес ай өткеннен кейін, екінші бестіні сойғызып, жілік майына қарап, «Ал, балалар, Көкбестіні ұстандар жарататын уақыты жеткен екен» — деп сол күннен бастап, саятшы шешей өзі бақылауға алып, жараттырған екен. Соңғы терін алғаннан кейін.

— «Ал, шырақтарым, Көкбестілеріңді қоса беріңдер бұдан озатын жылқы бола қоймас» деген.

Қазақтың бұрынғы салтында ас беретін ел, бір жыл бұрын сауын айтып, ел-елге жаршыларын аттандыратын болған. Сол рәсіммен осыдан бір жыл бұрын Қарағанды жерінде бір бай сауын атып, ас беретіндігі жайында хабар салған. Мұндай ірі астарға үш жүздің баласы шақырылады да, оған күші жеткендер баратын. Ас беруші ел атағын шығару үшін, тойғып өткізіп, ат шаптырып, палуан күрестіріп, тағы да басқа ұлттойындарын өткізеді екен. Асқа баратындардың жүйріктері мен палуандарын апаратын әдеттері содан болатын. Алыс жерге асқа баратын топ іріктеледі. Оған жақсылар мен жайсаңдар, ел намысын жібермейтін ақылды да, алғыр жігіттер мен сөз тапқыр шешендер, сонымен қатар батыр-палуан, уытты ел басшылары баратын. Осы жолы да баратын топқа басшылық етуге Түктібай Бейіс деген жігіт лайықты болған. Бейістің шешендігі мен тапқырлығы және көпшілік алдында өткірлігі жайында, ел арасында әңгімелер көп. Сол заманда, өзі теңдес Аймырза деген сері жігіт әзіл-қалжың сөзбен тиісіп неше қабат байқасқандар ұтыла берген. Кейін өздері құдандалы — жекжат болған екен.

Бейістің ауырып, әл үстінде жатқан хабарын естіп, келіп, көңілін сұрап отырып, «Оу, Бейсеке, асарыңды асадың, жасарыңды жасадың, енді арманың жоқ, айтып кет жасыңда не болдың» — деп сауал қояды. Сонда дүниеден өткелі жатқан қария, Аймырзаға қарап, «Өзің не болдың? — деп, қарсы сұрақ қойған. Аймырза тұрып, «Мен жасымда айғыр болып кісінедім, бұқа болып мүйізіммен күл шаштым, азбан болып қойға жүгірдім», депті. Сонда, әл үстіндегі Бейсекең «Мен, сен сияқты хайуан болған жоқпын» деген екен. Аймырза «О!, Жарықтығым-ай, өлеріңде де алдырмай, шалдырмай кеттің-ау!» — деп ырзашылығын білдіреді.

Енді, негізгі әңгімемізге көшейік. Ұлытау елінің Бейіс бастаған ығай мен сығай, бетке ұстар ер көңілді жігіттері Көкбестіні алып, Қарағанды жеріне қарай жолға шыққанына

да, екі-үш күн болған. Жолшыбай аялдағанда, Қорғалжын елінің бір үлкен қариясы: «Шырақтарым-ай,» Көкбестіні апаруын, апарасыңдар қосарсыңдар, бірақ елдеріңе қайтып апаруларың қалай болар екен?» — деп, аз ойланып отырып. Менің тілімді алсаңдар сол елде Бағаналының қызынан туған, еліне беделі жүріп тұрған уытты жас болыс жігіт бар. Сонымен танысып, тіл табысып кетсеңдер жолдарың болар. Сол елдің болысы Құдай иіп, қамқорлығына алса, олжалы қайтарсыңдар», деген. «Жолы болар жігіттің, жеңгесі алдынан кездеседі» — дегендей қарияның бұл ақылды жігіттерге канат бітіргендей болып, алдына қойған мақсаттарына жетуге зор сеніммен жүріп кеткен. Жолай аттарын қыспай ақырын аяң жүріспен, бір аптадан кейін, де бергей жатқан байдың аулына да келіп жетеді. Найманның ішінде Бағаналыға деп арнап жеткен үйлерге келіп орналасқаннан кейін Ұлытау Бағаналысының жігіттеріміз, осы елдегі апамызды іздеп келдік. Баласы осы елдің беделді болысы деп, естіп едік. Сол жиеніміз — сіз болар деп, келіп тұрмыз», — дейді. Болыс, бұларға сенер-сенбесін білмей үйіне әкеліп, түсіреді. Үйге кірген қонақтарға, «Ал, нағашылар, апаларыңды танысыңдар ма, аты кім, — еді?» деп әзіл-шыны аралас сауал қояды. Сонда Бейіс «Апамыз, жас кезімізде кеткен еді, біз жас қалып едік, ұмытыңқырап тұрмын», — деп болыстың шешесіне қарап ойланғандай болады. Осыны сезген және туған еліне бүйрегі бұрған, болыс шешесі қолымен жүн түткендей белгі берген. Сонда Бейсекең «Сол кісінің аты тілімнің ұшында тұр, Шүйке болса керек еді», — депті. Шешесінің атын дәл айтқан соң болыста қуанып, оларға сый-құрмет көрсетіп, өз қамқорлығына алған екен. Бір аптадан кейін жан-жақтан келетіндердің бас-аяғы жиылып, ас беру салтындағы табақ тарту, саба-саба қымыз жеткізу сияқты той Жабдықтары жасалған. Одан әрі ақындар айтысы басталып, келесі күні палуандар күресі, қыз қуу, тағы басқа, ұлт ойындары өткізіліп жатты.

Бәйге жарысының да күні жақындап қалған. Бұл кезде ел-елден келген саятшы — сыншылар да аралап, бәйге аттарын көріп жүрген. Сол Қарағандының жерінде Тыран деген, такаппар, атаққұмар байдың, екі бірдей тұлпары болған. Бұл екі тұлпардың егесі Тыран «Екі атымның бәйгесін шаппай бер», деп, бірінші, екінші бәйгені алады екен. Оған маңайындағы сырын білетін елдерден келгендер, таласпайтын болған.

Бірақ, Тыранның бұл зорлығына Бағаналының жігіттері көнбейді. «Біз де, Көкбестімізден үміткерміз. «Тыранның шаппай беріне келісе алмаймыз, бәйгесін шауып алсын», — деп қарсылық білдірген. Бұл пікірді болыс жігіт те, қолдаған. Терісіне сыймай ашуға мінген Тыран сыншысын шақырып алып, «Әй сен Бағаналыдан келгендердің Көкбестісін барып көрші. Таласып отыр, болыс та оларды қолдайтын көрейін деп, Көкбестіні сынауға жіберген. Сыншы келсе, кигіз үйдің бірінің ішінде байлаулы тұрған, үстінде күмістенген ертоқымы бар, үкі тағылған көк ат тұрады. Ат күтуші жігіттер, біздің Көкбестіміз осы деп көрсетеді. Сонда сыншы тұрып, «Жігіттер, сендердің бұл аттарың шапайды, Көкбестің анау қатардағы тұрған көк ат болар, бәйгені алам деп, тұр, ғой» — деп, шығып кетеді. Шынында да ескерусіз етіп, сол жерге байланған Көкбестінің өзі еді.

Қайта оралған сыншыға «Әй, сен Көкбестіні көрдің бе, қандай екен? — деп Тыран сыншыға түйіле қарайды. Сонда сыншы «Тыреке, сіздің екі атыңыз жер мен келе ме, әлде көкпен келе ме? — дейді. Ашудан тұншыға жаздап, «Әй, сен қақбас, не сандалып тұрсың, аттар көкте ұшатын, құс болып кетті деп пе едің?, жермен келеді де алжыған неме!» — дейді. Сонда сыншы — «Аттарың көкпен келсе сөзім жоқ, ал жерден Көкбесті бәйгені бермеймін деп тұр» — деген. Жыны ұстаған Тыран «Сен хайуанға ерегіскенде аттардың екеуін де айдаттырам. Егер Көкбестіден қалып келсе, екеуін де табанда бауыздатам. Ал, енді аттарым озып келсе, сені жер бетінде тірі қояды деп үміттенбей-ақ қой», — деп, тұлпарларын бәйгеге қосады. Бәйгеге қосылған аттардың санында есеп жоқ. Көтеріп айтқандар 500-еді, — дейді. Негізінде ол кезде үш жүзден кем қоспаса керек-ті. Ат айдаған жердің қашықтығы 50 шақырым еді деседі. Ат келеді-ау, деген мезгілде таянып қалған. Жүректері алып ұшып, тайдай тулаған ат қосқандарда маза жоқ. Өлден уақытта бұрқ етіп, шұбатылған шаң да көрінген еді. Дүрліккен жұрттың екі көздері шаң шыққан жақта. Іштерінде «Иә, аруақ, жасаған ием, қолдай гөр! дегендердің дауыстары да шығып жатыр. Сөйткенше болған жоқ, ілескен шаңынан оза шығып, құйындай зулаған тұлпардың да қарасы көзге ілеккендей болды. Жамырай, шуласқан жұрттың «Жалғыз ат, жеке дара келеді, басқа аттар көрінбейді» деген айқайлары естіліп

жатыр. Өне, Қарақшыға да келіп қалды. Шапқан аттың түсі қылаң болды, бұл қай елдікі екен? — деген, анталаған жұрт. Сол кезде қарақшыға таяй берген тұлпардың үстіндегі бала «Сандыбай, Сандыбай!» — деп ұрандап өте берген. Бұл ұран тастаған айқай, Көкбестімен шапқан бала — Боржының айқайы еді. Боржы жасынан аттың құлағында ойнайтын елгезек, атқұмар бала болатын. Осы кезде Боржының жасы 9-да екен. Көкбестіні жаратуға алып келген күні, саятшы әжесі оған Боржыны мінгізген. Міне, сол күннен бастап ол Көкбестінің жанында болып, өзі жаратқан.

Жіңішке Сарысу өзенінің Кеңгір өзенімен қосылар жеріне таяу жерде, «Боржы» деген өткел бар. Ол өткелден Жетіқоңырдың құмына қарай асатын жол өтеді. Бұл өткелдің аты, Көкбесті тұлпарға шапқан баланың атынан қалған деседі.

Көкбесті Қарақшыдан өткенде, Транның екі тұлпарының да шаңдары көрінген еді. Бірақ Тыран байдың оларға деген рахымы болған жоқ. Қос жүйріктің екінші және үшінші болып келгеніне өлердей намыстанып, өзінің сыншысына айтқан сертін орындауға кіріскен. Жазықсыз қос тұлпар келген бойда мұздай көз айдынына тоғытылып, өмірден қоштасқан.

Жиырма бес атқа бәйге болған еді. Бас бәйгеге отауымен сұлу қыз тігілген екен. Бейіс бастаған Бағаналының жігіттері төрт-бес күн аялдап, елге қайтуға даярлық жасаған. Аз күн болса да сыйласып, апасымен жиенінің қамқорлығында болған ел азаматтары қоштасып кеткелі келгенде, болыс жиендері «Ал, нағашылар сіздердің бізді іздеп келіп, танысқандарыңызға қуанып қалдық. Сіздерге апаларың да, мен де дән ризамыз. Ал, енді менің Көкбестіге көңілім кетіп жиендігіме, нағашыларым қалдырар деп отырмын» деген. Аз ойланып отырып Бейсекең «Көкбесті дегенің сырты түк, іші бөк нәйеті — бір мал ғой. Қазір тастап кетер едік, нағашыларының бір атын несіне алып қалды екен деп досың бар, дұшпаның бар сөзге қалып, беделің түсе ме деп отырмын. Одан да келесі жылы нағашыларыңды аралап, аунап-қунап көңіл көтеріп, қайтарыңда Көкбестіңе мініп кет. Сөйтіп, нағашы елінді де бір қуант, жиенжан» — деген. Бұл сөзге риза болған болыс жігіт «Онда елдеріңе құр бармаңдар, жиендерің беріп жіберді — деп, менің малымнан бір үйір жылқы айдай кетіңдер» — депті. «Жиенжан өзімізде де мал

жетеді, бір үйір жылқыны алмай-ақ қояйық, бос қайтпасын десең жылқыңнан бір мал ала кетейік» — деп болыстың жылқысының ішіндегі бір сары тайды көрсетеді. «Оу, ірі жылқының біреуін ұстатпайсыңдар ма?» деген, болысқа» аттарға еріп жүргенге тай жақсы» деп, сол сары тайды алған. Оның үлкен мәнісі бар еді. Күнде таңертең болыс жылқысы суға құлағанда осы сары тай өзенге қойып кетіп, жүзіп жүріп су ішеді де, ар жақ қабаққа өте шығушы еді. «Бұл тегін емес осы тайдың бойында көрінбей тұрған бір қасиет болар» деп, Бейсекең көңіліне түйген екен. «Жүйрікті-жүйрік жетелейді» дегендей, сол сары тай кемеліне келгенде, Ерденнің «Сағым сарысы» атанған тұлпар болған екен десетін.

Көкбестінің атақ-даңқы көп елге тарағаннан бері оны көзден таса қылмайтын. Кеңгір өзенінің Жезқазған қаласының тұсынан әрі асып, Жаңаарқа жағынан ағып, келген, «Жіңішке Сарысу» өзенімен қосылатын биік қабақты Қаражар дейді. Сол Қаражардан Оңтүстік — Шығысқа қарай екі өзен Сарысу аталып Телкөлге барып құятын.

Кейінгі уақытта өндірістің қажетіне қарай екі өзен де, қолайлы жерлерінен тоғалып ірі су қоймаларына ұсталғандықтан, қанша қатты тасығанмен Телкөлге жете алмай жүр. Қаражардан бергі Жезді өзенінің құйғанына дейінгі аралықта, Кеңгір бойы қалың тоғайлы болатын. Көкбестіні көбіне сол тоғайдың ішінде арнаулы адамдардың бағымында ұстаған. Ол заманда күші келгендер жігіт ұстайтын. Қодардың үйінде де жалданған жігіт болған. Өзі кішіпейіл, елгезек жігіт үй иесімен ауыл адамдарына жағымды болып, сенімге кіргеніне де екі жылдай уақыт болған еді. Ауыл адамдары көкбестіні тағы да бір елге апармақшы болып, жаратқан. Ертең-ерте алып жүруге Көкбесті де дайын. Соңғы тері де алынған. Қазір ол көрмеде тұр: Түс кезінде үйді-үйіне тараған ауыл адамдары асқа отырған шақ. Сол кезде «Аттан-аттан! Көкбестіні алып қашты» деген біреудің айқайы шықты. «Не дейді?» — деп дүрліге жүгіре шыққан жұрттың көзіне «Мақтаулы» жігіттің Көкбестімен қашып бара жатқаны түсті. «Енді не істедік?» деген жігіттердің біріне Қодардың әкесі Сасықбай ақсақал «Сауын жылқыдағы Ақжар айғырды алдырып, мініп алып, Көкбестіні алып кетіп бара жатқан жақтағы биікке шығып, айғырдың көзіне Көкбестіні көрсеткен. Жылқының «Қыдыры» болып

саналатын Ақжар айғыр үйріндегі Көкбестіні көріп, шыңғырып кісінеген. Ақжардың кісінеген дауысы «Қырымға» кететін десетін. Өлден уақытта басын кейін бұрып ала қашқан Көкбесті салып отырып жетіп келген. Еңіреп жылап қоя берген жігіт «жансауға» сұрап аттан түскен. Ашумен ұмтылған адамдарды тоқтатып, Сасықбай атай «Сен кім едің шырағым?» — деп жөн сұраған. Сонда жігіт — «Мен кедейдің баласы едім, қалыңдық беруге малым болмай, осы уақытқа дейін үйлене алмай жүр едім. Елім Алтайдағы Өрнайманы еді. Сол елдің бір байы «Көкбестіні қолға түсіріп берген жігітке, қалыңсыз қызымды беремін, алдына мал салып, отау көтеремін» деген соң, жанымды шүберекке түйіп, «Нанталап» — қып келіп едім. Ағажандар, шыбындай жанымды сақтағандар, құлдарың болайын» деп еңірей берген. Көкбестілері қолдарына келіп, көңілдері орнығып, ашуынан қайтқан жігіттерге, рахымы түскен қария «Ай, балалар, бұған бас еркін беріңдер, екі жылдай еңбек етті ғой, жолына тамағын әзірлеп, ат мінгізіп, қосағына, тағы бір ат беріп, еліне жіберіңдер — деді. Ертеңіне — ертемен Көкбестіні алып бір топ адам алыс елдің біріне жүріп кеткен. Бұл сапарда да Көкбесті жалғыз келіп, бас бәйгені әкелген.

Арғанаты тауының күнгеі жақ етегіндегі адырлардың жыраларынан, су ағар беткейлерінен аққан сулар, бір арнаға қосылып, Қаракөңгір өзені болып оңтүстік — шығысқа қарай ағады. Сол өзеннің басталар бір саласы «Құркөл» атанған, су жиналатын биік төбенің етегіндегі тақырдан басын алады. Тақырдың шетінде суы мол, әрі тұщы бұлағы да бар. Сол «Құркөлдің жағасында отырған Сасықбай ауылының көп жылқысы, ауылдан әріректегі Барақкөлдің жағасында табында болатын. Ауылға тек сауын биелер мен малға мінетін аттары қалған. Қазақ арасында «Жер дауы», «Жесір дауы», «Көршілес отырған байлардың арасында барымта» дегендер, болып тұратын. Бағаналы елімен көршілес отырған Кіші жүздің Тама, табын елдері, алмакезек бірінің жылқысын бірі айдап кетіп, кейде көп адамдар, қатысқан ірі шайқастар да, болып қалатын. Сондай бірінен-бірі қарымта қайтарудың, бірі болса керек. Құркөлде отырған ауылдың Барақтағы жылқысының жартысына жуығын айдап өткен барымташылардың, бес қаруы сай, бір батыры келіп, — «Сендерде кеткен есеміз бар, жылқыларыңды айдап кетіп,

барамыз, Тілдесем дегендерің сонау, «Үшсарының» асуына келіңдер» деп атын тебініп қалып жөнөп берген. Ауыл-ауылға хабар беріп, жылқының артынан түре қуатын мүмкіндік болмағандықтан ауыл қариясы өзі барып, «Үш сарыдағы» асуда күтіп тұрған барымташылардың батырынан жөн сұраған. Сонда олардың батыры тұрып «Келер жазда ас береміз, жылқыларыңды дауласаңдар сол асқа келіңдер. Оған үш жүздің игі жақсылары, билері келеді. Сонда да арамыздағы дауды билер алқасына салып жүгінеміз», — деп, шаба жөнелген. Ақылға салған қария келесі жазда, Қодарды басшы етіп, іріктелген жеті жігітті және оларға Боржыны қосып, жылқының артынан аттандырған. Бұлар барғанда «Бағаналыдан келгендер бар ма екен» — деп іздеу салып жүргендерге кездеседі. «Жүріңіздер сіздерге арнайы үй тіктірген едік, жылқыларың да дін аман» — деп бәйек болып алып барып түсірген. Келгендерге сый-құрмет көрсетіліп жатыр. Күтушілермен сөзге араласып кеткен, Қодар «Жылқымыздың амандығын айтып қуантып тастадыңдар. Жылқы ішінде Көкбесті бар ма? Ақжар айғыр бар екен» — деп сұрағанда «Көкбесті» жоқ. Ақжар айғыр сойылып кетті. Басқасы табында жатыр. Ақжар айғырдың семіздігіне қызыққан батырымыз, біздің қарсылығымызға қарамастан «Өзім соғым етем» деп бауыздатып жібергенде, қатты бұлқынған жануардың басына байланған жіп үзіліп кетіп, шынғырғанда оның даусы құлағымызды жарып, жібере жаздады. Қатты шошыған батырымыз бір тәулікке жетпей қазаға ұшырады. Киелі жылқы болған соң қалғанына тимедік. Қыс бойы табында бағып, аман-есен алып шықтық. Енді жылқыларын өздеріне қайырайық деген, оймен сіздерді күткен едік». Топты бастап келген Қодар жолдастарына «Сендер жылқыға барып көріңдер, Көкбесті аман болар, бұлардың танымауы да мүмкін. Егер Көкбесті жылқыда жүрсе ұстапалып осында жетіңдер» деп, оларды жібереді. Айтқандай-ақ Көкбесті жылқы ішінде бар болып, шығады. Қуанған жігіттер, оны алып келді. Бәйгеге ат қосуға әлі он күндей уақыт бар.

Көкбестіні не де болса жаратып қосып көрейік» — десіп, жаратуға кіріседі. Бәйгеге аттар айдалғанда, бұлар да Көкбестіні қосады. Боржыға «Егер аман болып алдымен келе қалсаң, қарақшыдан өткеннен кейін, той төбені екі-үш рет

айналып, өзіміз келген жолға түсіп, ел қайдасың деп тарта бер. Көкбесті көзге түссе, бұл жерден алып қайтаруымыз қиын болар. Жолда сені мына жігіттердің біреуі күтіп алады. Бәйге қолға тисе, біз де бұл жерде аялдай қоймаспыз» — деген. Аттардың да келетін межесі болып қалған. Ат келетін жаққа анталап той төбеде тұрған көпшілікте, есеп жоқ. Ат келе жатыр деген той басқарушыларының айқайы да естіліп қалды. Сөйткенше болған жоқ, тізбектеле созылған ат тұяғынан шыққан шаң да, көріне бастады. «Мынау дәу де болса Көкбестінің шабысы болар. Сендер, даурықбай Қаракшыға таяна беріңдер» — деп, атын тебініп, алға жылжи түскен Қодардың көзіне жұлдызша ағып, келе жатқан Көкбесті оттай басылды. «Қуанғаннан» Иә, аруақ» — деп айқай салған. Қодардың үніне, «Сандыбай, Сандыбай!» — деп ұрандаған Боржының даусы жалғасқан еді.

Ел аузындағы аңызға айналған Көкбестінің жарыққа шыққан кезі, өткен ғасырдың қырқыншы жылдары болса керек.

Жолы түсіп, алыс елге барған ағайындар «Ұлытау бағаналысымыз» дегенде атқұмар, үлкендер «Е, Көкбестінің елі екенсіңдер — ғой» деп, құрмет көрсететін болған. Өз заманында Көкбестіден, қазақта озған ат болмаған, десетін. Өмір деген тоқтаусыз өтіп бара жатқан уақыт-кой. Не бір заман өтпеді, Небір тұлпарлар мен сұңқарлар болмады? — дейсің. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді», деген екен бұрынғы жақсылар. Құлагердің даңқы біздің заманымызға Ақансерінің зарымен жетсе, Көкбестінің атағы ел аузындағы аңызбен жеткен еді.

Көкбестіні жазу үшін, көп жыл ұлағатты үлкендердің әңгімелеріне құлақ түрген едім. Жетіқоңыр елінде «Қырғыз Өксікбай» атанған ақсақал, осы әңгімені айтушы еді. Сол сияқты Жезқазған қаласында Аманбайдың Қасымы, Есеттің Шәмшісі, Жездіде Асылбектің Дайырбегі, Қаракеңгірде Тайшықтың Қоранбайы, Ұлытауда Әбіштің Жәкеші сияқты ақсақалдар да Көкбесті туралы әңгімелерді ертеде өткен бабаларымыздан естуші едік дейді. Міне, сол әңгіме осы.

## ҚАМАЛ БҰЗҒАН БАТЫР

*«Бақ қонып, аруақ қонып, Құдай сүйген,  
Ту ұстап, тұлпар мініп, берен киген.  
Баласы Сандыбайдың Ерден батыр,  
Қоқанның әскеріне қолмен тиген.  
«Айнакөлдің» басында соғыс болып,  
Қоқан ханы, Қыпшақ, Қоңыратты  
қойша қырған  
Қорғаннан елді қорғап, соғыспаққа,  
Әскер алдырған Омбы мен Орынбордан.  
Халық ақыны Балтекейұлы МҰҚАН».*

Неше мәрте ұрыстан бел шешпеген үш қосын әскерін тынықтыруды жөн көрген Ерден батыр «Айнакөлге» аялдаған. Сарбаздары аттарын отқа қойып, көл жағалап, жуынып-шайынып, жайғасып жатыр. Күн ашық, кешқұрым жел де тына қалған. Атына заты сай «Айна көлдің» айдындары құралай сұлудың жаудыраған көз жанарындай жарқырай түседі. Көл жағалай біткен қамыс пен балауса жасыл құрақ, сол сұлудың қабағы мен кірпігіне ұқсайды. Су бетіндегі әуілдек гүлдерінің жапырақтары көл суының тұщы дәмін татқызғандай әсер береді. Қалың қоға-қамыстардың ішіне кіріп-шығып, жарыса жүзген балалы қаз-үйректерден көз тұнады. Көл айдындарының аумақты, ашық беттерінде құс еркесі кербез-сұлу аққулар баяу жылжиды.

Үш қосынды, үш батыр бастаған еді. Бірінші қосынды аға сұлтан Ерден батыр өзі басқарған. Оның құрамында Омбы мен Орынбордан алдырған орыс әскері де болатын. Ердекен патша ұлықтарына өтімді еді. Ол кісінің сұрауы бойынша тілегін тоқтаусыз орындаған болатын. Екінші жағынан Қоқан хандығының әскер күші әлсірей бергенін патша ұлықтары ұнататын. Ұлтаралық қайшылықтарды пайдалана отырып, олардың арасына от жағып жіберу орыс патшасының жасырын, жымьсқы саясатының бірі болатын. Екінші қосынды Аманбай батыр, үшінші қосынды Лепесбай батыр бастаған еді. Қоқан әскері мен шешуші ұрыста Қазақтар жеңіске жетіп, Ерден басқарған бұл үш топ, Ұлытау өңіріндегі елге қарай қайтқан беті болатын.

Арқа, Сарыарқа жері мен елінің байлығына кім қызықпаған. Қоқан хандықтары, Шу, Сарысу, өзендерін бойлап Ұлытау — Атбасар өңіріне бірнеше мәрте шабуыл жасапты. Тарихқа көз салсаң, бұл шабуылдар 1825 жылдары дүркін-дүркін қайталанған. Сол заманда «Шу» бойын басып

алған Қоқандар қарсылық жасаған қоңыраттар мен қыпшақтарға бөрідей тиген. Шу өзені бойына бойына бекініс-қамалдар салған, олардың ендігі аңсағаны Сарыарқаға қарай жылжып, Ұлытау өңірінің мол байлығына қол салу болатын. Осы хабарды алып келген Қоңырат елінің елшілері Ұлытау — Атбасар өңірін билеп тұрған аға сұлтан, дуан басы Ерден батырға келіп мән — жәйді толық баяндаған.

Алдын — ала келісілген уәде бойынша үш қосын сарбаздары мен орыс солдаттарын жиып алған Ерден батыр жер-жерден топ-тобымен келіп жиналып жатқан Қыпшақ — Қоңырат қосындарына барып қосылады. Жер жағдайымен болашақ ұрыс алаңдарын алдын-ала болжаған қазақ қосындары, қоқан әскерлеріне екі бүйірден және қарсы алдынан бірдей лап қойып қусыра түскен. Күтпеген жерден шабуылға шыққан қазақ қосындары Қоқан әскерінің құтын қашырып, оларды түстікке қарай ығыстыра берген. Қоқандар да етек-жеңін түріп, жер-жердегі әскерлерін топтастырып, жиып шешуші ұрысқа қам жасаған. Үш-төрт күн қаша ұрыс жасаған Қоқан әскері Шу өзеніне таяу жердегі өздерінің берік жасалған қамалына шоғырлана бекінген.

Алдағы шайқастың оңайлыққа түспейтінін сезген Қазақ әскерінің қолбасшылары да бір-ер күн сарбаздарды тынықтырып, шешуші ұрысқа мұқият дайындық жасауды ұйғарған. Ұрыс басталғаннан бері қоқан жағы едәуір шығынға ұшырағанеді. Қоқандардың халыққа көрсеткен зорлық-зомбылығы мен аудандық істеріне қаны қатқан қазақ жігіттері ұрыстарда белсенділік жасап, жау жағының апшысын қуыра түскен. Жау жүрек батыр жігіттердің орасан батылдықпен құлшына ұрыс салуы, жас жігіттерді де қанағаттандыра берген. Арадағы бір-ер күн үзілістен кейін, қазақ әскерлері қамал сыртын күзетке алып тұрған жау әскерінің тобына тап берген.

«Иә, сәт!» деп, қылышы мен найзасын қыса ұстаған сарбаздар батырлардың бастауымен ұрысқа жапатармағай кіріп кеткен. Айқай шу, сарт-сұрт салысып жатқан найза, шабысып жатқан қылыш дауысы құлақ жаңғыртады. Қазақ батырларының екпініне төтеп бере алмаған жау әскері берекесі қашып, сөгіле бастаған. Екі-үш бие сауымындай уақыт шамасында көп адамнан айырылған Қоқан әскері қашуға бет ұрған. Бір бөлек әскер қашқан жаудың соңына түсті де, көп адам қамалды қоршауға алған болатын. Жан беру оңай ма? Қоқанның қамал ішіндегі әскері қазақтарды кіргізбеуге тырысып бақты. Күн намаздыгер шамасында Аманбай батыр жанкештілікпен жаудың қамалын бұзып, әскерінің қамал ішіне кіруіне жол ашқан. Қамал алынды,

бірақ қамал ішіндегі Қоқан ханы жасырын қақпа арқылы жан сауғалап қолға түспей кетті.

Шешуші ұрыстан кейін, Қоқанның енді таяу арада бас көтере алмайтынын білген қазақ қосындары елді-еліне тарай бастаған. Мол қазына — мүлікпен қолға түскен Қоқан ханының сұлу қызын және ақ шатырын алып, Ерден, бастаған үш қосын әскердің «Айна-көлге» бүгінгі күні жеткен беті еді. Ердекең мен Аманбай батыр ақылдасып, ханның қызын шатыры мен үйленбеген жас батыр Лепесбайға беруді жөн көрген.

«Айна — көлдің» үш жақ жағалауына үш қосын орналасқан. Сойыс үшін айдалып жүрген жылқылардың семіздері сойылып, еті қазанға түсіп жатыр. Лепесбай қосындағылар ханның ақ шатырын тігіп, оған түнде батырлар жиналып, жас батырға қызды қосып, кешкі астан кейін, өз қосындарына дем алуға тарасқан. Лепесбай батыр жас арумен шатырда қалған. Лепесбай 17 жасар, жалындап тұрған жас батыр еді. Ол руы Қарабала, Солтангелдінің баласы болатын. Торға түскен тотыдай болған ханның сұлу қызына жас батыр бірден ұнаған да еді.

Бірнеше күнгі ұрыстан қажыған сарбаздар мен солдаттар жаппай ұйқыға кеткен. Сол сияқты батырлар да алаңсыз дем алуды жөн көрген. Таң саз бере көлдегі құстар келе жатқан сұрапыл дауылдың хабаршысындай терістікке бет алып, жапырыла ұшқан. Ол дауыл қоқан әскерінің дауылы еді.

Қоқандықтар өздеріне көмекке келген тың әскерлерді бастап, «Айна-көлдің» жағалауында қазақ қосындарының бейқам жатқанын пайдаланып, қырып салмақшы болған.

Осы оймен алдын-ала жіберген шолғыншылардың берген хабарымен баяу жылжып, шабуылға көшуге түннің ұрымтал сәтін күткен еді.

Көп жыл серік болған Аманбай батырдың «Тышқанкөз» боз аты құрақ арасынан шауып келіп, тұмсығымен батырды бүйіріне көтере түртіп, оянбаған соң, алдыңғы аяғымен тарпыған. Батыр ояна келсе, лек-лек, «ча-ча» деп ұрандаған қоқан әскерінің келіп қалғанын бірақ көрген. Олардың алғашқы тобы Лепесбай батыр жатқан ақ шатырға бет қойған.

Аманбай батыр шешініп жеңіл киіммен жатыр екен. Бөгелсе кешігетінін сезген ол, атына жайдақ міне сала найзасын жерден іліп алған бойда ақшатырды қоршауға алған жауға қарсы ұмтылған. Жеткен бойда көз ілеспес жылдамдықпен және жанқиярлықпен үймелеген жау әскерін

топырлата түсірген. Бірақ шатыр ішіне кіріп, кеткен жау адамдары ұйқыда жатқан Лепесбай батыр мен ханның қызын қылышпен шауып өлтірген. Жаудың келгенін көргендер, ұйқыдағы әскерді оятып, әуен-жәуен болған олар, жапатармағай аттарына жүгіріскен. Қазақтардың жаппай атқа қонғанын көздері көрген жау әскері шегіне түсіп, артқы келе жатқан бөлектерін күткен. Осы кезде, Ердекең бастаған қосындағы сарбаздар да шатыр маңына келіп жеткен. Жау жағы да бас-аяғын жинап, шоғырланып қалған екен, оның ішінен оза алға шыққан бір батыры, ертедегі соғыс салтының рәсімімен қарсы жақтың батырын жекпе-жекке шақырған. Осыны көрген және Лепесбайдың қайғысынан қан жұтқан Аманбай батыр атына жайдақ мінген қалпында, ашу қысқан бетпен жекпе-жекке шыға берген. Жаудың батыры да ірі батыр болса керек, екеуі де жекпе-жекке келген бойда найза қағысып өте шыққан. Найза қағысқанда батырлар бірінің-бірі айбаты мен күш-қайратын сезіп өтетін болған. Қайта оралып, біріне-бірі ұмтылған екі батыр ұрыстың бір алмағайып тұсында қатарласып қалғандай болған еді. Осы кезде, кенеттен қатты шыққан біреудің айқайына жалт қараған жаудың батырының шықшытына Аманбай батыр найзасын түйреп үлгеріп еді. Жау батырын түсіріп, қалың жауға беттеген Аманбайдың соңынан бүкіл ескер Сандыбайлап ұрандап атты қойған. Тасыған тау суының алғашқы селіндей жапыра тиген қазақ сарбаздарының екпініне шыдай алмаған жау әскері көп адамынан айырылып, қашуға бет бұрған. Қозы көшерге дейін қуып жаудың көп адамын жайратқан қазақ сарбаздары Ерден батырдың бұйрығымен одан әрі жау соңына түсе беруді тоқтатқан. Ұрыстан кейін, адамдарын түгендегенде әскердің ішінде Аманбай батыр жоқ болып шығады. Ердекең жан-жаққа адам шаптырып, Аманбайды іздетіп, өзі биік төбеге шығып, қарауыл қарайды. Сол төбе кейін «Ерден шыққан төбе» атанған екен.

Аманбай батырдың соңына бәйге атпен жас жігіт Қосшығұл еретін болған. Ол жұрттан ұзап кеткен Аманбай батырға жетіп, «Сауға-сауға» сұраған. Әбден көзі қызарып, қызып алған батыр, жалғыз өзі жан шыдатпай жаудың көп адамын түсірген екен. «Сауға» сұраған Қосшығұлдың даусын естіп, «Тышқанкөздің» басын тартқан. Омырауын ақ көбік басқан боз аттың әлі де болса екпіні толастар емес. Сол жолда Аманбай батыр ер-тұрманымен алпыс ат айдап, келген екен.

Манағы жекпе-жек шайқаста жүргенде кенеттен айқай салған Аманбай батырдың қосынында, батырмен тізе қосып, жауға бірге тиетін қайратты жігіттерінің бірі — Дәрібек екен. Майданға қатар кіріп, бір бағытта ұрыс салған батырлар,

кейбір хауіпті алмайғайып сәттерде жаудың батырын аландату үшін, кенет қатты айқай салып жібереді екен. Аландаған жау батыры найзаға оңай болған. Бұл айла-тәсілді тізе қосқан шайқастарда Аманбай мен Дәрібек әлде неше қолданып жүрген. Бұл жолы Дәрібек батыр топ ішінде тұрып, шайқасқан батырлар ұрымтал тұсқа келгенде айқай салып еді.

Аманбай батыр «ашумен жекпе-жекке жайдақ шыққанымнен көп кемістік көрдім, жаудың батырына найза салып, құлатарда өзім екі рет «Тышқанкөздің» үстінен сыпырылып түсе жаздадым. Жандәрмен бір қолыммен аттың жалынан ұстап, екі аяғымды жануардың шабына тіреп барып, күш алдым» деген екен.

Аманбайдың тұстасы Дәрібектің руы — Бәсентин, ата мекені Ұлытаудың оңтүстік жағындағы «Дәрібектің сарыбұлағы» атанған жер екен.

Аманбай батырдың руы Шәлкеке, әкесінің аты Тоқан. Шоштан руынан шыққан Бәлтекейұлы Мұқан ақын, ағайынды қос батыр Есенғабыл, Есенбекке шығарған қысса-дастанында:

«Шәлкекеде Аманбай  
Зияны тиген дұшпаннан  
Қалған жоқ кегін ала алмай,  
Етек-жеңін түрініп,  
Неше бір бұзған қамалды-ай,  
Жау дегенде қуанып,

Найзасын қанға суарып» — деп жырлаған.

Аманбай батыр, екі иығына екі кісі мінгендей зор денелі, өткір көзді, сесті адам екен. Ол кісінің бойы барлық адамдардан озық тұратын болған. Ел бірлігін көксеуші және халқына қорған болған аты аңызға айналған Аманбай батырдың ерліктерін еліміз ұмытпай біздің заманымызға дейін жеткізіліп отыр. Аманбай батыр шамамен 1800-ші жылдардың бірінші жартысында өмір сүрген адам. Ата-мекені Кеңгір өзенінің Жіңішке Сарысу өзенімен қосылған жері «Қаражарда». Ол «Қаражар» Жезқазған — Қызылорда көтерме жолының бойында, қаладан 50 шақырым жерде. Батырдың зираты да, сол екі өзеннің қосылған тұсында тұр.

Аманбай батыр жайында халық арасында аңыз-әңгімелер көп жайылған. Аманбай батыр алты әйел алған адам. Сол әйелдерден өрген ұрпақтар «Батыр ауылы» атанған. Олардың көпшілігі Жезқазған, Сәтбаев қалаларында тұрады.

Қаз дауысты Қазыбек бабамыз айтқандай, «мал баққан еліміз, біз ешкімге соқтырпай-ақ жәй жатқан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз» дегендей, ел намысын ешкімге бастырып, тапталмай, халқымызды жаудан қорғаған ұлы тұлғалардың есімі ұрпақтан-ұрпаққа беріле бермек.

## ҚАСЫМНЫҢ ӨЛІМІ

Ерден батыр ауылында болатын, Елдің қалың ұйқыда жатқан кезі. Түннің бір уақытында ауыл иттерінің әуен-жәуен үрісі малшы қауымның ұйқысын тез ашты. Көз ұйқыда болғанымен құлақтарын түрік ұстауға үйренген күзетші жігіттер далаға жүгіре-жүгіре шығып, бір ұя қасқырдың малға шауып, алды қораға түсіп жатқанын көреді. Малдарың дала тағыларынан айыру барысындағы жұрттың айқай-шуы батырдың құлағына жетеді. Мән-жайды шыға берісте естіген батыр қорада қасқыр барын және оны барып соғып алуға ешкімнің батылы бармағанын білген соң үстіне «жау» киімін киіп, қолына қару алып, мал қораның есігіне кіре бергенде ар жағынан екі қасқырды желкеден алып, сүйреп келе жатқан өзінің Қасым деген баласына көзі түсті, Қасым сонда тоғыз-ақ жасар бала болатын. Ойда жоқ жерде жас баланы мұндай үлкен ерлікпен, қайрат көрсететінін күтпеген батыр назарының ерекше түсіп кеткеніне өкіне кері қайтты.

Қасымның өткірлігі мен беттілігін және дене тұлғасының өсіп келе жатқан бітімін іштей ғана сезініп, оны көзден-гілден аман болғай деп тілейтін де, оған тіктеп қарамайтын. Ажал айтып келген бе, одан кім құтылған, Қасым үйге келісімен мұрттай ұшып, сол жатқаннан тұрған жоқ. Көп кешікпей-ақ, дүниеден өтіп кетті, «Осыдан түбі бірдеңе шығар!», — деген зор үміті бір сәтте үзіліп, баласының өмірі мен болашағына өзі себепкер болғанына өзегі өртеніп, тұла бойын қайғы дертіне алдырған Еркекең орнынан тұрмай жатып алды. Қасымды ақ жуып, арулағандар екі жауырынының арасы қарайып кеткенін көпке дейін айтып жүрді. Қасымның өлімінен кейін оны көңіл айтып жұбатып, жатқан орнынан көтеру жиналған жақсы жайсаңдарға оңайға түскен жоқ, баласының қайғысы қабырғасын қайыстырып, ұзақ жатып алған батырға, сол кездегі қадырлі ел ағасы Байназар Бозай Би келіп:

«О, батырым Ерден,  
Басыңды көтер жерден,  
Әкең Сандыбай да өлген,  
Оны мына көзім көрген,  
Өлгеннен жоқ келген,  
Баласы өлген, жалғыз сен бе ең,  
Жылап құдайды кім жеңген,  
Мен көңіл айта келгем,  
Ат арытып, алыстағы елден,

Тұр, төсектен теріс қарамай,  
«Балаңды алған мен бе ем», — деген,

Бірақ, Ердекең сол жатқан күйі қайғыдан сартөсек болып жата берген. Осы қазаға бүкіл қазақ жеріне аты тараған атақты қобызшы Ықылас Дүкенұлы келіп, батырдың қайғысына ортақтасып, көңіл айтып өзінің арнайы шығарған «Ерден» деген күйін тартты, Қанжығалы еліндегі құдасы Нөгер мырза, жанында Асаубай шешені бар, о да келіп айтты. Домбырасын қағып-қағып жіберіп Асаубай шешен:

«Ассалаумағалейкум Ерден,  
Біз көз көргенің арнайы келген,  
Қарсылық қылма Аллаға,  
Көтер басыңды жерден,  
Балаңды алған құдай,  
О, баста өзі берген,  
Көтертеміз деп басыңды,  
Арнайы келдік елден,  
Көрмегелі көп болды,  
Көрісейік келші бермен,  
Келіп тұрған қасымда,  
Құдағи мен құдаң бар,  
Өзі беріп, өзі алған,  
Жазуына Алланың,  
Сабырлық етіп шыдаңдар,  
Азаға арнап әкелген,  
Бір биеден туғандай,  
Тоғыз шұбар құнан бар,  
Шығарған құран — хатым бар,  
Азаға тағы әкелген,  
Көрмеген жан қарап қалғандай  
Алты шұбар атым бар,  
Уа, Қасым өлсе,  
Бимендедей тағы балаң бар,  
Тоқтатпаса біреуін,  
Алладан үміт және бар,  
Екі айғырдың терісінен тігілген,  
Нар түйеге артып әкелген,  
Түйемойын сабам бар,  
Тағы да сізге әкелген,  
Жанат ішік киім бар,  
Басы құндыз болғанда  
Тоғыз түрлі бұйым бар,  
Еліңді тегіс жиыңдар,  
Қымызым жетеді құйыңдар!

Сағағынан сынды ма,  
Алмас — қылыш болатын,  
Қайырылып қалды ма,  
Топ шыңнан тиіп қанатың,  
Ерлерге керім кездесе,  
Жуан созылып болғанша,  
Жіңішке үзіліп қалатын,  
Қанатымен құс ұшса,  
Құйрығымен қонатын,  
Балаңның қатты қайғысы,  
Өртеніп өзек жаратын,  
Дүниеге келген жан,  
Жақсы-жаман, кәрі-жас,  
Уақытынан асырмай,  
Темір үйде жатса да,  
Аманатын Алла алатын!» — деп

Асаубай ақын тоқтағанда да Батыр орнынан селт етпеді, Хабар ел арасы шалғай Сыр бойындағы Досбол мен Шоқайға да жеткен екен, олар мәйіт жерлергеннен кейін жетінші күні келіп жетті. Үйге кіріп аят оқып, өлгенге иман, тіріге көңіл айтып, қайғыларына ортақ екенін білдіргенде де Ерден жатқан орнынан қозғалмапты, сонда — Уа, Ерден — депті Досбол, — Қайғырғанда көңіліңді демейтін ағайын — туыс болмаса бір сәрі! Құдайға шүкір, ойдан-қырдан жапырлап ағылып келіп жатса, бұл — өліктің сәні, әрі көңілге дәрі емес пе?

Әлемді жалмап жұтса да өмірінде тоймаған қара жердің талысы! Ерден-ау, өткенге өкінбе, келмеске күйінбе, өлім деген ұзақ жолдың алысы, Өлмек хақ, тумаж хақ, барлық жанның кәбір емес пе барысы. Құдайға мұнша наз қылатындай ашынасы ма ең! — дейді. Бұған да Ердекен мызғымаған, сонда Шоқай би малдас құрып отырған қалпынан ауысып, жүгіне қос дізерлеп, қамшысын мықынына таяна ұстап, аңға түсер мұзбалақ қырандай шаңқ етіп:

— Ей батыр Ерден! Басыңды көтер жерден! Құдайдан да құдіретті мін деп, мейманасың тасып кеткен екенсің керден! Мыңды айдаған әкең Сандыбай да қара жерге кірген, Әулие болсаң әкеңді да, балаңды да алып қалуға әлің кәне келген?

Көкті бу көтереді,  
Жүйрікті ду көтереді,  
Ауырды нар көтереді,

Ер емес пе едің, нар емес пе едің талай құқайды көрген?!  
Құнсыз беріп, пұлсыз алған, нең бар еді құдайға берген, —

дейді ашына. Ерден төсегінен көтеріліп, сарғайып жүдеген жүзін орамалымен сүртіп:

— Уа, асыл туған асылдар, қайғырсаң да қаншама, өлі артынан өлмек жоқ, құрдымға хайп кеткен соң, екі айналып келмек жоқ, көтермесем басымды, көңілім өксік қаяулы ардақтыларым едің аяулы, салмақтыларым едің санаулы! Көңілде қайғы, шемен-шер, төбелерің көрінбеген соң, күтіп жатыр едім, өздеріңдей асыл ерлерді! — деп құшақтаса көрісіп, көңілдегі нала — құсасын тарқатысып, үш-төрт күн болып, көңілін демеп қайғысын бөлісіп, аттанған екен жақсылар.

Бұл оқиға жайында әр түрлі басылымдарда әркімдер Қасымның орнына Бименде өлгенде Ерден осылай қайғырып еді дегенді жазып жүрді, ол шындыққа жанаспайды. Бименде 1892 жылы қажылыққа барып. Мекке-Мәдинеде дүние салған. Ол кезде Ерденнің дүниеден өткеніне 30 жыл болған, яғни, Еркекең 1862 жылы қайтыс болған.

Бименде қажылыққа кеткенде оның бел баласы Ахметбек екі жаста екен, Ахметбек Мәжиттің әкесі (бертінде Алғасбаста қайтыс болды) оның дәлелі дәстәуір қожаның Бименде қажы туралы жазған дастанында айтылады, Бименде онбір адаммен қажылыққа барып, ол адамдардың жетеуі елге аман оралады. Солардан елдегі туған-туыстарына жазған сәлем хатында:

«Бұл мирас барша жанға бірдей арман,  
Ахметбек тіпті жастай қалып еді,  
Тапсырдым бір өзіне қадыр мәулен,  
Жетімдік көрмесіңдер шырақтарым,  
Алдында тірі тұрса, үш-төрт ағаң, делінген».

Жоғарыда жіберілген қателік жазушылардың кінәсі емес, оларға естелік айтып дерек берген кісілердің толық білмейтіндігінен, Ерден-қазақ тарихындағы тұлға, Еркекең жөнінде Дәстәуір қожа:

«Артықша абыроймен Ерден де өткен,  
Кім болды қатарында оған жеткен.  
Бетіне жан қаратпай заманында,  
Патшадай талай жерге үкім еткен», десе,  
Қарауыл Орынбай ақын:  
«Кесілмес қарағайдай терегімсің,  
Ақылға көз жеткісіз зерегімсің,  
Бас қосқан Орта жүздің жиынында,  
Алаштың баласына керегімсің», — дейді.

Еркекең туралы қанша жазса да көп болмайды, Ерден батырдың Қасым өлгендегі қайғысын ертеде Көгелең жерінде руы Кеңбейіл, Бөкебайдың Шылмырзасы деген әңгімешіл қарт

айтып отырушы еді. Менің жас бала кезім-ғой, сол кісінің қызық әңгімесіне беріле тыңдап отыратынмын.

Осындай аңызға айналған тарихи әңгімелерді кейінгі ұрпаққақалдыру біз сияқты үлкендер үшін парыз болар деп есептеп, осы мақаланы жазып, басылымға беруді жөн көрдім.

## ***БІР БИЕДЕН— ҮШ ТҰЛПАР***

### **(деректі әңгіме)**

Қыс қыстап көктем шыға қар суымен жылжи қонған қазақ ауылдарының Телікөлден көшіп шыққанына да бірқыдыру уақыт өткен. Жол ұзақ, бірақ асығысты көтере алмайтын қыстан шыққан төрт түлік малдың бабына қарап, жая беттетіп, күндегі жетіп қонатын жерін шамалап отыратын. Көштің беті — сарыарқаның төскейіндегі Ұлытау, Кішітау, Байқоңыр, дулығалы алқабында жазғы күзгі жайылымдығы мол өңір.

Талай күнді артқа тастап, Қызылжыңғылды бойлай Жетіқоңыр құмына құлаған көш, құмды жарып аққан Сарысу өзенінің құмнан өткен тұсы — «Көкалажарға» аялдаған. Екі-үш күн ерулеп, мал мен жанды тынықтырып алуға Көкалажардың алқабы қолайлы екенін ертеден-ақ білетін, жұрт, жеңіл-желпі кигіз үйлері мен қостарын әпсәтте-ақ тігіп алған. Қазақтың қазан ошағы қай уақытта дайын емес пе, жаңа сойылған семіз бойдақтардың еті де қайнауға айналған. Сары самаурын мен мосыға ілінген шәйнектердің де әр жерде буы бұрқырап қайнап жатыр. Жайылымы мол соңы жерге келген малдар да бет-бетімен пытырап жайлып жатыр. Ауыл ақсақалдары шал-кемпірлер жадырап, әңгіме-дүкен құрып, әр жерде қауқылдасуда. Көші-қонда жастар ерекше ширай түсетін. Әркім өзінің жорға-жүйрігін алдын ала баптайтын. Қызылды-жасылды киініп жорға мінген қыздар мен жүйріктерін құйғытып-құйғытып алатын жас бозбала жігіттердің қуаныштары қойындарына сыймай, шат-шадыман күйге ауыл маңын түрлендіретін. Кешқұрым алтыбақан да әзір болып, түннің бір уақытында дейін ауылды ән-күйге бөлейтін. Көкалажардағы «Қанттың суы» атанған үлкен айдынға шомылып, сәске көтеріле шуласқан жастар келесі күні де думанды ойын-күлкілерін тойтөбеге жиналған жұрт ығы-жығы. Бірінен кейін ұлт

жалғастырған. Көкалажардағы бірер күн тынығып, жолға шыққан көш «Аяққасуын», «Ортақасуын», «Басқасуындатып» сарысу өзенін бойлай жылжи түскен. Бұл келе жатқан Көш-Құрым балалары, Бимырза шөбересі Байтөре мен Жылтай ауылынікі еді. Арғы аталары Қарақыпшақ-Қобыланды, бергі руы Бердікей Қыпшақ. Жерлері — Дулығалы өзенінің бір саласы Терісбұтақ. Бұл атаның ертедегі қонысы Алатаудың бергі ойы — «Қараспан» тауы екен. Ол жерден Арқаға 1835 жылдары қоныс аударса керек-ті.

Қасуындардың жоталары мен өзен жақ беткейлерін етектеп, әртұста Сарысу өзеніне құлатып малдарын суарып алып, жіңішке Сарысу мен Кеңгір өзенінің құйылысы — Қаражарды бетке алып жылжып отырған.

Телікөл мен ащыкөлденкөшкен елдер, айдаған табын-табын малдарымен кейде жақын келіп жанасып қалатын мезгілдері де жиі болып тұрады. Мұндайда малдарын қосып алмас үшін алдын-ала көштің алдын шолып, көрші келе жатқандармен тілдесіп, аты-жөн сұрасу болып тұратыны белгілі. Өйткені табын-табын жылқылары қосылып кетсе, оларды айрып алу оңайлыққа соқпайды. Ондайда кейде дау-жанжал шығып кетіп рулы елдердің арасы дүр-дараз күйге келіп қалуы әбден мүмкін. Жолшыбай кездескен бір табын жылқыға ат басын бұрған ел ағасы Байтөренің сол жылқының ішінде оқшау жайылып жүрген үлкен кәртаңдау көкбиеге көзі түседі. Бие буаз екен, арық, көктемгі жабағы жүні түлемеген екен. Жасынан жылқы ішінде болып, оның сан түрлі қыры мен сырына көзі қанық Байекең әлгі көк биенің тегін жылқы емес екенін бірден аңғарып, інісі жылтайға: «мына табынның жылқышыларымен сөйлес, анау оқшау тұрған көк биені, төрт аяғына, төрт жылқы бермең де саудаласып ал» деп, жұмсайды. Жылқышылармен кездесіп, көк биесін айырбасқа сұраған Жылтайға табынның бас жылқышысы. «Бізге төрт жылқың қажет емес, жылқы өзімізде де жетеді. Ал енді көк биені аламын десең, астындағы сарбауыр атты таста да көк биені алып кет» — дейді Жылтайдың сарбауыр аты да «ер қанаты» дегендей аяулы ат еді. Амал жоқ, ағасының сөзінен аса алмай, сарбауыр атын беріп, көк биені жетелеп алып келеді. Көк биенің құлындау шағы да таяу екен. Дегенмен оны жас балаша күтіп, жайлауларына да аман-есен жеткізеді. Көп ұзамай көк бие құлықдап дүниеге ұрғашы көкала құлын келді. Байтөре ақсақал жас құлынға баса назар аудармағанмен бие мен құлынның бағым күтімінен алысқа ұзамай күнделікті өз

бақылауынан қалт жіберген жоқ. Кәртән бие қондана бастап, құлыны да шираған соң, оларды үйірге қостырған. Үйірге апарар алдында бас жылқышыны арнайы шақыртып алып көк биімен құлынын көзден таса етпеуі айрықша тапсырған. Көк бие оңалып алған соң, айғырдан шығып кетіп, келер көктемде тағы да құлындап, ұрғашы күрең құлын әкелді «Құдай бергенге, құлай береді» — демейме, біздің қазақ, келесі жылы көк бие ақырғы рет құлындап еркек көк құлын сыйлады.

Сол заманда Бағаналы Найманның төрт босағасының бірі атанған Шегірге, баласы Абайділдә, «сұрас» берем — деп, үш жыл бұрын сауын атып, қазақтың үш жүзіне жар салған. «Сұрастың» мәнін айта кеткен артық болмас. Ас беретін ел қыста асқа жетерліктей семіз жылқыларды сойғызып, етін сүрлетіп жаз сойылатын жылқы еттерімен бірге қазанға салады екен. Сонда жас ет пен сүр етті араластырып асса, дөмі ауыздан кетпейтіндей күйге келетін болған. Сүр — астың мәні осы екен. Сол асқа Жылтай баласы Әлмағанбет саятшы көкала байталмен күреңтұмышты жарата бастады. «Күреңтұмыш» деп отырғанымыз көкала байталдың сіңілісі. Осы кезде көкала байтал бестіге шыққанда күрең тұмыш дөнежін байтал екен. Күрең тұмыштың бір жасқа кемдігіне қарамай қоса беруді жөн көрген, саятшы жігіт. Өйткені ауыл арасындағы сан жарысты апалы-сіңілі екі байтал басқа аттардан суырыла шығып, оларға шаң қаптырып ұзай беретін. «Жылтай бедеу байталдарын жараттырып жатыр дегенді», ұзын құлақтан естіген Қайдауыл ішіндегі жиендері Махамбет келіп, көкала байталды жиенкұрыққа сұрап, отырып алған. Бірақ Жылтайдың бергісі жоқ еді, ағасы Байтөре келіп, «әй Жылтай жиен назары жаман болады деуші еді, көкала байталды бұл жолы бермесең, ол жолда өледі, әйтеуір келмейді. Егер берсең, үш жүзге сенің атағың шыққалы тұр. Нағашысы Жылтайдан жиен құрыққа алған екен дер, бер» — деген.

Амал жоқ ағасының сөзінен аса алмаған Жылтай көкала байталын Махамбетке беріп жіберген. Махамбет Қайдауыл ортасында беделді жігіт еді. Ол Жарбасты қызынан туады. Жарбасты мен Бердікей қыз алыспайтын туыстар болатын. Махамбет көкала байталды алып келісімен одан әрі жаратып, Шегір асына апарып қосқан. Сол бәйгеге Жылтай, Ысқақ деген баласын мінгізіп, күреңтұмышты да әкеп қосқан. Ат шаптырар жер — бір күншілік жер екен. Бәйгеге 300 ат қосылған. Аттарды бір күн бұрын айдатқаннан кейін, сәскеде

тойтөбеге жиналған жұрт ығы-жығы. Бірінен кейін ұлт ойындарының екінші түрі, үшінші түрі, тағы-тағылары өтіп, жиналған көпшілік қызықтаумен жүр.

Тойтөбенің орталық алаңына әр атадан палуандар шығып жатыр. Бас палуанға кіші жүзден «Кербұқа» атанған палуан келіп тізе бүкті. Оған шамалы уақытта ешкім шыға қоймады. Өлден уақытта Бегімбет-Қыпшақтар 18 жасар жас палуан — Андагұл баласы Нұрмұқанды алып келіп, ортаға шығарды. Нұрмұқан Бегімбет ішінде Шымболатқа жатады. Екі дәу ұстаса кеткенде Нұрмұқан Кербұқаны «әп» — деп көтерген бойда иығына салып алып, ортадағы алаңды бір айналып жүріп өтіп, манағы тізе бүгіп отырған жеріне қайта әкеліп отырғыза салды. Ондағысы жасы егде тартқан атақты палуанды жұрт алдында қорлағысы келмеген екен. Бәйгеге 50 жылқы және қалы кілем жапқан нар тігілген еді. Нұрмұқан нарды жетелеп келіп, Кербұқаға беріп, сол жерде батасын алды. Жамбы атудан, құлан-қыпшақ Кейкінің ағасы Нұрмағамбет атымен шауып келе жатып, жамбыны атып түсіріп, жұртты таң қалдырады.

Түрлі ұлт ойындары аяқтала бергенде ат айдаған жақтан шаң да көрінген еді. «Ат келе жатыр» деген айқайды естіген жұрт жапырыла ығысып, барлығының назары тізбек-тізбек шұбатыла шыққан шаңда. Айқай — шудың ішінде «Бір ат келеді, жоқ қатар екі ат келе жатқан тәрізді, өйткені екеуінің тұяқтарынан шыққан шаң тізбегі қосыла көтеріліп көрінеді. Міне мәреге де келіп қалды. Ұрандасқан халық мәреден өткен көкала байтал мен одан жарты денесі халық күреңтұмышқа көздері түсті. Сөйтіп, Қайдауылдан келген көкала байтал бас бәйгені, екінші бәйгені Бердікейден келген күреңтұмыш иеленді. Бас бәйгеге 100 жылқы, нар, кәлі кілем жамбы, екінші бәйгеге 100 жылқы, нар тігілген екен. Жалпы алғанда 25 атқа бәйге бөлінген. Бір өкініштісі кіші жүздің «Шаңжұтпас» деген атақты тұлпары жолда зорығып өледі. Екінші бір өкініш Абайділда үшін, бәйгені алыстан келген ағайындар әкету керек еді, бәйге алысқа кетсе Шегірдің де атақ-даңқы алысқа кетер еді. Осыны мақсат тұтқан Абайділда кейін, «Әй соқырай атың шықпай қалды ай! Бәйге ошақ басында қалды ғой», — деп ренжіпті.

Дуалы ауыз — Бәйтөренің айтқанындай аңызға айналған көкала байтал — «Жылтайдың көкала байталы» деген атпен тарихта қалды, қосқан елі Қайдауыл бола тұрса да Қайдауылдар, «мал слемі» деп көкала байталдың бәйгесінен 50 жылқыны Байтөре мен Жылтай ауылына айдатқан екен.

«Текті биеден — тұлпар туар» — демекші, көкбиенің үшінші туған көк құлыны да тұлпар болып, Бадана Нәдірбайдың асында Бердікей қыпшақтың күрең тұлпарынан кейін, екінші келген екен.

Бұл аңыз әңгімені Байтөренің ұрпағы, Қалидың ұлы Қожа — Лепестің аузынан жазып алдым. Шежіреде Байтөреден Есмағамбет, одан Қали. Қалидан Қожа Лепес туады екен. Қазір ол кісіні Қожа деп қана атайды. Жасы биыл 82-ге шығып тұр.

## ***КЕРАТ ӨЛГЕН***

«Өзен судың қасиетін білерсің жүзіп өткенде, бала қадірін білерсің алыс кеткенде» — деп, Әлемнің билеушісі атанған Шыңғыс ханның шешесі Бөрте ханым айтқан екен деген аңыз бар.

Сол айтқандай, Мыңнан шыққан тұлпардың қасиетін, көрген сыншы мен бабына келтіре жарата білетін саятшы білер.

Халық батыры Амамбайдың үлкен әкесі Салықбайдың кіші әйелі Кұнтай шешей атақты саятшы-бапкердің қызы екен. Ол Кұнтайды бес жасынан атқа отырғызып, ер балаша баулыған. Жасынан атсыз отырмайтын, әкесінің саятшылық өнері дарыған Кұнтай шешей ешкімге сенбей Көкбестіні өзінің кенже баласы Боржыға мінзігіп шаптырып, бабына келгенше жаратушы еді. Асыру елдерге неше қабат апарылып, қосылған Көкбесті бас бәйгені алмай қайтқан емес.

Есілдің «Шойынды көлінде» бір бай әкесіне «ас берем» — деп, сауын айтқанына да жылға жуықтап қалды. Жылқыға жіберілген Көкбестінің жілік майы ағарып, қазысы Сарыкөбең қалыпқа келді-ау дегенде, алдырып, қайырып жарата бастады. Айға жуық жаратып баптағанда Көкбестінің іші тартылып, қолтығы кеңіп, сауыры жұмырланып, танауы делдене түріліп, ұшатын құстай қалыпқа келіп, жанары от шашты.

Қазақ атты күндік жерден кемге жібермеген, «атым әлет» деп, қашықтықтан қорықпаған, қайта мәре ұзаған сайын тұлпардың мәртебесі арта түсетіндігін ескерген. Әкеден дарыған үлгісіне қарай Кұнтай саятшы да ат жаратқанда осы үрдісті берік ұстаған. Ол көкбестіні алыс қашықтыққа шыдап беретіндей етіп, баптауға көп мән беретін. Шойынды көлге аттандырырда Көкбестінің де бабы келіп қалып еді.

— А., балаларым Көкбестіні қинамай, жер ұзақ-қой ерте қыймылдап, жол-жөнекей көзден таса қылмай, бірқалыпты жүріспен жараған бабымен жеткізсеңдер Көкбесті сендерді ұялта қоймас — деген.

Сонымен, жас батыр Аманбай бастаған топ, межелі уақытында Шойынды көлге де жетіп еді. Бағаналыға арналып тігілген үйлерге түскен жігіттерді қарсы алғандар қол қусырып-құшақ ұрып той мәзірін көрсетіп жатыр. Шойынды қол жағалауында тігілген үйде көп, жиналған адам да көп жер қайысады. Әр үйдің маңайында үкілеген жарау аттарға қарап дабырлаған адамдар өз-өзімен болып жатыр. Үш-төрт күннің мұғдарында жер-жерден келушілерде толастаған сияқты. Ат айдайтын күнгі төңертең бәйге аттары тізімге алынып, егелерінің аты-жөндері де белгілі болды. Сол заманда Доғалақтың Кераты сан бәйгеде Есіл бойын адақтап, «шаппай бер» атанған екен. Атына сенімді Доғалақ көпшілікке жар салып, «Кератты қинамай бәйгемді беріңдер, менің атымнан озатын ат жоқ бұл төңіректе» — деп, кеудесін соғып, өркөкіректік көрсетіп айқай салды.

Сол асқа Ұлытау жерінен барған Шәлтеке Амамбай батыр, «Доғалақтың шаппай беріне келісе алмаймыз, Керат бәйгесін шауып алсын, бізде Көкбестімізден үміткерміз» — деп, Доғалақтың кеудесін басты.

Көкбестінің бітімі кішілеу еді. Оны көрген Доғалақ «анау көктайдан қалып келсең, сені бауыздап, етіңді итке тастаймын» — деп, Кератының маңдайын шокпардай жұдырығымен түйді.

Доғалақ — Тарақты Қозған деген елдің атақты байы болатын.

Көкбестінің көлеміне Доғалақтың көңілі толмағанмен, оның бойында Доғалақ аңғармай тұрған қас тұлпарға лайық белгілері жоқ емес еді. Ешкі бас, кең сағақ, құлан жал, күлте құйрық, құйма тұяқ, шымыр топай, салқы төсті, қуыс қолтықты еді.

Бәйге аттар алпыс шақырымға айдалған. Ол біркүншілік жер, жегіп қонып, ертеңінде сәске түсте жіберілмекші.

Келесі күні ат келеді-ау деген мезгілді уақытта той төбеге лық толған қалың жұрт иу-қиу, бәрінің де жүректері май ішкендей, ат егелері өз қиялымен күй кешуде. Көп кешікпей тізбек жасап көтерілген шаң да көрінді-ау. Лүпілдеген жүректері аузына тығылғандай шаң көрінген жаққа алаңдап қараушыларда береке жоқ, аузына келгендерін айтып, дабырласып жатыр.

Сол кезде ұзын сирақты біреу, «келе жатқан ат жалғыз түсін ажырата алмай тұрмын, жануардың шабысы ширақ, әлі тың секілді. Бір белден асып ойпаңға түсіп еді, әне шықты, түсі қылаң тартама қалай өзі» — деді әлгі ұзын сирақ. Сүйткенше болған жоқ, ат таяу келіп қалды. Шабысы өзіне таныс Көкбестіні тани кеткен жас батыр Амамбай, «бұл біздің Көкбесті, Сасықбай, Сасықбай!» — деп, ұрандап өз жігіттерін қуантып, алға қарай ұмтылды. Сол кезде көз ұшында тағы да бір шаң көрінді. Бұл кезде Көкбесті бірқалыпты шабыспен мәреден өте шыққан еді.

Көкбесті терін құрғатып, ентігін басқан кезде, Доғалақтың Кераты екінші болып келді.

Кератта тұлпар еді, бірақ тұлпардың да тұлпары бар.

Намыстан жарыла жаздап, ашуға мінген Доғалақ өз тұлпарына аяушылық жасаудан аулақ еді.

Ол, Керат келген бойда оның үстінен ертоқым, жүген-ноқтасын сыпырып алып, бастан қамшысымен бір салып қоя берді. Жасаған кінәсінен бейхабар есіл Керат шошып, үркіп шығып кетіп, бетін Шойынды көлге бұрған еді. Өбден, шөлден дымы құрып көлге жеткен Кертұлпар, суға басын көміп жіберіп, шамасы жеткенше жұта берді.

Ыстықтай келіп, су ішкен Керат, сол жерде көп кешікпей жан тапсырды.

Бірақ, аты тарихта қалып, көлдің ол өлген тұсы — «Керат өлген» атанды

Бұл әңгімені марқұм Әбенұлы Сейленбектен естіп едім.

## **«КЕЛТЕТАЛ» — ҚАРАКЕҢГІР ӨТКЕЛІНДЕ**

«Шолақ жалдың» биігінен күнгедей мұнартып тұрған «Қосқыздың» моласы көзге шалынады. Сол қосқыздың моласы тұрған төңірек қыратты, адырлы болып бірімен-бірі жалғасып жатады. Ұзына жатқан дөңселі адырлар мен қыраттардың оңтүстік батыс жағын ала сай-салалардан құрала келіп аяғы ойдым-ойдым қара сулары бар өзеншеге айналып, одан әрі оңтүстікке қарай иіле түсіп, Қаракеңгір өзеніне құяды. Сол өзеншенің бойына шоқ-шоқ аласа — тапал талдар өседі. Ол өзеншені жергілікті ел «Келтетал» өзені деп атайды.

Кешегі уақытта Келтеталдың құйғанында Мақат ауылының адамдары шөп шабады екен. Сол адамдардың ішінде руы «Бесбала» Нұрым деген жігіт те болған еді. Нұрекең, осы кейінгі кезде жасы 80-нің үстіне шыққан шағында дүние салды. Сол Нұрым ақсақал айтушы еді десетін:

— Ерденнің Мақатының жазда шөп дайындауға қалдырған жігіттердің ішінде, мен де болған едім. Шөп шауып жатқан едік. Сәске түс кезі болатын. Қаракенгір өзенінің «Сәмке» жақ бетінен шұбатылған шаң көтерілді. «Бұл не шаң болды екен?» — деген жұрттың сөзі, мені де мазалағандай болып, сол жаққа әлсін-әлсін қарай бердім. Мен сол адамдардың ішіндегі ең жасы едім. Бүгін де солардың бірі де жоқ. Бәрі де дүниеден өтіп кетті.

Сонымен, әлден уақытта жаңағы көтерілген шаң жосылтып, қуып-айдап келе жатқан көп жылқының шаңы екен. Ішіміздегі егделеу кісі «Жігіттер бұл тегін болмады. Мынау бір табын жылқының жүрісі тым шапшаңырақ, дәу де болса бұларды жау айдап, — қуып келеді. Ал, енді тығылып жасырынбасақ болмайды» деген соң, жүгіріп қалың тоғайдың ішіне кіріп-кіріп кеттік. Тоғайдың бір берік жеріне сіңіп, алыстан баспалап қарап тұрдық. Жылқы келіп өзен табанына құлап, суға басты қойып жатыр. Шамасы алыстан үртіс айдалып келген болу керек, өзен суына шашырай жайылып, ішіп жатыр. Жылқының соңындағы адамдарға біздің көзіміз, олардың жалпы қарсы 35-40 адамдай бар. Қолдарында бір-бір сойыл, қайсыбіреулерінің қолында найзалары бар. Олар «Бие сауымындай» аялдағаннан кейін, «Келтеталдың» құйғанынан өтіп, беті «Кезауызға» қарай жылқыларды айдап, белден асып кетті. Олар ұзаған соң, біз де тоғайдан шығып, жұмысымызға кірісіп кеттік. Келесі күні түске жақын «Сәмке» жақтан жедел жүріп келе жатқан жалғыз атты көрінді. «Бұл — қуғыншы шығар» десекте, оның соңынан ерген ешкімі болмаған соң, «Әлде қалай жүргінші болар» деп шөбімізді шаба бердік. Көп кешіккен жоқ, жаңағы атты да келіп қалды. Атының омырауы ақкөбіктеніп, жортыспен келеді. Қосағында алған тағы бір аты бар, таянғанда байқадық астына көлденең басқан шашақты найзасы бар. Өзі дәу қараторы кісі екен. Оның самайынан шыққан қап-қара қасы екі көзін жауып тұр. Құлағынан да шыққан түк баршылық. Түсі суық, айбарлы батыр екенін көрсетіп-ақ тұр. Ол кісінің екі иығына «екі кісі мінгендей» кең жауырынды, ірі екен. Біз кешегі жылқының қуғыншысы екенін сезіп, ол кісіге жамырай сәлем бердік.

— Қай ауылдың балаларысыңдар?

Осы жерден жылқы айдағандар өтті ме, өтсе қашан өтті?  
— деді. — Біз Мақат ауылының жігіттеріміз, кеше сәске түсте осы жерден жылқы айдағандар «Құйғаннан» өтіп «Кезауызға» қарай асып кеткенін айттық.

— Еге, онда таяп қалған екем ғой. Жылқы соңында жобасы қанша адам бар екен? — деді әлгі кісі.

— Адамдардың жалпы жобасы 35-40 болып қалар — дедік біз.

— Ал, балалар сусындарың барма, бар болса? Әкеле койындар! Біз берген бір аяқ сусынды сіміріп салды да:

— Ертең менің артымнан бір кісі келер, оған айтыңдар, мені осы жерден күтсін! — деді де астындағы атын бізге тастап, қосағындағы атқа ерін ауыстырып, жүріп кетті. «Құдай-ау, бұл жалғыз өзі 35-40 адамға не істейді?, айтқан сөзі анау, жынба-періме?» десіп ат-таң қалып, шөбімізді айналдыра бердік. Келесі күні бесін кезінде кешегі айтқан аттысы да келді. Бұл да найзасын астына көлденең басқан, бет-аузын түк басқан, батыр екен. Оның да шүңірек көзін қасы жауып тұр. Оның бет-бейнесі сары кісі екен. Бұл да еңгезердей, Амандық-саулықтан кейін ол кісіге, кешегі осы жерден бір кісі өтіп кеткенін және сіздің келетінізді бізге айтып, «Мені осы жерден күтсін» деген сөзін айттық. Оның алдында бір күн бұрын осы жерден бір табын жылқыны айдап өткендердің де жайын айттық.

— Е, онда ертең келіп қалар? — деді, әлгі батыр жігіт. Біз бұған да аңтаң болдық. Айтқандай-ақ келесі күні сәскеде кешегі батыр кілең атқа мінгескендерге көп жылқыны қайтып айдатып келіп, Құйғанға құлатты. Ол жылқы Кішітаудағы Төртбосағаның бірі — Шегір әулетінің жылқылары екен. Барымташылар осыдан екі күн бұрын жылқыға тиіп, жылқышыларын ұрып-жығып, жылқыны қуып-айдап кеткен екен. Жылқыны іле-қуатын адам жинау кешігетін болған соң, батырлардың ауылына ат шаптырып, хабар берген. Үлкен Батыр ауылда екен, жылқыдан аттарын алдырып, мініп шыққан беті екен. Бұл үлкен батыр деп отырғанымыз.

— Шағатай Қырқының ұлы Есенғабыл еді. Егіздің сыңары — «інісі болып саналатын» Есенбек ауылда болмаған соң, оны күтпей, «артымнан келе берсін!» деп, хабар берген де, өзі қос атпен жүріп кеткен.

Есенғабыл мен Есенбек Балталы руындағы атақты Қашқын батырдың қызынан егіз туған екен. Есенғабыл бірінші туып, және дене бітімі де Есенбектен әлдемділеу болған. Ол Есенбекті іні санап, кейде оны менсінбей «Қырқының жаман

сөлтiгi» деп кемiтедi екен. Оған Есенбек намыстанбай Есенғабылды аға тұтатын және оның бұйрығын бұлжытпай, жан-тәнімен орындайтын. Ел аузындағы аңызда Балталы «Қашқын» батыр, Шағатай Қырқыға қызын ұзатқалы жатқанда тұс көріп, түсінде «Қызының екі емшегін екі қасқыр еміп жатыр екен. Күйеу балам жараса қызымнан екі батыр туар» деп, өз түсін өзі жорыған екен.

Мақат ауылының шөпшілеріне «Ертең менің артымнан келген адам, мені осы жерден тоссын!» — деуі, «Қырық адамға өзімнің де шамам жетер» дегені ғой. Келтеталдың құйғанына құлаған жылқы суға қанып алғаннан кейін, беткейде пышырай жайыла бастады. Есенғабыл батыр Есенбек батырды шақырып алып, «Ана бір жылқы ішіндегі семіз сары байталды ұстап, мына балаларға сойғыз бүгін осы жерде аялдаймыз» деген. Есенбек Батыр жылқы ішіне кіріп ұмтыла түсіп, сары байталды құйрығынан алып, тақымына басып алып келіп, жігіттерге ноқталатты. Байталда сойылып, еті қазанға салынып жатыр. Сол күні барымташылардың аттарын беріп, оларды еліне қайтарды. Үлкен батыр бізді шақырып алып, тамаққа сойып жеңдер деп бір семіз байтал ұстатып берді де, өздері жылқыны айдап беті Сөмкеге қарай жүріп кеткен еді, — дейді Нұрым ақсақал.

Бименденің Ахметбегі бір айтқан әңгімесінде:

— Бала жігіт кезім, қысқа қарай ауылдың жас жігіттері үй жағалап соғымдарын сойып береді. Мен де оларға араласып, соғым сойысам. Бір күні, бір байдың семіз биесінің терісін түсіріп жатыр едік, ауылға найзаларын көлденең басқан, бет-ауыздарын түк басқан екі дәу келіп, ауыл адамдары оларды аттарынан түсіріп, құрмет көрсетіп жатты. Жанымдағы егделеу жігіт «Әлгі Есенбек, Есенғабыл» батырлар осы келгендер деді. Біз де орнымыздан тұрып, ол кісілерге сәлем бердік. Ауыл ақсақалдары батырларға қонып, қонақасыларыңызды жеп кетіңіздер» — деп шыр-шыжық болып жатыр. Бірақ батырлар асығыс екен, «қонбаймыз, тездетіп қуырдақ жеп, шәй ішейік те жүрейік», — деді.

Кең ақ үйдің төрінде екі батыр отыр. Айнала отырысқан ауылдың, жақсы-жайсаңдары батырларды қошамет сөзбен әңгімеге араластырып, ата-салты бойынша бұрынғы жақсылардан қалған ұлағатты сөздер айтылып, әңгімелесіп отыр. Дастархан да жайылып, табак-табак жылқының жас қуырдағы қойылып, жұрт шәй ішуге кіріскен. Шәйден кейін, ел адамдары батырды құрметпен аттандырған еді.

Ол екі батыр аттанып кеткен соң да әңгімеге қызған ауыл ақсақалдары бұрынғы өткен батырлар мен ел ағалары

жайында; олардың елдің қорғаны болып, жұртымыздың амандығы мен береке бірлігін берік сақтауда жасаған ерлік істерін еске түсіре келіп, «жаңағы аттанып кеткен екі батырдың солардың соңы екенін айтып, біраз көңілдерін көтеріп, үйді, үйіне тарасқан. «Аты-шулы егіз батырарды сонда көріп едім» — дейді Ахметбек ақсақал.

Бағаналы елінің атақты ақындарының бірі Бөлтекей ұлы Мұқан Есенбек пен Есенғабылдың ерліктері мен батырлықтарын дәріптеп қыса да жазып қалдырған. Ол қыса қазір де ел арасында айтылып жүр.

## **ТОБЫЛҒЫЛЫ ҚҰМЫНЫҢ КҮНГЕЙІНДЕ**

Жетіқоңыр терістік-күнгеіден түстікке қарай аспандағы «Құс жолымен» бағыттас тіркесе созылып жатқан бөлек-бөлек құмдардың жалпылама аты. Әрбір бөлек құмдардың өз алдына атаулары бар. Мәселен, терістік күнгеіден «Тобылғылы», «Барша» орта тұсында «Малдыбай», «Талдыкент», түстігінде «Қатын құмы», «Апақай-Ақши», одан әрі, «Қызыл жыңғыл» жақ беті «Жаманқұм» аталады.

Асанқайғы атамыз өз дәуірінде Жетіқоңыр құмын «Маусым» деп атаған екен. Жылдың маусым, шілде айлары жер бетінің түрленіп, құлпыратын, қоршаған табиғи ортаның жанға жайлы жайма-шуақ шағы емес пе. Асан баба айтқндай Жетіқоңыр құмын маусымға теңеген терең ойлы-қиялы тегін болмаса керекті. Бұрынғы өткен жақсылар бұйрат-бұйрат, шағыл-шағыл құм арқасын шұғаға теңеген екен. Құмға жата кетсең мамық болады. Ал, енді тұрып, үстіңді қағып-қағып жіберсең киіміңе шаң жұқпай таптаза болып шыға келеді. Құмның ойдым-ойдым қазан шұңқырларына тал-қамыс өседі. Сол аумақты шұңқырлардан дала тағыларының өзі тырнап-қазып су ішеді. Құм бұйраттарының беті түкті келеді. Әрбір сирек кездесетін шөптердің алуан түрлері жиналғанба дерсің. Құм бұйраттарының шөптері биік, тізеден асып жатады. Бұйратта жайылып жүрген қойлардың жоны ғана көрінеді. Шөптің сан алуан түрлері аяқ алып жүргізбейді. Мәселен, еркек, биік шағыр-жусан, қызыл изен, сүтіген, ақ гүлді теріскен, көктемде қатқыл жерлерде жапырақ-шайыр, қарғатұяқ және жазыққа қарай майқара жусан ұзын өскен қияқ шөптерден көз сүрінеді. Дәрілік шөптер мен қара түзген,

қоянсүйек, сияқты бұталар, түйенің жейтін жантақ және тағы басқа ашылы-тұщылы қасиеттерімен бағаланатын өсімдіктердің саны көп-ақ, «жері байдың, елі бай» дегендей, ол өңірде қыс бір, бір жарым ай кеш түседі де, бір-бір жарым ай қар ерте кетеді. Көпшілігінде жылқы, қой малдары алты ай қыста қолдан шөп берілмей, тек жайылыммен ғана шығады. Табиғаттың осы қасиетіне қарай шаруашылыққа өте қолайлы болып келеді ғой, ол өңір. Көктемде мал тез қонданып, қозылар тез жетіліп, құйрықтарын тарта алмай қалады. Төрт түлік малдың еті дәмді, шыны келеді. Сол табиғи байлыққа оның шұрайлы қойнында жатқан мыңғырған малға кім қызықпаған. Манағы айтқан «Тобылғылы» құмының күнгеі жақ бетінде «Қарағыздың сексеуілі» атанған қалың сексеуіл тоғайы бар, үлкен алқап жатыр. Тусыраған сексеуілдің қайсы біреулерінің жуандығына құшағын жетпейді. Сол сексеуіл тоғайының іші адал-арам аңдардан көз сүрінеді десе де болғандай. Алдыңнан кес-кестеп қашып-жүгіріп жатқанын көресің. Сексеуіл тоғайының арасында ашық алаңқы жерлер көп болады. Оның ішінде жіберген малдар еркін аралап жүріп жайыла алады. Тоғай ішінде еспейтін шөп болмайтын шыған, әсіресе ұзын аяқты жылқы малына қолайлы жайлым бола алады.

Сол өңірді мекен еткен бағаналы елінің Қарабала, Шағыр руларының табын-табын жылқылары алты ай қысты «Қарақыз» сексеуілінің төңірегінде өткізетін. Боранды-шашынды күндері табындағы жылқылар сексеуілдің ішіне кіріп, ықтасын қойнауларында жүріп жайыла беретін. Жылқышыларға да қолайлы олар қостарын қалың сексеуілдің ұядайықтасынына тігіп, тегін жатқан сексеуілді жағып, маздатып, рахатқа бататын. Көмірдей қызулы сексеуіл кімге де болса қолайсыз болмаған. Қандай суық болса да, сексеуілді алқапқа кірген жолаушылар тоңып өлмейтіндігіне көзі жететін. Табиғаттың бұл қасиетін барымташылар да пайдалана білген.

Ақпан айның орта кезі болса керек, кештетіп «Қарақыздың» сексеуіліне іліккен жүз қаралы барымташылар қалың сексеуілдің ішіне еніп, от жағып, жылынып, тамақтарын жылытып ішіп, таңсәріде келіп, сексеуілдің түстік жағында жатқан қалың жылқы табынына келіп тиіп. оның жылқышыларын ұстап, байлап матап тастайды. Тек күзетте жүрген бір адамы келген жауды сезіп қалып, қостағыларға тілдесуге шамасы келмей «Жінішке Сарысу» өзені бойындағы елге қарай зытып отырған. Бұл хабарды естіген ел адамдары дүрлігіп. жан-жаққа ат шаптырып, дереу хабар беріскен. Бұл

хабар жұрттан бұрын Есенбек, Есенғабыл батырларға да жетеді. Барымташыларды еліне жеткізбей жолда ұстауға қам жасаған екі батыр қос-қос аттарын алдырып, кешікпей үртіс жүріп кеткен. Олар жолай «Жыланды төбедегі» елге соғып, жылқы егелерінен, мән-жәйді толық естіп алғаннан кейін, көп аялдамай беті «Қарақыздың сексеуілі» болып аттанып кеткен. «Қарақыздың сексеуіліне» түнде жеткен екі батыр жылқышылардың қосына келіп, байлаулы жатқан жылқышыларды көрген. Жылқыға тиген жаудың жүз қаралы екенін және олардың ұрысқа сайланып келген қалпын естіген. Жылқышылар олардың қолға ұстаған қарулары сойыл-шоқпар, найза, қылыштар екендігін қолмен қойғандай қылып айтып берген. Мыңның үстіндегі жылқыны түгел айдап, кеше түс кезінде осы жерден өткенін айтқан. Қос манайында ең болмаса бірде-бір мінгі аттар қалмаған. Қостан тамақтанып алғаннан кейін, үлкен батыр Есенбекті барымташыларды шолып келуге жіберген. Түннің бір уағында оралған ол «Көп жылқы сексеуілді алқаптың ар жақ шетінде жатқандығын, сол жақтан он жерден от көрінетіндігін және сексеуілден түнде әрі асып ұзап кетпегендігін айтқан.

— Е — е, олардың жалпы саны 100 қаралы дегені рас болды ғой, он жерден от жағылса, солай болғаны рас, деген Есенғабыл батыр. Ал, енді олар енді-енді ұйқыға кетер, біз таң алдында сексеуілді сырттай оралып барып, әуелі жусап жатқан жылқының аржағынан шығайық. Жылқыларды ар жағынан бері қарай дүркірете — қуа келіп, «шақырусыз келген қонақтарға» тиерміз — деп байлам айтқан. Қосақтарындағы аттарына ер ауыстырып мінген батырлар таң белең бере жылқының арғы шетінде болған еді. Оны жау жағы сезген жоқ. Айқайды салып көп жылқыны дүрліктіре үркіте қуғанда терлеп келіп, денелері мұздаған жануарлар келген шарымен жөңкіле шауып шұрқырай жөнелшен.

Барымташылар да жалма-жан жапатармағай аттарына міне-міне сала қарсы ұмтылған.

Екі батырдың екеуі де асқан найзагер болатын. Олардың ұрыс тәсілдері, үлкен батыр жауға жарып кіргенде, інісі оның желке тұсын қорғап, ағасының артына түскендерді қағып тастап отыратын. Есенғабылдың әділдігі сондай, оған қарсы келгендер аттарынан қалай түскендерін білмей де қалатын. Ол кісі найзаны қанжарша ұстап, жан-жағынан келгендерді көзілеспес жылдамдықпен қалт жібермей түсіріп отыратын. Ерсілі-қарсылы үш-төрт рет жарып өткенде барымташылардың бетке ұстар әлділері аттан құлап, жарақаттанған.

Батырлардың айыбынынан зәресі қалмай қорыққан қалғандары аттарынан түсе-түсе қалып бас сауғалап, батырлардың икеміне көне бастаған. Түгел аттан түсіп, жансауға сұрап, жерде отырғандарды нұсқап, Есенғабыл батыр:

— Әй, Есенбек! Мыналардың жартысының қолдарын байла!, — деп, маған әмір етті. Сонда жерде жүз адам отыр, оларды ағам маған байла! — дейді. Денеме қорқыныш кіргенмен ат үстінде найза ұстап ақырып тұрған ағам — Есеғабылдың айыбы мені қанаттандырып, олардың қолдарын өздерінің шылбырларымен байлай бастадым. Үрейі кеткендер дірілдеп, орындарынан тұра қолдарын артына қарай ұстай береді. — деген екен өз естелігінде Есембек батыр. Бір атқа екі адамнан мінгестіріп, көп жылқыны қос басына құлатқанда, ел жақтан да көп адам келіп жеткен еді. Сол жерде бір семіз биені сойғызып, етін пісіртіп, барымташы жігіттерге де қонақасы бергізген еді үлкен батыр. Ауылдан келгендер де батырлардан аса алмай «шақырусыз келген қонақтарға» тиісе алмаған. Оларға батыр: бұлар да «нан талап» етіп келген болар, қарымтасын алды ғой, енді тимендер!, — деп аттарын бергізіп, елдеріне қайтарған екен. Бір жақсысы әр түрлі жарақат алғандар көп болғанымен өлген адам жоқ еді.

Қарабала — Шағыр руларының байлары: — Батырлар!, жыл сайынғы қыс соғымдарың бізден болсын!,

Інісі бардың тынысы бар деген осы да, өркендерің өсіп, еліңнің қорғаны бола беріндер! — деп батырларды құрметпен аттандырған екен.

## **ҚАРА ҚАСҚА ТҰЛПАР МІНГЕН КІМ?**

Есенғабыл, Есенбек батырлар бай болмағанмен ауылынан қонақ үзілмейтін. Батырлар шақырған ер көңілді, балуан білекті, өр кеуделі жігіттер жиналып, той-думан, атжарыс, балуан-күрес, күш-сынасу, аударыспақ және найзагерлік тесілдер мен шеберліктерін меңгеру, ұрыс кезінде шоқпар-сойылдарды пайдаланудың айла-шарғыларын үйрену сияқты соғыс-ойындары қыза түсетін. Батырлардың ауылы сойыс малдарынан кем болмайтын. Бағаналы елінің мыңды айдаған байлары алма — кезек қысрақтың үйірлерінен байлап-матап,

семіз деген тай-байталдарын топ-тобымен айдатып жататын. Оның үлкен мәнісі бар еді. Ол заманда ел шетіне келген жау көбіне-көп табындағы жылқыға тиетіндігін әркім-ақ білетін.

«Мал ашуы, — жан ашуы» деген содан айтылған шығар, ертеңгі күні жылқыларына жау тиіп, жалалы болғанда қол үшін берері және сенері — осы батырлар бастаған өр кеуделі жігіттер емес пе? Осыны алдын-ала ой елегінен өтікізіп, топшылаған байлар батырлардан несін асын.

Батырлар ауылына бүгін де көп жігіттер жиналған еді. Семіз байтал сойылып, тай қазанға еті салынған. Қымызға балқып, қызара бөрткен «Нар түйедей» жігіттер алаңға шығып, белдесіп жатыр. Күрестен кейін садақпен жамбы ату басталды. Одан әрі ерлерге тән өрерлердің біразы көрсетілді. Енді атқа мініп-мініп алып, ұрыс кезінде найзаны қолданудың әдіс-айлаларын игеру ойындары қыза түскен. Есенғабыл батыр тоғайдан бір үлкен жыланды ұстап әкелдіріп, алаңдағы тақырға жіберкен. «Тұтқыннан» босанған жылан бауырлай қаша жөрнелгенде, оқ бойы жерде ат үстінде тұрған, Есенғабыл батыр жыланның қасына шауып өткенде қарап тұрған жұрт, жаңағы жыланның батыр найзасының ұшында түйреліп тұрғанын бір-ақ көрген. Есенбек пен Есенғабыл батырлар одан кейін жерде шашылып жатқан түйенің құмалақтарын шауып келе жатып түйреп екі жақтарына атып, өнерлерін көрсеткен. Ілгеріде бұл жас батырлар Аманбай, Дүтбай батырлармен бірге бірнеше мәрте ұрысқа қатысып, сол найзагер батырлардан үлгі алып, ұрыс-тәсілдері мен найзагерлік шеберлікті үйреніп, оны үдете түскен еді.

Енді жекпе-жекке шығып, найзаласу әдістерін жігіттерге үйрете бастаған. Бұл тәртіп бойынша батырлардың қарсыластары аянбай және аямай найзаларын үлкен батырға түйреуіне ерікті болған. Ал, батырлар тек қорғану тәсілін ғана жасайды екен. Жігіттер бірінен кейін, бірі кезекпе-кезек шығып, батырларды найзамен түйремеке болғанмен екі батырдың тегеурінді найза қағысынан олардың қолдарындағы найзалары ұшып кетіп, жатты.

— Ал, енді жігіттер, маған қарсы тобыңмен шауып, мені аямай түйреңдер! — деді Есенғабыл батыр. Жабыла шауып қарсы келіп, жапатармағай сілтеген жігіттердің біреуінің де найзасы батырға дарымады. Батыр оларды найзаларын көз ілеспей қағыспен денесіне жуытпай топты жарып өте берді.

— Есенбек, енді сен кел жекпе-жекке — деді үлкен батыр Екеуі бір-біріне ұзай түсіп, алыстан аттарын тебіне бір-біріне

қарсы ұмтылды. Анталаған жұрт «енді не болар екен» деп, бар назарларын екі батырға аударған. Екі батыр бір-біріне таяй бере бір-бірімен шайқаса кетті. Көз ілеспес жылдамдықпен қимылдасып найза қағысқанда Есенбектің найзасы ағасының шапанын іліп, жыртып жіберген еді. Есенбектің бұл қимылына қуанған ағасы «Қырқының жаман сәлтігі, саған жаңа риза болдым ғой» — деп күлеген екен. Бұрынғы өткен ақсақалдар Есенбектің найзагерлік шеберлігін асыра мақтап, оның ағасы Есенғабылдың найзагерлігінен де аса түсетін дейтін.

Батырлар ауылында екі-үш күн болып, көңіл көтерген жауынгер жігіттер ауыл — ауылына тарағалы жатқанда алыстан шабарман келіп, «Қоқан хандығы әскерінің тарақты «Байжарылғаптың» жылқысын қамап, өздері сол жерде жайғасып, болашақ ұрысқа дайындалып жатқанын айтқан. Хабар келген күннің ертеңінде-ақ, екі батыр сол маңайдағы білекті де, жүректі деген жігіттерді түгелдей жиып, жүріп кеткен. Батырлар келіп жеткенде бұл жақтағы елде жиналып болғалы ұрыс жағдайын ақылдасып отыр екен. Сонымен ертеңінде батырлар бастаған Ұлытау елінің жауынгер сарбаздары жаудың екі жақ бүйірінен келіп тиген болатын. Ұрысқа екі жақтан да көп адам қатынасқан. Түске қарай ұрыс қыза түскен еді. Әр жерде сатыр-сұтыр қағысқан найза дауысы мен шоқпар сойыл, айбалта, қалқан, қылыштардың үндері естіліп, жарық-жұрық етеді. Әсіресе, батырлардың ұрыс қимылы бұрын-соңды болып көрмеген өлермен қимылға көшіп, топ-топ жау әскерін жарып өткен сайын жолдарында бірнеше жаудың адамдары аттан түсіп жатты. Жау-жағынан да қарақасқа арғымақ мінген, бетіне перде жапқан еңгезердей батырдың қимылы нойсаң. Оның да топты жарып өткен сайын жолдарында бірнеше елдің адамдары аттан түсіп жатты. Қара қасқа тұлпар мінген батырмен екі үш рет қарсы келіп, найза қағысқанда ол денесіне найза дарытпай өте шапшандықпен Есенғабылдың жанынан өте берген. Ол Есенбек пен Есенғабылға қарсы ұрысқа шығуға құштарлық көрсетпей қалың топқа кіріп, жүрген жерінде шебер найзагерлікпен өзін танытқандай ұрыс салған. Ұрыс әлі толастар емес. Екі жақтан да аттың жалын құшып, құлап түсіп, астындағы аттары ойнап шығып жатқандар көп. Кіші бесінге қарай жау жағы сирей бастағанда шегініске бет алған. Осы кезде қарақасқа арғымаққа мінген перделі батыр жау жағыны қалың тобын қайра шабуылға бастап, айқасқа кіре

берген. Сол кезде Таубұзар Белгібай қажы, Оразай Лекер бастаған топ қара қасқа аттыға таяп келген еді. Қызып алған перделі батыр қарсы келгендерді қақ жарып, өте бергенде Белгібай қажы жолдастарының бірін тасалай бере қолындағы шитімалтығымен перделі қарақасқа арғымақ мінген батырды арқасынан атып жіберген. Кеуде тұсынан дәл тиген оқтан жаудың батыры атынан шалқалай құлап, жерге түскен. Батырынан айырылған Қоқанның әскері қашуға бет дүзеген. Соңынан өкшелей қуған сарбаздардың ұрыс қимылынан олардың көп адамдары өліп, нелер жақсы аттары, ертұрмандарымен қолға түскен еді.

Ұрысоңынан өліп жатқан қара қасқа арғымақ мінген батырдың пердесін алып, бетін ашқанда, ол Есенғабыл мен Есенбектің туған нағашысы Қашқын батырдың баласы Сәлде болып шықты. Туған нағашысын таныған Есенғабыл мен Есенбек батырлар өтіп кеткен өкінішті істен жүректері өртеніп қатты қайғырған екен. Ағайын арасында болған келіспеушіліктен қатты ренжіп, елінен қашып кеткен жас батыр — Сәлде Қоқан хандығына барып, олардың екі жылдай бір бөлек әскерінің қолбасшы батыры болған екен.

Сол қоқан хандығының жұмсауымен өзінің қол астындағы әскерімен жау болып келіп, тиген екен. Ұрыс кезінде ол өзінің жиендері — қос батырды танып, олардан бетпе-бет ұрыстан қашқалақтағаны содан екен.

Есенбек, Есенғабыл батырлар жайында көнекөз қариялар көп әңгіме айтатын.

Бірде Сарысу өзені қатты тасып, өте алмай қайтып кеткен батырлар 15-20 күнен кейін келіп өткенде айтқан екен. «Арқырадың, күркіредің аяғында келіп, тырқырадың, одан не таптың?» деп күлген екен. Үлкен батыр ертерек қайтқан екен. Ал, енді кіші батыр Есенбек осы 1920 жылдардың ішінде 85 жасқа келген шағында дүние салған Есенбек батырдың бейіті Жетіқоңыр құмындағы «Қоңыраулы» деген жердегі қорымда. Ал, Есенғабыл батырдың бейіті Қаражардан қозы көш бері Кеңгір өзенінің оң жақ жағасындағы қорымда тұр. Батыр аталарымыздың атақ-даңқын жас ұрпақтарға жеткізуді қасиетті борышымыз деп, санасақ артық болмас демекпіз.

## ҚОС БАТЫРДЫҢ СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ

Уақыт өлшеміне кім қарсы тұра алған. Небір сұңқарлар мен адам баласының көзі қимайтын аяулылар өзінің өлшемді уақытында маңдайға жазған тағдыр жетегінде кете берген. Ел қорғаны болып, халқының құрметіне бөленген, аттары аңызға айналып, біздің заманымызға жеткен Есенғабыл, Есенбек атты егіз батырлар да, уақыты біткен күні дүниеден өткен. Егенғабыл батырдың өмірі қысқа болып, 41 жасында дүние салған екен. «Өлім айтып келмейді» дейді ғой бұрынғылар. Ертеде ел көшкенде, оның алдын батырлар бастап отыратын болған. Жетіқоңыр құмынан көтеріле көшкен елдің алды Балажездіге келіп тоқтаған. Өзен бойында екі-үш үй тігіліп те қалған. Кешкі астан кейін, Есенғабыл батыр Ел таң атқанша осы жерге түгелдей жетсін!, — деп арттағы Есенбек батырға адам жіберткен.

— Мен бүгін жеке жатып дем алайын, менің төсегімді оңаша үйге салыңдар, — деп сол түні жалғыз жатқан.

Арайлап таң да атып, күн де көк жиекке көтерілген. Көш артындағы ел де түгел жетіп, абыр-сабыр үй тігу қамында жүр. Көшкен ел тамақсыз бола ма?, — пісіріп алған ет, мес-мес қымыз, қойдың құрт-ірімшігі, май-қаймақ бәрі де бар. Жол жөнекей мес ішінде өзінен өзі пісіліп бабына келген сары қымыздың дәмі таңдайды жұлып кетердей. Жұрттың алды қымыздан кейін шәйге отырған. Батырлар бір ұйықтаса, мол ұйықтайтындығы белгілі емес пе? Ол кісіні ұйқыдан тұрғызуға ешкімнің де батылы бара қоймайтын. Күн сәске түс кезі малдар да өріске кеткен. Ауыл маңында шідерлі, тұсаулы аттар мен сауын жылқылар ғана жүр. Үстінен жүгі түсірілген түйелер де көп ұзаған жоқ. Ауыл ақсақалдары жердің көгі, малдың өрісі жайлы, көштің жол-жөнекей қалай келгенін айтып, біраз әңгімелеп алған.

Түске таяп қалды, енді батырды ояту керек, ас дайындап, сусын әкеліп қойыңдар!, — деп батыр жатқан үйге екі-үш ақсақалда бара жатыр. Өлден уақытта «Ой, бауырымдаған» айқай-шу да естіліп қалды, батыр жатқан үйден. Батырды ұйқыдан тұрғызғалы барған үлкендер, оның жансыз жатқанын бір-ақ көрген. Батырды ақ жуып арулап, намаздап болғаннан кейін, түнгі салқынмен төменгі Кеңгір өзенінің бойындағы әкесі Қырқының зиратына апарып жерлеген еді.

Ағайындылардың ішінде, егіз туғандардан жақын туыс болмаған болар, егіз туа тұра, Есенғабылды Есенбек аға тұтып, тірі кезінде құрмет көрсетсе, әлгеннен кейін оны өмір бойы аузынан тастамаған. Есенбек батыр көп жасаған кісі. Айтушылардың сөзіне қарағанда қартайып, сексен бес жасқа келген шағында қайтыс болған. Ол батырдың бейті Жетіқоңыр құмында «Қоңыраулы» деген жерде.

Қос батыр Бағаналы елінің байларының құрметті қонағы болған. Батырларға арнайы дәм татқызу өздерінің қасиетті істері есебінде ұстанған жақсылар мен жайсаңдар, қыдыр дарыған байлар бос уақытын қалт жібермей ауылдарына шақырып, кішігірім той өткізгендей шабылып қалатын. Кейде батырлардың өздері де «Пәлен байға сәлем береміз» деп, келіп қонағасын жеп кететін.

Бірде, Бағаналыда Қошқар руынан шыққан Шынтемір. Бегеннің ауылына «Байға сәлем береміз» деп екі батыр келіп түседі. Батырлар келген соң, байларда жан қала ма, бәйек болады. Арда емген семіз тай да сойылып, еті қазанға түседі. Батырлардың көңілін көтеру үшін, ел жақсылары мен жайсаңдары шақырылып, бай үйіне көп адам жиналып, көңілді отырыс болған. Табақ-табақ ет тартылып, шара-шара қымыз ішіліп жатты. Көпшілік жиналған жерде көңілді әңгімелер де қызатыны белгілі. Арасында әнші — ақындар да батырлардың ерлігін мадақтап өлең термелер айтылып жатты. Ертеңіне таңертең Есенғабыл мен Есенбек аттанып да кеткен. Шынтемір, Беген батырлар кеткеннен кейін, жігіттерін жинап, «Қосбатыр соғым дәмәтіп келген болар, қысырақтың үйірінен таңдап қырық семізін айырыңдар да батырлардың ауылына айдап жеткізіңдер! — деген.

Үлкен батыр одүниелік болғаннан кейін де, кіші батырды ел қыс қызылы мен жаз ағынан қалдырмай құрмет көрсетіп, дәм татқызып отыратын. Батыр келген ауыл әр уақытта көңілді жиынға айналып батырдың аузынан шыққан әрбір сөзін ауыл адамдары зейін қойып тындап, ел-елге таратқан. Есенбек батыр әңгімешіл адам еді. Ол өздерінен бұрын өткен батырлардың ерліктерін, олардан өздеріне дарыған батырлық қасиеттерді әңгімелейтін.

Бірде Ерденнің Жақыбының үйіне келіп түскен. Ол кезде Есекеннің сексеннің үстіне шығып қалған кезі екен. Батыр жалғыз жүрмейді, жанында ел ағалары мен жақсылары бірге жүретін. Ауыл ақсақалдары да жиналып, әңгіме қызған кезде:

— Жақыпжан, сен жылқыңа тиген отыз ұрыны түгелдей түсірді — деп естіп едім, сол оқиғаны айтып берші деп Жақыпқа қараған.

— Ол былай болды, төсекке басым тигені сол еді, «Аттан, аттан» деген айқай шықты. Жалма-жан киіне салып, қолыма сойылымды ала шыққанымда, жігіттерім де атымды әкеп үлгерді Атқа міне сала жаңағы айқай шыққан жаққа қарай жөнөп бердім. Ұрылар алыс емес екен, келе араласа кетіп, келген ашуы» деген емес пе? Сілтеген ағашым босқа кеткен жоқ, ұрыларға жете бере түсіре бердім, түсіре бердім», — деген. Жақыптың сөзіне, бар ынтасымен беріліп отырған батыр «Әпер найзамды» — деп көтеріле бергенде «Сауға, сауға батыр!» деген көптің сөзін естіп қайта отырды. Қазақ салтында жан шыдатпай ұрыс салып бара жатқан батырларды тоқтату қажет болған жағдайда, «Сауға, сауға» — деп тоқтататын болған. Осындай рәсімді тежеуді батырлардың да тез қабылдауы шарт секілді болған. Жақыптың ұрыс-қимылына бірге араласқандай болған батырдың сабасына түскені де сол рәсімді тежеуді тез қабылдағанның болған екен.

Сол заманда руы Қозыбай, Көтібардың Мұхтары деген болыс жанында патша ұлықтары жіберген «Пристав» бар, екеуі ауыл-ауылдан алым-салық есебінде мал, аң-терілері мен ішік сияқты бағалы заттар алып, үй басын қалдырмай аралап жүрген. Кезек жасы сексеннен асып отырған Есенбек батырдың да үйіне келеді. Есекең жұрт аударып қонуға қам жасап, кигіз үйін жығып, туырлық, түндігін, үй ағаштарын буып-түйіп қойған екен. Мұхтарлар келіп, сәлемдесіп, батырға мән-жәйді түсіндіреді. Сол кезде «Пристав» тұрып, Есенбек батырдың сүйеулі тұрған ырғай сапты ұзын найзасын көрсетіп Мұхтардың назарын аударып орысшалайды. Оған түсінбеген және өзінің мал бергісі жоқ Есекең:

— Мұхтаржан мынау орысың не деп тұр? — деп Мұхтарға бетінбұрды.

— Бұл кісі сіздің найзаңызбен не істейді? — деп сұрап тұр деген.

Бетіне ашу табы ойнап шыға келген Есенбек батыр найзасын қолына ала алып, «мұнымен бүйтеді, мұнымен сүйтеді» деп жерде буулы жатқан теңдерді бірінен соң, бірін аспанға атады.

— Мұхтар Көтібарович, мына шалың жынданды, аман-сау тұрғанда осы жерден кетейік, — деп пристав Мұхтардың алдына түсіп, жөнеле берген.

Қаракеңгір өзенінің бір саласы Қарағандының Ерден батыр зираты тұрған тұсында отырған Мақат аулына бет түзеп келе

жатқан бір топ аттының көзіне өзен табанында үймелеп жатқан аттылар түседі. Келе жатқандардың ішінде жасы сексен үшке келген Есенбек батыр бар еді. Батыр бастаған адамдар жаңағыларға таяп келгенде үйме-жүйме болған көп адамның ар жағындағы шалшықта жатқан көкжал арланды, олардың ұра алмай тұрғанын көреді. Есекеңнің «Бұл не?» дегеніне олардың берген жауабы «Мынау дәу көкжал қасқыр алдырмай, сойыл сілтегенді аттан жұлып алып жерге түсіріп тұр. Бұған бізден қайран болар емес. Әйтеуір, көптігімізбен батпаққа қамап, алдандырып тұрмыз» деген. Есенбек қария еле-өлгенше шашақты найзасын қолынан қалдырмаған адам. Ол найзасын жігіттердің біріне ұстатып, өзі құр қол батпақтағы көкжалға жақындай берді. Сол кезде өзіне қарсы атылған көкжалдың желкесінен шап беріп ұстап, оның алқымын ерінің басына жаншып батпақтан сыртқа алып шыққан батыр, қасқырды жерге тастай салған. Қозғалуға шамасы келмеген арлан тегеурінді, әлді қолдан жан тапсырған екен. Сонда Есекең: «адам баласы бара-бара не болар екен?», деген нәйеті ит емес пе — деген екен.

Жасы сексен беске жуықтаған шағында батырдың ішіне ас тұрмай, тек жеке сауылған «Ақ түйенің» ғана сүті ішіне жағып, соны тамақ ететін болған. Бір күні «ақ түйесін» қасқыр жеп кетіп, «Әкемізге не айтамыз?» деп сасқан балалары «ұрыңды әкеп тұрмыз, не бұйырасыз?» деп, даладан тірідей ұстап әкелген бір қасқырды үйге алып кіреді. Аң — таң болған әкесіне балалары «Бұл қасқыр — сіздің ақ түйеңізді жеген жауыз» депті. Есекеңнің қасы қою және ұзын болғандықтан оның екі көзін жауып тұрады екен. Ол қасын саусағымен жоғары көтеріп, қасқырға қарап тұрып, «әй, балалар, маған жүрегі батып келіп жүрген бұ да бір нанталап екен, бұны далаға шығарып қоя беріндер» — депті.

Елінің құрметіне бөленген Есенғабыл, Есенбек батырларды көздерімен көрген қариялар, біздің бала кезімізде құдайы-той, көңілді бас қосқан жерлерінде дәріптеп айтып отырушы еді.

«Елдің атын ер шығарады, ердің атын ел шығарады» деген осы болар.

## ҚАЗАҚТЫҢ МАҚТАНЫШЫ

Әлемдегі үркердей ғана Ұлт — Қазақтан шыққан үш алып, Абай, Мұхтар, Қаныш қазақ халқын дүниежүзіне танытты. Осы үш алып арқылы қазақ ұлты тіл байлығын, әдебиеті мен ұлттық мәдениетін, ғылым дәрежесіндегі өскендігін әлемге паш етті.

Тілге жүйрік, сөзге шешен Абай мен Мұхтар қиыннан қиыстырған өлеңмен, терең мағыналы қарасөзбен, дүние жүзілік алтын кітаптардың қатарынан орын алған «Абай жолы» романымен қазақтың мәдениеті мен саяси әлеуметтік дүниетанымын, жоғары сатыда көрсете білсе, Қаныш Сәтбаев ғылымның геология саласында теңдесі жоқ данышпан, кореген ғалым ретінде, Қазақстандағы ғылымның шарықтай өскен сатысын танытты.

Оған дәлел жазушы М. Сәрсекеевтің Қаныш Сәтбаев туралы жазған «Туған жердің тасы да танымал» деген естелігіндегі кейбір сәттерге тоқтала кеткенді жөн көрдім.

«Англияда қонақта жүрген СССР Жоғарғы Советі делегациясының құрамында Қаныш Сәтбаев та болған екен, Лондонда Британия музейін аралап жүріп, ұлы Королевасының музейде тұрған тас қазынасымен танысқан Қаныш, әр елдің қазбасынан алынған тастарды этикеткасын оқымай ақ танып, музей қызметкерлеріне айтып жүреді. Бір жерде Жезқазған тасын танып оның этикеткасынан «Трансвальдан келген» деген жазуды оқыды. Сол жерде Қаныш пен музей қызметкерлері оған келіспейді, Кейін Черчилльде қонақта болғанда, кең маңдайлы, нұрлы көзді, кемел кейпі жүзінен танылғандай ашық өңді келбетті қазақ мейманына тесіле қарап, Черчилль:

— Мистер Сәтбаев, бас киіміздің размерін сұрасам коңіліңізге келмес пе кен?, — деп кеңкілдей күлгенді.

— Оған Қаныш сасқан жоқ, үй иесіне асықпай барлай бір қарап алды да:

— СЭР, шляпаңызды сыйлағыңыз келіп отырса, қысылмаңыз. Бас киім ауыстырудан сіз бен біз ұтылмасақ керек, — деп биязы ғана жымиды.

Сонда Черчилль өзінің әзіл сөзін жайып-жуып келіп:

— Мен сізден барлық қазақтың басы сіздің басыңыздай үлкен бе — деп сұрамақшы едім, — дейді. Одан әрі сөзін аяқтай келіп Қанышқа бұрылып:

— Мистер Сатпаев біздің музейдегі менменсіген чиновниктерге ұмытпастай сабақ беріпсіз, мықтап үйретіпсіз. Дұрыс істегенсіз, — депті.

Черчилльдің бұл сөздерінің астарынан Қаныш Сәтбаевтың данышпан ғалым екеніне таңданғандық, қазақтық бәрі осындай ма, бұл неткен дарынды халық деген ойын аңғаруға болар.

Қаныштың бір үлкен ерекшелігі — ол хемикпен де, биологпен де, филологпен де; медикпен де өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі және сол әр ғылымның саласындағы әрбір кезеңде пісіп келген нақтылы, жауапты мәселелеріне қажет болған мәслихатын айтып, мықты басшылық ете біледі.

Алыптың алыпқа берген бағасынан Қаныш Сәтбаевтің XX ғасырдағы теңдесі жоқ, құлама ғалым екені толық сыйпатталып отыр.

Академик Қ. И. Сәтбаевтің есімін мәңгі сақтау шараларының бірі — Марс пен Юпитер аралығында Күнді айнала қозғалатын планетаға Қ. И. Сәтбаев атын беру туралы Халықаралық планета орталығының шешімі отандастарымызды зор қуанышқа бөлеген еді.

Осы оқиғаға Хамит Ерғалиев «Ғарыштағы Қаныш» балладасын жазып жұртшылықты дән риза етті. Қаныш Ұлытау өңіріне 1926 жылы келіп, 27 жасында Жезқазған, Қарсақбайда жұмыс бастаған. Бұл өңірде Сәтбаевтің жүріп өтпеген жері қалмаған, Ұлытау жерінің тау-тасы, өзен-көлі, сай-саласын түгел аралап, қай жерде қандай байлықтың түрі бар, оның алып жатқан қоры қай көлемде, оны өндіру үшін қандай күш, қандай әдіс-айла керек, соның бәрін зерттеп, ой елегінен өткізіп, есептеп жоғары орындарға дәлелдеген.

Ол кезде Ұлытау өңірі темір жол қатынасы жоқ, облыс орталығы Қарағандыдан алыс шеткері жатқан аудан болатын. Бұл Совет экономикалық жағдайы ауыр болған, сол бір кезеңде, бұлөңірден өндіріс орнын ашып, темір жол тартқызу үшін, сыры белгісіз қазбабайлық қорының көлемін анықтап, ғылыми түрде дәлелдеу қажет еді.

Бұл өте ауыр жүк еді. Оны ердің-ері көтерері анық еді. Өйткені, қалт кетсең, басың қоса кететін заман. Оған өзіне-өзі сенген, геологиялық зерттеу жұмысының нәтижесіне көзі жеткен әрі батыл, мақсатты істің мәреге жетуіне қайсарлық танытқан батыр жігіт керек еді. Ондай жігіт — Қаныш еді.

Қаныштан бұрын да өңірді зерттеп, қазбабайлықтың көлеміне көз жеткізіп анықтай алмаған орталықтан (Москвадан) келген геологтар «мыс кені аз, оған өндіріс

ошағын ашуға болмады» деген пікірмен ауыр өндіріс министрлігіне барған.

Олардың пікірі мен ғылыми дәлелдемесін жоққа шығару оңайлықпен қолға түскен жоқ. Ол үшін азғана белінген қаржымен көп көлемді бұрғылау жұмыстарын жүргізу үшін, Қанышқа туған халқымен тіл табысып, оларға болашаққа сенім арттыру керек болды да. Бұрғылау жұмысы қысты күні кигіз үй тігіліп, соның ішінде тоқтаған жоқ. Бұрғылау орны көбейіп, мыс қорының барлығы анықталған сайын, соның нәтижесі мен жас геолог Қаныш Сәтбаев әлденеше рет Москваға аттанып, зерттелген жерлердің нәтижесін дәлелдеумен, қосымша қаржы бөлінуін сұраумен мақсатына жете бастады. Ақша қаражаты да саты-сатысымен келе бастады. Шахталар ашылып, жан жақтан жұмысшы күші ағыла бастады. Қарсақбай зауыты күрделі жөндеуден өтіп жұмысқа кірісіп, қара мыс бере бастады, Тар жолды поезбен Байқоңыр шахтасынан көмір тасылды. «Алтынның шыққан жерін белден қаз» демекші, мыс рудасын өндіретін шахталар көбейіп өндіріс орнады.

Қарағандыдан болат жол тартылып, Жезқазған өндірісі дүрілдеп, халықты жұмыспен қамтыды, әл-ауқаты жақсара бастаған халық өндіріске белсене кірісіп кетті.

Кешегі 32-ші жылғы ашаршылықтан көп халықтың аман қалуына өндірістің пайдасы тиді. Ол, — Қазақ халқының жаны жайсаң, адал жүректі перзенті Қаныштың арқасында болған игілікті іс еді.

Қанекен бұл елде 15 жыл қажымай — талмай еңбек етіп, бүкіл одаққа атақ-даңқы белгілікті болып үлкен абыроймен көтеріліп, астанамыз Алматыға қоныс аударған еді.

Ұлытау, Қарсақбай, Жезқазған жерінің үлкендері Қаныш жайында көрген, білген, естігендерін айтып аузынан тастаманды.

Қоян-қолтық бірге жүріп, бірге жұмыс істеген қарт шахтерлер мен металлургтерді былай қойғанда, қарапайым ауыл адамдарының өзі Сәтбаевтың халық арасында қарапайымдылығы, кішіпейілділігі, тіл табысқыштығы мен әрқашанда сабырлы болып, әр нәрсеге асығыстық жасамай, кеңінен оралып, жайдарылық жасайтынын көп айтады.

— Күзде, 60 гектардай егінімізді орып бітіп бауланған бидайымыз қырманға түскен кез. Ауылымыз Үңгірліні басып, төмен аққан. «Аралбай» өзенінің жағасында. Қаз қатар тігілген кигіз үйлер. Біреуі кеңестің Молдабайынікі.

Сол үйге, Қарағайлы, Сандықтау жағынан (Есіл жағы болу керек) Қаныш Сәтбаев келіп түсті, «шамасы қонатын болу керек» дегенді естіп жұртпен бірге сәлем бергелі мен де бардым — деп, бастады Қаракенгірлік Әбеннің Сейсенбегі.

— Барсақ, мал сойылып, ет қазанға түскен. Молдабай; оның ағасы Жайлаубай және Ысқақтың Сейіткәрімі бар, ортада Қанекен отыр, қызу әңгімеге кірісіп, ақ кеткен. Сәтбаевті бірінші көруім еді, жамырасып сәлем бердік.

Бұл, 1946 жылдың күз айы болатын. Ауыл адамдарында жаттық жоқ қой және келген қонақтар мен үй иесі жайдарлық танытқан соң жағалай отырыса кеттік. Әңгімеге құлақ салып отырмын. Әңгіменің ыңғайынан аңғарғаным. Молдабай Қаныш Сәтбаевтың Жезказғанға келгенде бірінші шофері болған екен. Ол көп жыл Қанекенге шофер болып, кейін ауырып, ауылға қоныс аударған екен. Молдабайдан кейін, Қанекен Бижақсының Төленін шоферлікке алады. Ол да қаракенгірлік жігіт. Бұлар, бұл өңірдегі алғашқы мәшине құлағына отырғандар болса керек.

Әңгіменің төркіні бұрынғы бірге жүрген кездерді еске алу, сол уақыттағы ел адамдарының жұмысқа деген ынтасы, ұйымшылдығы жайында өрбіп жатты.

Ет те бабымен пісіп дайын болған екен, қолға су құйылып төрге дастархан жайылды. Енді табақтарды тарта бергенде Қанекен үй иесіне «табақты бір-ақ жерге тартыңыздар, барлығымыз бір табактан дәм татайық» деп, тілек айтты. Еттерді бір үлкен ағаш табакқа салып ортаға қойды. Ет туралып жатыр. Бізді де баласынбай табакқа кіргізгеніне іштей ырза болып жатырмыз. «Шіркін-ай Қанекен пейілі кең, көпшіл адам екен ғой» деген ой әрқайсымыздың басымызда отыр. Әңгіме үстінде сұлу-сыпайы қалыппен етте жеп болынды.

Әлден уақытта сол үйге Шойбектің Зікіриясы келіп кірді. Әйелі өлген, өзі жарым-жан, жағдайы ауыр адам еді. Ол жағдайын айтып Қаныштан көмек сұрады.

Сонда Қанекен сабырлы үнмен:

— Ой ақсақал-ай біз ұзақ жолға көп ақша алып жүрмейміз, мына барға риза болыңыз — деп, қалтасынан бір уыс ақшаны алып, санамай-ақ Зікірияға ұстата берді. Алған ақшасына риза болған қария батасын беріп, үйден шығып кетті. Кейін, сол шал «айналайын өркені өссін, бір қараның құнын беріп кетті» — деп жүрді.

Жоғарыда Молдабай ауырып, елге кеткен соң, Қ. Сәтбаевқа Бижақсының Төлені шофер болды деп еді ғой,

сол Төлен кейін зейнеткерлікке шығып, Қаракенгірде бірер жыл қой бақты. Мен де қойшымын — дейді Сейсенбек ақсақал.

— далада қой бағып жүріп, бір мезгіл Төлен екеуміз кезігіп, әңгіме шертеміз. Бірде, Төленге «көп жыл Сәтбаевтің шофері болдың, Қанекен туралы есінде не қалды, айтшы?», — деп, сауал қойдым.

— Сй, несін айтасың, Марқасқаның өзі еді ғой — деп бастады, Төкең марқұм. Көп жыл ол кісіге шофер болдым. Жарықтық ол азаматтың ерекше бір қасиеті барлық адамды өзімен тәң ұстаушы еді, жол жүріп келіп, бір үйге түскенде маған үнемі оң жағынан орын беретін. Әңгіме үстінде де терезесі тең адамдай еркін отыратынмын. Өте кішіпейіл жан еді — ғой. Ол кісінің ренжігенін көрген емеспін. Әр сөзін асықпай, жайлап қана айтып, орнына апаратын.

Мен темекі шегетінмін. Темекі болғанда, баяғы «махорқа». Жол жүріп келе жатсам да махорканы жиі-жиі тартатын әдетім бар. Бірде, байқамаппын астымыздағы «сидениеміз» бықсып жанып барады. Жалма-жан мәшинаны тоқтатып, орындығымыздағы отты сөндіріп алып жүріп кеттік. Содан таяу жердегі бір бұлаққа келіп су ішіп, кішкене демалып отырдық.

Әлден уақытта Қанекен:

— Төке, сіз, менің тілімді алсаңыз шылымды тастап, насыбайға көшіңіз, мен тауып тұрайын — деп, шақшасын ұсынды. Мен үг-түнсіз шақшамды алдым да, алақаныма бір атым насыбай алып, ерніме салдым. Басым айналғандай болып еді, елтіп қалған екем. Қанекен маңдайыма су жағып, сыйпап отыр. Есімді жиып алдым. Содан әрі қарай насыбайшы болып кеттім. Қанекен насыбайды сол қолының сыртымен сыпайы атушы еді. Ол кісі түкірмейтін, тек насыбайды екі саусағының ұшымен алып тастайтын. Мен де қалтама шақша салып, түскен жерде Қанекенмен жарыса қалтамнан шақшамды алып атуды шығардым.

Бірде бір ауылға түсіп, шай ішіп жүріп кеттік, Жолда келе жатқанымызда Қанекен.

— Төке қонақта болғанда, шақшаны мен ғана алайын, сіз менен атыңыз — деді де қойды. Мен жаңағы үйде әбестік жасағанымды түсініп, кейін барған жерде Қанекеннен ататын болдым — деп, Төкең күлді-ай келіп. Есеттің Әбілдасы да Қанекенді көп айтып, есіне алып отыратын. Әбекен соғыстан бұрынырақ Қарсақбайда жұмыс істеген адам. Ол кісі де

насыбайшы еді. Әңгіме бастар кезде, бір атым насыбайды ерінге тастап алатын.

— Тар табанды темір жолмен Байқоңырдан келген көмірді түсіріп, үйге келе жатырмын. Насыбайдың таусылғанына үш күн болып еді, жанымды қоярға жер таппай аңсап келемін. Жол жарымда Қ. Сәтбаевтің екі бөлмелі үйде тұратынын білетінмін, насыбайға деген құмарлық мені еріксіз соған алып барды. Бұрын Қанекеннің жұмыс басында насыбай атқанын көзім шалып еді. Есіктен кіргенімде бергі бөлмесінде қағаз жазып отыр екен, орнынан ұшып тұрып «Ассаламуғалейкум» деп маған келіп сәлем берді. Қолым күйе-күйе еді, қол беруге қымсынғандай болып едім «Ештеңе етпейді», сіздердің қолдарыңыз бізге алтын ғой, қысылмаңыз деп, үлкен кішіпейілділік танытып амандық-саулық сұрасты.

— Мен келген шаруамды айтайын — дедім.

— Айтыңыз, — деді.

— Сізден насыбай атқалы келіп едім, насыбайым таусылып мәнім болмай ылажсыздан сізге келуге тура келді — дедім. Қанекен бір шиша толы насыбайды алып келіп, «шақшаңызды әкеліңіз, салып берейін» — деп маған таянды.

— Қаныш қарағым шақшам үйде қалып қойып еді, алақаныма сала беріңіз — деп қолымды ұсындым. Алақаным толғанша салды да:

— Ақсақал насыбайың жоқ болса, қысылмай-ақ келіп, атып тұрыңыз, насыбай атқанның сөкеттігі жоқ, — деп мені риза етіп, шығарып салды, — деп Әбекең әңгімесін аяқтап еді — дейді Сейсенбек ақсақал.

— Сейсеке, Қаныш Сәтбаев туралы біздің халық осындай аңызға айналған әңгімені көп айтады.

Қаныш қазақтың бір туар перзенті, мақтанышы ғой. Қанекендей ұл туған қазақ халқы осал емес. Сіздің майын тамыза естіген — білгеніңізді айтып бергеніңізге дән ризамын. Сіз сияқты жасы 70-тен асқандардың көбі әңгіме білмейді.

Жасыңызға жас қосып, бала-шаға, немерелеріңіздің арасында жасай беріңіз!

Уақыт деген, зымырап өтіп бара жатқан жел қайық. Ғұлама ғалым, қазақтың адал жанды ұлы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтің ЮНЕСКО көлемінде өтетін туғанына 100 жыл толу тойы да жақындап қалды.

## **БӨСТЕКБАЙДАН ҚАЛҒАН БІР ӘҢГІМЕ**

*«Қоқанның жібегіндегі жеңіл құйрық,  
Не қою, не болмаса емес сұйық,  
Бұтының арасынан ел кошкендей,  
Жамбастың басы делдек, қуыс қолтық,  
Шуйделі, шоқтығы өргек, шідерлігі  
Серке сан, желмаядай тілерсегі  
Тау желін тартса жұтқан талыс танау,  
Тынысты кеңге жатыр кеңірдегі», — деп  
кезінде Күреңбай сыншы айтқан екен.  
Құлагердің сын-сыйпаты жайында.*

**Ілияс ЖАНСҮГІРОВТИҢ  
«Құлагер» поэмасынан.**

«Жүйрік ат-ер қанаты» деп құрмет тұтқан халқымыздан тұлпарлар жайында аңыз-әңгімелер көп қалған.

Аңшылықпен атағы шығып, сері жігіт атанған Байназар атаның бір ұлы Жақсыбайдың Бөстекбайынан Ақансерінің Құлагері жайында бір әңгіме қалған екен.

Кешегі «Балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен 32-ші ашаршылық жылдары «Зыңғыр таудағы» атамекенінен алыстап Атығай Қарауылдың бір белді адамы Қабылға барып паналап бала болған Бөстекбай, сол елде біраз болады.

Оған себеп, бала Бөстекбай Қабылға, сергек мінез — құлқымен, елгезек жақсы жүріс-тұрысымен әбден жаққан екен.

— Балам, менің қой жасындай өмірім қалды, сен еліңе асықпа мені өз қолыңмен пәниден бақиға аттандырып, лақаттап, жамбасымды жерге тигізіп барып кет» — деген еді. Қабыл сол кезде 83 жаста екен. Ол кісі дүниеден өтерінен бірер жыл бұрын, өзінің бала кезіндегі Шотайдың Торазбанымен бәйгеге шапқанын әңгіме еткен.

Шотайдың Торазбаны бүкіл Есіл бойын адақтаған, шамалы жерде одан ат озбаған, атаққа шығып, кәдімгі «Шаппай бердің» өзі болса керек. «Торазбан» — деп аталудың себебі, айғырдан пішкен ат екен. Біздің қазақ ондай аттарды — азбан деп атаған.

Шотай Торазбанға табиғатында ширақ жастайынан атың құлағында ойнап өскен, Қабылды ғана отырғызып шаптыратын. Қабыл да Шотайдың айтқанын екі етпей, оның

әрбір сөзін есінде сақтап, тап айтқанын қолымен қойғандай етіп орындайтын. Сондықтан да Шотай Қабылға ғана сенетін.

Қабыл Торазбанмен сан бәйгеден бірінші келіп, бас бейгені алып жүреді.

Бірде, сол өңірде атақты бір байдың асы беріліп, бәйгеге 250 ат қосылады.

Ат айдалар алдында Шотай Қабылға:

— Осы аттардың ішінде Ақансерінің Құлагері де бар деп естідім, «шу деп» шыққан бетте жел жақты алып отыр. Торазбанды шаңға қаптырып алма. Торазбанның сырын өзің білесің ғой, орып шауып отырып алға шығатынын. Аттардан біраз ұзағаннан кейін тізгініңді тежеп, бір қалыпты шабыспен отырарсың — деген. Аттарды жібергенде Қабыл жел жақты алып, Торазбанның басын жібереді. Бұрынғы әдетімен таза ауаны тіле, ора шауып әне-міне дегенше күллі атты артқа тастап, Шотай айтқан қалыппен тізгінін сәл тежей бір қалыпты шабыспен отырған.

— Жер ортасынан аса бере артыма қарағанымда хөздің ұшында бір қара көрінеді. Торазбанды сыйнай қамшылап, тізгінін босата бердім. Шабысы үдей берген Торазбаның қарқыны әлі де жарға соққан толқындай сезіледі.

«Әй, жаңағы көрінген қарадан ұзаған болармын, Торазбанның бұрынғы әдеті солай еді ғой» деп, артыма бұрылып көз салған едім, артымдағы аттың таяу келін қалғанын көрдім. Сөйткенше болған жоқ, қатарласа берді. Үстіндегі баласы менен ересектеу екен, маған қарап.

— Алдыңда ат бар ма?

— Алдымда ат жоқ,

— Шотайдың Торазбаны осы ма?

— Осы,

— Менің айтарым, енді саған жететін ат жоқ.

— Атыңды зорықтырып өлтіріп алма. Атың, өлсе, мына қудалада таңдайын қатып шөлдеп өлесің. Құлагердің еті қызды, енді маған жетем деп әуре болма!» — деді де қалтасынан бәкісін алып, екі жағындағы толы қоржынбасын тіліп, ішіндегі құмын ағызып жібереді де.

— Ал бала, Құлагер терін кептіріп, кермеде тұрғанда келерсің, екінші бәйге сенікі — деп жанынан сырғып өте шығып, демде ұзай беріп, көрінбей кетті.

Ақыры мен келіп, қарақшыдан өткенімде, Құлагердің кермеде тұрғанына көзім түсті.

Құлагерге шапқан ересек баланың Бөрібай екенін кейін естідім — деп, Қабыл қария әңгімесін аяқтап еді — дейді Бөстекбай ақсақал.

Бөстекбай Қаракеңгір ауылында 1958 жылы дүниеден өтті. «Әке көрген оқ жонады» деген, Бөкеңнің баласы — Қанағат та аңшылық өнерімен жұртқа танымал, сері жігіттердің қатарында жүр.

Әңгімені Әбенұлы Сейсенбек ақсақалдың аузынан жазып алған шын.

## **ОНЫҢ РУХЫ ҒАСЫРДАН ҒАСЫРҒА ЖАСАЙ БЕРМЕК**

Мұхтар жайлы сөз болғанда алғашқы білім алған «Алтын ұя» мектебіңмен әдебиеттен «дәм татырған» ұстаздарыңыздыеріксіз есіне аласың.

Қазақтың мемлекеттік университетін бітіріп, Мұхтар Әуезовтен сабақ алған, дарынды ұстаз Әбдіғамит Ерғалиев әдебиет пәнінен беретін. Ол кісінің сабағын қыбыр етпей, тапжылмай отырып тыңдайтынбыз. Өзі де қатал болатын. Университетте де жақсы оқыған болу керек, ол кісінің әрбір сабағы тартымды, тілі бай сөйлеген сөздері терең, әрі байсалды шығатын. Мектеп оқулықтарындағы Абай өлеңдері мен қара сөздері және сол кездегі қазақтың маңдайалды жазушылары Мұхтар Әуезов Сәбит Мұханов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин және тағы басқа жазушылардың роман повестерінен үзінділерді оқып талқылайтынбыз.

Әбдіғамит ағай Мұхтар жайлы әңгімелерді шырайын шығара айтатын. Біз бар ынтамызды қойып, ол кісінің әңгімесін құлшына тыңдайтынбыз. Күнделікті сабақтың тақырыбына қарай «Абай жолы» романының тарауларын оқып отырғанымызда Әбекеңнің кескіні келбеті көз алдымызда елес беріп отырғандай сезінетінбіз. Ол кезде ой-өрісімізде тар ғой, романдағы көп асыл сөздердің байыбына толық жете алмағанмен, Абайдың балалық шағы, оның Семей қаласығда оқып, жазғы демалыста ауылына келгендегі, сағына күткен әжесі мен туған анасымен қауышу сәттерін қызыға оқитынбыз. Оған да жарты ғасырға жуық уақыт болып қалыпты-ау! Бұл 1953 жыл болатын. Сол жылдардан бастап, жоғарыда аты аталған жазушыларымызға оның ішінде Мұхтар Әуезовке деген сүйіспеншілігіміз жас жүрегіміздің төрінен орын ала бастаған еді.

Кейін Алматыда жоғарғы оқу орнында оқып жүрген кездерімде, үкімет адамдарымен қатар тұрған үлкен мейрам

күндерінде, мемлекет үйінің алдындағы мінберден, Мұхтар Әуезовты алысырақтан көріп жүрдім. Ол кісіге сол мінберден сөз беріліп те жүрді. «Ол кісіні таяу жерден бір көрсем екен» деген ниетте жүретінмін. Бірде, «біздің институтқа келіп, лекция оқиды» деген хабарды естідік. Сол белгіленген күні, ол кісі келген болатын. Бірақ, «Актальный зал» — да адам иітіреседі, алға жылжи алмадым. Микрофоннан сабырлы үнмен, аузынан мәйегі төгілгендей сөз тізбегі шұбатылып жатты. Студенттердің қойған сұрақтарына да жауап қайтаруда. Бірақ түрін айқын көруге мұршам болмады. Лекция аяқталып, Мұқаң аттанып кеткенше, біз залда отырдық. Сыртқа шығуға рұхсат етілмеді.

Бір күні, Мұқанды жақын жерден бетпе-бет келіп, көрудің сәті де түсті-ау!

— «Тюз» деп аталатын театрда Мұхтар Әуезовтың «Айман-Шолпан» атты спектаклі болады екен. Соған билет сатып жатыр — дегенді естіп, жолдастарыммен бірге барып билет алдым.

Кешкі сағат сегіздер шамасында спектакльда басталып кеткен еді. Бұл бірінші (премьерасы) қойылымы болса керек. Мұхтар Әуезовтың өзі де келіп көріп отыр екен. Ол кісі алдыңғы қатарда үкімет адамдарымен жазушылардың орта тұсында орналасқан. Спектакль жүріп жатыр өте қызық. Айман-Шолпан — апалы-сіңілілі қос сұлу Маман деген бай кісінің қыздары екен. Ол екеуі таяу елдердің «Мен жақсымын» деген мырза жігіттерінің қолына түспей тұрған — арманы болатын. Көп жігіттер жүректері дауалап, Маман ауылына маңайлай алмайтын.

«Жетісу» елінің бай жігіті Әлібек «Шекті» елінің атақты батыры Көтібардың батыр інісі — Арыстан қос аруға ғашық екен.

Оқиғаның негізгі желісі — талас бір-бірінен қызғаныш күші билеген, дау-жанжал, аяғы шапқыншылыққа ұласатын жәйі бар. Екі аруды бір-бірінен айыру мүмкін емес, екеуі де таңғажайып көркем, әрі тілді, суырып салма ақындықтары және бар. Олардың бірін таңдау жігіттерге қиын. Бірін таңдаса, бірі қалып барады. Екеуіне бірдей ғашықтар, жүректері екі бөлініп кетердей, тебірене күй кешеді. Оқиғаның барысы жиі-жиі шиеленіске келіп тіреледі.

Айман мен Шолпанды Әлібек пен Арыстан бөлісе алмай жүргенде, Арыстанның ағасы Көтібар батырдың өзінің де көңіл ауып оқиға шиеленіскен үстіне шиеленіске түседі.

Қос арудың буына шалдыққан Көтібар батыр:

Уәй, дәурен-ай, дәурен-ай,

Басыма түскен әурені-ай

Кезек ніскеп жатар ма ем,

Екі бірдей сәулені-ай! — деп еңірегендей болады.

Аяғында Көтібар батыр әскерімен Маманның ауылын шауып қос аруды зорлықпен алып кетеді.

Торға түскен еліктің лақтарындай болған, Айман-Шолпан ақылға келіп, әдіс айла жасап, Көтібар батырдың тоқалы Теңгенің намысына тиіп, аяғында, онымен тіл табысып Көтібар батырдың уысынан босап, Айман Әлібекке, Шолпан Арыстанға қосылмақшы болып, бітімге келіп, еліне оралады.

Осындай қызықты оқиғаның арасында үзіліс «антракт» болып кіре беріс залға шықтық. Дәл осы сәтте Мұқан жанында 4-5 жақсылары бар, залдың дәл ортасымен әрлі-берлі жүріп оқиғаның кейбір сәттерін әңгімелеп, көңілі көтеріңкі жүр екен.

Мен де көптен күткен мақсатыма жеткендей болып, Мұхтар Әуезовті бетпе-бет көріп, қуанышым қойныма сыймай қайтқан едім.

Ол кезде, Мұқанның халқына мұра етіп қалдырып кеткен — Абай романы дүние жүзі халықтарының әдебиетіндегі алтын әріппен жазылған туындылардың қатарында болады деген ой, ешкімде де болған емес еді.

Мұхтар — ұлы дана. Ол, Абайды әлемге таныта отырып, өзін де таныта білді.

Қай уақытта, даналық сөздер — үлкен философиялық ойдан туады. Қарақылды қақ жарған әділдік пен акі ауыз сөзбен ердің құнын бітіретін, ойшыл даналарымызды, аспан әлемінде үркердей аз қазақ халқын, Мұхтардан бұрын, алыстағы елдер білген жоқ.

Тәуелсіздікке қол жеткізіп егеменді ел болғаннан бері ЮНЕСКО көлемінде Абайдың 150 жылдық, Жамбылдың 150 жылдық торқалы тойларын, бүкіл әлем мерекеледі.

Енді міне, заңғар жазушымыз — Мұхтар Әуезовтың 100 жылдық тойы әр елдерде өтіп жатыр.

Мұхтар — әлем тарихында елеулі орын алған қазақ ұлтыныңперзенті.

Онын, рухы ғасырдан-ғасырға жасай бермек.

## **НАЙМАН ДУЛЫҒА БАТЫР**

Елімізде Тәуелсіздіктің таңы атып, көк Байрағы желбіреген он жыл ішінде көне түркі астанасы — Түркістан қаласы жасарып, жанғыра түлеп, көркейе түсті.

«Өзірет Сұлтан» Қожахмет Яссауидің зәулім биік ғимараты қайта өңдеуден өтіп, өркениетті мәдениетіміздің талабы мен талғамына сай сән-салтанатқа бөленуде. Не заманнан бері іргесінде жерленген хандар мен ел тарихында елеулі орын алған, аты аңызға айналған көрнекті тұлғалардың табыттары зерделеніп, аты-жөндері тізімге тіркеліп, ғимараттардың ішкі кабырғасынан мен мұңдалап көзге шалынды.

«Өзірет Сұлтан» Қожахмет Яссауи ғимаратының іргесінен топырақ бұйырған бабаларының есімдерін еске алу үшін, жер-жерден, ел-елден бүгінгі ұрпақтарының келіп-кетуі дәстүрге айналуға.

Кешегі қазақтың үш жүзінің жақсылары бас қосқан киелі Ұлытау жерінен аттанған Найман Дулыға батырдың бір топ ұрпақтары өткен жылғы қараша айының басында Түркістан қаласына барған болатын. Алыстан аңсап жеткен батыр ұрпақтарын «Өзірет Сұлтан» Қожахмет Яссауи мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының басқарушы қызметкерлері құшақ жая жылы жүзбен қарсы алды. Дулыға бабасының әруағына тағзым ету, ас беріп, есімін еске алу салтанаты қарашаның 2-3-ші аралығында жоғарғы деңгейде атқарылды. Оған Түркістан қалалық әкімшілігі мен мұрадай басшылары және сол жақтағы ағайын-бауырлар бір кісідей атсалысып, өз үлестерін қосты.

«Бітер істің басына, жақсы келер қасына» демекші ас беру шараларын тиянақты ұйымдастыруда және оның басынан-аяғына дейін сапалы атқарылуына сол жердегі туысқан — бауырларымыз: ұрпақтарын «Өзірет Сұлтан» Қожахмет Яссауи мемлекеттік тарихи — мәдени қорық-мұражайы директорының орынбасары Қыдырбай Арыстанбеков, Түркістандағы «Найман» қауымдастығының төрағасы Нышанбай Төрежанов, «Қуаныш» жекеменшік базарының директоры Әбдіғапар Шәймерденов және — Тұрсынбек, Жүрсінбек Қалекеевтер үлкен жанашырлық танытты. «Найман» қауымдастығының мүшесі Тәшмұқамбет Төлекбаев үлкен жанашырлық танытты. «Найман» қауымдастығының мүшесі Тәшмұқамбет Төлекбаев асқа қатынасып отырған лауазымды кісілерді жан-жақты таныстыра келіп, ас беру салтанатын ашық деп жариялап, бірінші сөз кезегін Дулыға

батыр ұрпақтарының атынан Шәмшібек Өмірбекұлына берді.

— Құрметті Түркістан қала әкімшілігі мен «Өзірет Сұлтан» Қожахмет Яссауи мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайның қызметкерлері және осы жақта тұратын ағайын-туыстар, сіздерді Дулыға атты батыр бабамызға ас беру салтанатына қатынасып, біздің үлкен қуанышымызға ортақтасып, көңіл білдіргендеріңізге көптен-көп рахмет айтқым келеді, — деп сөз бастады Шәкең. — Аты тарих сахнасынан өшуге аз-ақ қалған бабамыз Дулығаға ас беріп, аруағына тағзым етіп, есімін жаңғыртып еске алу мақсатында отызға тарта ұрапақтары жиылып келіп отырмыз. Келгенімізге қарай сіздердің көрсетіп отырған құрметтеріңізге бөлендік. Ас беру шараларын ұйымдастыруға осында отырған көпшілік жұмыла кірісіп, ұйымшылдық көрсеттіңіздер. Барлықтарыңызға Дулыға үрім-бұтақтары атынан шын ниетпен алғысымызды айтуға рұқсат етіңіздер! Одан әрі Шәмшібек Өмірбекұлы өзімен сапарлас ағайын-туыстарын таныстырып өтті.

Түркістан қаласы әкімінің орынбасары Роза Төлешқызы Ереханова өз сөзінде қала әкімшілігінің атынан Дулыға батырдың ұрпақтарына, бабасының аруағын құрмет тұтып, ас беріп атын қайта жаңғыртуға талап қылып, үлкен үлгілі іс атқарып жатқандарын бағалай келіп, шын жүректен қабыл болуына өз ықыласын білдірді. Сол сияқты ұрпақтарын «Өзірет Сұлтан» Қожахмет Яссауи мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының директоры Темірхан Рыскелдиев, Бас Имам Омар Елеуұлы, жергілікті ақын Қаныбек Сарыбаев, Қазақстанға еңбегі сіңген мәдениет қызметкері, драматург, ақын Орынбай Дастанов, Кеңес Одағының батыры Расул Есетов, Ардагерлер Кеңесінің торағасы Жарылқасым Өзіретбергенов, жергілікті әуесқой композитор Шәкен Сәрсенбаев, қалалық сүт зауытының директоры Зина Байжахановалар жүрек жарды лебіздері мен өз тілектерін айтып, өнер адамдары көпшіліктің көңілін көтеріп отырды.

«Жиылып келген ағайынды көптен көрмеген туғандары асыға күтіп, сағынышты құшақтарымен қарсы алып жатса, ол да бір құдіреттің көрсеткен жақсылығы емес пе! Жолымыздың оң болғаны ғой, Дулыға бабамыздың сол жақтағы ұрпақтары Тұрсынбек пен інісі Жүрсінбек Түркістанда ұшырасып, қуанышымыз қойнымызға сыймайды. Тұрақтары Сайрам қаласында екен, бізді үйіне шақырып, тай сойып, қонақ етті», — дейді Сәрсенбай ақсақал. Тұрсынбектің үйіне бізбен бірге бірқатар мұражай

қызметкерлері де шақырылып, арғы-бергі заманнан аталы әңгімелер қозғалып, бұрынғы өткен жақсы-жайсаңдардың есімдері еске алынды. Соның бірі, үй иесі Тұрсынбек шыр етіп өмірге келіп, үйінде үлкен той-шілдехана болып жатқан үстіне, сонау Ұлытаудан Тынымбай қажының ұлы — Тұрсын келе қалса керек. Ойда жоқ жерде алыстан келген бауырларымен құшақтаса қауышқан үлкендер «жас нәрестенің атын қажының баласы қайсын», — деп ырым етіп, Тұрсекеңнің алақанына салады. Тұрсекең, «Мендей болсын», — деп баланың аузына түкіріп, атын Тұрсынбек қояды. Одан кейін жедел інісі Жүрсінбек дүниеге келіп, үй-іштері қуанышқа бөленген екен.

Тұрсынбек үйіндегі әңгіменің арқауы енді Тынымбайдың Тұрсынына ауысып, көпті көрген көреген кәрия жайында өрбиді. Айтса айтқандай-ақ, Тұрсекең аты мен атағы кең жайылған, халық сыйлап, құрмет тұтқан ірі тұлға еді ғой.

Тұрсекең туралы сөз болғанда Қаздауысты Қазыбек бидің Жоңғар ханы — Қоңтажыға, «балаң нешеу еді?», — деген сауалына «Қызым жоқ. бір жарым ұлым бар», — деп берген жауабы еріксіз еске оралады.

— Сізде мен бес ұл бар деп естіп едім. Ал, енді мен бір жарымыңа түсінбедім, — деген Қоңтажыға:

— Ол рас, бесеу екені — бесеу. Бірақ, оның ішінде кісі боларлығы біреу, ол — Бекболат. Ал, қалған төртеуі қатын мен малға ие, мен оларды жартыға балаймын, — депті.

Сондай-ақ, Тынымбайдың Тұрсыны өз өмірінде сыйлы кісі болып өткен адам. Тұрсекеңнің бойынан арғы аталары Дулыға мен Бейістен дарыған тектілік байқалатын. Беттілігі мен терең ойлы шешендігі ол кісінің замандастарынан әлдеқайда шоқтығы биіктігін аңғартатын. Топжиынның ортасында отырып, арғы-бергі тарихтан әңгіме қозғап, естір құлақтарға сіңіріп отыратын. Тұрсекең сөйлегенде төңірегіндегілер сөзін бөлмей, мейірлене тыңдайтын. Ол ешкімге есесін жіберген не болмаса басынан сөз асырған адам емес.

Тұрсекең зерделі — зерек еді. Ол кісінің араламаған елі, бармаған жері аз-кем-ақ болар. Ата-ананың шежіресін, олардың ата-мекені мен қонысын жатқа сайрататық. Шәйқұмар адам еді. Барған жерінде «Келін аққұманыңды бері әкел, шай салып берейін», — деп отыратын. Кешегі тапшылық заманның өзінде ол кісінің үйінде үнді шәйі үзілмейтін. Жол жүргенде өзімен бірге ала жүретін.

Ұлытау ауданының бірінші хатшысы болып көп жыл қызмет атқарған Қашқымбаев Тұрсекеңмен сыйлас болып, көп кеңесетін. Тұрсекеңнің саятшылық өнерін жоғары бағалайтын. Ауданның маңдай ақыл-кеңесімен атқарылатын.

Сайрамдық бауырлары Тұрсынбек пен Жүрсімбектің көрсеткен сый-құрметіне бөленген Дулыға батырдың ұлытаулық ұрпақтары туыстарынмен қимастықпен қош айтысып, елге аттанады.

Найман Сарғалдақтың бір баласы Ырсайдан Қарымсақ туады. Қарымсақтан бір ұл, бір қыз дүниеге келген. Ұлы Түктібай ру басы болған. Қызы Кұнайым терең ойлы ақыл иесі болған. Ол кісі өткір сөзділігімен және ақындық өнерімен ауызға іліккен әруақты адам еді. Түктібайдан тараған алты ұлдың ішінде Көшербай батырлығымен, серлігімен дараланған. Қайраты мен айла-тәсілі бірдей Көшекең жалаңаш етіне түйе жүн шекпенін киі салып, кез келген жаумен ұрысқашығып, кірген бойда қарсы келгендерді түсіріп кетіп отырады екен. Ел аузында ол кісі жайлы мынандай бір әңгіме де бар. Бәйбішесі ауырып қалып, қазандағы қайнап жатқан құртты араластырып жатса керек. Ойда жоқта тосыннан келген жау, «Көшербай батырларың қайда? Батыр болса шықсын бері», — деп өктем дауыспен айқай салады.

Сонда Көшекең:

«Жауға барса ат ойнатқан  
Көшербай,

Үйге келсе құрт қайнатқан Көшербай батырың мен болам» деп, кермедегі жауға сайлаған тұлпарына міне сала, ұрысқа кіріп кеткен екен.

Көшекең аттардың түр-түрін ұстап, оларды баптай білген адам. Өзі баптап жаратқан бір тұлпары жоғарғы Сыр бойындағы бір байдың асында бәйгенің алдын бермей, қарақшыдан жалғыз келіп, өтіп, бас бәйгені алып қайтады. Сол жолы ол тұлпары — «Найманкөк» деген атақпен елге оралған екен.

Түктібайдың кіші баласы Баянсарының үйленуіне себепші болған ағасы Көшербайдың өзі болғандықтан, өзгелері тіс жарып, қыңқ ете алмай жым болған екен. Көшербайдың он ұлының бірі — Дулыға, Баянсарының бес ұлының бірі — Дамбыр екеуі бір-бірінің ойын айтпай түсініп, әкелерінен көрген өнегеге ұқсатып, істелер іске екеуінің «А» — дегенде үні бір шығып, істері бір тынып отыратын. Бұл екеуінің жүріс-тұрыс қоныстары да бірге болған. Бабалардан қалған ерлік пен елдіктің және бірліктің өнегесі соңғы ұрпақтарға әлі күнге жалғасып, ел аузында Түктібай руы аңыз боп келеді. Мұның бәрін біз Түктібай бабамыздың берген батасының жалғасқан шапағаты деп ұғамыз. Бұл Әйімбет, Оспан әкелеріміздің айтуынан қалған естелік еді», — дейді Сәрсенбай Оспанұлы ақсақал.

Дулыға дене тұлғасы ірі Бағаналының жаужүрек айбынды батырларының бірі еді. 1856 жылғы «Айнакөл» айқасында Дулыға мен руы Жаңғабыл Дәрібек батыр, Аманбай батырдың қосынында бірі оң қолы бірі сол қолы болып, тізе қоса шайқасқан еді. Топқа кіргенде ұрыстың сан-қилы айла-тәсілдерін шебер қолданып, қарсы келген Қоқан әскерінің берекесін қашырып, өз сарбаздарының еркін қимылдауына оңтайлы жағдай туғызып, жаудың шебін бұзып, одан әрі жапырып өтуіне мүмкіндік жасайтын. Батыр Аманбай Дулыға мен Дәрібекті өзіне тең санайтын. Оны «Қамал бұзған» Аманбай батырдың жоқтауынан келтірілген үзіндіден толық аңғаруға болады.

Егеулі найза өңгерген,  
Олжасын елге тең бөлген.  
Астындағы тұлпарға,  
Жалын тарап, жем берген.  
Ақыл-айла иесін,  
Өзіменентеңкөрген.  
Пошымына сүйсінген,  
Кенесары бір көргеннен.  
Қоқанменен соғыста,  
Сұрапыл күшін ел көрген.  
Жау жасағын жапырған,  
Өткізіпнайзаөңменнен.  
Шәлтекенің баласын,  
Тайпалы жұртқа теңгерген.  
«Қамал бұзған» атағың,  
Қалды артында өлгенмен.

Дулыға аға сұлтан Ерденмен тұстас, әрі сыйлас болатын. Дулығаның ел ішіндегі беделі мен сан ұрыстардағы ерлігін Еркекең жоғары бағалайтын. Өзіне ең сенімді және беттілігі мен өткір сөзділігін іштей сезетін Дулыға, інісі Дамбырды аға сұлтан Ерденге жұмсап, өз иелігіндегі жерге іргелес Ақтұманы алғысы келетінін білдіреді. Еркекеңе барған Дамбыр ескі қоныстары Шу, Сарысу, Есіл жер шалғайлығынан елге қиындық келтіріп жүргенін айтып және сізбен іргелес қоныстағсақ ел мен ел жақындасып, құрыштай құйылған бірлік болапр еді ғой, деп өз сөзін аяқтап, жауабын күтеді.

— Дулыға қаласа, көңілі кеткен жерін алсын, айта бері, — дейді Еркекең. Бұл шешімді естігесін Дулыға батыр, руы Бекболат ағайындарға Ақтұманы алғандығын айтып, жер көлемін белгілеп кетеді. Ақтұманы иеленіп отырған Бекболат ағайындарға Ақтұманы алғандығын айтып, жер көлемін

белгілеп кетеді. Ақтұманы иеленіп отырған Бекболаттар Еркекеңе барып, «Бұл қалай, бізге берген Ақтұманы Дулығаға бөліпсіз», — деп, реніш білдіреді.

— Оларың рас, Дулығаның сәлемін Дамбыр келіп жеткізгенде «Жарайды» деген сөз аузымнан шығып кетіп еді. Енді ол жер өздерінде қала берсін!, — деп Еркекең Бекболаттарды қайырады. Бұл хабарды естіген Дулыға батыр Ерденге келіп, амандық-саулық сұрасқаннан кейін, «Ақтұманы алдымен Бекболаттарға бересіз, одан кейін маған бердім, — депсіз мен мұныңызға түсінбедім», — дейді.

— Оның екеуі рас, Ақтұма бір бұлақтың ғана көлемі ғой. Сіз, Жыланды өзенін басынан бастап Бокбасқа дейінгі, өне бойын түгел алыңыз. Дамбыр ініңіз Ақтұманы сұрай келгенде, «Панасы қатпарлы, суы ақпарлы жерді қалар едім» — деген, сөзі бар еді. Басқағылды Қарасүйірге дейін сол алып, менің іргеме орналассын, кейін бұл аралыққа кірістірер туыстарын, кірістіре берер, — деп тұжырым жасайды.

Еркекең кемеңгер — данышпан адам ғой. Ол кісі бір көріп, сөйлескен адамның ішкі сырын тез аңғаратын. Аузынан жалын атқан Дамбырдың өткірлігі мен сөзін жеріне жеткізе алатын шешендігіне сүйсінген Ерден, түбінде бір ісіме жарап қалар осы жігіт деген оймен, өзіме таяу қоныстанғаны теріс болмас деп есептеген. Сонымен, жаңа қоныс алған Дулыға батыр ризашылықпен аттанған екен.

Көшербайдың төрт әйелінен тараған он ұлдың ішінен озық шығып, ел тарихында аттары қалғаны Дулыға мен Бейіс. Дулыға сөз болғанда, Бейіс жайында айтпай кеткеніміз әбестік болған болар еді. Дулыға батыр болса, Бейіс от ауызды, орақ тілді би болған адам. Бейсекең қара қылды қақ жарған әділдігімен, ешкімге қара сөзден бес бермеген шешендігімен, сөз атасын кез келген тұста жүйелей алатын тапқырлығымен ауызға іліккен зерделі кемеңгер тұлға. Өзіл-оспақ, қағытпа сөзге шебер тұстасы, руы Жырық Өтеу Аймырза шешен, Бейісті сөзден ұтпақ болып, неше келсе де, үнемі жеңіліс тауып отырған. Бейістің қартайып, әрі ауру меңдеп, әл үстінде жатқанын естіп, Аймырза шешен бір топ қатарларын ертіп, көңілін сұрай келеді. Көзінің тірісінде бір шалып қалайын деген оймен:

— Бейсеке, айтып кет, жасында не болдың? — деп сауал тастайды. Сонда Бейіс:

— Өзің не болдың?, — деп қарсы сұрақ қояды. Аймырза:

— Мен жасымда айғыр болып кісінедім, бұқа болып өкіріп күл шаштым, қошқар болып сүзісіп, теке болып бақылдадым, — деп жігітшілігін айтқан екен. Сонда Бейіс бір ауыз сезбен:

— Мен, сендей хайуан болған жоқпын, — депті. Аймырза:

— Ой жарықтығым-ай, ең болмаса өлерінде де бір алдырмай, шалдырмай-ақ кеттің-ау! — деп өзінің сөзден тосылғанын мойындаған екен.

Дулыға мен Бейіс және інілері Дамбыр ел болашағын ойлап, дау-жанжал, теріс қимылдарға жол бермей, ағайын-туыстарын достық арнасына салып, қалыптастырған адамдар. Дулығаның батырлығы мен кісі алғырлығы қатарларын таңтамаша қалдыратын. Майда тілмен кез-келген елдің жақсы-жайсаңдарын өзінің ығына ертіп жүре беретін. Ағайын-туыстары мен қоңсы елдердің беделді адамдарын татулық пен берек-бірлікке шақырып, іргелі бағыт ұстанумен ерекшеленетін.

Шу. Сарысу қыстақтарынан көктемгі қар суымен жылжи қонып отырған Дулыға елі Жыланшық өзені бойына жетіп, Қыпшақ байларынан алған «Қолдас» пен Сейткерек — Бірәлінің «Шаңсуаты» аралығында төрт түлік малдарын төлдететін. Алған төлдері есейе келе бір ай, бір жарым ай шамасында Есіл — Атбасарға қарай жұрт аударып, ол жақты төрт ай жайлап, кері қайтып, көктемгі мал төлдеткен Жыланшық бойына келіп, қой күземін алатын. Одан қыс қыстаулары орналасқан Сарысу мен Шуға көші-қон қамына кірісетін. 1890 жылы Шудан Есілге көшіп келе жатқанда жолдағы мал төлдететін жері — жыланшық өзені бойына таяу қалғанда Дулыға батыр қатты ауырып, көп кешікпей дүниеден озады. Елі Дулығаны қастерлеп жөнелтуге жұмыла кіріседі. Ағайын елі, туған-туыстары болып, ақылға келіп, Дулыға батырдың мәйітін Түркістанға жеткізіп, «Өзірет Сұлтан» Қожахмет Яссауи кесенесінің іргесіне жерлеуге уәде байласады. Өзірше ақ жауып, арулап, намазын шығартып, аманатпен күзгі салқын түскенше осы жерге сақтай тұруға келісімге келеді. Аманатқа иелік жасап, күнделікті құран бағыштап отыруға бір үйлі жан қалдырады. Арнайы киіз үй тігіп, мәйітті құрымға орап, керегеге жатқызып, шаңыраққа көтеріп байлайды. Ел Есілді жайлап, одан қайта оралып келген соң, Дулығаның мәйітін ақ түйеге артып, қажетті жабдықтарын камдап, тынымбай қажы, Бейіс би, дамбыр, Таубай, мақамбеттер болып Түркістанға аттанған еді. Мәйіттің біраз уақыт аманатта сақталған жері — Қолдас пен Шаңсуат аралығы, содан бері қарай «Дулығалы» аталған екен.

## **БАҚТАЛАСТЫҚТАН МЕРТ БОЛҒАН**

Қамбар батырдың қыс қыстауы Қаратаудың терістік батыс жақ етегі болатын. Бұл өңірдің қысы Арқа жеріне қарағанда 1,5-2 айға жуық кеш түседі де, ақпанның аяғы, наурыздың басында-ақ, қар кетіп, көктем шыға бастайды. Қыстан қысылмай күйлі шыққан төрт түлік малдың аузы көкке іліккелі қашан, отар-отар кой мен табын-табын жылқылардың бүйірі шығып, төскейдегі жазықта жатыр. Күзгі күйек алу және көктемгі төл төгіні де арқа жеріне қарағанда 1,5-2 ай бұрын басталады. Қазақтың Қыдыр орнаған Қаратауы, халқымыздың тарихында ерекше орын алған қасиетті өңір екендігін ел аузындағы аңыздардан естіп жүрміз. Қаратаудың биік шыңдарының бірі — Қазығұрт. «Қазығұрттың басында кеме қалған» деген ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан әңгімелер де айтылады. Шығыс елдері Үнді мен Қытай жерлерін, орта Азия мен Қазақстан жерлерінен бөлігі жатқан жоталы ғұлама биікті Тянь-Шань тауы деп аталады. Қазақтың кәрі Қаратауымен бойында мәңгі мұзы мен қары жатқан Алатауы сол Тянь-Шанның бір бөлігі ғана. Бұл биік таулар біздің жерімізді шығыстан соққан сұрапыл желден халқымызды жер қайысқан қалың жаудан сақтап келген. Бұл биіктер жотасынан әрі — бері асу оңайға түспейді. Одан тек «жанын шүберекке түйген» жанкештілер ғана өте алатын?

Қамбар батырдың елі төрт түлік малдың төлін өргізгеннен кейін, жаз жайылымына қарай жылжи көшетін. Ол елдің жаз жайылымы Шу өзенінің бойы болатын. Аты шулы Шу бойы қалың ну қамысты, тоғайлы болып келеді. «Қара қасқа атты Қамбар» қысасында айтылатын қамыс ішінде кездейсоқ кездескен жолбарысты соққан жері де осы Шу бойында болса керек. Шу бойының оты сирей бастаған кезде Жетіқоңыр құмының күнгейі жақ бетіндегі сулы құдықтарына келіп, күзекті сол жерде өткізеді екен. Бұл өңірге негізгі әкелетін малдары ұзынаяқты жылқы еді. Терең қазылып, сексеуілмен шегенделген құдықтардың суын мың жылқы суарылғанда бір ортаймайтын. Осы күнде сол құдықтарға Жамбыл облысының Шу ауданының жылқы табыны жаз жайлайды. Шуды жайлап, енді құмның құнарлы майлы шөбіне аузы тиген жылқының түгін тартсаң, майы шығады. Мал күйлі болып, ақ мол болса, ел де көңілді болатыны белгілі емес пе.

Ауыл-ауылды шақырып, дәм татқызу, саба-саба қымыз ішіп, семіз тайдың етін жеген ауыл адамдары да көңілді. Қызара бөрткен жігіттердің шекелері торсықтай, жас келіншек-бикештердің келбеттері пісіп тұрған алмадай көз тартады.

Қамбар батырдың алпысты алқымдап, тоқтасқан кезі болса керек, аздап шау тартқанымен әлі де болса бойынан күші қайтпаған кезі. Сол кезде Сәмен батырдың да атағы шығып тұрған. Сәмен толысып тұрған әлді де, айбарлы да жас батыр еді. Оның бет қаратпас батылдығы көзсіз батырлығы оны неге де болса тайынбай желіктіре түскен. Аң іздеп көктен жерге түйілген алғыр қырандай қомағайланған Сәменнің көзіне Жетіқоңыр құмының күнгей қатқылында жатқан Қамбар батырдың жылқысы шалынған, сәменнің көзіне Жетіқоңыр құмының күнгей қатқылында жатқан Қамбар батырдың жылқысы шалынған. Сәменнің түпкі ойында жылқы емес, іздегені жер жарғандай атақ-даңқын шығару болатын. Қамбармен жекпе-жекке шығып, айқасу оның жатса-тұрса ойынан кетпей мазалай берген. Енді міне, соның сәті жаңа түскендей сезініп, бір топ адамдарымен келіп, Қамбар ауылының жылқысына тиген. Бұл суық хабар ауылда жатқан атақ-даңқы аңызға айналған қарақасқа атты Қамбар батырға да жеткен. Сауын жылқыдан ат алдырып, балуан білекті, өр кеуделі жігіттерді жиғызып уақыт ұттырмай Сәмен айдап кеткен көп жылқының ізіне түскен. Шұбыра жөнелген жылқының ізі түстікке қарай құмнан асып жатыр. Қуғыншылар құмнан асып түскенде «Қопабайдың» түстік жақ қатқылында кетіп бара жатқан жылқы да көрінген еді. Жау жағы да қуғыншыларды ұрысқа ұрымтал жерін бағдарлап келе жатқан. Сәмен олардың ішінен атының басын кері бұрып, оза шыққан еді. Таяп келген Қарақасқа атты Қамбар батырды ол жекпе-жек шайқасқа шақырған. Ашуын ақылға жеңгізген Қамбар батыр, жарқын жүзбен, ағалық назбен:

— Әй, Сәмен екеуіміз осы жерде мерт болмайық, сен, мына жылқының қақ жартысын ал да, «Қамбар батырдың жылқысын шауып, алып қайттым деп еліңе бар. Мен Сәмен батырдан жылқымды айырып алып қайттым деп, ауылыма барайын» — деген. Қамбардың бұл сөзінің үлкен мәнісі бар еді. Орыс халқының «Балықшы балықшыны алыстан көреді» дегендей, Сәменді бір көргенде-ақ, оның нойсан, қайратты арыстан жүректі, алған бетінен қайтпайтын батыр екенін таныған еді. Бірақ, Қамбардың бітімшілік сөзіне Сәмен құлақ аспай:

— Жылқыңды күшің жетсе аласың, жетпесе менікі болады деп, шайқасқа шақырған. Осыдан әрі сөз болған жоқ, екі батыр жекпе-жек айқасқа кірісіп те кеткен. Екеуі бетпе-бет келіп, сарттасұрт найза қағысып, өте шығады. Қайыра келіп, екеуі де біріне-бірі найза салысады. Екеуінің де денесіне найза дарып жараланған. Бірақ, Қамбар батыр тыңдау еді. Оның Сәменге салған найзасы қолын сүйсіндірген еді. Ол атының басын кері бұрып, кете бергенде, бар күшін жиып алған Сәмен оның арқасынан найзасын қадап жіберіп кері тартып қалған. Найзасының ұшы сынып, Қамбардың арқасында кеткен. Сәмен батыр, одан әрі тұруға шамасы келмей, әлі кетіп құлап, сол жерде қаза болған. Батыры құлаған жаудың жылқысында жұмысы болған жоқ. Олар қазаға ұшыраған батырының басында топталып қала берген. Жылқылары қолға тиген Қамбар батыр бастаған ауыл адамдары келген ізбен құмның арғы бетіндегі биік төбеге таяй бергенде қамбар батыр жігіттерін шақырып:

— Мені биік төбеге шығарындар да, арқамдағы «шәгірді» жулып алындар!, шыдатпай барады деген. Құм төбеге шығып аттарынан түсіп, Қамбар батырдың арқасындағы найзаның сынық ушын бір қарулы жігіт қос қолдап жұлып алғанда, сау ете қалған қанмен бірге, Қамбардың да жаны шығып кеткен. Сол қамбар өлген төбе «Қамбар төбе» деп аталады. Сол жердегі қыстақ та қамбар деп аталып жүр.

Ал, енді, манағы шайқас болған жерде сәмен жерленіп, басына бейіт тұрғызылған. Сол бейіт осы күнге дейін тұр. Қабырғасын қалың етіп салынған боз бейіт. Бейіттің ішкі-сыртқы көрнісі кіші жүздің Тама руларының ескі бейіттеріне ұқсас. Соған қарағанда Сәмен кіші жүздің батыры ме дегендей ойға келесің, сол жердің аты «Қарақойын — Сәмен» деп аталады. Біреулер Сәменді Қалмақтың батыры деп жүр. Негізінде бейітіне қарасаң жоғарыда айтылғандай қазақтың бейітіне ұқсайды. Соған қарағанда Қалмақ деген жаңсақ пікір болуы мүмкін. Ал, енді жердің аты «Қарақойын — Сәмен» деп аталуын, біреулер құмның түстік жағы қойнау болып келеді, содан болу керек дейді. Қамбарды өлтіргелі «қараниет» оймен келгендіктен, мүмкін Сәменді қарақойынды деп атауы ықтимал.

Мен көп жылға дейін Қамбар төбені басқадай бір аттас адамның атынан қалған болар дейтінмін. Мұхтар Әуезовтың шығармаларын оқып жүргенімде жетінші кітабында Қарақасқа атты Қамбар батырдың Қаратау етегін қыстап, Шу бойын жайлап, күзегін Жетіқоңырдың құмында өткізетіндігі жайында жазылған екен. Сол сияқты Ілияс

Есенберлиннің «Алмас қылыш» романында Қарақасқа атты Қамбардың «Қарақойын — Сәмен» тұзды көлінің жағасында қалмақтармен шайқасқанын жазады. Осы деректерге қарағанда Қарақасқа атты Қамбар батырдың Жетіқоңыр құмында болғанының толық дәлелі бар. Ал, ел аузындағы аңызға қарағанда Сәмен де қазақтың бір батыры есебінде айтылады.

Қазақ халқында жазба тарихтың толық болмағандығынан халқымыздың ескі өмірі жайында ауытқушылық мағлұматтар көп пе деп ойлаймын.

Қорыта келгенде туған халқымыздың тарихын зерттеп, келешек ұрпаққа мұра етіп қалдырғанға не жетсін. Ол істі тарихшылардың үлесіне тиетін қасиетті іс деп білмекіміз.

## ***ЕРДІҢ АТЫН—ЕЛ ШЫҒАРАР***

Патша әскерінің бөлімшелерімен әлденеше болған ұрыстардан шаршаған сарбаздарын тынықтыруды ойластырған Кенесары — Наурызбай Ұлытау өңіріндегі Жезді өзенінің бойындағы «Қарабұлаққа» шатырын тіктіріп, аялдаған.

Атбасар атырабының дуан басы, Аға — Сұлтан — «правитель» бола тұра, Ерден батыр Кенесары Қасымұлымен де тіл табысып, достық қарым-қатынаста болған. Бұл бағытта шұбыртпалы Ағыбай батырдың ықпалы болғанға ұқсайды. Ағыбай батыр Ердекеңмен ертеден досжар болған екен. Оның да арғы ата-бабасының мекені осы Ұлытауда болған деген де сөз бар.

— Қордай асуындағы сәтсіздікке ұшыраған Кенесарының қосындары тоз-тоз болып, елге қайтқанда Ағыбай батыр өзінің туысқандарымен осы күнгі Ақадыр ауданының жерінде аялдап, кейіннен орнығып қалған екен.

Жә, енді негізгі әңгіmemізге көшейік. Кенесарының Ұлытау жеріне келісінің мәні, біріншіден әскерін тынықтыру болса, екіншіден сарбаздарының құрамын толықтыру және сонымен қатар жорыққа жарайтын қажетті ат жинастырып алу болған.

Ел амандығын ойлаған Ерден батыр, Кенесарыға адам беруден гөрі жинастырып ат беріп, шұбыртпалы Ағыбай батырдың көмегімен өз адамдарын ажал аузынан аман алып қалған болатын. Десек те, өз еркімен Кенеханның қосындарына Бағаналы елінен бірде-екілі батыр жігіттер ерген екен. Соның бірі Шәлтеке руынан шыққан Мыңжылқы

деген батыр еді. Мыңжылқы Кенесарының өз қосынында болатын. «Қордай» асуындағышайқаста сан көлемі 20 еселенген сансыз көп Қырғыз әскерінің қоршауында қалған Кенесары қосыны жан-жақтан қыспаққа алынды да, оның өзінің атына оқ тиіп Кенесары Қырғыздардың қолына түседі. Сол кезде қоршаудың бір шетінен жанұшырып, бұзып шыққан біраз батыр сарбаздардың ішінде Мыңжылқы батыр да бар еді. Соңдарына түскен Қырғыздардан әрең дегенде сытылып шыққандар «Балапан басына, тұрымтай тұсына» дегендей заман болғанда бет-бетімен тоз-тозы шығып, елге беттеген.

Неше күн жол-жөнекей ашыққан сарбаздар астарындағы аттарын сойып жеп, шамалары келгенше алға қарай жылжи берген. Өбден ашығып титықтап, бойынан әлі кетіп, жалғыз өзі «Енді қайттым?!» дегенде жаяулап Шу өзені бойына ілегеді. Су ішіп қисая кеткен жерінде талықсып ұйықтап та кетеді. Қанша жатқаны белгісіз, оянып аяғын тәлтіректей басып өзенді жағалай бергенде қалың тоғайдың ішінен шұбатыла биіктей көтерілген түтінді көзі шалады.

— Бұл да бір мен сияқты пенденің бірі болар, қолына бірдене іліккен шығар, барып білейін деп әрең-әрең бассып таяу келгенде жападан-жалғыз бір дәу қосынан шығып, жерошақтағы қазанның астына үңіліп, ағаш салып жүргенін көреді. Денесі тосын кездескен айбарлы адамнан сескенгенмен аштанап қайда бармақшы? «Не де болса барайын, бәрі бір өлім емес пе? Оған барса да өледі, бармаса да өледі. Осы оймен аз толғанған Мыңжылқы батыр Қазан басына қалай барғанын өзі де аңғармай қалады. Дәу оған бір қарайды да жұмысы болмаған адамдай жаңа ғана сойылған семіз байталдың бауырын отқа қақтап пісіріп жатыр. Шамасы қазандағы еттің пісуіне шыдамы жетпеген болуы керек. Бауырдың исі бұрқырап шала пісіп қалған екен, дәу оның шетінен бір кесіп алып, аузына салып жіберіп, шайнады ма, әлде шайнамады ма, әйтеуір жұтып жібереді, ол пышағымен тағы бір кесіп алып оны ағашқа шаншып, «әй, мә!» деп. Мыңжылқыға итке сүйектастағандай ұсынады. Оны күтпеген және екі аяғымен теңселіп әрең тұрған Мыңжылқы шалқасынан түседі. Оны көрген дәу, тұншықтырып, өлтірмекші болып, Мыңжылқының кеудесіне қона түсіп, оның екі шықшытына жармасады. Қанша әлсіз десек те, жан беру оңай ма? Мыңжылқы батыр да қарап қалмаған екен. Дәуден рақым күтпеген ол дәу кеудесіне қона түскен кезде етегінің қонышындағы қанжарын суырып алып, дәудің қарнына сұға, осып жіберген екен. Ішек қарны ақтарылған

дәу «Мені құдай кара бастырған екен» дегенге ғана тілі келіп, жоқ жерде жан тапсырған.

«Өлмегенге өлі балық кездеседі» деген емес пе, оңаша тоғайдың ішінде жылқының жылы — жұмсағын жеп, екі аптадай болып, әл жиып алған батыр, байталдың шикілі-пісілі етін, оның терісінен дайындалған қоржынға толтырып және дәудің атына мініп, «Бетпақтың» жонына шығып, туған ел қайдасың деп тартып кеткен. Жолай күндіз аялдап дем алып, түнгі салқынмен жүре берген. Сонымен байталдың еті таусылып, енді астындағы дәудің атын сойып, оның дәмді жерлерінен көтергенінше ет алып, жаяулап бірнеше күннен кейін, Жетіқоңырдың құмынан келіп құлаған екен. Аман — есен елге жеткен Мыңжылқы батыр тәңірінің дәм-тұзы таусылғанша туысқандарының ортасында өмір сүріп, ажал келген күні дүние салған екен.

Мыңжылқы батырдың ұрпақтары, осы күнде Оңтүстікте, Түркістан маңында тұрады.

Еліміздің тәуелсіздігін аңсаған және соның жолында өзіне төнген қауіп-қатерге қарамастан, мерт болған Кенесары — Наурызбай сарбаздарының қатарында болып, барлық қиыншылыққа төзген Мыңжылқы батырды үлкен көнекез қариялар бала кезімізде мақтанышпен айтып отырушы еді.

## **БАЙЛЫҚ — ҚЫДЫР ДАРЫҒАНҒА БІТЕДІ**

Орман-тоғай жағалап сылдыр қаққан күміс сулы Қаракенгір өзенінің бойы «Көгелең» жерінен өткенде ерекше түрге бөленіп, жас арудың алқасындай көзге шалынар. Шығыс беттегі бір-бірімен жалғасып жатқан биік адырлар ағыны қатты желден қорғар, қорғанды еске түсіргендей. Сол адырлардың аңғарлы бір кең қуысынан, айдынды-қарасулы, жағалай біткен қалың шиі мен қамыс-құрағынан өте бере қарсы бетте өткен ғасыр тарихынан хабар беріп, дүзен кесенесі еңселі — биік көрінісімен көзге түсер.

Дүзен сол кездегі ең бай адам екен. «Інісі Ағасұлтан Ерденге күн құрғатпай, ел-елден, жер-жерден тартуымен үйір-үйір жылқы келіп, малына-мал қосылып жатқанда, ағасы Дүзеннің байлығына жеткен емес» деген сөз бар.

«Жері байдың елі бай» деген ғой жарықтық Дүзеннің иелігінде болған сол алқаптың табиғи байлығы көп жерлерден ілгері тұр. Анау, Ақсайдың жоғарғы жағындағы қарасу бойы,

оның шығысында жатқан Көбей шілігі, одан әрі Әлімбек төңірегіндегі адыр-адыр мен төбе-төбенің қойнаулары мен ойпандары шалғынды, қыраттары тізеден келетін қалың шөпті болып, көп малдың жазғы-күзгі жайылымдығына молынан жетіп жатыр.

Дүзен қыстағынан түстікке қарай жайыла жатқан жазықтың бозына шаруалар осы күнге дейін орақ салады. Сол жазық жоталы биік қағылдарға барып ұласады. Арасы 15-20 шақырым жазықпен қосылып қатар жатқан үш қағыл көп жылқының қысқы қорығы болатын. Олар осы күнге дейін: «Бас қағыл», «Орта қағыл», «Аяқ қағыл» атанады. Олардың аяғы «Жыланды» өзеніне дейін барып жатыр. Дүзеннің үш мыңнан аса біткен жылқысы табын-табынымен қысты сол маңда өткізетін. «Жылқыны жылқыдай адам бағады», деген емес пе, қысты қостап жылқы ішінде болатын жылқышылардың да дене — тұлғасы бөлек. Бас жылқышы Көбей бастаған жау жүрек, палуан білекті жігітгер болған дейтін.

Көбей — жершіл адам еді. Қыстың қақаған суығында, бораннан ыққан жылқының ізін кесіп, жігіттерін дәл үстінен тусіретін. Бағымы күшті жылқыдар жонынан жарылардай қонды болып, көктемде бие мен байталды қойғанда ересек тайлар құлындайды екен.

Бірде, кең өріске шашыла ұзап кеткен жылқыларды тәңертеңнен бері жиыстырумен жүрген Көбей астындағы аты босаңсыған соң, жылқы ішінде таяу кетіп бара жатқан кер құнанға құрық салады да, ұстап мінеді. Өлгі керқұнан қайратты жылқы болып шығып, мықтылық көрсетеді. Жолай құлындап, құлындарын тастап кеткен екі қулықтың, екі құлынын екі жақ қоржын басқа салып, ымырт үйірілгенше шабуылдағанда кер құнан бір болдырмайды. Соны көрген Көбекен, «бұл бір қажетке жарар» деп суытып, жылқының ішіне қоя берген. Жыл артынан жыл өтіп кер құнан бабындағы бесті ат болған.

Бір күні Ерден батырдың Атбасарға барып, қайтатын тығыз жұмысы болып, өз жылқысында оған бір күнде жетіп, келесі күні қайта оралатындай ыңғайлы ат болмаған соң, ағасы Дүзгенге адам жіберіп, ат сұратады, Дүзекең келген адамды, «ат тауып беріп қайырсын» деп, бас жылқышысы Көбейге жібереді. Көбей өзіне сенімді Кербестіні ұстатып, Ертекең жіберген адамға жетелетіп жібереді.

Таң асырып, таң сәріде аттанып кеткен Ерден батыр, күн батпай Атбасар қаласының шетіне іліккен екен. Ертеңіне таң құланниектене Атбасардан шыққан батыр, кешке

«Көгелендегі» «көк-үйге» жетіп қонған. «Мұндайда ат шыдаса да, адам шыдамайды деуші еді, көпті көрген қаршлар», «Сондай суыт жүріске шыдау үшін, Еркекең денесін жіңішке қыларқанмен шандып, бұлшық еттерін босатпапты» — десетін. «Көк-үймен» Атбасарың ара қашықтығы 360 шақырым екен. Кербестіні таңасырып, суытып, жылқышылар оныңерін алып жылқыға жібере салады.

Екі күнгі суыт жүрістен қиналған Кербесті, мал да болса ренжіп, қатты ашуға мінсе керек, шапқан күйінде жылқыны үш айналып, беті терістікке қарап жөнөп берген. Оның соңынан ерген көп жылқы, жылқышыларға қайыру бермейді. Оны естіген Көбей өзінің көп жылқыдан таңдап, тақымына басқан аты — «Көбейторымен» соңына түседі. Бірақ көп жылқының тұяғынан көтерілген шаң қарадауылға айналып, көз аштырмай жылқыға жете алмай қайтқан. Сөйтіп, Дүзекеңнің көп жылқысының бір үлкен табыны оралмай кеткен.

Үлкендердің айтуынша «Кербесті ат — Дүзен жылқысының қыдыры» болғанға ұқсайды. Кербесті кеткеннен кейін. Дүзекеңнің жылқысының көлемі жылдан — жылға төмендей берсе керек.

Дүзекең — Қыдыр дарыған тарихи тұлға. Оған салынған үлкен күмбезді Кесененің құрылысына кеткен шығынның өзі, кез-келген бай адамнан шыға бермесі анық. Және ондай бейіт, Алашаханнан соң Дүзенге салынғаны тарихтан белгілі.

Бұл әңгімені қаракеңгірлік Жұманұлы Сәти ақсақалдан жазылып алған.

## **ӨТЖАН — БИ**

Қазақ жерінде жер дауы, жесір дауы, барымта үзілген емес. Осыдан ел-елдің ру-рудың арасында ауық-ауық қақтығыс, жанжалдар туып отыратын.

Торғай бойындағы Қыпшақ елінің атағы шарықтап тұрған байы Бірәлінің жігіттерінің бірі, Махат ауылының күйеуі өліп, отырыңқырап қалған жас жесірін астыртын келіп жүріп, айналдырып алып қашқан. Ол заманда жесірінен айрылу сүйекке таңба түсірумен тең, ел-елдің беделін түсіретін, бетке салық болатын, азаматтарының намысы мен ашу-ызасын күшейтетін, ел мен елдің сүттей ұйып келген береке-бірлігін бұзатын оқиға болатын.

Елінің намысы үшін, дүрліккен қызуқанды жігіттерін ақылмен тоқтатқан Махат ел мен елдің арасында араздық

тұрғызбау мақсатында шиеленісіп тұрған жағдайды бейбіт жолмен шешу үшін, игі жақсыларын жинап, оларға билерін басшы етіп, екі мәрте Бірәлі байдың еліне аттандырған. Бірақ беделі жүріп тұрған Бірәлі байдың өктемдік емеурінімен сусындаған ол елдің билері дес бермей, бағаналы елінен барғандар ешқандай нәтижеге жете алмаған.

Сонымен күн артынан күн, ай артынан ай өтіп, арада үш жылдан аса уақыт та өтіп кеткен.

Бұл ел жақсыларының еңсесін көтертпей жиын тойларда жағымсыз сөздер айтылып, ел арасында барымта-жанжалдың отын тұтатқалы тұрған.

Махат, Бірәлі байдың еліне үшінші рет жіберуге елге беделді жақсыларын шақырған. Бұл хабарды арнайы кісі жіберіп, Шу бойын қыстап жазға қарай елге жақын келген Өтжан биге де жеткізеді.

Өтжан, Ердкеңнің көзін көрген жасы Махаттан үлкен ел арасында әділ билікпен атақ-даңқы шыққан, ірі тұлғаның бірі еді. Хабарды алып келген шабарманнан уақиғаның мән-жайына қаныққан Өтжекең қасына бес-алты адамдарын ертіп, Қаракенгір өзенінің қалың тоғайлы жағасында отырған Махат ауылына келеді. Өтжан келе жатыр деген хабарды алдын-ала естіп, алдынан қозы көш жерден күтіп алған Маханның жанында ауыл ақсақалдары мен жақсы жайсаңдары болған. Өздерін күтіп тұрған Махат бастаған елдің адамдарын көріп Өтжандар аттан түсіп, амандасып, амандық-саулық сұрасқан.

Сонда Махаттың оң қолы болып жүрген кешегі Ердкеңе де ерген жасы Өтжанмен қатар Қыдырма шешен Тұрып:

— Жүз үй Жабайдан шыққан Өтжан! — сен кешегі аға сұлтан Ерденнің орнын басқан Махатты күнге қақтап, күнсітіп, сәске түске дейін күттірдің-ау, сенің бұл қай басынғаның? — деп, қағыта зілді әзіл-қалжың айтқан.

Сонда қалжыңға-қалжыңмен жауап қайырып:

— Әй, Қыдырма, сен Махаттың қара тазысысың ғой, түлкіні шалуан сен шаласың, соғуын Махат соғады. Сен осы күйінді әлі түсінбейсің бе? — деп, Қыдырманың мысын бірден басқан еді.

Махат Өтжан бастаған қонақтарды үйіне әкеліп түсірген, Ауыл адамдарын жинап, Өтжекеңдерге сый-құрмет көрсетіп, үлкен жиын-отырыс жасалған.

Махат аулы сол замандағы сән-салтанаты шарықтаған, қазақтың ұлттық мәдениетін жоғары ұстаған, кісі түсіп, кісі күткен ауылдың бірі еді.

Қаракенгір өзенінің сол ауыл тұрған тұсы ені — 1-1,5 шақырым тал-қамыс өскен қалың тоғай. Сол тоғайдың ішінен күнге қарай жүрер болсаң, қалың шабын өскен алаңқы қойнаулар мен қуыстар жиі-жиі көзге шалынып, қайсыбір жерлерде табанды шабындықтар сай сайды қуалап, екі жақ қабатқа қарай жайылма шөптесінге ұласып, жайқалып жатады. Осы тамаша көрініс өзен бойын қуалай, әрі қарай түрлене түседі.

Махат ауылы ар жағындағы Құмды адырдан бері қарай жалғасып жатқан белес-белес төбелердің өзенге еңкейген түбінде тұр. Ауылдың қарсы алдында арғы бетегі қабақтан әрі түстікке қарай созылған кең жазықтың арғы шетінде сұлу күмбездей аспан түстеніп, көкшіл тартқан Ерденнің Ақшоқысы көрінеді. Сол Ақшоқының батыс жағында Ұлытау мен Айыртаудан басын алған Қарағанды өзені күнге қарай ағып, Махат ауылының төменгі жағында Қаракенгір өзеніне келіп құяды. Сол Қарағанды өзенінің Ақшоқыға қараған оң жақ қабағындағы домалақ төбенің басында Ерден батырдың бейіті тұр.

Қаракенгір өзенінің төмен ағып, оңға қарай бұрыла түскен иінінде тұрған биік — Қарашоқы, Ерденнің Ақшоқысы мен екеуі жер ананың егіз туған тумасындай елес береді. Қарашоқының батысында тұрған Ақшоқыға дейін, одан өзен бойындағы Махат қыстағына қарай созылып жатқан алқап, Махатқа тиесілі жер еді.

Махат үйіне жиналған жұрт үйді-үйіне тарасқан. Өтжан мен жеке қалған Махат Қыпшақ елінің байы Бірәлінің өктемдік жасап, Махаттың жіберген ел жақсыларымен билерінің қойған талаптарына бой ұсынбай жесір бауының осы уақытқа дейін шешімі болмай, ел арасының өшпенділігін туғызып, шиеленіс үстіне шиеленісіп отырғанын айтын ақылдасқан.

— Осы дауды шешіп, бітімге келтіруге Сізді лайық көріп отырмын. Елге беделі бар жақсы — жайсаңдарымызды ертіп Сізбен бірге өзім де барсам ба деп ем — деген.

— Махатжан-ау, екеуіміз бірдей барғанымыз жөн болмас. Дау шешімін таппаған жағдайда екеуіміз барсақ артымызда кіміміз бар дейміз. Бұл шаруаға біреуіміз ғана барғанымыз дұрыс. Біреуіміз елде қалғанымыз жөн, өйткені осы жолы мен есе ала-алмай қайтсам, артымда Махатым бар деп оларды ықтырып, кетпеймін бе, — депті.

— Дұрыс айтасыз, Өтжекем. Бұл менің ойымда болған жоқ еді. Сондықтан ел жақсыларын бастап Сіздің барғаныңыз лайық екен, — деген.

Сөздің түйіні осы байламға келген соң, Өтжан бастаған топ ертеңінде ертемен Торғайға беттеп, жол тартқан.

Өтжан бастап, Махат ауылының адамдары келе жатыр деген кабар Бірәлі байдың құлағына да жеткен.

Ауылға таяп қалған қонақтарды Бірәлі де жақсы ниетпен қарсы алып, үйіне әкеп түсіріп, ата дәстүрі бойынша қонақ күту қамына кіріскен. Ту бие сойылып, қонақ асы беріліп, сән-салтанаты жарасқан құрмет көрсетілген. Бірәлінің ақордадай үлкен үйіне сол елдің ел ағалары мен жақсылары және өнерлі жастары шақырылған. Астан кейін көңілді әңгіме-дүкендер құрылып, ауыл салты бойынша жастарға өлең айтқызып, домбыра тартқызып, көңілді қызу отырысқа айналған.

Түн ортасы ауа жиналған жұрт үйді-үйіне тарасып, қонақтар таза ауаға шығып, желпініскеннен кейін, түнгі ұйқыға бет алған.

Таң атып, күн шыққан соң, үйге екі иығынан дем алғандай үлкен сары самаурын да кірген еді. Шәй ішіліп болған соң, көп ұзамай салқын сары қымыз да келтірілген. Қонақтар екі-үш аяқтан дәмді қымызды тастап алғаннан соң Өтжекең сөз бастап, әңгіменің төркінін ежелгі атадан келе жатқан ымыра-бірлікті сақтау, халқымыздың достық-сыйластығын жоғары ұстау жайына қарай бұрып, кейінгі екі-үш жылда шиеленісіп отырған жесір дауын екі жаққа бірдей тиімді бітіммен аяқтауды ұсынған.

Үш ердің құнын алып, елге келген Өтжекеңдерді Махат бастаған ел адамдары қарсы алып, қуанышқа бөленген.

Түн ортасы ауа жиналған ел адамдары тарасқан кезде Өтжекең Мақатты шақырып, «Мақатжан, аяғыма батып барады, мәсімді тартып жіберші» — деп мәсісін шештіргенде Тай тұяр, алтын жарқ етіп жерге түскен еді. Өтжекең оған қол тигізбеген екен және мәсісін де шешпеген көрінеді. Мақатжан осыны сен ал, мені оған жуыта көрме, бұдан маған сен қадірлісің. Алмасаң ағаңды өкпелетесің — деген.

Сарыбұлақтан Сарыкеңгір өзенінің жағасындағы Қарабұлақ жеріне қарай жүрген жолаушы адыр-адырдың арасы мен созылып жатқан үлкен саймен жүріп отырады. Ол, Қунақтың ақ сайы аталады. Оның жоғарғы жағында Өтжан бидің түйе қорасы атанған қыстақ тұр. Ол қыстақтың Бөкейге қараған бетінде алыстан мұнартып, Тоқтыбестың қызыл бейті көзге шалынады. Тоқтыбас пен Өтжан түйе қорасының арасы 15 шақырымдай. Сол аралық алқапта мол су көздері: Дәуренбектің тас құдығы, Байсақанның аққұдығы, Нарымбайдың аққұдығы, Көшербайдың қырық құдығы деген

жерлер түгелдей шұбар болып, жерінде ашылы-тұщылы қияқ, боз, жусан, көкбек бірімен бірі араласып, ұйысып жатады. Көктем ерте шығып, жеріне жапырақ-шайыр, қарғатұяқ және тағы басқа алуан түрлі майлы шөптер қаптап, қыстан арыған малдар тез көтеріледі. Бұл өңірдің қары жұқа түседі және көбінде жұмсақ болып, жылқы табынының қыс тебініне қолайлы келеді.

Бұл өңірде көп жылдар бойы Сарыкөңгір кеңшарының 3500 жуық жылқысы, алты ай қысты осы маңда өткізетін.

Ертеде Өтжан бидің ауылы Көшербайдың «Қырық құдығын» күзеп, күн салқындай түсе күнгейге қарай Жіңішке Сарысу өзеніне көшіп-қонып, жайлап жерге сілбі түсе және алғашқы қар жауа бастасымен Бетбақтың жонын көктей өтіп, Шуға құлап кететін. Шу өзенінің бойындағы нар қамыстың ішінен жеңіл-желпі қыстақ жасап алып, қысты сол жақта өткізетін. Ол жақтың қысы Арқа жеріне қарағанда әлде қайда жылы болады. Содан көктем шыға қар еріп бастасымен қар суын пайдаланып, Бетпақтан бері асып, кететін. Бұл көшпелі Бағаналы елінің ертеден келе жатқан мал шаруашылығының әдіс-айласын сыйпаттайтындай бір көрініс еді.

Өтжанның жаз жайлауы Қарабала Жандәулеттің бұлағынан жоғары Сарыкөңгір өзенінің басы болатын. Онда Өтжанның жасатқан бөгеті де бар. Өтжан би бай болмаған, дегенмен өзіне жетерлік шаруашылығы болған. Кей жылдары жаз жайлымын Есілге дейін барып жайлап қайтатын.

Сол кездегі іргелі байдың бірі Жандәулет екен. Өтжан би Жандәулетпен досжар болып, сыйласып жүрген. Жандәулеттің болыс болған баласы Қалмамбай 1891 жылы патшаның мұрагері Николай II-ні қарсы алушылар қатарында Омбыға жүргелі жатқанда Жандәулет Өтжанға қолқа салып оның үйінің төрінде ілулі тұрған жолбарыс терісін сұраған.

— Бұл тышқанның терісі Қалмамбайжанның мықты бір кәдесіне жараса, маған одан артық не қымбат, алсын деген еді Өтжекең. Жолбарыстың ол терісін Қалмамбай болыс патша мұрагеріне сыйға тартып, оның көңілінен шығып, шеншекпен және басқа да бағалы сыйлықтар алып қайтқан еді.

...Шу өзені бойын жағалай қалыңну қамыс алып жатады.

Бірде Өтжан би қалың қамыс арасындағы жолмен келе жатқанда қамыс ішінде өзіне атылғалы тұрған жолбарысты көзі шалады. Ол қынабынан ұстарадай өткір қылышын суырып алып, қарсы ұмтылған жолбарысты қақ маңдайдан шауып құлатқан. Қалмамбайдың Николай II-ге сыйға тартқан сол жолбарыстың терісі еді.

Бағаналы елінің ішінде Өтжан бидің алатын орны бөлек болатын. Қазақтың атақты жазушыларының бірі — Сабыр Шәрипов патша үкіметінің қуғындауынан жасырын қашып келіп, Өтжекеңе паналаған. Ол Өтжан биге әуелі атшы бала, соңынан хатшы бала атанып, бірнеше жыл, сол кісінің қасында жүріп, арғы шеті Шу мен Телікөлден Арқадағы Есілге дейін, көшіп қонып өмір кешкен Бағаналы елінің ата-салтын көзімен көрген. Сабыр Шәрипов бағаналы елінің жер байлығын, төрт түлік малының байлығын, сән-салтанатын тарихта орын алған ескерткіштері мен әңгіме — деректерін осы Өтжекеңнен алып сусындаған еді.

Өтжан ұзын бойлы, қапсағай денелі, қайратты адам екен. Ол ел арасында әділ-билігімен, қара қылды қақ жарған турашылдығымен атақ-даңқы артқан ірі тұлғаның бірі.

Жазушы Сабыр Шәриповтың шығармаларында орын алған Бағаналы елінің өмірі жайындағы деректер осы Өтжан биден жазылып алынған екен.

Өтжан туралы игі жақсылар мен көнекөз қариялардың арасында әңгімелер көп айтылатын. Біздің беріп отырғанымыз сол әңгімелердің бірі ғана.

Халқымыздың өткен тарихында көрінбей бүркеніш астында жатқан нелер ірі тұлғалар бар емес пе. Олардың атын кейінгі ұрпақтарға жеткізу біздің заманның үлесіне тиген парыз ғой.

Әр уақытта өткен тарихымыздың алтын сандығының кілті табылып, одан бабаларымыздың салған жолы мен тарихта қалған орны көріне бергей демекпіз.

## ***ТЕРІСАҚҚАННЫҢ ТЕКТІСІ***

Мейрам қажы туралы үзік сыр.

Қоянды жәрмеңкесінен қайтқан бір топ жігіттер Есіл бойының жазық даласын артына тастап, Терісаққан өзенінің Есілге құйған жеріне бүгін жеткен. Маусым айының орта шамасы болатын. Өзен бойы қалың тал, қамыс, қайсыбір жерлері қорыс, ит тұмсығы батпайтын тұтасқан. Шеткері өскен түп-түп боз талдар тойға тігілген самсаған киіз үйлерше дөңгелене келіп әсемденіп, жасыл желектей жапырақтарымен көмкерілген. Айдындарды жағалай өскен нар қамыстардың шашақ ұштары самсаған сұлулардың сәукелесіндегі үкідей жайқалады. Сол күні жел тынық еді. Айдың сулардың жиекке жақын беттері сыңсыған жапырақтарымен жабылып, ара-арасындағы әуілдек гүлдері бейнебір шығып келе жатқан күннің сәулесіндей, су бетінің көркін кіргізіп тұр.

Тал-талдың арасындағы алаңқы жерлер мен кең қуыстар көкмайса шөпке жайқалып тұр. Шалғынның бойы алуан түсті гүлдермен әсемденіп, сұлу табиғаттың айғағы болғандай көрініс беріп, адам көңілін жадыратады.

— Осы жерден аттарды суарып алайық. Өзімізде мына айнадай таза суға бір-бір сүңгіп шығып, салқындап алсақ артық болмас. Аттар да ентігін бассын, — деді жол бастап келе жатқан мырза.

— А-а, шіркін, суы қандай мөлдір еді. Мына судың түбіндегі малта тастары інжу-маржандай жарқырауын қарашы, — деді талдырмаш келген ұзын бойлы қара сұр жігіт.

— Күзде жауын көп болып жерінің тоңы қалындап оның үстіне қар мол түскен жылдары. Терісакқан қатты тасиды. Өсіресе қар күрт еріп, тасығанда, бұл өзеннің ағысын сойқан болып, жолындағы кез-келген дүниелерді өзімен ілестіре әкететін. Ағыны саябырлаған арнасы кең тұстарында ағынмен ілескен тастар судың түбіне шөгеді де неше түрлі түрге бөленіп, жарқырап жатады. Жер жынысының құрамына қарай олар да алуан түсті болады — деді жолбасшы мырза Қаражігіт (руы шағыр).

Денелері сергіп, аттары да ширап алған жігіттер жолға шығып, жүріп кеткен. Жол-жөнекей қона-жатып, сәті түскен сәскеде Жанайдардың Мейрамының аулына келген. Топ кісілерді көрген ауылдың кішіпейіл жігіттері қонақтарға сәлем беріп, аттарын байлап жатыр. Ішіндегі ересек біреуі кісілерді бастап, Мейрам отырған үлкен ақ үйге кіргізді. Қонақтар сәлем берісіп, төрге жағалай отырысқан. Бұл топ бастап келген мырза Мейрекеңмен ертеден таныс еді. Аз отырғаннан кейін Мейрам жаңағы мырзаға қарап:

— Мынау кім?, Мынау кім?, Мынау «қатқан қараң» кім? — деп қарасұр жігітті көрсетті. Сол кезде «қатқан қара» селт етіп, Мейрамға бір қарады да, үндеген жоқ. Келген кісілермен танысып болған соң өткен — кеткендерді айтысып, әңгімеге кіріскен. Дәйекші жігіттер мен қыздар екі тұтқалы үлкен ыдыс толы қымызды әкеліп, сырлы аяқтарға құйып, кісілерге ұсынып жатыр. Екі — үш аяқтан ішкеннен кейін, мырзалардың біразының шөлі қанған. Бірақ, «қатқан қара» келген аяқты қайтарған жоқ, сіміріп жатыр. Ыдыстағы қымыз түгесілді. Тағы да әкеліп, құйып жатыр. Бірақ, «қатқан қараның шөлі» басылатын емес. Сол арада шәй да дайын болып қалған. Екі иығынан дем алып «Туланың» сары самаурыны да келіп қалды. Дастархан жайылып, алуан түрлі тағамдар қойылып, «Ақ құйрық» үнді шәйі де ішіліп жатыр.

Қымызға қанған мырзалар төртбес кесе ішкеннен кейін бойын тартып, әңгімеге араласып отырды. Тек «қатқан қара» самаурынды тауысып қана қоймай дастархандағы тағамдарды да түгелдей жеп үлгерген еді. Шәй да жиналды. «Қатқан қарада» үн жоқ. Ол тек үйдің ішін көзімен аралағандай ойға шомып отырған тәрізді. Үйдің іші көз тартады. Кигіз үйдің шаңырақ-уықтары, керегелері әдемі теп-тегіс етіп жасалынған. Үлкен зергер — ұстаның қолынан шыққаны білініп тұр. Кереге-уық түгел әшекей салынып, сырланған. Үйдің ішіне парсы кілемдері ұсталған. Шаңыраққа тағылған желбау, уық басын бастырған басқұрлары түк салынып, қызылды-жасылды етіп тоқылған. Жерге қос-қос оюлы текеметтер төселіп, оның үстіне түкті кілем жабылған. Кілемдердің үстіне әшекейлеп сырылған түрлі-түсті көрпелер салынған. Төрдің қақ ортасында үлкен айна ілінген. Қызмет етіп жүрген жастардың да үстінде келісті тігілген қазақы киімдер.

Иығына сүлгі ілген дәйекші жігіт келіп, қолға су құя бастады. Оның артынан дастархан жайылып, былбырап піскен марқаның еті де келіп қалды. Қонақтардың үлкеніне бас тартылып, ет туралған. Семіз етген біраз алғаннан кейін, қонақтар одан әрі беттей алмай қалды. Тек «қатқан қара» шегінетін емес. Етті түгесіп жеп болып, табақты бос қайырған. Ол кезде атағы жер жарғандай болып тұрған Жанайдардың Мейрамының үйінде «табақтан ет қайтпады» — деген, сүйекке таңба салғанмен бірдей еді.

Осыны ойлаған Мейрам:

— Жігіттер, бұл қонақасыларың емес, азырақ далаға шығып, серуендеп келейік, жүріске асықпаңдар, — деген.

Мейрам жігіттерін шақырып алып сауын биелердің ішінде жүрген қысырдың сере шыққан тайын сойғызып, тай қазанға салдырған.

Өзен аралап, жүрген жігіттер Терісаққанның сол жерінде екі айырылып, екі арнамен ағып келіп, қайта түйіскенін көрген. Екі бөлінген өзен суы қайта келіп қосылғанда біраз жерді қамтып ортасы аралға айналған. Жергілікті жұрт бұл аралды «Шеңбер» деп атап кеткен.

Көктем шыға жайлауға көшкен ел, бұл жерге қысқа қарай бір-ақ оралатын. Мекеннің ауылға қалған сауын малдарының өзін де, ауыл адамдары Шеңберге жақындатпайтын. Бірде малшысының бір тайлағы көштен қалып, осы шеңбердің ішінде жүрген. Бұл хабар Мейрамның құлағына тиіп, ол малшыны шақырып алып:

— Сенің бір түйең алты ай жаз бойы, осы шеңберде жүрсе, 180 түйенің бір күнде жейтін шөбін жейді. сонда осы Шеңберден не қалады? — деп ұрысып, тайлағын дереу алдырған екен. Шеңбердің бойымен аққан судың жағаларында тал-қамыс жайқалып тұрады. Аралдың ортасының шөбі тусырап, қысқа қарай мал жаюға мол қорық болатын. Шіркін, бұрынғы білімділер жер ананың берген байлығын қалай пайдаланғанын осыдан-ақ білерсің. Сол, Шеңбердің жоғарғы жағында Терісаққан өзені биік төбені қақ жарып ағады да, басын Желдіадырдан алады. Терісаққан екі жақ қанатынан бірнеше терең сайлар құйып, көктемде тасығанда арнасынан асып, жайылып, ағады.

Қонақтар біраз серуендеп, сол жердің табиғатын тамашалап, үйге оралғанда тайдың еті де пісіп, қазаннан түсіріліп жатқан екен. Алдарына астауға салынып, тайдың еті туралып та жатыр.

— Ал, алыңдар! — деген үй иесінің емеурінің күткендей қонақтар астауға қолдарын сала бастады. Өрі-бері алғаннан кейін, шегіне бастаған адамдардың назары «қатқан қараға» ауған. Ал, «қатқан қара» болса ешкіммен жұмысы жоқтай алаңсыз жеуге кіріскен.

Сонымен тайдың еті түгел желініп, артынан бірнеше аяқ қымыз да ішілген еді. Ет жерде жүресінен отырған «қатқан қараның» қарны созылып алдына түскен. Үйден шығарда жанындағы жолдастары оның ішін шүберек белбеумен көтеріп таңып мойнына асқан. Екі жолдасы екі қолтығынан сүйемелдеп шығарып атына мінгізген екен. Бұл «қатқан қара» кіші жүздің тамасы Игілік деген жігіт еді, «Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді» деп бекер айтылмаған ғой. Ол мешкейлікпен жеген емес еді. Олар үйге келіп түскенде жол бастаған мырзадан мынау «қатқан қара кім» деген, Мейрамның сөзі өтіп кетіп намыстанған еді.

Мейрам да дана адам-ғой, өзінің ағат кеткенін біліп, қонақтарын риза қылып шығарып салған. Кешке қарай Мейрам ауылынан аттанып кеткен мырзалар. 10-15 шақырым ұзап, өздері білетін бір мөлдір сулы бұлаққа барып Игілікті суға жатқызады. Ол, сол бұлақтан таң алдында бірақ шыққан екен. Бұлақ бетіне бір елі май тұрған көрінеді.

Мейрам ауылының сән-салтанаты сол заманда «мен тәуірмін» деген бай мен бектердің қай-қайсысынан болса да, кем болған жоқ. Оның атағы бүкіл арқаға жайылған қадірменді ел ағасы, ер болған адам. Оның бәйбішесі Бәдігүл ауылдың көркі, құт-берекесі жастарды жақсы әдет-ғұрыпқа тәрбиелеуші, сана-сезімі жоғары адам еді. Ол Мейрамның

әкесі Жанайдардың кешегі Кенесары заманында майданда бірге болған қанды — көйлек досы Жекебатырдың қызы еді. Бәдігүл аққұбаша келген өте сұлу әйел болатын. Мейрам да сыйлап; құрмет көрсетті. Ас-той, жәрмеңке сияқты ұлы жиындарға барғанда күймелетіп, Бәдігүл бәйбішесін өзінен қалдырмайтын. Бұл екеуі де әкелері Кенесары — Наурызбайлармен бірге жорықта жүргенде туған құрбылар еді.

Ұлытау мен Алатау арасында ауа көшіп, ұрыс салып аттың жалы мен түйенің қомында жүрген заманда 1844 жылы дүниеге келген Мейрамды әкесі Жанайдар мұсылман оқуымен қатар Омбыдағы орыс оқуына да жастайынан оқытқан. Орысша сауатының арқасында 18 жасында Мейрам Атбасардағы ояздың көмекшісі болып ол «жартыпатша» атанған. Әкесі Жанайдар Кенесарыға қосылып ұлт азаттық қозғалысына қатысқаны үшін қудаланып, кейін патша әкімдерімен тіл табысып еліне бірнеше жыл болыс болған. Ол елдің кейін қалыпты жағдайға келуіне күш салып еді.

Біржан салдың жырында

«Баласы Орынбайдың Жанайдарды,

Адасқан жөнге салған талайларды» деген шумақтары бекер айтылмаса керек-ті, Жанайдар жасы алпысты алқымдаған шағында болыстықты баласы Мейрамға беріп, өзі қажыға барып; ажал жетіп, топырағы Мекке — Мәдинадан бұйырған. Бұл 1870 жылдардың бас кезінде болу керек.

Сандыбайдың Ердені мен Жанайдардың арасы жер дауының әлегінен дұрыс болмай, Бағаналы мен Сүйіндік бір-біріне қырғи қабақтау болып жүреді екен. Кейінірек екі елдің арасы тіл табысып, бір ауыздан болып, Ұлытауда Сарбаздар деп, аталып кеткен дала жәрмеңкесінде болған үлкен жиында Ерденді барлық ел аға сұлтан етіп сайлаған, Жанайдар мен Ерден бертін келе бірін-бірі тым жақын тартып, дос-жар болған, әсіресе, Ерденнің халық билеп, елі сыйлаған баласы Бименде мен Мейрамның арасында үлкен достық орнап, қыз алып, қыз берісіп, жекжат болған. Мейрам бағаналының төрт босағасының бірі болған. Бабырмен де сыйласып, құдандалы жекжат болған.

Орыс патшасы екінші Александрдың баласы ұлы кіняз Владимир Батыс-Сібір өлкесіне сапарға шықпақшы болған. Оның негізгі саясаты қазақ арасын билеп-төстеудің жаңа тәртібі туралы патша заңын құрметтеуге, халықты міндетті алым-салық төлеуге, империялық бодандыққа мәңгібақи бас июге көндіру еді. Ұлы кіняздің қазақ даласына келгендігі жайындағы хабарды батыс сібірдің генерал-губернаторы

Густов Христианович Гасфорт және оның орынбасары полковник К. К. Гутковский жарты жыл бұрын біліп алып бүкіл өлкенің болыс — билеріне, дуан басы аға-сұлтандарына хат жазып, ұлы кінязбен кездесу кезінде оның қазақ тұрмысы мен мәдениетімен, өнерімен ойын-сауықтарын танысатынын алдын-ала ескертіп, мықты әзірлік жасауларын тапсырады. Осыған байланысты үлкен жиын болып, той өтетіндігі айтылып, тойдың болар жері Омбы қаласының түбіндегі Ертіс жағасы болатындығын еске салған. Тойдың өтер уақыты 10-14 маусым күндері екендігі көрсетілген. Тойға Ақмола, Қарқаралы, Баянауыл тіпті Балқаштың солтүстік беткейіндегі елдерге дейін шақырылған. Бес дуанның бас қосатын бұл тойына Атбасар атырабынан Жанайдың Жантөресі, Орынбайдың Жанайдары мен оның баласы Мейрам, сол сияқты Бименде, Кішкентайдың Аққошқары секілді басты-басты ел ағалары мен бетке ұстар жақсылары барған. Осы сапарда Мейрам елдің салты мен тұрмысын мәдениеті мен өнерін бейнелейтіндей шебер-зергер ұстаның қолынан шыққан қос терезелі кигіз үйді жасақтап және алтын-күміспен өрнектелген ертоқым мен оның жарасымды абзалдарын апарған еді. Сол кигіз үйдің ағаштары алтынмен апталып күміспен қапталған неше түрлі зергерлік айшықтар ойылып, әсерлі сырмен сырланған болатын. Үйді көргенде патшаның мұрагерінің өзі қызығып; даланын сән-салтанатын айғақтайтындай қымбат ескерткіш екенін айтып; қайтарда Санкт-Петербургке өзімен бірге әкететіндігін ескерткен.

Маусымның 13-і күні кінәз қазақтың аға сұлтандарына болыс — билеріне арнап оңаша аудиенция өткізіп; оларға шен-шекпен үлестірді. Сол сияқты алтын сағат; асыл тастармен безендірілген зергерлік бұйымдарды сыйға тартқан еді. Сый алушылардың ішінде Мейрам да болып, елге мол сыймен жүдделі қайтқан еді. Осыдан кейін ел арасында Жанайдардың Мейрамының беделі өсіп, Арқаға атағы шыққан үстіне, шыға түскен. Ол Терісаққан өзенінің шығысындағы «Обалы» деген жерге екі қабат күйдірген қызыл кірпіштен үй салдырып, ауылдың мәдени-көркем сән-салтанатын одан әрі өрістеткен еді.

Мейрамның үйіне ел-елдің жақсы — жайсаңдары, аты шыққан әйгілі би-болыстары мен ақын жыраулары мен әншілері соқпай кетпейтін. Мекең елдің береке — бірлігің ағайындарының өзара ымырашылдығын сақтап, бірлі-жарым оқшау мінез көрсеткендері болса, оларды дер кезінде басып елдің бірлігін сақтаған ақылды абзал кісі болған.

Көршілес Найман атаның елі Арқалық маңындағы Шойынкөл, Жаркөл, Қайрақты, Шарықты одан әрі Ерден көлін жаз жайлап қайтатын. Сол бергі жайлауда болған Бағаналының кейбір адамдары күзде қайтарда жолдағы Мейрам ауылының мал қораларының төбесін бұзып, ағашын отқа жаққан. Мұны естіген ел жиналып шоқпар, сойылдарын дайындап, ұрысқа шықпақшы болған хабары Мейрамға жеткен. Мекең ат шаптырып, оларды дереу алдырып болған мән-жайды сұрайды. Сонда ересек біреуі тұрып:

— Мынау Найманның адамдары басынып барады. Қыстаудағы мал қораларының төбесін талқандап, ағаштарын отын етіп, жағып жатыр. Біз оған қалай шыдамақпыз. Отыра берсек үйлеріміздің төбесінің ағаштарын алып, жағатын түрлері бар.

Сақалды қолдан, бергеніміз болмайтын шығар 40-50 жігіт шоқпар сойылдарымызды тақымымызға бастық — деп бет-аузы түтігіп, ентігін зорға басты Жанындағылары да жамырасып:

— Мұндай қорлыққа төзе алмаймыз. Біз туғанда да шешелеріміз «ұл таптым» деген шығар — деп, қолдарындағы сойылдарын көтерісіп, көтерісіп қойды.

Аздан кейін сабырлы үнмен Мейрам:

— Жігіттер қызбаланбаңдар, ашуларыңды басыңдар. Төбелес — жанжал жақсылыққа апармайды, сендер оған жұмсайтын күштеріңді Арғанатаның жырасындағы қайың мен терекке жұмсаңдар. Түбінде осы тиімді болар. Одан бас жарылып, көз шықпас. Ал, суықтан тоңғандар жан сақтау үшін, жаққан ағашқа бола жанжалдасуға болмады. Қора бұзылса жөнделеді, адам үсіп өлсе орны толмайды. Елдің бірлігін бұзбау керек — деп жігіттерді басып үйді-үйіне қайтарған.

«Ел құлағы елу» деген ғой, бұл хабар аға сұлтан Ерденге де жетеді. «Бұл елдің бірлігін ойлаған абзал жанның сөзі екен» деп Ердекең қораның ағашын бұзып алып жаққандарды жиғызып, ауылдың беделді 4-5 ақсақалдарына оларды Мейрам ауылына жаяу айдаттырады. Бұл хабарды естіген Мейрам жаяу келе жатқандарға бір-бір ат алып, олардың алдынан құрметті ақсақалдар бастаған жігіттерін шығарып, амандық-саулық сұрасқаннан кейін, атқа мінгіздіріп ауылға алып келеді.

Ақсақалдардың бірі:

— Біз Ердекеннің арнайы тапсырмасымен мына жігіттерді алып келдік. Сізден олар бұзақылық істегені үшін кешірім сұрайды — деді.

Сонда Мейрам тұрып:

— Сіздердің бұларды жаяу айдап келгендеріңіз, елді аруақты сыйағандарыңыз емес пе? Бұзылған қора жөнделеді, тек елдің көңілі бұзылмасын. «Батырдың бұл ісі екі жақтың да азаматтарына үлгі-өнеге сабақ болады» — деген екен.

Мекең келген қонақтарға үлкен құрмет көрсетіп, ертеңіне аттанар кезде жігіттерге, келген ақсақалдарға бір-бір ат мінгізеді. Үстіне кілем жапқан ақбоз атты әкеліп, «Ердекең елдің аруағын сыйлағаны үшін елдің айтар алғысы шексіз. Соның дәлелі мынау ақбоз ат болсын. Бұл елдің ақ алғысы, тартқан сыйы» деп беріп жіберген екен.

Мейрамның бұл ісіне Ердекең қатты риза болып, «Елдің елдігін сақтайтын, ердің ерлігін бағалайтын осындай адамдар ғой. Мейрам біз арқылы елді, аруағын сыйлағандығы. Жанжал табылады, бір-ақ осындай жандар табылмайды ғой» деген екен.

Мейрам кішірек келген, ақсары өңді, шегір көзді ширақ өткір адам еді. «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішеді» деген, Мейрамның ел арасындағы беделі мен көрегендігі, әкесі Жанайдардан кем болған жоқ. «Тектіден, текті туған».

Бірде «Ерден батыр Атбасарға ертең ерте нөкерлерімен жүргелі жатыр, осы сапарда Мейрам ауылына соқпақшы» деген хабар алған. Ол арнайы үй тіктіріп, жылқышыларға ту бие алдырып, дайындық шараларын жасай бастаған. Айтқандай-ақ келе жатыр дегенді естіп, қозыкөш жерден ауыл ақсақалдарын ертіп, алдарынан шығып, қарсы алады. Ерден бір топ нөкерлерінің ортасында «Күйеу қасқа» деген атымен келе жатыр. Мейрам мен Ерден аттан түсіп, төс түйістіріп, құшақтасып амандасқаннан кейін, Мекең олардың алдына түсіп, ауылына қарай атының басын бұрған.

Сонымен, Мейрам кісілерді «Ерденге деп» арнайы тіктірген үйге әкеліп түсіреді. Үлкен ақ-үй, еңсе биік, есіктен төрге дейін төселген қызыл — ала текеметтер мен түкті кілемдер. Төрге жібек көрпелер төселіп қыжыммен тысталған түрлі-түсті жастықтар қос-қостан қойылған. Ортаға дөңгелек столдар қойылып, гүлді жылтыр дастархан жабылған. Үй іші түрлі жібек және түкті парсы кілемдермен түрленіп көз жауын алғандай. Ердекең нөкерлерімен отырысқан. Олардың ішінде Бозай, Қыдырма деген сөзге жүйрік шешендер де бар. Ердекеңнің емеурінімен Бозай мен Қыдырма бірінен-бірі іліп алып, мақал-мәтелдерімен ажарландырылып, әңгіме бастап та жіберген. Үйге үлкен сырлы шаралармен қымыз әкеліп, Мейрамның бәйбішесі Бәдіғұл ісі мұрынды жарған сары қымызды күміс ожаумен сапырып, сырлы аяқтарға өзі құйып

беріп отыр. Дәйекші жігіттер мен бойжеткендер қымыз толы аяқтарды алып, кісілерге ұсынып жатыр. Ішіне сұр қазы салып ашытқан қымыз таңдайды жұлып кетердей шырын татиды. Көп кешікпей үйге буы бұрқырап, сары самаурын да келтірілді. Бойжеткендер дастарханға бауырсақ төгіп, түрлі ыдыстармен өрік-мейіз, қан-қампит, қойдың майлы құрт-ірімшігі, май-қаймақ, жент сияқты ұлттық тағамдар қойылды.

Шәйді ақ бәйбіше Бәдіғұлдың өзі құя бастады. Қызметші жастар шәй құйылған көкала кәрлен кеселерді кісілерге жағалатып жатыр. «Ақ құйрық» үнді шәйінің жағымды иісі көкірегіңді ашқандай. Бәдіғұлда бүгін ерекше құлпырған, киінісі де бөлек. Шәй құйған кесесін ұсынған сайын, ақ білегіндегі алтын білезіктері «алтын айдай» жарқ етіп, үй ішіне сән беріп тұрғандай. Бабымен ішілген шәйдан кейін көңілді айтылған әңгімелер де қыза түскен. Әңгімені түрлендіріп отырған Бозай еді.

Бозай, Байназар руынан шыққан. Ердекене өзінің шешендігімен шешімді пікірімен, тапқырылығымен жаққан ер көңілді жігіт еді. Ол Ерденнің «оң колдарының» бірі болған адам.

Аспазшылар етті тай қазаннан түсіру қамында жүр. Табаққа ет те жасалып болды. Қызметші жігіттер кісілердің қолына су құйып, орамал ұсынып жатыр. Дастарханға табактар қойылып туралып болған. Бабымен піскен еттің дәмі тілді үйіреді. Еттен кейін, қымыз да келтіріліп, эзіл-қалжың әңгімелерімен көңілді отырған жұрт қымыз ішуге кіріскен.

— «Жақсы жайсандармен жарасып отырған бір күнім, бір жылға тең» деп, Абылайхан айтқандай, біздің Мейрамның құрметті дастарханында отырысымыз ата-салтының ерекше жарасымды бір күні болғандай көрінеді, деді Бозай.

— Әмин, айтқаныңыз келсін! Еліміздің де береке — бірлігі осындай жарасымды болғай — деді Мейрам.

Қонақтар келесі күні таңертең аттанып кеткен еді. Бертінде Бағаналы елі болыстарының ішінде Бұзаудың атақ-даңқы шығып тұрды. «Елінің даңқын ері шығарады» дегендей, ол кісі ірі тұлғаның бірі болып, «Бағаналының Бұзауы» атанған. Бірде, Атбасарға бара жатып, бір топ адамдарымен Бұзау, Мейрамның үйіне түскен. Кісілер үйге кіріп жайласып, амандық-саулық сұрасқаннан кейін, Бұзау жанындағы адамдарын таныстырған. Қалыптасқан дәстүр бойынша сары қымызды іше отырып, ел арасындағы өткен-кеткен жәйлар мен бұрынғы бабаларды еске алатындай әңгімеге кірісіп кеткен еді. Қонақтарға бір жас жігіт пен келіншек қызмет жасап, жайылған дастарханға ұлт тағамдарын қойысып

жатыр. Екі нығынан демін алғандай буы бұрқыраған сары самаурын да келтірілген. Жас келіншек ізетпен отыра қалып, шайды құя бастады. Үлкен аққұманға бұқтырылып әкелінген «ақ құйрық» шайдың исі отырғандардың еркін алып, өзіне баурап алғандай әсер беріп тұр. Жұрт шай ішуге кірісіп кеткен. Тек, Бұзау ғана алдына қойылған кесеге қол созбай, үн-түнсіз отыр. Оны сезгендер «неге ішпейсіз?», — деп айта алмай көздерінің астымен ғана қарап қояды. Бұзаудың бұл ісіне көп жыл қызметшісі болған Қаражігіт те таңырқап үн шығарған жоқ. Мейрам түсіне қойып, қызмет жасап жүрген жігіт пен келіншекті ауыстырып, олардың орнына басқа қыз бен жігітті алдыртып, қызмет жасаттырған. Бұзау алдындағы кесесін алып, әңгімеге араласа отырып, шәй іше бастаған. Мұның мәнісі бар еді.

Алғашқы қызмет жасағандар Бименденің немересі мен келіні еді. Олар екінші жағынан Мейрамның қызы мен күйеу баласы болатын. «Бұл қалай, Мейрам өз балам мен келінімді өзіме қызмет жасаттырғаны ма?», — деген назы болатын. Оның бұл ойын зейінді Мейрам, бірден ұққан еді.

Шіркін, қазақтың ұлттық салт-дәстүрі-ай десеңші, сәл де болса ағат кеткенді қалт жібермейтін. Әрине, бұл текті адамдардың асыл қасиеттері ғой.

Әйелден шыққан атақты Бидаш болыстың кезінде, Орта Азияда келе жатып, Ұлытау жерін басып өтпекші болған казак — орыстардың «ақсирак» әскерінің 40-50 адамын күшпен кері қайырғанда қарсыласқан 11-12 адамы шығын болған еді. Бидаштың ондағы мақсаты «Ұлытау жерінен өткізіп, жібере берсек, олар бекет орнатып, жерімізден халқымызды ығыстырады» — деген хаупі екен. Бидашты осы қылмысы үшін, патша ұлықтары қарулы көп адам жіберіп ұстап, Орынбордың түрмесіне әкеп, қамауға алған. Сол уақытта беделі жүріп тұрған Бұзау губернатормен тілтабысып, ақыл-айламен Бидашты түрмеден босатып алып, елге жеткізген екен.

«Бір кісі таққа мінсе, қырық кісі атқа мінеді» дегендей, Бұзаудың жанындағы нөкерлері де осал жігіттер болмаған. Әсіресе, Қаражігіт шешендігімен, сөз тапқырлығымен Бұзауға жағып біраз жыл қызмет еткен. Бұзау көп жыл болыс болып, ел билегеннен кейін, болыстықтан үміті бар Қаражігіттің інілерінің біріне болыстықты береді. Ағайындары Қаражігітке қолқа салып, жас жігітке қызмет етуін сұрайды. Бірақ, Қаражігіт «Бұзау болғыларың келсе, өз Қаражігіттеріңді тауып алыңдар!» — деп ел билеуге қатынаспаған екен.

Бұзау мен мейрам дос-жар болып, бірін-бірі қадірлеп, көп жыл сыйласқан. Заманында ел ағасы болып, ел билеген және елі қадірлеп, құрметтеген ардақты ұлы Мейрам 1921 жылы дүниеден өткен.

Оның артында аңызға айналған талай ұлағатты істері қалған. Бұл соның шет жағасы ғана. Елінің сән-салтанаты мен мәдени өмірінің айғағы болғандай ерекшелігі мен өз халқының тарихында Жанайдардың Мейрамының алатын орны бөлек.

Оның аты ұрпақтан ұрпаққа жете бермек.

## **ҚАРАЖАН ПАЛУАН**

Кешегі заманда Атбасар қазақ елінің көп жиыны болатын, сауда саттығы жүретін ірі орталықтардың бірі болатын.

Мал баққан көшпелі ел өзінің негізгі өнімі — мал, малдың еті мен жүн-терілері болғандықтан оны сатып, қаржы құрау үшін, тұтынуға қажетті киім-кешек, кездеме-мата, қант-шәй және тағы басқа үйге қажетті кесеаяқ-аққұман, қазан-ошақ, самаурын сияқты ыдыс-аяқ құралдарын алу мақсатында атбасар базарында анда-санда болып тұратын жәрмеңкелеріне баратын.

Үлкен жәрмеңкелердің уақытын межелеп отыратын, немесе арнайы хабары бар Ресейдің және батыс пен шығыс елдерінің сәудегер-купецтері қолындағы дайын тауарлары мен казакқа қажетті үй жиһаздарын және ыдыс-аяқтарын алып Атбасарға жететін.

Көшіп-қонып жүрген біздің қазақ елінде халықтың күнделікті өміріне қажетті тауарлары мен киім-кешек, ыдыс-аяқ, кездеме-мата жасайтын шағын кәсіпорындары болған жоқ. «Мал болған жерде, бәрі де болады» деген сеніммен алаңсыз өмір кешкен. Отырықшылық болмағандықтан егін салып, өнім алу, жерді игеру, тегін суды пайдаланумен айналыспаған.

Сондықтан азық-түлік алу үшін де, жаз ортасынан әрі қарай Атбасарға мал айдап, оны азыққа алмастырып қайтатын.

Сол жиындардың бірінде Атбасардағы жәрмеңкеге халық көп жиылған еді. Ұлытау бағаналы найманы мен Арғын Қыпшақ руларынан барғандарының сатуға апарған малдары түгін тартса майы шығатын семіз болғандықтан, ол малдарды сатып алып кетушілер де көп болған.

Апарған малдарының базарға өту нарқы жоғары болып оның тез пұлға айналуы Ұлытау елінен барғандардың көңілін көтерген. Ондайда базар-жәрмеңкелердің аяғы ойын-тойға айналуы әдетке айналған еді.

Сол жолы жәрмеңке аяғы бұрын-соңды болмаған тойға айналып, ұлт-ойындары жүріп жатты. Ойындардың түрлері: көкпар-шабандоз жігіттер, серке тартып, додаға түсіп жатқан не сән, енді бір тұста аударыспақ, қыз қуу, мүше алып қашу, жерден тиын алу, тағы басқа ойындар. Осы ойындар өтіп, болғаннан кейін, жұрттың басым-көпшілігі той төбеге жиналып, екі жарыла отырысқан. Ортаға той басқарушылар шығып, әр елдің палуандарын қаз-қатар отырғыза бастаған. Жайылған кілем үстіне алпамсадай денелі, бұлшық еттері балаша ойнаған, шалқа жауырынды, бура санды және бет-әлпеті ақсары келген дәу келіп отырғанда жиналған көпшіліктің назары бірден соған ауған.

— «Мынауың Зеңгі бабаның өзі ғой» десе біреуі, екіншісі «Бұл дәу бір шіркіннің ажалына бола келген шығар» деп жатыр.

— Бас палуандарыңды шығарыңдар! — деген айқай да естілді. Бірақ ол дәуге шығатын палуандар болмағандай жұртта үн жоқ. Топ іші үргін-сүргін болып, жоқ іздегендей дүрлігуде.

Ұлытау елінен келгендерге таяу келген той басқарушылардың бірі «Найман! — Бас палуандарыңды ортаға шығарыңдар! — деп айқай салды. Сол кезде біздің елден барғандар, ортадан жоғары бойы бар, денесі мығым, қимылы ширақ, қара торы, талдырмаш жігітті ортаға шығарады.

— Палуандар белдеседі, деген ойын төрешісінің айқайы да шығып қалды. Бағанағы ақсару дәу орнынан тұрып, өзіне қарсы келе жатқан талдырмаш қара торы жігітті менсінбей:

— Бала! қайда барасың, мен — Ақнар палуан едім ғой — деді.

— Сен Ақнар болсаң мен сені бауыздайтын Қара кездікпін — деп тура қарағанда, оның өткір көзі Ақнардың ту сыртынан шыққандай болып, оның жынын қоздырған.

Екі палуан да аңдысып, дөңгелене берген. Бір кезде ұстаса кеткені сол еді, Ақнар қарсыласын көтеріп алған бойда денесіне дарытпай атып жіберген болатын. Бірақ, қарсыласы аяғымен тік түсіп, оған қайта ұмтылған. Бір пәленің болатынын сезген, ақнар қарсыласын денесіне жуытпай, екінші рет лақтырған. Бірақ, анау тағы секіріп түсіп, қайта ұстасқан. Үшінші рет белдескенде жан басқа түсіп қалған Ақнар, шалқасынан түскенін бірақ білген.

Шу ете қалған ұлытаулықтар өзінің палуанын көтеріп әкеткен еді. Бұл палуан Көкдомбақтың тумасы Мейірманың Қаражаны еді.

Топтың ішінде тұрған Дүзеннің Жанұлысы:

— Шырағым, бері келші, жаңа көзім түсіп кеткен еді, ештеңе етпес, аздап ауырып тұрарсың деп, түкіріп ырым жасаған екен. Сол жиында ӨТЕУ РУЫНАН Аймырза, Бәтеш, Қарабала Жандәулет, Ерденнің Бәймендесі және тағы басқа бай — мырзалар болған еді.

Дүзеннің Жанұлысы уытты адам болған. Дүзекең дүние салғаннан кейін, көп елді жинап, малды қажетінше жұмсап, 25 шақырым жердегі Алашахан бейітінің басына үй тіккізіп, жаратып аттар байлатқан. Сол сияқты Дүзенге бейіт көтеретін орынға да үйлер тіккізіп, аттар байлатқан. Бейітті салған қалақшы-зергерлер әр қалау сайын, екі бейіт аралығына алма-кезек шауып, қалаған кірпіштерін көргендеріндей етіп киюластырып отырған. Осы қыруар шаруа Жанұлының тегеуріндігімен біткен еді десетін.

Қаражан бірде, астында сенімді қарагер аты бар. Сыр бойындағы бір жолдасының ауылында біраз болып, қайтар жолда бір ауылға келіп, қонады. Келесі күні тәңертең елге қарай жүргелі жатқанда, сол ауылдың бір үлкені.

— Қарағым, бұл сапарыңда көктей тура тартпа, алдында біздің ауылдың түйе табыны жатыр. Онда атағы Сыр еліне мәлім бұзық кара бура бар, ол маңайлаған адамды аты қандай жүйрік болғанмен қуып жетіп, шайнап өлтіреді. Сен мына жолмен айналып барып ұзағаннан кейін, өз бағытыңа кетерсің деген.

— Оқасы жоқ, ақсақал, өте тығыз шаруам бар еді, не де болса тура тартуым керек. Бура болса бір жөні болар, нәйеті мал ғой деп, қарияның айтқанына көнбей тура жүріп кеткен.

— Ауыл адамдары Қарабураға Құдайдай сенетін. Өйткені, ол түйе табынының ішінде жүргенде ұрылар да, дала тағысы да маңайлай алмайтын.

Бір күні түйешілер табынға келсе оның ішінде кара бура болмай шығады. Айнала шабуылдап, іздеген түйешілер табын жатқан жерден үш-төрт шақырым қашықтықта қалың тобылғының ішінде жатқан қарабураның өлігінің үстінен шыққан.

Ауылда аттанып кеткен Қаражан былай шыққаннан кейін, бір сайдың бойындағы тобылғыдан біреуін кесіп алып, бураның аузына тікесінен сиятындай етіп, екі басын ұштап, мұрындық жасаған. Оның ортасына қыл шылбырының бір ұшын байлап, екінші шетін тақымына бекіткен. Содан кейін алыста жатқан түйелерге жақындаған. Келе жатқан атты

адамды көрген қара бура тұра сала ұмтылған. Шылбырды шиыршықтап орап, оның шетіне тобылғы мұрындықты тікесінен келтіріп, бура таянған кезде қаша шауып отырған. Аты да жүйрік болу керек. Бураға біресе таяп, біресе озып, оның ашуын қоздыра түскен. Қатты ашуға мінген қара бура созыла таяй бергенде жаңағы тобылғы мұрындықты оның аузына ұсына берген. Жетіп қалған бура аузын аңырайта ашып, ұсынған мұрындықты асап, азуды қарш еткізіп, басып қалған. Сол кезде тобылғы мұрындықтың істік ұштары оның үстіңгі таңдайымен астыңғы жақтың екеуіне бірдей кірш етіп кіріп кетіп, бураның аузын аштырмай тастаған. Аузын аша алмай жанталасқан бураны Қаражан қамшымен сойып-сойып, әбден қалжыраған кезде қалың тобылғының ішіндегі бір мықты тобылғыға байлап кеткен еді.

Түйешілер бұл хабарды ауылға жеткізген.

Сонда Қаражан қонып кеткен үйдің қариясы:

— Өнегі жігіттіен келген болар, көзі от шашқан, денесі ымқырулы, жігіт сияқты көрініп еді, — деген.

Кейін көршілес елдің адамдарына сол жігіт қарабураны ұстап, өзінің дегеніне көндіріп, бір қалың тобылғының түбіне байлап кеткенін айтқан екен.

Мейірманның Қаражаны айтса-айтқандай сондай қайратты батыр да, батыл жігіттің бірі болған екен.

## **АТАН ЖЫҚҚАН БАЛУАН**

Қара атанның қолда болғанына да жылдан асып кетті. Оны өткен жылғы жазда Сыр елінен келген жылмақай сәудегер сатып кеткен болатын. Жас мал болса әлі-ақ үйреніп кеткен болар еді. Жасампаздығын танытқаныма, әлде жерсінбеді ме? үнемі қалың ойда жүргендей болады да жүреді — дейді түйешілер. «Қанша дегенмен, сырттан келген мал ғой, қашып кетіп жүр ме», деп, қыс түскенше байлап — матап ұстады да, қыста тұсауы алынып, қалашыларға берілген еді. Сонымен қара атан екі-үш мәрте қатарында жүрді де, көктем шыға түйешілердің қолына көшкен. Қара атанның мінез-құлқынан сескенген түйеші жігіттер одан көз жазбайтын. Айтса айтқандай-ақ, жануардың денесін тартып жарау жүргеніне таңданатын.

Жаз ортасы да болып қалған. Түнгі күзетте болған жігіттер шашырап жайылып жүрген шилеуіт арасындағы түйелерді қайырмалап, жинай бастайды. Қараңғылық бірте-бірте сейіліп те қалған. Түйелердің бас-аяғын қосқанда ішінде қара атан

жоқ болып шығады. Ұзап шауып іздеу салған жігіттердің көзіне таяу жерден ештеңе көрінбейді. Ауылға шауып, хабар бергендерден естіген қара атанның егесі дереу атын ұстап, жанына бір жолдасын еріп, беті өткен жылғы сәудегер келген жолдың бағытымен жедел жүріп кетті. Былай шыға «қара атанды соңынан қуғанмен жете алмаймыз, Түйешілер оны өзінен-өзі жарау болып барады» деп еді. Ол негізгі сәудегер қудың жүйрік желмаясы болар, «түбінде аман болсаң өзіме келіп қаларсың, оған өзімнің сенімін мол» деген шығар, жымысқы ит. Осылай ой түйген екі қуғыншы күншілік жерден қосылатын айналма жолға түскен.

Күн кешкіріп ұясына кіре, олар қара атан кеткен жолға келіп қосылған. Жол өткен, сол бір тұс шоқ-шоқ болып жыңғыл өскен сай-салаға ұласатын. Сайдың алысырақ тереңдеу жеріне екі атты ұстатып жолдасын қалдырып, түйенің егесі жолға таяу жиектен өскен қалың жыңғылдың тасасында тұрып, атанның келуін күткен. Ымырт жабылып, маңайды қараңғылық баса бастады. Дегенмен әрі-бері отырғаннан кейін, қараңғылыққа көзі үйреніп, едәуір жердегі қарайғандарды ажырата алғандай болған.

Тасада бие сауындай отырып қалған жігіттің құлағына әлде бір дыбыс сезілгендей болып елең ете қалды. Иә, бұл желе жортып ширап алған қара атанның келіп қалған «хабары» еді. Көп уақыт күттірмей, салып ұрып келіп қалған қара атанның өкпе тұсына жолбарысша атылған жігіт шіліяға қолы іліккен бойда атанды қос аяқтан шала, жамбасқа алған еді. Балуан жігіттің иығынан аса құлаған қара атан өзінің не күйге түскенін бұйдасынан тарта жетелеп келе жатқанда бірақ сезген еді. Бұл атан түйені алып ұрған — руы жұртшы Шылмырза балуан. Атбасар, Қызылдар, Шу бойындағы елдердің ас-тойларында Найман ата атынан бас балуанға шығып, күресте жауырыны жерге тимеген еді — деп отыратын бұрынғы өткен көнекөз қариялар. Ол кісі жалаңаш етіне түйе жүн шекпен кигенде, қол-аяғының бұлшық еттері домалана бүлкілдеп шекпен сыртынан айқын білініп тұрушы еді десетін. Балуанның дене тұлғасы, кесек етті әрі жауырынды, омырауы апай-төс, бура санды, жүргенде аяғын балпан-балпан басады екен. Шылмырзаның дене бітімінен сескенген қарсы жақтың балуандары, оны көрген бойда мысы құрып, берекесі қашатын болған.

Шылмырза балуанның арғы атасы ертеде өткен Сағындық батыр еді деп айтатын. Өз заманында Қалмақтарымен болған ұрыстарда атағы шығып аңызға айналған батыр. Сағындық батырдың ірі батыр екендігі жайында біздің заманымызға аты ғана, аталып жеткенмен, ол кісінің ерліктері жайында

дерек аз. Тарихшылар да, қазақтың ата жауы болған калмақтармен шайқасқа түскен Ұлытау, Қарсақбай өңірінің батырларын толық зерттемегендіктен айта алмай жүр.

Шылмырза балуанның ұрпақтары Жезқазған қаласында, Жездіде Қаракөңгір ауылында тұрады және қызмет бабымен Ақтөбеде, Алматыда жүргендер бар.

Ел сыйлаған, мақтаныш тұтқан, аты ғана ел аузында жүрген ірі тұлғалардың дерексіз қалғаны өкінішті-ақ.

## **БЕЙІС ПАЛУАН**

Ерденнің Мақаты мен Дүзеннің Жылқайдары бір топ адаммен Атбасардың жәрменкесінде болады. Жәрменкеге жер-жерден адамдар көп жиналған екен. Осы үлкен жиынның аяғы ойын-тоймен тарқар салтқа айналған кез. Орталық алаңға ата-ананың жақсылары, Палуандарын шығарып жатыр.

Ойын-тойды басқарған біреу «Бағаналы», «Найман», бас палуандарыңды шығарыңдар, — деп айқай салды. Ұлытаудан барғандардың ішінде алаңда отырған «Өгіз» палуанға шыға қоятындай лайықты адамның реті болмай қалады. Мұндайда бас палуан шығара алмау елдің намысына тиетіндей еді. Жылқайдар тұрып, Мақатқа «Мұны жықса, елдегі Бейіс қана жыға алады». Той басқарушымен келісіп, жиынның аяғын үш күнге соза тұрайық» — дейді.

— Мен ести қойған жоқ едім. Бейістің күшін көріп пе едің? — деп сұрайды Мақат.

— Бірде жолаушылап келе жатып, жолдағы бір құдықта отырған шағын ауылға түсіп едім. Сол ауылға бір жағынан біздің Бейіс те келіпті. Ауыл адамдары құдыққа түсіп кеткен бір үлкен нар-түйені шығара алмай жатса керек. Ішінде 4-5 әлді жігіттері бар, бүкіл ауыл болып жабылғанда түйені жатқан орнынан қозғалта алмапты. Құдық басындағы топтың жанына келіп, амандық-саулық сұрасқан Бейіс, жұрттың әуреге түсіп жатқан мән — жайына түсінеді. Ол атынан түсіп, жалма-жан шешініп, құдықтың ішінде жатқан түйенің алды-артынан арқан салдырып, байлатып, алдымен түйенің бас жағын, одан соң бөксе жағын тартып шығарып жатқан үстіне келіп, көрген едім. Бейісті содан бері «Түбінде бір шаруаға керегі болар» деп жүрген едім.

Бұл сөзді естігеннен кейін Ерденнің Мақаты той басқарушысына барып, «Біздің палуанымыз ауырып қалып еді. Бізге үш күн мәулет беріңіздер, жиынның соңына дейін, палуанымызды да шығарып қалармыз» — деп олармен

келісімге келеді.

Жылқыайдардың кер жорғасын жетелетіп, бір-екі мықты жігіттерді дереу елге жіберіп, «Бейісті үш күнде жеткізіндер! — дейді. Суыт жүріп кеткен жігіттер елге де тез жетіп, Бейіске мән — жәйді түсіндіріп, кержорғаны астына беріп, Атбасарға алып жүреді.

Той басқарушымен уәделескен сағатында-ақ, Бейіс те жетіп, бас палуанға ортаға шығарылған еді. Өзімен белдескелі келе жатқан Бейісті көріп, Өгіз палуан жер тырнап, топырақ шашып, айбат көрсете бастайды. Оны көрген Бейіс, оның қышқылына тие түсіп, «Жеп қойсаң, қолыңа барам қазір» — қарсыласына таяна береді.

Екеуі ұстаса кеткен сәтте-ақ, шаң бұрқ ете түседі. Шанның астынан Өгіз палуаннан күш алып, аттай берген Бейіс жұрттың көзіне бірден түседі. Сол сәтте-ақ, ұрандаған Ұлытау елінің адамдары Бейісті тік көтеріп алып кеткен екен. Өгіз палуан құлаған орнынан тұра алмай қалады. Оның ортан жілігі шорт сынып кеткен екен, елінің адамдары келіп, орнынан көтеріп ала жөнеледі.

Сол күннен бастап Бейістің атақ-даңқы, ел-ел мен жер-жерге тарап кеткен еді. Бейіс — орта бойлы, денелі келген, шымыр жігіт болатын. Бейістің әкесі — Аңқау да қайратты ірі кісі екен. Бейістің руы — Бағаналы, Жырық, Тоғызбай тармағынан. Ата — мекені — Қаракенгір өзенінің бір саласы «Келтеталда», сол жерде өзен бойында оның үй-қоралары әлі күнге дейін тұр.

## **ЖОЛБАРЫСПЕН АЛЫСҚАН ПАЛУАН**

Кеңбайтақ қазағыңның жері кешегі табиғатымыздың дін аман кезінде жер бетінің ажары болған өсімдіктердің сан-алуан түрлері мен жан-жануарларға бай болған. Далалы жерлерде құландар мен киіктер, адырлы-таулы өңірлерін таутеке — арқарлар жайлаған.

Өзен сулары мен көл, айдындары жағалай қалың өскен тал қамыстардан көрінбейтін. Ит тұмсығы өтпейтін нар қамыстардың арасында сан түрлі арам, адал аңдар тобы мен «Аң патшасы» атанған ірі жыртқыштар, арыстан, жолбарыстар өсіп-өнген.

Ертедегі аңшылық кәсіппен айналасқан бабаларымыздың ішінде жүрек жұтқан батырлары кездейсоқ кез болған жолбарысқа қарсы барып шайқасқан.

«Қасқырда бір кісінің күші бар, қырық кісінің жүрегі бар. Ал, енді жолбарыста 40 кісінің күші бар, бір кісінің жүрегі бар» деген сөздер солардан қалған.

Ел арасында айтылып жүрген аңыз-әңгімелер де өмірден алынған болар.

...«Қалың қамысты жиектей жайылып балауса құраққа тойып алған бір үлкен түйе шөге жатып күйсей тыныстаған екен. Қамыс арасынан жем іздеген бір жолбарыс әлгі түйенің үстінен түседі. Ашыққан жолбарыс қарасын ба, жатқан түйені өркештен ала түскен. Орнынан бақыра ата жөнелген түйе ауылға қарай тура шапқан. Түйенің тапса-терісінен күрек тісін алып, үлгере алмаған жолбарыс түйенің үстінде кете барған. Жол-жөнекей ақымақ түйе жар-жағалай бергенде аяғы жерге тиген жолбарыс түйені аспанға атып жіберіп, мерт еткен» десетін.

«Ертеде Арал теңізінің жағалауына біткен нар қамыстың ішіндегі өзінің суға келетін жымымен екі жолбарыс жүріп келіп, теңіз айдынының жағасынан су іше бастайды. Оны көрген су жыртқышы-жайы жайлап таяна беріп, бір ұрымтал тұсқа келіп қалғанда жолбарыстың ұрғашысын құйрығымен ұрып, суға түсіріп, жоқ қылады. Сыңарынан айрылған жолбарыстың арланы қатты ашуға мініп, су жағасынан кетпей жайынның қайта келуін күтіп, аңдып жата береді. Арада қанша уақыт өткенін кім білсін, бір мезгілде жағаға таянып келген жайынның көзі әлгі жатқан жолбарысты көреді. Алғашқыдан дәндеген ол жолбарысты соқпақ болып ұзын құйрығын сілтегенде, құйрықты шап етіп тістеп үлгерген жолбарыс жойқын күшімен жайынды аспанға бірақ атқан. Жағадан аулақ барып түскен жайын мерт болған. Шамадан тыс күш жұмсап, өзінен әлде неше үлкен жайынды судан жұла лақтырғанда жолбарыстың да бел-омыртқасы жұлынымен қоса үзіліп, ол да жан тапсырған.

Қамыс тағысы мен су тағысының шайқасының үстінен шыққан балықшылар жайынды сойғанда оның ішінен терісі бүліне қоймаған жолбарысты алған. Екі жолбарыс терісі мен жайын етін олжалаған балықшылар ауылдарына көңілді қайтқан екен» — деген аңыздар бар.

Бұл келтірілген аңыз-әңгімелерден «Жолбарыста 40 кісінің күші бар» деген ұғымға тоқтайсың. Ал, енді «Жолбарыста бір адамның жүрегі бар» дегенге келейік.

Ертеде Шу өзенімен Телкөлдiң арасындағы Сегiзсай деген жерде жалғыз атты Балта деген аңшы өткен. Балта өзіне қарасты азғана ауылын жалғыз атымен аң аулап, асыраған. Бірде, Балта ауылы Сегiзсайдың Шуға қараған бетiндегi қалың

қамысты қонашада отырады. Бір күні аннан шаршап келіп, ұйқыға кеткен Балтаны ауыл адамдары оятып, оның құрғақ ішіндегі тұсаулы тұрған атын бір дәу жолбарыстың жарып, жеп жатқанын айтады. Жан дегенде жалғыз атынан айрылған Балта қатты күйініп, қолына ұзын сапты айбалтасын алып, атын жеп жатқан жолбарысқа тұра жүгіреді. Өзіне келе жатқан адамды көрген жолбарыс жемтігін тастай беріп, Балтаға қарай оқша атылып келіп қалған. Айбалтамен бастан бірақ шауып, қақ айырған Балта жолбарысты өлтіргеніне қуанған жоқ, атынан айырылғанына күйінген. Сол күннен бастап «ендігі ісім жолбарыспен болар» деп жаяу жолбарыс атаулының соңына түскен. Шу өзенінің бойы қалың нар қамысты болады екен. Соны өрлей отырып, ну қамыстың ішіндегі айғыз-айғыз болып жатқан жолбарыстың жүрер жолы жымына кездеседі. Жолбарыстар жем іздегенде өздерінің салып тастаған осы жолынан аңдиды екен. Сол жолдардың қалтарысында аңдып тұрып 4-5 жолбарысты да соғып алады. Сол кәсіппен айналысып жүріп, бірде жолбарыс кездесе қоймай әбден шаршаған Балта қисая кеткен жерінде ұйықтап кеткен. Қанша дегенмен қамыс ішінде сергек жүрген аңшы ғой, ол бетіне бір жылы лептің білінгенін сезіп, ақырын көзінің астымен қараса, бетін иіскеп тұрған дәу жолбарыстың екі аяғының арасында шалқасынан жатқанын байқайды. Жолбарыс, «Бұл өлі жан ба, әлде тірі жан ба?» айыра алмай тұрса керек. Егер тірінің нышаны білінсе, бас салғалы тұр. Осыны ойлаған Балта «Бәрібір бұл жолбарыс мені тірі жібермес, не де болса тәуекел» деп, жолбарысты шаптан тізесімен қойып жібереді. Мұны күтпеген жолбарыс үрке атып кеп жөнеледі де, артына қайырылмастан кете барған.

Әлгі «Жолбарыста бір адамның жүрегі бар» деген сөз осыдан қалса керек.

Балта қол бастап жауға шаппағанымен осы оқиғадан кейін батыр атанған екен деп отыратын 97 жастағы, руы Байназар Ыстамбек деген көпті көрген қария:

Ыстекең 1963 жылы Жетіқоңыр құмының Апақай деген жерінде дүние салған.

Жұмыр жердің бетіндегі қандай мақұлық болса да адамнан сескенеді ғой. Адам баласы нелер хауіпті жойқын күші бар тағыларды өз дегеніне икемдеген, емес пе? Адамнан айлалы не болмақ, тек күшіне жүрегі сай болғай!

## **АЗАТТЫҚТЫ АҢСАҒАН ЕЛ ЕДІК**

Туған халқымыз небір сұрапыл қырғынды басынан өткермеді. Әрісін айтпағанда бейбіт жатқан елге тұтқиылдан шабуыл жасаған Жоңғар қалмақтарының «Ақтабан шұбырынды, алқабел сұлама» қырғыны еліміздің есінен кетер ме? Одан бергі жердегі орыс отаршылары боданға алуын желеу етіп, жерімізге сыналай кіріп, бекініс салып, «берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан» дегендей, халқымызды жер-суынан айыра бастады. Ақ патшаның бұл арам пиғылды жымысқы саясатына қарсы, елімізде наразылықтың өрті ұшқындай бастады. Оның үстіне бірінші дүниежүзілік соғыстың барысында көп әскерінен айырылған патша үкіметі елді мекендердегі жұмыс істеп жүрген мұжықтары мен зауыт фабрикалардан жұмысшыларының басым-көпшілігін соғысқа аттандырды да, өндірісі мен ауыл шаруашылығы тоқырап, күйзеліске ұшырай бастады.

Осы қиыншылықтан шығу үшін, ақ патша 1916 жылғы 25 маусымда жарлығын жариялап, «қара малайға» қазақтың 19 бен 31 жас аралығындағы жастарын алмақшы болып, жер-жердегі ұлықтарына бұйрық берді.

Бұл оқиға төзімі таусылған, ашу-ызадан терісіне сыймай отырған қазақ ұлтының бас көтеруіне әкеліп соқты. Патшаның жарлығынан бес күн өткен соң шілде айының бірінде, Қостанайдың «Қарабалық» деген болысында ұлт-азаттық көтеріліс жалыны қазақ елінің көп жерін шарпыды. Жер-жерде патшаның жазалаушы отрядтарына қарсы қан-майданға шығып, ел мүддесін қорғаған Әбдіғапар, Оспан, Айжарқын сияқты хандар, Кейкі, Аманкелді, Қасымхан, Бекболат, Әубәкір, Саурық, Ұзақ сияқты атақты қазақ батырлары өз бастарына төнген қауіп-қатерге қарамастан шешуші сәттерде жанкештілікпен көтерілісшілерді шайқасқа бастады. Сондай қанды қырғын Атбасар уезіне қарасты біздің елімізде де жүріп жатты. Қарсақбай жерінде Ниязбектің Жаңабайы басқарған халық көтерілісінің хабарын естіген патша ұлықтарының бірі — «қара пристав» — Хомулла зеңбірікпен және винтовкамен бақайшағына дейін қаруланған 350 солдаттымен тездетіп келіп жеткен. Жаңабайдың қарамағына мыңнан аса әр рулардан жауынгер жігіттер жиналған болатын. Көтеріліске шыққандар елден жинаған темір-терсектерді әкеліп, мылтық, қылыш, айбалта

жасатқан. Ұста дүкенінде көрік басқан, балғашы болған, ағаш күйдіріп, көмір дайындаған адамдар күні-түні толассыз жанталасып, қару жасаған. Елден оқ-дәрі жинастырып, мергендерді дайындаған. Жедел келген Хомулла әскерімен шайқаста ішінде офицері бар жиырмадан аса солдаттарды өлтіргенмен Хомулла отрядының зеңбірек және винтовкадан жапатармағай атылған оғына төтеп бере алмаған көтерілісшілерден 80 жігіт қаза тауып, 200-дей жігіттер жараланды. Сөйтіп, Жаңабай бастаған халық көтерілісі аяусыздықпен басылған еді.

Одан әрі, «қара пристав» — Хомулла бастаған жазалаушы отряд «Қаражар» көтерілісшілерін басуға Кеңгір өзені мен Жеіңішке — Сарысу өзенінің қосылған жеріндегі «Қаражарға» беттеген еді. Ондағы көтерілісшілер басқаруы сай, соғыс әдісіне машықтанған жазалаушы отрядты найзақылыш, сойыл-шоқпармен ғана қарсы алған. Көтеріліске шыққан көп жігіт екі өзеннің қосылысындағы биік төбеге жиналып, Қарсақбай жағынан келе жатқан жазалаушы отрядты күтіп, ұрысқа қомданады.

Көп жиынды көрген орыстар оларға жақындай түсіп, зеңбіректің оғы жетеді-ау деген жерге аялдап, үйме-жүйме болып, кейбіреулері аттарынан түсіп, ат-арбаларымен болып жатқан көрінді көтерілісшілерге. Бір кезде біразы сол жерде қалып, көп аттылары алға жылжиды. Өлден уақытта жерді сілкінте гүрс-гүрс атылған дауыс та келіп құлаққа жетеді. Сол, сол-ақ екен, жиын жұрттың берекесін қашырып, біраз адам мен аттар жарақат алды. Сәл ес жия, жұрт айқайды салып, ұрандасып, винтовкамен, зеңбірекпен қаруланған жауға қарсы ұрысқа шыққан. Өмірі беті қайтпаған найзагер, сойылгер қазақы ұрыстың нелер шеберлері бет ауызын жүн басқан шибұт орыстардың винтовкадан, зеңбіректен атқан оғына жем болып, көп адам қаза болды, көп адам жараланды. Осындай алапатты көргендерден, аз ғана адам тоғайға кіріп, бастарын амандады. Бетпе-бет айқасқа үлгеріп қалғандар 4-5 қана орысты өлтіріп, өздері де шейіт болды. Қаныпезер жауыздар көтерілісшілердің жаралыларын өкшелей қуып жүріп, атып, қырып салды.

Қаражар көтерілісшілерін аяусыз қырған жазалаушы отряд Арғанаты — Қарақойын бағытына қарай бет алған. Енді Қарақойындағы қанды шайқас қалай басталды, соны сөз етейік. «Қарақойын» көтерілісінің басынан аяғына дейін көзбен көріп, сол ұлт-азаттық көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі болған жерлес ақынымыз Бозайұлы Қуанышбайдың жазып артына қалдырып кеткен

өлең-жырлары «Қарақойын» көтерілісінің мән-жайын толық суреттейді. Қуанышбайдың: «Июнь жарлығы», «Сарбаз», «Отряд», «Соғыс», «Босу», «Манифесть» деген өлеңдерімен «Қарақойын» поэмасы осының айғақты дәлелі бола алады.

Оқиғаның шиеленісуі мына төмендегіден басталады екен. 1916 жылғы маусым айында «Бормала» деген жерде болыстардың сайлауы өтеді. Ол сайлауды өткізуге Атбасар уезінен Матвей деген орыс келеді. Сол сайлауда «Терісаққан» болысына Жанайдардың Мейрамы, «Казгородокға» Дәрменнің Сұлтанбегі, «Қарақойын» болысына Жақып болыс болып сайланады. Сайлаудан кейін Матвей би-болыстарға Ресейден батыстағы соғысқа көп адам кетіп, көптеген зауыт-фабриктер адамның жоқтығынан тоқтап және оған байланысты Ақ патшаның жарлығы бойынша қазақтардан 19 бен 31 жас аралығындағы жігіттер «қарамалайға» алынатындығын ескертіп, болыстарға әкелген арнайы бұйрықтарын таныстырады. Бұйрық алған болыстар «қарамалайға» (труд армияға) адам бермей болмайды, жоғарыдан бұйрық келген соң, оны орындатпай қоймайды» — деп халық арасына үгіт жүргізген.

Бұл хабарды естіген жергілікті халық кәрі-жасы дүрлігіп, қарияларымен жастары жиналып, «патшаның бұл, әуел баста қызыл иттің терісіне мөр басып, «Қазақтан әскерге адам алмаймыз» деген антын бұзғандығы, біз баламызды қарамалайға бермейміз» деп үлкендері, «өлсек өз жерімізде өлеміз, ешқайда бармаймыз» деп жастары Ақпатшаның бұйрығына қарсылық білдіріп, көпшіліктің сөзін ұлықтарға жеткізуге Тоқпанұлы Кенжеболат пен Бабаназарұлы Жүністі жібереді. Ол екеуі ұлықтарға барып, ізетті мәмілемен жиын халықтың сөздерін жеткізгенде Матвей ашу шақырып, «Сендер патша әміріне қарсы шықтыңдар және халықты қарсы қойып отырсыңдар» деп, Кенжеболат пен Жүністі ұстап байлаттырып, Атбасарға әкетпекші болады. Бұл оқиғаны естіген елдің жігіттері ұлықтар отырған үйге басып кіріп, Матвеевтің өзінің қолын байлап-матап «Қарамалайға қазақтан адам алмауға келістім» — деп қолыңнан қағаз бер. Оған келіспеген жағдайда қазір өлтіреміз деп қорқытады. Өзіне таянған өлім қаупін сезген Матвеев, не болғанда да өлмей аман қалудың жолын іздеп, қолынан көпшілік талап еткен қағазын жазып, қолың қойып, мөрін басқан. Содан қараша айында Бабаназардың Жүнісін «Атбасарда болатын жер дауы, жесір дауына қажетсің» деп шақыртып, оны келген бойда ұлықтар абақтыға қаматып тастайды. Сол

камалғандардың ішінде Найманбайұлы Бекқожа, руы Қарабала Қаражігіттің Мұқышы, руы Тоқтауыл Досымбектің Оразбегі және тағы да басқа аты аталмаған басты-басты адамдар болады.

Матвей мен қара пристав Хамулланың жалған қағаз беріп алдап, опасыздық жасаған аюандық істегенін естіген жігіттер ел намысын ешкімге таптаттырмаймыз, өлсек өз жерімізде өлеміз» — деп «қарамалайға адам алам» деген жарлығына наразылық білдіріп, халықты ұлтазаттық көтеріліске ұйымдастыра бастаған Хасен ханның қарамағына келіп топтасады. Жиналған жұрттың тілегі бойынша көтеріліске қол басшылық етуге «Желдіадырдағы» Ажағайдың Жүсібі сайланады. Оған Қорғалжыңдағы алтайдан төрт жігітті ертіп Дәулетбекұлы Иса батыр келіп қосылады. Ел ішіндегі негізгі қару болып есептелетін бірлі-жарым шиті мылтық, қылыш-найза, айбалта, садақ жинастырылды. Жетіспейтін соғыс қаруларын тез арада жасап шығару үшін, Балду ұлы Омар ұстаны бас етіп, елдегі ұсталық өнері бар деген адамдарды ұйымдастырып күні-түні жұмыс жасатқан.

1916 жылдың қазан айы болатын. «Бүгіл» деген жерде айналасы 800-ден астам жігіттерге басшы болған жасы алпыстан асқан, руы Бабас Ажағайдың Жүсібі «қара пристав» Хамулланың Қарсақбай жеріндегі Жаңабай бастаған көтерілісшілерді жеңіп, одан әрі «Қаражар көтерілісін» басып, 350 солдатпен Терсаққанға бет алғандығын естіген. Оларды Омарбек Арғанатыны басып, Желдіадырға құлатқан «Патша жарлығына қарсы шығып жиналып жатқан сарбаздарға балаларын жіберген нағыз жауыздардың өзі» деп Желдіадырда Кенжеболатты, Досмақанды, Төленді, Баймағанбетті, Смайылды аттырған. Олардың қораларын өртеткен. Сол күні Терісаққан бойындағы Мейрам көніндегі ауылына апарып, Хамулла бастаған жазалаушы отрядтарды қондырып, сый-құрмет көрсеткен.

«Хамулла әскерін тынықтырып жатыр» деген хабарды естіп, Жүсіп сарбаздарымен «Бекназар бұлағына» келіп, түнде Хамулла қолына тимек болған. Бірақ, оны Хамулла «жансыздардан естіп, Жүсіппен соғыспаққа жолға шыққан. Екі әскер бір-біріне таяп келіп, арасы екі шақырым қалғанда сарбаздардың ішінде би-болыстардың жіберген «жансыздары» — молда болған болып, «жауға қарсы бірінші шабуға да, оқ шығаруға да болмайды. Оны бұзғандар күнәкар болып, кәпір өлімімен өледі. Сондықтан әуелі жау жағы атсын, сосын барып сендер атыңдар, өлсеңдер шеһит боласыңдар»


деп іріткі салған. Даланың қараңғы аңқау жігіттері Хамулланың бірінші оқ атуын күткен. Топтан-топқа ұрыс жайында бұйрық беріп, шабуылдап жүрген Жүсіп, аты сүрініп кетіп, құлап мертігіп есінен танып қалады. Оның айқайын біреу естісе, біреу естіген жоқ. Молданың айтқанына сеніп қалған жігіттер әлі тұр. Мұны көрген Дәулетбектің Исасы.

— Бекініп алған соң алдыра ма? жау зеңбірегін құрып жатыр, қырып салмай ма, неғып мелшиіп тұрсыңдар? Ал, тәуекел! — деп 30 шақты сарбаздарын бастап, Иса батыр жауға қарсы ұмтылды. Осы кезде жау жағы гүрсілдетіп, зеңбірек пен винтовкадан оқ жаудыра бастады. Исаның қасында шауып келе жатқан бір жолдасы оққа ұшып, аттан құлап түсті. Тағы да бір-екі адам оққа ұшты. Арттағы көп сарбаз айқайды салып шабуылға шығып еді. Олар келе жатып алдағы өліп жатқандарды көріп, кейін қайтты. Иса батыр шапқан бетімен Хамулланың әскеріне араласып, қылышпен екі солдатты шауып сұлатып, одан әрі ұмтыла бергенде жауыздардың атқан оғынан қазаға ұшырады. Исаға ерген отыз сарбаздың оншақтысы емін-еркін қол ұрысқа жете алмай, зеңбірек пен винтовкадан атылған оқтарға жем болды. Халық көтерілісі осылай басылып еді. Торғайдағы Аманкелді, Кейкі батырлардың қолдарына барып қосылмақшы болған сарбаздарға ауылының би-болыстары тосқауыл жасап, оларды Қарамалайға еріксіз айдаттырды. Солардың ішінде Тепеұлы Мағзұм, Нұрбатырдың Сыздығы, Сәрсеннің Серікбайы, Балдудың Машайығы, Көбеннің Смағұлы, Жиенбайдың Ырысмағанбеті, Жантайдың Қалакесі, Досымның Бірімжаны, Ыбырайдың Қарасы және басқа да аты аталмаған көп адамдар бар еді. Сол кеткендердің ішінде Абызұлы Берден мен Шомақтың Әсембегі «итжеккен» алыс Иркутскіде қаза болды.

...«Қарақойында» өткен бір күнгі соғыста жазалаушылар көтерілісшілерден 11 кісіні өлтіріп, 70 қос, 81 түйе, көптеген киіді олжа қылды. Онан кейін «Шашты» тауында 50 қораны өртеп, Обалыдан Жантайұлын екі баласымен өлтірді. Кешінде 80 қораны өртеп, 27 адамды өлтіріп, талап алған дүние-мүлікті 250 арбаға тиеп, 700-800 қара айдап кетті» — деп жазды оқиғаны көзімен көрген Мұқаш деген кісі (қазақстан Республикасы Президент архиві, 3-хор, 1-тізбе, 47 қорабы бетін қараңыз. 3. И)

Қарақойын көтерілісін егжей-тегжейлі баяндаған Бозайұлы Қуанышбайдың поэмасынан газетіміздің оқырмандарына үзінді бергенді жөн көрдік.

Июннің он бірінде орыс келді,  
Шақырып сайлауына тамам елді.  
Солдатқа қазақ жасын аламыз деп,  
31-19-ға бұйрық берді.  
Көрсетіп заң-законның, жайып барын,  
Қазақтың тыңдамады айтқан зарын.  
Бастығы Виноградов, Воденников  
Переводчик — учитель Иван залым.  
Жылмаңдар жандарында Петр-Петрович.  
Қошаметтер ұлықтардың айтқандарын.  
Пристав Ахньгельмен Кетюлланың.  
Аузынан аждаһадай шығар жалын.  
Ержүрек орта — арғында еді Жақып,  
Мазаланды, көптің камын жеді Жақып.  
— «Өлтірсек қазы, өлсек шейітбіз,  
Тендік үшін қаным адал!» — деді Жақып,  
Жақыпқа Хасен ерді Айтқожамен,  
Әдетке ақсақал сол ақыл берген,  
Баласы Дәулетбектің Иса батыр,  
О, да, келді төрт жігіт қасына ерген,  
Ұлықты қалың жастар қамап алды,  
Заң — закон, өсиеттер жайға қалды,  
«Өз елім, өз жерімде өлеміз» деп,  
Лап қойып, ұлықтарға айқай салды,  
Ақсақал білгіштерін жиған бәрін,  
Тілеген, тыңдатады айтқан зарын,  
«Айтпайтынбыз, айтсақ қайтпайтынбыз»,  
Деді де сұм ұлықтар төкті кәрін,  
Әкімнің беті қатты болмаған соң,  
Азырақ дүреледі бұл жастарың,  
Закон мен оралтқанша бір мықтады,  
Ақырын кім біледі не боларын?





*Шакарман Мұқанұлы мен зайыбы Қуаныш Төлегенқызы*



*Шакарманның: әкесі Мұқан  
ағасы Какар  
шешесі Күлжан  
жеңгесі Бәтима (оңнан, солға қарай)*



*Шакарман мен Қуаныш балаларының ортасында  
күйеубаласы Ерлан  
қыздары: Салтанат, Нұргүл  
ұлы Ербол  
немерелері: Перизат, Фариза*



*Шакарман Мұқанұлы Шайгөзов отбасымен*




*Шакарман інісі Амангелді  
жеңгелері: Әңсия, Рахима*




*Шакарман, бөлесі  
Қанапия және  
жұбайы Қуаныш*



*Үлкен ұлы Қазыбек, келіні Рая  
немерелері Фариза, Дана*




*Ұлы Асқар, келіні Жанар  
немересі Арайлым*



*Шакарманның  
қыздары: Салтанат,  
Баян, Нұрғұл*



*Ұлы Нұрлан, келіні Гүлмаржан*



*Немерелері Перизат, Олжас*



*Облыстық семинарға Ұлытау ауданынан барған малдәрігерлері  
Солдан оңға қарай: Есімсейтов Дүйсен, үшінші тұрған  
Шайгөзов Шакарман, бесіншісі Омаров Қадір*



*Шакарман Мұқанұлы  
Кисловодскіде  
демальста 1972 ж.*

## II - БӨЛІМ

### САРБАЗ

Солдаттан ел дүрлікті қорқып жаны,  
Жастары Орта Арғынның қайнар қаны,  
Жақыпбек, Есет пенен Мейрам, Дәрмен,  
Рақымсыз шенеуліктен болар әрі,  
Жасырын бұлар солдат бермек болды,  
Хамулла елге қайтып келмек болды,  
Солдатқа кім барады, кім қалады,  
Аралап өз көзімен көрмек болды,  
Тапсырып би-болысқа қайтып кетті,  
Келем деп сентябрьде айтып кетті,  
Өртүрлі толқымалы ел жүргенде,  
Арада табандатқан бір ай өтті,  
Жастардың кірді аузына сарбаз болу,  
Әбігер болып жатыр көшіп-қону,  
Орта Арғын Жақып ерді бас қып сайлап,  
Жиналды «Қыпшаққа» талай ру,  
Жинады орталыққа талай жасты,  
Өлімге байлайық ғазиз басты,  
Даярлап, мылтық найза қылыш — құрал.  
Соқтырып айбалтасын жанталасты,  
Сарбазды Жақып батыр жиып жатыр,  
Соғыстың құралдарын үйіп жатыр.  
«Ақши» мен «Қыпшақтың» өн бойына,  
Қалың қол жыбырлаған сыйып жатыр,  
Жақыптың сарбаздары ойнап жатыр,  
«Бір соғыс болады» деп ойлап жатыр.  
Кетті деп сарбаз болып сенің балаң,  
Би-болыс қалған елді талап жатыр.  
Амалсыз бұғандағы көніп жатыр.  
Сұраған бұйымтайын беріп жатыр.  
Бізді де жарылқайтын күн болар деп,  
Сарбазға момын халық сеніп жатыр.  
Бір мыңдай Жақып ерде сарбаз болды,  
Жинап тұр жауға қарсы қалың қолды.  
Хасені Жәнібектің, Әйдеркемен,  
Жақыпқа ақылшы — дос сүйеу болды.  
«Қазақым құл емессің, сен де теңсің,  
Қол бастар ерің де бар, рулы елсің!  
Бермейді өлмей еркін біздің сарбаз.

Жеңсе егер мейлі асып мейлі қырсын.  
«Шабындар, азаттық» деп қолың жайып,  
Жүруің ойнап-күліп енді ғайып.  
Бір ауыз бек қабағат жұмыс болды.  
Түсті ғой, елге қайғы көп мұңайып.  
«Отыз бір, он тоғыздың екі арасы,  
Жазылған «списокке» дұрыс жасы,  
Атынан қарамалай алынады,  
Байлаулы заң бойынша оның басы.  
Халыққа осылай деп жарлық шашты.  
Жиналды ақсақалдар басты-басты.  
«Ал, кәне қандай жауап береміз» деп,  
Ел болып сол арада ақылдасты.  
Арғынның жиналады жас пен қарты.

## **«ТАЙЖАНМЕН ҮШ РЕТ КЕЗДЕСТІМ», — дейді көпті көрген Кәкең ақсақал**

Әлі есімде, бұл 1990 жылғы сәуір айының аяқ кезі болатын. Шеңбер кеңшарының бас мал дәрігерімін. Көктемгі төл қабылдау жұмыстарының қызып жатқан кезі. Төл науқанына байланысты менің тікелей жауапкершілігімде кеңшардың Махметов Науқанбай басқарып отырған №3 бөлімшесі. Сонда жауапты өкілмін. Қараторғай өзенінің жоғары салаларында орналасқан малшыларда, одан әрі шығыста жатқан Нұрман, Есенбек қыстақтары төңірегіндегі отарларда болып, енді Қоянды тауының «Дәбей» жақ етегіне құлап келе жатқанбыз. Қасымда бөлімше меңгерушісі және машина жүргізуші жігіт бар. Кеңшардың егістігінде қарай беттеп келеміз. Әлден уақытта алдымыздан асау тайды үйретіп жүрген бала көзге шалына кетті. Біз таяй бергенімізде әлгі тайдан түсіп, жүздескісі келгендей белгі берді. Жанына келсек, тай үйретіп жүрген ауыл қариясы — Кәкім ақсақал екен. Біз автокөліктен түсіп, жамырай сәлем берісіп, «ау, ақсақал, мына асаудан құлаймын деп қорықпайсыз ба?» — дегенімізде «Құдайға шүкір, әлде де болса төрт-бес жыл асау үйретуге күшім бар» — деп күліп алды. Сол кезде Кәкеңнің жасы 77-де екен.

Бүгінде, сол Кәкең ақсақал 83-ке келіп, «Енді бұрынғыдай үйден ұзап, шыға қоймаймын» дейді. Уақыт өткен сайын жас ұлғаяды, дүние тозады, ешкім де, ешнәрсе де мәңгілік емес — деген ойға шомасың.

Кәең ақсақал әңгімешіл, көп жүрген, көпті көрген осы кейінгі уақытқа дейін қызметтен қалмаған, білімі бар адам. Ол кісінің аудан көлемінде білмейтін адамы, білмейтін елі жоқ. Кешегі қызметке араласып жүргенде қызметтес жолдас, дос-жарандары көп болған. Ол кісі әңгімесіне арқау етіп жүрген жерлерін, ауыл адамдарын, оның ішінде елге сыйлы қадірлі үлкендердің аттарын атап, ұлағатты сөздерін әңгіме етеді. Соның бірі — Тайжанмен кездескені жөнінде хатқа жазып жіберіпті.

— «Ойды-ой қозғайды» дегендей, Тайжан ақынмен үш рет кездескенім есімнен кетпейді — дейді Кәең. 1922 жылғы қаңтар айының 22-сі болатын. Ол кезде мен 8 жастағы бала едім. Қос ат жеккен әдемі жеңіл шана есік алдына келіп тоқтады. Үстінен үш адам түсіп жатыр. Бұл келгендердің бірі — Тайжан ақын екен. Қасындағылары Қасқырбайдың Жүнісі мен Дәуітбай ұста екен. Тайжан ақынды бірінші көруім. Ол кісінің ортадан жоғары бойы бар, кең иықты, жалпақ жауырынды, дөңгелек жүзді, қияқ мұртты кісі екен.

Бұл жолы Тайжекең Көкшетаудағы нағашысы — Қарауыл Үкілі Ыбырайдың елінен келе жатқан беті болатын.

Менің әкем — Жүніс қажы қатты ауырып, әл үстінде жатқан еді. Әкемнің қасында ағасы Әлімбек пірәдар, жақын туыстары: Әлімбай пірәдар, Тұрғанбай, Тәшмағанбет ағалар күзетіп отырған. Қасындағылар» жиен ақын — Қалмағанбеттің Тайжаны келді» — дегенде, әкем қуанғанынан көзін ашып, «көтер басымды» — деп еңсесін көтергізіп, бар күшін жиып, ақынмен құшақтасып, көңілі көтеріліп қалды.

Біздің бес бөлмелі жақсы үйіміз болатын. Қонақтарды кең бөлмеге жайғастырып, дастархан жайылып тағамдар қойылып жатыр. Үйге Туланың сары самаурыны да кіріп, кісілерге шәй берілді. Шәйдан кейін, үйге ауыл адамдары жиылып, «Тайжекеңнің лебізін тыңдаймыз», — деп келіп жатыр. Кісілердің даладағы шанада тұрған сырнайы мен домбырасы үйге әкелініп қойылған. Мен, әкеме қарасам, ол кісі сауығып кеткендей және ақын жиеннің әнін сағынғандай күлімдеп қояды. Ақын сырнайын алып, құлашы кере сермей, тарта әнге қосып шырқай жөнеледі. Аспанға шырқай көтерілген әсем ән мен сырнайдың жағымды қоңыр дауысын ұйып тыңдай қалған ауыл адамдары да қызыққа батып, мээ-мәйрам болды. Әкем де ауруын ұмытып кеткендей, қызара бөртіп көрінген сияқты болады маған.

Тайжан ақын «Таусылмайтын ән қоймасы» деуші еді жұрт, болса-болғандай екен — деп күнкілдегендер де бар. Бірде домбырамен, бірде сырнаймен алма-кезек ән қырқалып жатыр. Сондағы әндері:

Ақынмын өз еліме атын жайған,  
Халқым сүйіп, атымды қойған Тайжан.  
Қарауылда бөтен еш жұмысым жоқ,  
Бата алғалы барып ем Ыбырайдан.  
Кімің бар меніменен шайқасатың,  
Күшім бар Жамбылмен де байқасатын.  
Үкілі Ыбырайдан бата алған,  
Мен едім, Наймандағы Тайжан ақын.

Ауыл адамдары тарағаннан кейін де әңгіме қызып, ел арасындағы жақсылардан қалған ұлағатты сөздер мен өлең-шумақтары айтылды. Тайжан ақын, өзі жас, еліне бас боларлық жігіттің үш асыл мінезі болады. Оның бірі — шыншылдығы, одан соң — аңқылдақ адалдығы, соңғысы — кара қылды қақ жарған әділдігі» — деді.

Қонақасыға дайындалған қыс қызылы-соғымның семіз қазы-қартасы, жал-жаясы бар, ортасына шеке қойылған үйеме толы батақ ет қойылып, қонақтар ет жеуге кірісті. Ертеңінде, сәскеде шәйін ішіп, әкем мен «енді көреміз бе, көрмейміз бе?» деп, үзір-мәзір айтысып, қоштасып аттанып кеткен еді.

— Тайжекеңмен екінші кездескенім. 1936 жылы Мәскеуде Қазақстанның «Он күндігі» өткізуге Алматыдан оқу халық комиссары, әрі мәдениет жағын басқаратын. Темірбек Жүргенов бастаған мемлекет қайраткерлері мен өнер қайраткерлері (1250 адам) Әулиеатаға (қазіргі Қызылорда) келіп, түсті. Оларды қарсы алушылардың ішінде, мен де бар едім. Ол кезде мен қалалық комсомол комитетінің пионерлер бөлімінің меңгерушісімін. Мен көптің ішінен Тайжан мен Болман ақындарды танып, сәлем бердім. Тайжекең:

— Қарағым, сен қай баласың? — деп сұрады. Мен:

Өзіңіз білтетін баяғы Арғын Сайранбай Жүніс Қажының баласы екенімді айтып, өзімді таныстырдым. Ол кісілерді Мәскеуден қайтарда да қарсы алдық. Он адам үкімет наградасын алып қайтты. Л. И. Мирзоян мен Жамбыл Ленин орденін, Сәкен Сейфуллин Еңбек Қызыл Ту орденін, Күләш Бәйсейітова СССР Халық артисі атағын алып қайтты. Сол кезде Әулиеата қаласы Л. И. Мирзоян қаласы болып аталды.

Тайжекеңмен үшінші рет кездескенім — 1936 жылы Ұлытаудан Қарсақбайға бірге барғаным еді. Сол жолы ауылға демалысқа келіп, Әулиеатаға қайтып бара жатқан кезім еді, — дейді Кәкең ақсақал.

Кәкеңнің әкесі — Жүніс Қажы еліне сыйлы, халқы қадір тұтқан әулие адам еді. Ол кісі туралы, ел арасында жақсы-жақсы сөздер айтылып жүреді.

Айыртаудың шығыс жақ бетіне тарихи ескерткіш түсетін жерді белгілеген тасты қойған орнында, Түркияда келген туысқан-бауырларды қарсы алғанымызда Кәкең ақсақалдың қолымен қонақтардың алдына құрмет көрсетіліп «Ақсарбас» шалдырғанбыз.

Кәкең осындай елдің құрметіне бөленген ақсақалдарымыздың бірі еді.

## **ЕСІМІ ҰМЫТ ҚАЛҒАН АБЗАЛ ЖАН**

Елбасының пәрменімен 1997 жылы-жалпы ұлттық-татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланды.

Осы орайда 1937 жылғы саяси қуғын-сүргінге ұшыраған құрбандықтардың бірі — қаракеңгірлік Түсіп бақсы Баржақсыұлы жайлы әңгіме қозғауды жөн көрдік.

Тәуелсіздік алып, өз алдымызға егеменді ел болғаннан бергі жерде халқымыздың ұмыт қалып, ізі көмеккілене бастаған тарихын қайта қарап, саралау тиянақты да, әділетті шындықтың бетін ашуға мүмкіндік туғаны аян. 30-40 жылдардағы халқымыздың басына туған нәубет сан-мыңдаған боздақтарды құрбан етті. Тағдыр ата мен ұрпақты бір-біріне тірідей айырды. Заман зобалаңына іліккен жандар жазықсыз жаза аркалап, жан түршігерлік қиянатты басынан өткізіп кете барды.

1937 жылғы жаппай жүзеге асырылған «халық жауына» қарсы күрес сүттің бетіндегі қаймағындай қазақтың зиялылары мен елге сыйлы сан мыңдаған азаматтарын қамтып, оларды көбі атылып, қалғаны ұзақ мерзімге ГУЛАК-тың алыстағы лагерьлеріне айдалды. Сол боздақтардың көпшілігі кіндік қаны тамған елі мен жеріне оралмай, шалғай өлкеде көз жұмды.

Отыз жетінші жылғы ұсталғандардың ішінде елге сыйлы емші, балгер-бақсы Түсіп те бар еді. Ұлытау-Жезқазған өлкесінде ол кісіні білмейтін адам кемде-кем-шығар. Қай уақытта ажалсызға себепші, өзінің емшілік өнерімен елінің құрметіне бөленген абзал адамдардың есімі, өзі өмір сүрген ортасында есінде қалары анық.

Жезқазған қаласының беделді қарияларының бірі, руы Сапақ Сейіт Түшенұлы өзінің бір естелік әңгімесінде Түсіп бақсы жайында, оның өзіне көрсеткен ажалға арашашысы болғандай емшілік көмегін сүйсіне айтатын.

— Мешел болып бейнетім кісiде, екi жыл жаттым. Сол ауруым мендегеннен-ақ аяқ жетер жердегi дәрігер атаулыны қалдырған жоқпын, қаралып-ақ бақтым. Бірақ, ешқандай ем қонбады. Сол кезде Түсіп бақсының атағы шыға бастаған еді. «Суға кеткен, тал қармайды» деген емес пе? Өмірден күдер үзбей жарық дүниенің жақсылығына үміт артып, балгеремші атана бастаған, Түсіп бақсыға қос атпен ауылдағы өзіме жанашыр беделді ақсақалдардың бірін жібердім. Түсекеңнің бір қасиеті, амандық-саулық сұрасып болған соң, «шай қайнағанша қисая тұрайын» деп, жастыққа басын төсей жата қалатын әдеті бар екен. Артынша, бес-он минуттан соң, ұшып тұрып «әй, Сейіт, сен балталаса да өлмейсің» деді. Көзіме үміт оты жарқ ете қалғандай әсер берген сол жарықтықтың сөзі жасым сексенге келгенше көкірегімнен бір кеткен емес.

Ол кісінің маған айтқаны, «Бие байлат, саған қымыз ішу керек болып тұр, қалған емді өзім жасаймын» деді. Бие де байланды. Қымыздың бабымен ол кісінің өзі айналысып, оған Ұлытаудың қасиетті дәрі шөптерінің бірін қосып, ашытып маған ішкізді. Күнара, кейде екi-үш күнде бір рет жүйке тамырымды қуалай отырып үзеді. Қөңілге ме, білмедім, бетім бері қарағандай сезініп, жүрегім жайланып, орныға бастады. Он бес күн қасымда болып, «енді анда-санда келіп, емді жалғастырып отырам, әзірше мына дәрілік шөптен жасалған ертіндіні қымызға қосып үзбей іше тұр, жазыласың! Алла қаласа, алты айда атқа мінесің» деп ауылына жүріп кетті.

— Содан не керек, өзінің белгілеген уақытында үзбей келіп, емді жалғастырып тұрды. Күннен-күнге жақсара түстім. Ақыры айтқаны келіп, алты айда атқа да міндім-ау. Сол жарықтың шарапатының арқасында Қарсақбай ауданына қарасты Жездінің құйғанындағы «Талап» колхозында көп жыл басқарма болып қызмет атқардым — дейді Сейіт ақсақал.

Кезінде егін шаруашылығының маманы болған, руы Қоқан Мендібайдың Жүнісбегі, бертінде бір әңгімесінде Түсіп бақсыны есіне алған еді.

— Қаракөңгірдің Көгелеңіндегі Сарықамыс айдынының жиегіне орнатылған шығырмен Дүзен тамына қараған беттегі суармалы егінді суарамыз. Шығыр басында Түсіп бақсы екеуіміз қостап жатамыз. Ауыл «Жайлаубұлақта» бізге екi-үш күнде бір тамақ қатынатып тұрады. Маусым айының әуе айналып жерге түсіп тұрғандай аптап ыстығы мазаны кетіріп-ақ тұрды. Шығырға жегіліп жүрген өгіздер де әбден титықтап қажыды. Егістік жер дымқылдың тапшылығынан қурап,

тандыры кеуіп барады. Көп болды, жаңбыр да жаумай қойды. — Заман жаман, дін жолына түскендерді де қуғындап жатқан кез. Ораза — намазға жол жоқ, ұмтыла бастаған. «Қай күні қандай кінә тағылып, қандай жазаға душар боларынан қорқып үрейленген ауыл адамдарында зәре жоқ. Егіннің жағдайын ойлаған мен Түсекеңе «Сүйегіммен кетер, жан баласына тіс ашып, айтпасқа сеніңіз. Мынау егін ертеңгі күні қурап қалса, екеуімізді мына заман сау қоймас. Сіздің жаңбыр жауғыза алатын қасиетіңіздің барын білуші едім. Ағажан, осыған бір шарапатыңызды тигізіңіз» деп жалындым. — Шырағым-ай, «Тіл астында тіл бар» деген ертеңгі күні аузыңнан шығып кетсе, менің тағдырым не болады?! Мені қинамай-ақ қойсаң қайтеді? — деді. Бірақ мен жалына-жалбарына ол кісіні мазалаумен болдым. Жарайды, тілегің болсын. Аузың ауыр бала едің, сендім! — деп бір жапырақ қағазға дұға жазып беріп маған «анау бұтаның басына апарып байла» деді. Қағазды байлағаннан кейін, бес-он минуттан соң, тас төбемізге бір дөңгелек бұлт ойнап шыға келігі, күн шатыр-шұтыр күркірей жөнеліп, найзағай жарқылдап, жаңбыр кешке дейін құйды-ай келіп. Сай-сала тасып, егістіктің атшап арықшалары нұрдың суына толып, кілкіді де тұрды. Бір аптаға жуық өгіз-арба жүруден қалды. Егістік суға әбден қанды. Артынша егінде жедел көтеріліп, аз күнде жайқалып сала берді — дейді Жүнісбек ақсақал.

Түсіп бақсы Ұлытауда өсетін дәрілік шөптердің тілін білетін, олардың түр-түрін, сан түрлі ауруға қолдана білген адам. Сол сияқты қарақұрт, улы жылан шаққан адамдарды оқып және емдеп, жаза береді екен. Әсіресе, есінен айырылып, жынданған бірнеше адамды оқып жазғандығы жайында үлкендер көп айтатын. Сондай ауруға шалдығып, сол кісіден емделіп жазылған адамдар, «ол кісінің дауысы ащы, алыстан естілетін» — деп отыратын. Кітап ашып, алдағы болатын жаңалықтарды айтатын әулиелік қасиеттері ерекше еді, — дейтін.

Ол кісінің осы қасиеттеріне қанық, сол кездегі әумесер ауыл белсенділері жоғары жаққа астыртын хабар беріп, жемтікке құныққан қасқырлардай, 1937 жылы Түсекеңді ұстатып, жер аудартқан.

Емшілік қасиеті үшін жазаға тартылған сол абзал азаматтан көп уақытқа дейін туған-туыстары, өзінің отбасы хабар-ошарсыз қала берді. Тек 1944 жылы Түсекеңмен бірге болған бір кісі келіп, елден оларды әкеткен соң Сібір айналдырып әкеп Алматы облысының Іле ауданында мал бақтырғанын

және Түсіптің бірер жыл бұрын қайтыс болып, өз қолынан жерлегенін айтып, естірткен.

Түсіп бақсының руы Шөлтеке болатын. Ол кісінің ұрпақтары, бүгінде Жезқазған, Сәтбаев қалаларында тұрады.

## **БАРЫМТА**

«Таудай талап бергенше, бармақтай бақ бер?!» дейді екен, байлықты армандап өткендер. Бір қолдың бес саусағының өзі бірдей емес қой. Қай уақытта, қай заманда кімнің де болса салт-санасы, хал-ахуалы, шаруа жайы, қалыпты ортасында алатын орны да әрқалай болған.

«Бай-байға құяды, сай-сайға құяды» деген сөз де бекер айтылмаса керек-ті. Мал жинап талаптанған кедейлердің ішінде ілуде біреуі ғана бай бола алған. Мыңды айдаған байлар кімге бес берген? «Аузы қисық, болса да, бай баласы сөйлесін!» — демекші қолында күші жоқ кедейлер кімге сөзін алдыра алған.

Байлығы артқан сайын ірі байлардың ауқымы кеңейіп, хал-ахуалы жұтаң қалтасы оралымға келе бермейтіндерді шеңберінен шығармай малын баққызып, байлығын игеруге қамти түскен. Қалың көпшілікті өз дегеніне көндіріп, байлығын үлгерте білген байлар бар байлығын қолдан шығармау үшін, білектілерді өзіне тартып, атарман-шабарман еткен.

Ірі байлар бақкүндестікке айналып, бірін-бірі мұқату үшін, біріне-бірі барымтаға барып, кейде көп адамдар қатынасқан ұрыстарда болып жататын.

Құдандалы жекжат болып алысып-берісіп, жең ұшымен жалғасқан байлар бір-бірімен одақ құрып, қарсыластарымен сан-килы шиеленіске де барып жататын.

«Жер-дауы, жесір-дауы» деген желеумен ру-румен тайпатайпаның арасында сан шайқастар болып, бас жарылып, көз шығып кейде кісі өлімі де болып тұратын.

Кеңгір өзенінің «Жыланды» деп аталатын саласын мекен еткен руы Асан, Досмағанбет деген кедей жігіт Есіл бойындағы Тарақтының атақты байы — Тасыбайдың малын бағып бірер жыл елде жүрген. Өзі кедей болғанмен алған әйелі бет біткеннің шырайлысы екен. Ажарына қызыққан Тарақтының қулары Досмағанбеттің үйіне күле кіріп, келгіштей беріп, ақыры бір түнде әйелін қағып кеткен.

«Жаяудың шаңы шықпас, жалғыздың үні шықпас» деген емес пе, сүйген жарынан қапелімде айырылып қалған

Досмағанбеттің сөзі ешкімге өтпей, не істерін білмей қапаланып жүреді. Бір күні сол елге «Ұлытаудан Қамбардың Арыстанбегі келіпті» дегенді естіп сол кісіге барып, болған жағдайды баяндайды.

Қанына қызған Арыстанбек Тасыбай байдың үйіне келіп, одан Досмағанбеттің әйелін дереу қайтаруын талап етеді. Бірақ, менменсіген Тасыбай Арыстанбектің сөзін құлағына ілген де жоқ, «кісі келді-ау» деп көсілген аяғын жиған да жоқ.

Бағаналының төрт босағасының бірі — Шегірдің Қамбарының Арыстанбегі үшін, Тасыбайдың менменсіп, менісбеуі сүйекке таңба басқандай қорлауы еді. Сөзін өткізе алмаған Арыстанбек намыстан өле жаздап, дереу елге қайтқан. Елге оралған Арыстанбек басты-басты жігіттердің басын қосып, Тарақтылардың істеп отырған мазағын және олардың осы жасағандарын алдарына келтіру керектігін айтып, «Ал енді намысты қолдан бермей, Тасыбайдың тәубасын алдына келтіретіндей барымтаға кім барады?» дегенде, жиналғандардың ішінен қапсағай денелі, түсі суық, кара сұр жігіт — Әбдірәман, «Мен барам Арыстанбекке» дейді.

Әбдірәман — Ақтаздың ішінде Жәлмен, Ықыластың баласы. Ол үш ағайынды. Ықыластан Әбжамал Әбдіраман, Кәрім туады.

Әбдіраман қасына әдемі төрт жігітті алып, Досмағанбетті жолбасшы етіп, «Есіл қайдасың?» деп жүріп кетеді. Олардың астарына елдегі жарамды деген аттарды алдырып мінгізген болатын Арыстанбек. Әбдірамандар суыт жүріспен Тасыбайдың ауылына таяп келіп, бір-ер күн ат тынықтырған. Ол елдің жыра-жырасы мен, сай-саласын қараңғы түнде жазбай танитын Досмағанбет Тасыбай ауылының өкпе тұсындағы ескерусіз жерге әкеліп аялдатқан. Олардың аңдатыны — Тасыбайдың жылқысы. Салып алып, қуып кетпек.

«Ерден ердің хауі бар» деген емес пе, Тасыбай да сезіктенген екен, жылқысын Есіл өзенінің бір қалың тоғайлы түбегіне тығып, өздері түні бойы күзетке алып жүрген. Екі-үш күн аңдып ешқандай қисынын таба алмаған Әбдірамандар «ел ұйқыға кетті-ау» деген шақта жылқыға атты қойып, одан жүз қаралы жылқыны бөліп алып, қуып жөнелген. «Аттан, аттанға!» басып жылқының ізімен келіп қалғандардың үстінен екі бердеңкеден оқ атып, маңайлатпайды. Ауылдан аттанарда Әбдіраман бастаған жігіттер Батырбек Мергеннің екі бірдей бердеңке мылтығын алған болатын. Қуғыншылар да мылтық

атқан болады, бірақ жылқыларын қайтара алмасын білген олар Баршынбайдың көксайына дейін қуып келіп, кері қайтқан.

Кішітаудан батысқа қарай аққан «Шығырлы» өзенінің бойындағы елге жылқыны айдап жеткен жігіттерінің хабарын естіген Арыстанбек жүзден астам Тасыбайдың жылқысын үйді-үйге таратып, қырғызып жіберген.

Ұзынқұлақтан «жылқыларын Қамбардың Арыстанбегі айдап алыпты» деген хабармен Тасыбайдың жіберген бір топ адамы Шығырлыдағы Арыстанбектің үйіне келіп түседі. Олардың келетіндерінен алдын-ала хабардар болған Арыстанбек қонақтарды күту рәсімімен дайындық жасатып, үй-ішіне тәуір сырмақ түсті кілемдерді жайғызып, төрге пүліш-жібекпен тысталған көрпелерді төсетіп, келген тарақтыларды қарсы алады. Жақсы құрмет көрсетіле бастағаннан жақсылыққа жорыған тарақтылар да көңілдері көтеріле төрге жайғасқан. Шай үстінде бұрынғы өткен-кеткен әңгімелер айтылып, енді негізгі сөзге көшуге бет ала бастағанда жаңа ғана сойылған семіз тайдың еті салынған табақ тартылып, сөз үзіліп қалып, қонақтар ет жеуге кіріскен. Ет те желініп болды. Қонақтардың майлы қолын сұртуге дәйекші жігіттер жаңа ғана сандықтан шығарылған тап-таза жібектерді ұсынған. Таза жібекпен қолдарының майын сұртуге дәті бармай қолдарының майын аяқтарындағы етіктеріне жаға бастағанда, Арыстанбек сырттағы даяр тұрған жігітгерін шақырып, «Мыналар етігін майлайды, етігі к...н майлайды, к...ті көрпенді майлайды шығарыңдар далаға!» дейді. Сол сөзді күтіп тұрған апайтөс жігіттер Тарақтыларды аяқтарынан сүйрей жөнеледі. Кінә өздерінен болып, «тілдері байланған» Тасыбайдың адамдары ләм дей алмай сол беттерімен елдеріне қайтқан. Бұл оқиға Совет үкіметінің алғашқы жылдарында болса керек.

Тасыбай жылқыларын барымталап алған Арыстанбек ауылының Әбдіраман бастаған жігіттері екенін көрсетіп, Атбасар ауданының ішкі істер бөліміне Тасыбайлар шағым түсірген. Милиция бастығы Оспрахман Әбдірәманды ұстатып, қаматып, оған көрсетпегенді көрсетеді. Бірақ қандай азап көрсе де Әбдірәман бәріне төзіп, кінәсін мойындамайды және бірге барған жолдастарының аты-жөнін де айтпай бағады.

Кейін Атбасар ауданындағы «Қызыл отаудың» соты Жылқыайдардың Күрсені келіп, Қаракенгір өзенінің бойындағы Бименденің «Көк үйінде» Әбдірәманға сот құрып, «қылмысты» істің дәлелі болмағанына сүйеніп, Әбдірәманды ақтап жіберген.

«Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді» деген емес пе, өз елінің намысына қызған Әбдіраман Тарақтылардан есесін қайтарып өз істеген мазағын өздерінің алдына келтірген табанды батыр жігіт еді.

Сол Әбдірәман — Республикаға танымал ғалым, бірнеше ғылыми фантастикалық еңбектердің авторы Шәмшиденнің әкесі еді. Ұлытау топырағында дүниеге келіп, кіндік қаны тамған ғалым Шәмшиден Әбдірәманов биыл алпыстың асуына шығып, туған еліне келіп қайтты.

## **ТЫМАҚТЫ ЕНЕЙ**

Қазақтың тектілері нәсілдік әдет-ғұрпына сергек қарап, берік ұстағанын үлкендер айтып отыратын.

Алысқа бармай-ақ, төрт түліктің ішінде мындап түйе біткен атақты бай — Алтай Бұқардың бір үлкен базарына жолы түсіп, бара қалса, нелер сұлу жас қыздарды сатқалы тұрған бір бай саудагерге кез болып, ай мен күндей уылжыған бір жас сұлуға көзі туседі. Қолда бар байлықты аясын ба, қыз бағасының өзгелерден қымбатқа түскеніне қарамастан сатып алып Ұлытаудағы еліне алып келеді.

Алтай да тұлғасы келген сымбатты, әрі бай жігіт болған соң, қыздың да сыртқа тіс жарып сыр бермегенімен, ішкі ойы Алтайға құлай кетсе керек. «Қызды кім көрмейді, қымызды кім ішпейді» демейме, «Алтай бір сұлу қызды сатып әкепті» — дегенді естіп, көз салушылар да көбейеді.

Көре алмағандар күнкіл шығарып, «Алтай сатып алған күнін некелеп алғалы жатыр. Ол текті атаның сүйегіне түскен таңба болмай ма?» — деген, жағымсыз сөздер құлақтан-құлаққа тарай бастайды. Сол сөзді естіп, шошынған Алтай қызды некелеп алудан бас тартады. «Байдан басқаға күйеуге шықпаймын», — деген сертке бой ұрған сұлу да, ешкімге көңіл аудармай Алтай үйінде қыз болып жүре береді.

Бір түні байдың табындағы көп түйесіне жау тиіп, тігерге тұяқ қалдырмай Үргенішке қарай айдап кетеді. Алтай бай ауылда болмаса керек, түйенің «қолды болған» хабарын үш-төрт күннен кейін ғана естиді.

«Аттан, аттанға басып, айнала шабуылдап, жол кескеннен» ештеңе шықпайды, түйе табыны ізсіз жоғалады да кетеді. Жау шапқан күні Алтайдың жүйрік кер аты да және сатып әкелген сұлу қызы да ауылда жоқ болып шығады. Бай іздеу салып жан-жаққа ат шаптырғанмен түйелер де, қыз да, кер атта табылмайды.

Бірқатар уақыт өткеннен соң, Алтай байдан сүйінші сұрап келген Теңгеш, Серкеш деген жігіттер кер атқа мінген сұлу қыздың жау әкеткен көп түйені бір басын шығындатпай ауылға айдап келе жатқанын айтады.

Қыздың бұл ісіне қатты риза болғанмен, Алтай бай қызға үйленбеге бекінген сертінен қайта алмайды. Қыз да өз сертінен ауытқымай, қыз бойымен қартайып келіп, қыз болып дүниеден өткен екен.

Қызды Алтай бай алмаса да кейінгі жастар, келін-кепшіктер «Тымақты еней» — деп атап кеткен. Өйткені кератты мініп жаудың ізімен қуып кеткен күні қыз басына тымақ, үстіне ерлердің кимін кисе керек.

Қыз одүниелік болып, жыл өткеннен кейін, Алтай бай Үшжүздің жақсыларының басын қосып, «Тымақты енейге» үлкен ас берген екен.

«Алтайдың ұрпағы жалғыздан, жалғыз туып, өсіп-өркендей алмауы Тымақты енейдің көрген азарынан болған шығар» деп, үлкендердің айтып отырғанын талай естіп едім дейді Жәкеш ақсақал.

Алтай — өзіміз білетін Базарбаев Рақымжанның ұлы әкелері. Теңгеш пен Серкеш — ағайынды екі жігіт.

«Көріп алған сұлудан көрмей алған текті артық» деген, қағида атамыз қазақтың «Байға бай құяды, сайға — сай құяды» дегендей, салт-ғұрпы мен таза қандылық — асылдықтан туындаған болар. Тымақты енейдің тарихы осыған саяды.

## ***ҚОС АРЫС***

Аудандық мәдениет үйінің алдындағы үлкен көшемен ерсілі-қарсылы жүріп өткендер, есімі ел есінде жүрген қос сұңқардың қатар тұрған ескерткіш мүсіндерін көреді. Оның бірі — келбеті мен дене тұлғасының бітімі батырлық пен қайтпас қайсарлықтың ізін танытқандай, жалынды жас жауынгер жігіт. Оның ойлы көзі көктен төңкерілген, көк күмбездің, көк жиегіне карап тұр. Бет бейнесінен алыстан аңсаған арманына, қанатын қомдаған қырандай ұмтылыс жасаған, таудай талабы, жалыны қайтпас жүрегі бар жігерлі ұланды ұққандайсың.

Қасындағы серігі — кең маңдайлы, ақжарқын жүзді, ұзын бойлы, талдырмаш жігіттің сол қолында ұстаған кітабы бар. Оның оң қолы жауынгер досының сол жақ иығында, назары шығармашылық қиялға беріліп, жарық көруге жақын қалған әдеби туындыларын сөз етіп тұрғанын аңғартады.

Бұл екі азамат — Ұлытау топырағына кіндік қаны тамып, дүниеге келген, Алатау етегіндегі астана — Алматыда өсіп білім алған, зиялы ұландар: Баубек Бұлқышев пен Мұқан Иманжанов.

Қанмайданда жүрген шағында туған алтын өлкесін Баубек:

«Ұлытау — бір көркем тау көзді тартқан,

Зергерлі, зерлі тасты меруерт таққан.

Түстікте ақшағала отау тігіп,

Маңқиып, солтүстікке сұлап жатқан» — деп сағынышпен еске алған екен.

Қамал Смайлов ағамыз, «Қазақ әдебиеті» газетінде шыққан «Менің Баубегім» атты мақаласында, ол екі арыс туралы, «Ұлытау саясында туып, Алатау аясында тамаша жазушы азамат болып қалыптасты» деп жазған екен.

Баубек небәрі 28-ақ жыл өмір сүрді. Оның төрт жылы қан майданның алдыңғы шебінде өтті. Сол жаумен жағаласқан ауыр күндердің өзінде ол шығармашылық өнерін жалғастыра берді. Бетқаратпас, кескілескен ұрыстардың ара-арасындағы үзіліс сәттерінде жолдастарының жауынгерлік рухын шыңдайтын мақалалар жазды. Сол кезде «Комсомольская правда» газетінде: «Тыңда Кавказ», «Өмір мен өлім туралы», «Мен өмір сүргім келеді» деген жас жүрегінен жарып шыққан жалынды мақалалар орыс тілінде жарияланған еді. Байбектің бұл туындыларын оқып отырған адам оның әр сөзінен жастығына қарамай дүние танымы терең, ғылым мен өнердің сан саласынан хабары мол, ерекше жазушылық дарыны бар, таудай талаптың адамы екенін көреді. «Өмір мен өлім туралы» мақаласында: «Менің өлім жақтан шығатын алтын күн, мені ұзақ күн бойы жылытады, ол қашан да қасымда» — деп, елге деген өзінің сағынышын тебіреніп жазады. Батыс майданында жүргенде, шығыстағы қазақ жерінен көтерілген күн сәулесі де, оның жас жүрегіне ыстық леп бергендей, жұбаныш болғаны ғой. Ол сағыныш лебі — майданда жүрген, барша қазақ баласының жүрегінен орын алған — ыстық леп еді.

«Ер басына күн туса етігімен су кешер, ат басына күн туса ауыздықпен су ішер» дегендей, майданда оққа ұшып өлу қиын емес, әр ұрыста қатар жүрген талай жолдастарының көз алдында өлгенін көріп, өзің әр кез өлім күтіп жүргенін, бірақ одан қорықпайтынын тебірене жазады. Баубек өзінің жазған мақаласында әлемге әйгілі, ұлы ақын Гетенің «Біздің тәңірден алған ең үлкен сыйымыз «өмір» деген, қасиетті сөзін еске алады. Одан әрі, «Ал, естігенде үлкен құрметтен бас иетін өлім бар! Ол — майданда ерлерше өлу» деп ертедегі батыр аталарының жолын қуады.

Сол сұрапыл жантүршігерлік соғыстың арты тыныштың боларын, зерделі Баукең сезгендей: «Кейінгі жастар, жас інілерім, сендер бақытты жандарсыңдар. Сендер соғыс дегенді білмей өсетін боласыңдар. Біз жастығымызды сендердің бақыттарыңның жолына құрбан еттік. Сендер тыныш өмірде бақытты жасайтын боласыңдар» деп елден кеткен боздақтардың не үшін соғысып жүргенін кейінгі елге, елдің жеткіншек жас ұрпақтарына шығармашылық жолмен жеткізген еді.

Соғыс кезінде ұлы жазушы Мұхтар Әуезов, Асқар Тоқмағанбетовке телефон соғып: «Асқар сен оқыдың ба? Комсомольская правдада Баубек Бұлқышевтің «Мен өмір сүргім келеді» — деген мақаласы шығыпты. Меніңше, өте жақсы жазылыпты. Ол өзі сөйлемепті, жүрегін сөйлетіпті. Оның өзі бір өте талантты жігіт екен. Шіркін, соғыстан аман қайтса, жазушы болайын деп тұрған дарын екен. Сөз саптауы, ой-өрісі терең жатыр. Маған қатты ұнады. Көзіме жас алдым, көңілімді босатты депті. Ұлы жазушының тебіреніп айтқан осы сөзін, Камал ағай, «Баубек туралы» естелігінде келтірген екен.

Данышпан Мұқаңның мұндай пікірі, кез келген жазушыға айтыла бермесі анық.

Мейірімсіз ажал оғы Баубектің өмірін қиып кетпегенде, қасиетті Ұлытау өңірінен шыққан, аты әлемге жайылған жазушы боларына шек қойылмаған болар еді.

Мұқан Иманжанов 42 жасында дүние салды. Ол балалық шағынан Баубекпен бірге өсіп, біте қайнаған жан аяспас досы болатын. Алматыда екеуі егіздің сыңарындай, бірінсіз-бірі жүре алмайтын жастар еді. Оларды бірінен-бірі тек, отан соғысы ғана айыра алды. Мұқан ауру азабын көп тартып, ойлаған мақсатына ол да толық жете алмай, кеткен арыс. Мұқаңның жазған көлемді әдеби шығармалары аяқталмай қалды. Баубектің өлімін естігенде, ол үлкен жан күйзелісіне ұшырап, бірнеше күн бойы тұра алмай, төсек тартып жатып қалды. Кейін Баубекке арнап «Қош бол, бауырым» деген жас жүрегінен жалындап шыққан, өкінішке толы әңгімесін жазған еді.

«Мұқан Иманжанов өте кішіпейіл адам еді» — деп жазды бірге жүрген замандастары. Ол жазушы қатарында шығармашылық жұмыспен айналысып жүрген кезінде, Алматыда талаптанып оқып жүрген, келешегі бар жеткіншектерге қолдан келген көмегін беріп, қалтасынан ақша шығарып, қамқорлыққа алғанын, Мұқан Иманжанов туралы жазған естелігінде жазушы Әзілхан Нұршайықов тебірене айтады.

Ел есінде жүрген қос арыс тірі болса, биі 80 жасқа келген болар еді. Олардың аттары ешқашан ұмтылмақ емес. Екеуінің жасамаған жасы, туған елінің жүрегінде мәңгі жасайды.

## **ОТТЫ ЖЫЛДАР**

9 Мамыр — Жеңіс күні қарсаңында соғыс ардагері Жәкеш Әбішев ақсақалды әңгімеге шақырған едік.

— Жәке, сіз жасыңыз сексеннен асқан соғыс ардагері, селомыздың ел құрметтеген ақсақалының бірісіз. Ұлы Отан соғысының Жеңіс күнінің 52 жылдығы аталып өткелі отыр. Осы мейрам қарсаңында сіздің отты жылдардағы өміріңіз жайында есте қалғандарын газет бетіне шығарсақ деп едік. Селомыздың жас ұрпақтары сізден соны қалайды.

— Менің айтарым, жас ұрпақтарымызға кешегі соғыс жылдарындағы біздің басымыздан өткен қиыншылықтарды бермесін демекпін. Соғыстың біз көрген тауқыметін олар тартпасын!

Ұлы Жеңіске биыл 52 жыл толып отыр. Ол оңайлықпен қолға түскен жоқ. Қаншама менің құрбы-құрдастарым Отан қорғау жолында соғыс құрбаны болды емес пе, топырағы торқа болғырлар! Оларға иман тілеймін.

«Қырық жыл қырғын болса да, ажалдан өледі» деген емес пе, мен солардан артықтығымнан тірі оралдым демеймін. Алты жыл әскер қатарында болдым. 1939 жылы Фин соғысына қатынасып, Выборг қаласына дейін бардым. Осы ұрыста сол қолымнан жеңіл жараландым. Бұл соғыс ұзаққа созылған жоқ. Тез аяқтала қалды. Одан 1940 жылы Бессарабия соғысына қатынастым. Бұл да көпке созылмай тоқтады. Бұл қатынасқан ұрыстарым алдағы сұрапыл соғыстың хабаршысындай ғана екен. Нағыз қырғын 1941 жылы басталды.

Мен, ол кезде атты әскер дивизиясында Украинада, Харьков, Красноград қалаларын неміс басқыншыларынан азат етуге қатынастым. Мамыр айының 3-і күні біздің дивизия жаудың қоршауына түсіп қалып, көп қиыншылықтарды бастан өткіздік. Қол басшымыздың жасаған жоспары бойынша жеке-жеке бөлімдер болып қоршауды бұзып өтуден басқа жол жоқ екенін түсіндік. «Тәуекел түбі-желқайық, өтесің де кетесің» дегендей, тәуекелге бел буып, ақырын құдай оңдап, қоршауды да бұзып шықтық. Кейін қоршаудан шыққан бөлімшелерді басқа дивизия құрамдарына бөліп-бөліп жіберді. Содан, «Седлец» деген жерде берік бекініп

алған жау әскері біздің бөлімшелердің алға жылжуына қатты кедергі көрсетті. Алға ұмтылған танкілер әр жерде зеңбірек оғынан жана бастады. Біздің бөлімнің алдында да жау траншеясына тақап қалған бір танкінің бұрқ еткен от жалыны аспанға бір-ақ көтерілді. Осы кезде «Абишев» деген командирімнің даусы саңқ ете түсті. Жалма-жан жүгіріп, жетіп барған маған, «Анау жанып жатқан танкідегі капитанды құтқар!» — деген бұйрық берді. Амал қанша қарсылық жасауға хақын жоқ, өлген жерім осы шығар деп, жаным мұрнымның ұшына келсе де, танкіге қарай еңбектей жөнелдім. Жауып тұрған оқ, ойлауға да мұрша жоқ. «Қайда барсаң да өлім күтіп тұр», деген бір елес адамның келе жатқанын байқап қалдым. Жалма-жан автоматымнан оқ жаудырып үлгердім. Осыдан кейін олардың алға жылжуы тоқтады. Кешігуге болмайды. Танкіге кіріп, жаралы капитанды арқалап кейін еңбектей жылжыдым. Өлдім-талдым дегенде, алла абырой беріп, за-зу етіп өтіп жатқан, ысқырған оқтан аман-есен капитанды жеткіздім-ау әрең.

Осы жолғы ерлігім үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталдым. Одан да кейін ұрыстарға кіріп жүрдім. 1944 жылы Варшаваны жаудан азат етуге қатынастым. Сонымен, жол-жөнекей бірнеше рет ұрыстарға кіріп Берлинге де жеттік. Содан 1945 жылы соғыс аяқталғаннан кейін жеңіспен туған еліме оралып, халқыммен қауышып, бейбіт еңбекке араласып та кеттім. Менің отты жылдардағы өмірім сан-алуан қиындықтарды көріп, ажалымның жоқтығынан осы күнге дейін, бала-шағалы болып, еліміздің ортасында немере сүйіп отырмын.

Осы күнде Құдайға шүкіршілік етемін. Алланың сыйлаған ғұмырының арқасында еліміздің тәуелсіздік алып, өз алдына егеменді ел болғанын көріп, тоба келтіріп отырамын.

Ендігі тілегім, Құдай, ұрпақтарымызға ондай қырғынды көрсетпесін, жалпақ жеріміз бен кеңпейіл елімізге аспаннан соғыс бұлты төнбесін, демекпін!

— Жәке әңгімеңізге көп рахмет, халқымыздың ортасында немере-шөбереңіздің қызығын көріп жүре беріңіз.

1942 жылдың маусым айының біршамасы болу керек, бес жастан аз-ақ асқан шағым болатын. Көгелеңге жататын «Ишан» сайының «Қарашоқы» биігінің күнгеінен айнала иілген тұсында бөлек-бөлек қара сулар болатын. Ол, сол кездегі Калинин атындағы колхоздың сауын сиырларының жаз жайлауы еді. Жас баланың ой-өрісі тар ойлау дәрежесі төмен екені белгілі ғой. Дегенмен, жұрттың айтып жүрген үрейі сөздері тіршіліктің қырлы-сырлы құбылыстарынан

хабары жоқ, жас бала жүрегін тітірететіндей сезім туғызған еді. «Керман» деген жау шықты, азаматтарды соғысқа алып жатыр, біздің ауылдың адамдарын да қайта-қайта шақырып жүр, кеше де барып келгендер соғысқа, Отан қорғауға аттанасындар — деген сөздерді естіп келген екен. Бұл сияқты қорқынышты сөздер құлағымызға жағымсыз естілетін сияқты еді. Мұндай сөздер бойларын қорқыныш билеген үрейлі-уайымға салынған аналарымыздың аузынан шыққаннан кейін де бала жүрегіне тез берілетіндігі белгілі емес пе?

Бір күні ауылдан кеткен бір топ жігіт, оның ішінде менің әкем Мұқан да бар, ауылға көңілсіз оралып, ертең ерте «алыс жерге» аттанып кететіндіктерін айтқан. Ертеңіне таңертең аттарына мініп, жүріп кеткелі тұрған сол бір топ азаматтарды ауылдың кәрі-жасы, әсіресе әйелдер шулай жылап, ауыл үсті күніреніп кеткен болатын. Ерлерін қимай жылап жүрген әйелдердің ішінен анамның дауысын естіп, енді ат үстінде кеткелі тұрған әкемді көргенімде ол кісі де көзіне жас алып тұр екен. Әкемнің жылағанын туғалы бірінші көруім. Енді, бір сұмдықтың таянғанын денем сезген мен, жүрегім өртенгендей болып, бақыра-жылап жерге домалай бергенім, әлі күнге дейін есімнен кеткен емес, ауылын, бала-шаға, жұбайларын қимаған азаматтар «Бұлардан тез ажырасып кетудің жолы осы болар» дегендей аттарына қамшыларын басып-басып жіберіп, шаба жөнелген еді. Күніренген ауыл адамдары жылай-жылай қала берген. Соғысқа кеткендерден біразға дейін хабар-ошар ала-алмай қапаланған елді зәре жоқ. Күн артынан күн өтіп жатты. Бір айдың жобасында әкейден хат келіп, аман-есен жүргенін, жанындағы бірге жүрген жолдастарын естіп қуанып та қалдық. Жалғыз біз ғана емес, бүкіл ауыл болып қуанды. Колхоздың бөлімшелерін белсенді әйелдер шығып басқара бастады. Біздің бөлімшені орта жастағы Бибажар деген, өр мінезді, омыраулы әйел басқарды. Оның шалы сауын сиырлар табынын бағатын. Жиі-жиі жиын болып, майдан шебіндегі хабарларды айтып, белсенді ел басқарған әйелдер ауылдың еңсесін көтеріп, сауыншыларды мол өнім беруге шақырып, аяғы ұран тастаумен тарасатын. «Үш күннен кейін тозаққа да үйренесің», — дегендей әуелгі қорқынышты үрейлі жұрт денелері үйреніп, еңбекке кірісіп те кеткен еді. Сол кезде үгіт-насихат жұмыстары қатты жүреді, және үкіметтің тәртібі де қатал болатын.

Аяндап жыл да өтуге айналды. Колхоз орталығына таяу күзгі жайлауға көшіп келіп, орналасқанбыз. Ауданнан адам келіп, орталықта үлкен жиналыс өткен. Сол жиналыста

майданда оққа ұшып, қаза болған колхоздың бұрынғы басқармасы Қожахметов Хамитті естірткен екен. Елді тағы да үрей, қорқыныш билеп, жұртымыз күңіреніп кетті. Біріншіден, қазаға ұшыраған Хамитқа қайғырса, екіншіден әр үйден соғысқа кеткен жақындарын ойлап, олардың алдында қып қызыл от, өлім, тұрғанын сезіп үрейленеді. Одан әрі жиналыс болады десе, жұртта зәре қалмады. «Қара қағаз» келіп, қазаға ұшырағандардың хабары да жиілей бастады. Әсіресе, арасына ай салмай Сағындық ақсақалдың екі бірдей азамат балалары: Өлімбек пен Өлкеннің қазасын естірту жиналған жұртқа оңай болған жоқ. Жиналыс үстінде екі баласының қазасын естіген анасы — Зағипа шешей, айқайды салып, «Өлімбекті алдың, Өлкенді алдың, енді мені ал Сталын» деп зарлаған дауысы кімнің болса да жандүниесін шымырлатты. Ол кездегі заңның қаталдығы сондай, әлгі қайғыдан назаланып айтқан сөзі үшін, екі бірдей баласы өліп, сорлап отырған орта жастан асқан әйелді үш жылға соттап, та жібергенін көзіміз көрді. Ол шешей кейін, жылын өтеп ауылға оралып еді.

1943-1944 жылдарда менің әкем Шәйгөзов Мұқан майданның алдыңғы шебінде болып неше қабат ұрысқа кіріп, аман жүрді. Сол шайқастың бірінде, бір ауылдан бірге кеткен жолдасы Мұса жамбасынан жараланып, госпитальға түседі. Арада бір жеті өтпей жатып, екінші болған шайқаста екінші жолдасы Шайқар жараланып, ол да госпитальға жеткізіледі. Сонда жалғыз қалған менің әкем, ауылға хат жазып, өзінің жалғыз қалғандығын айтып өлең жіберген екен:

«Бастайын мен сөзімді бала жастан,

Атадан жалғыз қалдым алты жастан.

Айырылып, Мұса, Шайқар менен кетіп,

Жалғыздық түсті маған одан асқан, — деген сөздерін оқып, ауыл адамдарының жылағанын көрген едім. Келесі болған шайқаста жау жағынан көп ұшақтар қатынасып, біздің шепті бомбының астына алады. Сол аспаннан бомбы жауған үлкен қырғында таяу жердегі Мұса мен Шайқар жатқан госпитальдың да талқаны шыққан. Сол соққыдан екі бірдей боздақтар мерт болған еді.

«Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген емес пе, сан шайқасқа қатынасып, қолынан бірде аяғынан жараланған әкей 1945 жылы Жеңістен кейін, елге аман-есен оралған еді. Елге келе еңбекке қызу араласып, колхозда бригадир одан кейін, ферма меңгерушісі болып қызмет атқарып, келіп облыстық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке шыққан еді. Көп жылғы жемісті еңбегімен «Республикаға

еңбегі сіңген қызметкер» деген атақ алып, ауданымыздың қадірлі ардагерлерінің қатарында жүрді.

Дүниені тітіреткен Ұлы Отан соғысының да 51 жеңіс күнін, көріп отырмыз.

Құдай енді ондай қырғынды адам баласына бермесін — деген тілектеміз.

## **ҚЫЗ КҮТКЕН ЖІГІТ**

**(әзіл-оспақ)**

Жастық шаққа не жетсін! Ол адам өмірінің баға жатпес алтын кезеңі емес пе? Жастық шақ қайталанбас өтіп кетсе де оның қайсібір қызықты шақтары адам қиялында ұзақ болатындығын қайтерсің.

Жасында сері болған сексеннен асқан шал бойжеткені бар үйде қонып жатып-шырт ұйқысынан оянып басын көтеріп қыз жатқан жаққа қарайды екен.

Деген де сөз бар. Қалжың сөз болса да, жастық шақтағы махаббаттың хабаршысы болғандай елес кәрінің есінде болғаны ғой.

Қалт-күлт ұршығын иіруге ғана шамасы келгендей күйде отырған кемпіріне көзі түскен шалдың қиялына бір ой келіп кетеді де, — Әй, бәйбіше! Мен бүгін бойымды жеңіл сезініп отырмын. Сен қарсы болмасаң жас кезімізді бір мәрте болса да еске түсірсек қайтеді? — депті.

Көзіне күлкінің табы үйірілген кемпіріне болсын! Сенің бір тілегіңді орындамағанда несіне отырмын. Жас кезіндегі махаббатың тегіннен-тегін есіңе түспеген болар не айтқың келіп еді — дейді.

— Баяғыда өзіңе қырындап жүрген кезім еді. Үйіңе жақын «осы жерден кездесейік» деген жуан теректің түбінде тұрған шағымда үстіңе қоңыр қыжым шапанды іле шығып көп күтіп қалдың ба? — сүйгенім дегенің жасым сексенге аз-ақ қалса да, әлі есімнен кеткен емес. Шіркін жастық шақтағы махаббатым-ай! Аш белеңді құшаққа алғанымда, мойныма арта салған ақ білегіңмен бал-бұл жанып алаулаған алқызыл бетіңнен алған ләззатым еске түскенде осы күнге дейін тұлабойым шымырлайды. Қазір енді қой жасындай жасымыз қалды. Осы тірлікте ең болмаса сол теректің түбінде бір кездесіп рахатқа батайықшы деп едім бәйбішежан! Сен жас қыз бол мен баяғы өзің көрген бозбала болайын — депті.

— Ойпырмай ойда жок жерде ой салдың-ау! Махаббат дегенді ұмытқанымға көп болып еді. Бірақ осы өлер шағымда сенің кәрі де болса ыстық жүрегіңнен алаулап шыққан лебізінді естігенде менің де тозған жүрегім ала сұрып үсті-үстіне соғуын жиілетіп барады. Сондықтан киілмей жүрген таза киім-кешектерімізді киіп, сол сен айтқан жеріңе барайын күтерсің! — дейді.

Бұл сөзді күтпеген шалда ес қалмайды. Қуанғаннан немерелеріне «Бір ұятты жерге баратын едім?» деп тәуір киімдерін өтектеп мойнына галстук та байлап, далаға қараңғы түсе шығып кеткен. Сонымен қуанышы қойнына сыймаған шал-байғұс баяғы өзінің қызбен кездескен кәрі терегінің түбіне келіп тұрады. Ентігін басып екі көзі үй жаққа жауаңдаумен көп тұрып қалады. Денесі құрғыры да мұздай бастайды. Дегенмен, қонғалы тұрған «бақыттан» айырылсын ба, өзін-өзі жұбатып, «жуынып, таранып, таза киімдерін ретке келтіріп, шыққанша сол болып жатыр ғой» деген үмітпен тағы да екі үш сағат тұрды. Бірақ, үй жағынан көрінген тірі пенденің белгісі болмайды. Шал — бейшара тоңғандығы сондай тісі-тісіне тимей, селкілдеуге айналды. Жаңа жылдың түні, қандай суық еді, қой! «Жас қызға» бір жағдай тап болған шығар — деп үйіне қайтады.

Есік ашып үйге кірсе, кемпірі баяғы отырған жерінде ұршығыниіріп отырған күйі, сасатын емес.

— Ау, неге шықпадың? — деген шалдың сөзіне — апам сезіп қалып, жібермей қойды, — деп жауап беріпті кемпірі.

## **ҰРДЫҢ ҚАЗАҚ**

**(әзіл әңгіме)**

Әр өлкенің климаты әрқалай емес пе, терістік суық болса, түстік жақ ыстық. Әр елдің тұрғылықты халқы өз жерінің ыстық-суығына бейімделетін анық.

Жазды күні «Әуе айналып, күйіп тұрған» шілде айы болса керек. Ташкеннің бір шайханасында ала тақиялы өзбек ағайындар әрқайсысында бір-бір акқұман көкшайды тартып отырады. Көк шайды ол өңір халқы жоғары бағалайды. Өйткені көк шәй дененің ыстығын сыртқа тез шығарады және шөл қандырады.

Жүргінші болу керек, сол шайханаға сырттан келіп кірген қазекен, шайда онша жұмысы болмайды. Бір табақ ыстық палауды алып, жеуге кіріскен. Палауда мол еді, бірақ көп ұзатқан жоқ, қазакен оны еңсеріп-ақ тастаған. Қазекеннің

осы қимылына көз қиығын салып отырған өзбек ағайындардың бірі жанындағылардың назарын аудара.

— Менің үйімде бір өгізім бар, жей береді, жей береді, су ішпейді дә — дейді. Бұл сөздің астарына түсінген жанындағылары қауқылдасып күліп, «қатырдың» дегендей мәз болады.

Қазакең ешкіммен жұмысы болмағандай палауын жеп болып артынан бір-екі кесе шәйін ұрттап енді орнынан тұруға бет алып тұрып.

— Ау-укәләр!, — менің үйімде есектерім бар, ақырады да су ішеді, от жемейді дә — депті. Қазакемнен ол сөзді күтпеген өзбек ағайындардың күлкісі тез тиылып, үндері өшеді. Сәлден кейін манағы қалжың бастаған Өзбек тұрып:

— Ә! ұрдың қазақ — деген екен.

## **АСЫЛ ҚАСИЕТТЕР — ҰРПАҚҚА МҰРА**

Атамыз қазақтан мирас болып, ұрпақтан-ұрпаққа дарып келе жатқан асыл қасиеттеріміз: адамгершілік, туысқандық сезім тудырған бір-біріне бауырмалдық, туыс-туғанға қайырымдылық және жанашыр қамқорлық екені рас.

Осы тұрғыда килы-килы заманды басынан кешірген көпті көрген, ел басқарып, көп жақсылармен бірге жүрген өмір талқысынан өткен ағамыз Дүйсенбайұлы Дүйсебекпен пікір алысқан едік.

— Дүйсеке, «Өткен күннің белгісі жоқ, өтті де кетті» — дейді екен, бұрынғылар. Уақыт — шексіз өтіп жатқан сағым да дерсің. Ал, адам өмірі — сол сағымның қас-қағым сәті ғана дерліктей. Көп жасаған бір қария дүниеден өтерінде «Токсанға келген жасым, көзімді ашып жұмғандай өте шықты, шырақтарым» — деген екен, кейінгі қалған ұрпақтарына. Бұл әрине өмірді қимастықтан да айтылған сөз болар. Дүниеде не қымбат — өмір қымбат екені рас. Ал, енді адамның азғантай өмірінде атадан ұзақ жасап келе жатқан бауырмалдық, туған-туыстарымызға жанашырлық, қолғабыс қайырымдылық және оның ар жағында үлкен адамгершілік тұрғаны да күмән келтірмейді. «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» — дейді екен бұрынғылар. Өмірдің сан түрлі белестері мен өткелдерін басыңыздан өткіздіңіз. Біздің әңгімемізге арқау болып отырған атадан мұра болған, туысқандық сезімінен өрбіген асыл қасиеттеріміз жайында не айтар едіңіз?

— Бұл сұрағыңыз өзіммен бірге жасап келе жатқан және жан-жүрегіміздің бір бұрышында мәңгілік орын тепкен, ой-санамнан еш уақытта өшпейтін қамқоршым-әкемнің інісі Бейсенбайдың нұрлы бейнесін көз алдыма елестетіп жібереді.

Менің балалық шағым заманның халық басына зобалаң туғызған ауыр кезеңінде өтті. Кешегі өз көзіммен көріп, жүрегіммен сезінген 1932 — жылдың елге әкелген ауыртпалығы естен кетер ме? Ашаршылықта шұбырындыға ұшыраған жұртымыздың Жезқазған-Қарсақбайға жеткендірінің көбі аман қалды. Ал, жете алмағандары жол-жөнекей жүздеп-мыңдап қырылғанын еске алудың өзі жаныңды тебірентеді.

Сол кезде мен 5-6 жасар баламын. Бала болсақта ашаршылықтан күйзелген халықтың хал-жағдайын көзімізбен көріп, құлағымызбен естігендіктен бе, жан дүниеміз тітіркенетін. Айта кеткен жөн, көп адамның аман қалуына, жас жеткіншектердің өсіп-өркендейіне қазақ халқының марғасқа ұлы — Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың көмегі аз болған жоқ. Ол кезде Қаныш Ұлытау өңірінде геологиялық барлау партиясын басқаратын. Қанекеннің туған халқына жасаған жанашырлығы қамқорлығының арқасында түтін түтетіп отырған әр шаңырақ есепке алынып, әр бір жанды өлімнен аман алып қалу шаралары жасалды. Сәтбаевтың пәрменімен Түлкібас қаласындағы жетім балалар үйіне сұраныс жасалынып, аштықтан құтқару мақсатында әр үйдің балаларын шақтап, артығын тізімге алып, жетімектердегі дамыл-дамыл сол үйге жөнелтіп жатты.

Сол кезеңде әкемнің інісі Бейсенбай мені өзінің қамқорлығына алып, өз баласы Нұрсан екеуміз сол кісінің тәрбиесінде болған едік. Мен ол кісіні «Бапа» деп айтатынымын, Өз үйім «Айыртау» колхозында болатын. Колхоздың жағдайы ауыр, халықтың аш-жалаңаш, азық-түлік жоқтың қасы. «Бапамның» маған жаны ашып, өзімен бірге алып кеткен себебі де осыдан еді. Ол кісі Қ. Сәтбаевтың қарамағында жұмыс істейтін. Сондықтан да болар, «Бапам» үйінің хал-ахуалы ауылдағылардан әлдеқайда жақсырақ болатын.

Бір күні үйімізге бір топ кісілер келіп, қолдарындағы қағаздағы тізімі бойынша біздің шаңырақтан да Түлкібастағы Балалар үйіне бір бала алатындығын айтты. «Бапам» үш күн бойы жұмыстан келісімен ас ішпей, қайғылы адамдай жер бауырлап жатып алып «уһлей» беретін. Біз онысын ауырғанға жорып жүрдік. Үйге келгендерге екі-үш минуттай үн қатпай жатты да, басын көтерместен «Анау Нұрсанды алындар да жүре беріңдер» деп жата берді. Мен үшін өз баласын қиып, «Детдомға» беріп жібергеніне таңданып қала бердім. Есейе келе «Бапамның» ол ісін, ағасы — менің әкем Дүйсенбайға

деген жанашыр-бауырмалдығынан, қимас туысқандық сезімінен туындағанын аңғардым. «Өлсе, өз балам өлер, ал ағам — Дүйсенбайдан тұяқ қалсын» дегені екен. Бұл баға жетпес асыл қасиет-ұлтымызға тән туғанға деген адалжандылық, ажырамас бауырмалдық және имандылық екеніне көзім жеткендей болды, — деп тебіренеді Дүйсекең ағай.

— Сөзіңізді тірілтейін, кешегі ұлт азаттық қозғалысы кезінде Ұлытау өңірінде болған «қаражар көтерілісінде», «Қара пристав» атанған Хамиолла бастаған патшаның жазалушы отрядына қарсы шокпар-сойылмен лап қойған біздің аталарымыз оғынан қырғынға ұшырағанын естіп-біліп жүрміз. Сол ұрыста көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі — руы Сапақ Жақсымбетті жау оғынан құтқару үшін, інісі Жақсыбай аты құлап, жаяу қалған ағасын көріп, астындағы атын түсіп беріп, ағасын құтқарып, өзі жау қолынан қаза болған екен. Жаңағы Сіз айтқан адалжандылық, туғанға деген бауырмалдылық біздің ұлтымызға тән асыл қасиет екенін осыдан-ақ көруге болады. Ол асыл өсиеттерімен, ананың ақ сүтімен дарып келе жатқан мұра екені анық. Олай дейтінім ертеде жау қолында қалып бара жатқан інісін көріп, артына мінгестіріп келе жатқан баласына: «Атасы бөлек аттан түс, атасы бір атқа мін» — деп баласын түсіріп, інісін мінгестіріп әкеткен екен — деген аңыз әңгімелер де халық арасында айтылып жүреді. Осындай туыс-туғанға деген бауырмалдықтың түбі әрі де жатқандығын аңғарғандайсың.

Дүйсеке, жан-дүниеніңізді тебіrentкен жүрекжарды әңгіменіңізге көп рахмет. Денсаулығыңыздың арқасында «Бапаңыздай» туған-туысқандарыңызға қамқор болып арасында көңілді жүре беруіңізге тілектеспіз. Ұлтымызға тән асыл қасиеттер жастарымыздың бойына дари берсін!

## ***БҰЗАУ БОЛЫС***

Орыс патшаларының «Бөліп алда, билей бер» деген, жымысқы саясатының дәуірлегені сондай, тіпті қазақ жерінде Ағасұлтандық басқарудың өзі жойылып, әр тайпаны өз алдына болыстар билегені тарихтан мәлім. Неғұрлым шеткергі елді бөлшектеген сайын, оларды жоғарыдан басқару жеңілдей түскен. Өйткені, бөлінгенді бөрі жейдіні патшаның ұлықтары жақсы түсінген. Бұл қазақтардың бір ортаға бірігіп, бас көтеруінен сақтайтын бірден-бір таптырмас әдіс. Қажет болса, бір ру-тайпаны арасына от тастап, екіншісіне айдап салуға ыңғайлы.

Дей тұрғанмен, патша ұлықтарының арам пиғылын салған жерден аңғара білетін және одан алдын-ала сақтана білетін болыстардың ішінде тарихта ерекше орын алатындары: Ерденнің Бимендесі, Уәйіс, Бұзау, Бидаш, Қалмамбай, Мұхтарлардың аттары ел арасында аңызға айналған.

Әсіресе, руы Сары-шағырдан шыққан Ұлы тұлға Толысбайұлы Бұзаудың атақ-даңқы ерекше айтылады.

Бұзау 1860 жылы туған. Он бес жасында өзінің ерекше дарындылығымен, асқан зейінділігімен және сабырлы үнмен сөйлей білетін шешендігімен ел ішінде көзге түскен. Ел ағалары оның осы қасиеттері мен алғырлығын жоғары бағалап, оның жасына үш жас қосып, 18 жасар етіп, болыс сайлап жіберген. Ол билікке келгеннен кейін, ел арасындағы барымта-сырымта дауларын бейбітшілікпен шешіп, Бағаналы, Арғын, Кіші жүз тама, қыпшақ руларының аражігін ашпауға күш салған ер еді — дейтін бұрынғы өткен үлкендер.

«Кешегі, Бағаналы ішінде әйелден шыққан болыс Қоданның Бидашы істі болып, Орынбордың түрмесіне камалып, Сібірге айдатқалы жатқанда, Орта жүзден суырылып шығып, оны босатып алып қайтқан Бұзау емес пе еді» — деп отыратын ғұламалар.

Бидаш-Айнакөл, Телікөл аймағында болыс болып, бірқатар жыл ел басқарған адам екен. Туған еліне мейірімділігімен, халыққа аналық сезіммен қарап, еліне, жеріне қорған болған.

Негізгі қылмысы «орысты жеріме кіргізбеймін» деген, ниеттен туындаса керек. Ондай пиғыл танытушылық, саяси қылмысқа ұласып, Бидаш болысты жазалаушы отрядпен Орынборға алдырып, түрмеге қаматқан.

Бидашты түрмеден босатып алу қамын ойластырған Бұзау елден үш үйір жылқы жинатады. Бір үйірі кілең ақбоз аттар, екіншісі үйір — кілең сүліктей қара, үшінші үйірі — кілең қара-ала аттар болса керек. Орыс ұлықтарының паракор өнешін жете зерттеген Бұзау болыс, осы арнайы жиналған аттарды Орынборға айдатып, өзі де барады.

Патша ұлығына кіріп, өзінің арнайы келіп, және тарту-таралғы әкелгенін айтады. Көмейі босаған ол, әкелген дүниелерді көруге шығады. Сонда Бұзау, алдымен Сүліктей қаралардың үйірлерін, сосын ақбоздар үйірін көрсетеді.

Сонда, әбден риза болған ұлық, «менен не тілейсің айт» — дейді.

Бидашты сібірге итжеккенге айдатқалы жатыр екен, Жарлықты бұздырып, елге аман-есен жеткізген екен.

Елге келіп, той өткізгеннен кейін, Бидаш Бұзаудың азаматтығына қатты риза болып, Бұзаудың қарсылығына қарамастан өзінің үлкен қызы — Бибаршаны қатын үстіне қосқан екен. Егер, одан үзілді-кесілді қашқан жағдайда өзінің

ана есебінде реніш білдіретінін айтқан. Бибаршадан: Жәкен, Жахия, Бәкия деген үш ұл туған. Бәкиясы қазір 89 жаста. Бірде, атбасар Жәрмеңкесінде Арғын ағайындардың екі тәуір жігіттері жәлелі болып, өздерін босатып алу үшін, жанұшырып, ағайын-туыс, таныстарынан қарызға ақша сұрайды. Ешкім көмек көрсете алмай тұрғанда бір білетін үлкен кісі — сендер Бағаналы Бұзауға барыңдар. Сол кісі көмек береді — депті. Екеуі «Бұзауға келіп, мән жайды айтып, бір жылда қайырамыз» — дейді. Қысылып тұрған жөні түзу жігіттерді аяп, Бұзау оларға сұраған қомақты соманы ұстата береді. Келесі жылғы Жәрмеңкеге келгенде, арғын жігіттері уәделерінде тұрып, алған қарыздарын екі еселеп, қайырған екен.

Бұзау үш жүздің жақсы-жайсаңдарымен сыйлас болған. Ұлы жүз Керімбай датқамен жақын жолдас екен. Араларында алыс-беріс жүріп тұрған. Бірде, Керімбай датқаға Бұзау сыйсияпатқа 40 түркіменше түр-түсі бірдей нар айдатқан. Ол кісі келер жылы іші қымбат дүние-мүлікке толы пәуеске жіберген екен.

Осы уақытқа дейін бұл екі кісінің ұрпақтары бір-бірімен қатынасып тұрады. Керімбай датқа Таразда болыс болған. Қазір Таразда ол кісінің атында мектеп бар көрінеді. Оның Алаханов Қалаубек — деген немересі, Бұзаудың баласы Бәкиямен қатынасып тұрады.

«Жақсының аты қалар, ғалымның хаты қалар» — деген осы екен.

## ***ТОҚТАР ЖҰЛДЫЗШЫ***

Көшпелі халықтың негізгі күнкөрісі төрт түлік малы болған соң, жер байлығы мен табиғи ортаның сан алуан қырсырына көзі қанып, жан-дүниесімен сезініп, оны ұрымтал пайдалана білудің әдіс-айласын меңгерген. Табиғаттың берері көп, оны ала білу мен сақтай білген аталарымыз қыс қыстағы мен жаз жайлауын алдын-ала сайлап алып, жыл мезгілдерінің ауанымен белгілі бір реттіліктерімен санаса отырып шаруашылықтарын жүргізіп отырған. Қазақ жерінде төрт түлік мал көп өсіп, мыңды айдаған байлардың атақ-даңқы біздің заманымызға дейін жетіп отырғанын тарихтан білеміз.

Байлардың тасы өрге домалап, халық арасында беделдері артқан. Тәкаппар байлар кедей-малшыларды менсінбей оларды өздерінен төмен санаған. Байлар қыздарын бай баласына берген. «Баймен, бай құда болса, араларында арба

катынайды, Кедей мен кедей құда болса, араларында дорба катынайды» деген мақалдар сол кездерден басталса керек. «Кедей байға жетсем дейді, бай құдайға жетсем дейді» — деген сөздер сол уақыттан қалған.

Дегенмен, осыншама көп малдарға жемшөп дайындау мүмкін болмаған. Қысқа қарай мыңды айдағандар оңтүстік өңірге қарай жылжып, өзен-көлдердің төңірегіндегі қамысты жерлерді паналап, малдың ауанымен кигіз үйлерді қыстаған. Малдарын қорықтарға айдап, жігіттер қыстай күрек ашып, малдарын оттатқан.

Үлкен-кіші күн санап, құдайға жалбанырып, қыстың тез аяқталып, көктемді сағына күткен. Қар ери жерге су түсе жылжи көше жайылым ауыстырып отырған.

Табиғаттың әр кезде тепе-теңдікке шақыратын заңдылықтары да бар. Мал жерге симай көбейсе, жер тозады, жем-шөптің тамырына дейін қиылады. «Байлық — бір жұттық» деген жағымсыз мақал да сол заманнан келеді.

Кейбір жылдары (Ақ қоян, көк қоян) жұт болып, елді жұтатып кеткен екен.

Бірақ, артынан табиғаттың тепе-теңдігі қалыпқа келіп, 3-4 жылда мал басы көбейіп отырған көрінеді.

Қыс айларының қатаң болып, аяғы ұзап тұрып алуынан байлардың жыл қайыра білетін, ауа райын алдын-ала есептеп, болжай білетіндерге хабарласып, оларды әулие тұтатындары да болған екен.

Бағаналы елінде руы: Сарғалдақ — Шөлтеке — Қарлығаш тармағынан шыққан жұлдызшы, табиғат тамыршысы атағы жер жарғандай Тоқтар деген болған. Бағаналының мыңды айдаған бір байы Тоқтарға қолқа салып, қыстың аяқталар шағын білгісі келіп, «Қар қашан, қай күні кетеді» — деп сұрапты. Тоқтар байдың үйінде отырып, «Ай мен күннің бәлені күні кетеді десем, ұмытып әрі жаңылып қаларсың, одан да мына ағаштың мен керткен кертгінің күн сайын біреуін жонып тастап отыр. Сонда ең соңғысын жонған күні қар кетеді» — депті. Ең соңғысын керткіп, қардың кетуін күтеді. Бірақ қар еритін емес, тапжылмай сол күйінде жатыр. Бай: әлгі Тоқтардың алжасқаны ма екен, айтқаны айнымай келеді деуші еді» — деп, күйініп шыдай алмай далаға шыкса, Тоқтардың өзі де келіп, аттан түсіп жатса керек.

— Мынаның есі дұрыс па, су жүрмек түгіл, қар сол күйіне бұлк ететін емес — деп, Тоқтардың бетіне бажырая қарайды.

Бірақ Тоқтар оның сөзіне мән бермей айтқан ескертпесін қайталайды. Дегенмен, ауылдағы малшы қауым үйлері мен

дүниелерін төбеге шығара бастайды. Сүйткенше болған жоқ, Тоқтар айтқандай-ақ бір мезгілде оңтүстік-батыстан ыстық жел соғып, алай-түлей қар әні-міні дегенше еріп, сай-салаға су жоси аға жөнелген. Кешке дейін біраз жер жалаңаштанып, аш тұрған малдар жайылымға шығып кеткен екен. Таң қалған, әрі қуанышында шек жоқ бай: «Сен құдай емес екенсің, ал енді құдайдан былай да емес екенсің» — деп, Тоқтарды еліне ырза етіп қайтарыпты.

Тоқтардың сол атағы ел ішінде үлкен қариялардың аузынан түспейді.

## **АЙТЫЛЫП ЖҮРГЕН ӘҢГІМЕ**

Аңыз әңгіменің тегінде бір шындық болар. Ертеде, Бұқардың ханы бір үлкен той жасап, сол тойға көп елден жақсы-жайсаңдар жиналса керек. Алдын ала хабар беріліп, сауық айтылғанына байланысты әр елден бәйге аттар, палуандар әкелінген. Ат бәйге, құнан бәйге, тай бәйге жарияланып, тиісті қашықтыққа айдатылып та үлгерген. Әсіресе, той төбенің басына жиналған жұрт ығы-жығы. Әр ел палуандарын шығарып, жыққандары бәйгесін алып, мәз.

Палуандар күресінің аяғында, құтырған хан өзінің асыранды пілін әкеліп, «Бас бәйгені, менің мына күреске дайындаған пілімді жыққан адамға беремін» — деп жар салады. «Бас палуанға хандығымның жарты дүниесін тігемін» — деп, лепіреді.

Пілге, о заманда бұ заманда күресуге кім шыққан, нелер мықты атағы жер жарған палуандар тұмсығын бұлғақтатып, ақырып-шақырып, айбат көрсетіп тұрған пілге таянбаған.

Сонда, қазақ елінен Бұқарға мал айдасып келген жесір әйелдің жалғыз баласы әруақ көтергендей денесі қалшылдап, бір кәрияға келіп, ақыл сұраған екен.

— «Мына пілге шығар едім. Өттең не керек, ауылда панасыз жалғыз шешем қалып еді, мен олай-пұлай болып кетсем оның жағдайы не болады — деп, айымдап тұрмын» — дейді.

— Сонда кәрия тұрып, сен қай күшіңе сеніп тұрсың, піл тұмсығымен беліңнен орап әкетсе, лақтырып бірақ соғады ғой — депті.

Сонда жігіт Кәрияға айтқан екен — «Мен, өзімнің қол күшімді шамалап тұрмын. Жеңді-білектей жас сексеуілді бұрағанда суын шығарушы едім — дейді. Ақсақал шал сәл

ойланып тұрып, «бала, онда сенің қол күшің жарап қалады. Егер, сақтық жасап, пілдің тұмсығының ұшын бұрын ұстап, бұрап үлгерсең пілді жығады екенсің, нартәуекел деп, баруыңа болады, шапшаңдық жасасаң нәтижесіз болмас» — депті.

Нартәуекелге басын байлап, күрес алаңына шығып, пілге таянған жігіт, сақтық жасап пілді айнала берген. Оған күреске үйретінді піл шыдамы таусылғандай тұмсығын құрықтай соза ұмтылған. Сол сәтті күткен жігіт, пілдің тұмсығының ұшынан көз ілеспес жылдамдықпен шап беріп ұстап, екі қолымен қатты бұрап, жіберген. Сол кезде, жандауысы шығып шырылдаған ханның пілі бар денесімен омақаса құлап, жатқан жерінен тұра алмай қалыпты.

Адам баласының мұндай нойсан күші мен арыстандай жүрегіне дән риза болған Бұқардың ханы уәдесінде тұрып, бәйгесін берген және жігітке қолқа салып, өзіне қызмет студі өтінген. Бірақ, жігіт елінде қалған жалғыз шешесінің жағдайын ұғындырып, бәйгесін алып, еліне қайтып кеткен екен деп, отыратын әңгімеші қариялар.

«Ауылыңда үлкен қарияң болса, жазылып қойған хатпен тең» — дейтін, қағида аңыз әңгіменің тегінде бір шындық бар дегенге меңзейді.

## **АҢШЫЛЫҚТА ӨНЕР**

### **немесе аңшылық жайлы үзік сыр**

Түнімен жортуылға тускен арланның таң ата өзінің күндегі жатар орны — биік құм төбенің күнгеі жақ бетіне келіп тыныстағанына да бірқыдыру уақыт өткен. «Түз тағыларының ішіндегі батыры болғандай арлан қасқырдың ұйқысы қатты болады» дейтін тәжірибелі аңшылар. Олар адамша қорылдап ұйықтайтын болған.

Күн көтеріле ұйқысы қанып қалса керек, өзіне жақындап келіп қалған аттыларды сезіп қалып тұра жөнелген. Тіршілік үшін күрес түз тағысында жаудан қорғануға бейімдеген ғой. Қасқыр ұйықтарда бір құлағын жерге төсеп жататынға ұқсайды. Қандай ұйқыда жатса да таяп келе жатқан жауының дүбірін (дыбысын) жер арқылы сезеді екен.

«Қасқырда бір кісінің күші, қырық кісінің жүрегі бар» деп, бекер айтылмаған ғой. Орнынан түрегеліп, келе жатқан аттыларға сынай қарағанда аттарының жүрісі ширақ төрт

адамның осал жау емес екенін байқаған. Аттарына қамшы басып, өзіне төне шауып келе жатқандардан ұзап кетпекші болып құлашты ұра бір-екі белестен асқан. Төмендегі жазанға түсіп, тағы да бір биікке көтеріле берді де, қуып келе жатқандардың жобасын тағы да бір байқап алмақшы болып бұрыла қараған «Ойпырмай екеуінің аты әлдемді болмаса кетті, артқы екеуінен оза шауып маған таяп қалғаны, ай. Жоқ, болмайды екен. Не де болса бойымда күшімнің барында бір қару жасамасам болмас!» — дегендей арлан алдынан кездескен бұта түбіндегі биік «қасаба» қарға шығып келе жатқандарға қарсы қарап жата қалды.

Арланның үстіне келіп қалған екеуінің қолында қамшыдан басқа қару болмады. Оның біреуі анадай жерде аттан түсіп, үзеңгі бауын шешіп жатыр да, екіншісі аттан түскен жоқ. Сөйткенше болған жоқ артқы екеуі де келіп жетті. Оның бірі «Әй, неге ұрмайсындар» деп қолындағы қамшысын көтере бастады. Жаңағы үзеңгі бауын шешіп алып, ыңғайланып жатқан дембелше ықшам жігіт, «Сен ұрсын деп тұрмыз қасқырға қамшыңды екі бүктеп бар» — дейді. «Ұрсам, ұрайын» деп, таяна берген кісіге одан бұрын ұмтылған арлан секірген бойда әлгінің сол жақ иығынан келіп ала түсті. Мұны күтпеген ол, басын қорғап еңкейіп, «кет-ей, кет-ей» деп, сасқалақтап сол жақ қолтығының астынан қамшысын сілтей берді. Қасқыр оны қайтсін, оны аттан жұлып алып жерге бірақ ұрды да оны жараламай өте шығып, манағы биік қарға тағы да барып, «Енді қайсың келесің?!» — дегендей қайта жата қалды.

Үзеңгі бауын қолына орап, басынан жоғары көтере қасқырға таяу бара жатқан жігіт, өзіне оқша атылып келген арланды қақ маңдайдан үзеңгімен бір-ақ ұрып, түсірді де, екпінімен өзіне қарай құлаған қасқырдың «немене, жұрттың бәрі саған Дастан деп-пе едің?» — деп бөксесінен әрі теуіп жіберіп, жанындағы жолдастарын бір күлдірген екен. Бұл жүректі жігіт Омардың Жылкелдісі болатын.

Жанына ерген жолдастары: Түшей Сарыкеңгірлік Есбол, және жаңағы қасқырды бірінші ұрмақшы болған Дастан еді. Бұлар жас жағынан шамалас құрбы-құрдастар болатын.

Бұл төртеуі Ұлытау ауданының Жетіқоңыр құмындағы «Отгон» шаруашылығында басшылық жұмыстарда жүрген ығай-сығай жігіттер еді.

Лар сол жылы құмның арғы шетіндегі «Апақай-Ақши» қыстақтарын қыстаған еді. Бұл сапарда бергі «Ақкеңседегі» рацияға сөйлесуге келе жатқан беттері екен.

Бұлардың ішінде Жылкелді өңірге ертерек келген. Ол 1938-39 жылдарда сол елдегі «Екпінді» колхозына басқарма болып барып, Жетіқоңыр құмының түкпір түкпірінде бір қатар жыл еңбек еткен. Ол өңірдің жерінде адал аң да, арам аң да жыртылып, айырлады десе де болғандай. Жықанның мылтық ұстап, ат басталып еді. Қай өнерге болмасын адам баласының табиғи бейімділігі — атадан ұрпаққа берілетін қасиет екені анық. Жықаңда мергендік «Құралайды көзінен атар» атақты мерген нағашысы — Батырбектен дарығанға ұқсайды.

Аңшылық өнер кез келген азаматтың қолынан келе бермесі анық. Оған қызығына тоймас құштарлықпен қатар батыл жүрек және қажымас табандылық керек.

Аңшылықтың қыры мен сыры сан алуан. Онымен түпкілікті айналысқан адам, оның әдіс-айласына көз жеткізіп, тәжірибе жинақтай бастайды. Аңның тіршілігі зер салып, оның өсіп-өнуіне, қай аң, қай жерде, қай мезгілде жүретіндігін аңғарған, жайылымы мен суатын білетін, өруі мен өрісін білетін аңшы — нағыз аңшы. Сондай өнерді меңгерген аңшыға Омардың Жылкелдісін жатқызсам артық кетпеген болармын. Жықанның елге үлгі боларлықтай аңшылық өнерінің кейбір сәттерін айтып беруді өтініп, оның туған інісі Әлиді әңгімеге тартқан едім.

Әлекең ағасының өмір жолын ой елегінен өткізгенде аз ойланып отырып:

— Не керек, өтті — кетті, бәрі де көңілде сайрап тұр, — деп, мұңайғандай болды.

— Туған ағаммен бірге жасасқандай өмір кештім. Көп жылдар бойы Жетіқоңырдың құмында, одан бергі жерде Бозшакөлде отыз жылдың үстінде болды ғой...

Өзім Ұлытауда туғанмен аң аулауға қолайлы жыл мезгілінде ағамның жанынан табылатынмын. Аңшылық өнердің қызығынан өзімде тойған емеспін. Ол кісімен көп жүріп, көп үйрендім.

Жықанның ерекше бір қасиеті — жолы болғыш, несібелі адам еді. Ол бұрынғылардан келе жатқан ырымды қатты ұстанатын. Далада алған аңын кездескен жолаушыға байлайтын. Жолай кез болған үйге аң тастаса, ол үй мылтығына ақтық байлайтын. Ол кісінің өте қатты ұстаған

бір әдеті — аңға шығатынын ешкімге айтпайтын. Кездейсоқ біреу «Қайда бара жатсың?» — десе, дереу үйге қайтатын. Өйткені жолы болмайтынын сезетін.

Қасқыр соғудың әдіс-айласын меңгерген аңшы қасқырды бір ұрғаннан қалдырмайды. Жықан атпен қасқыр соққанда, үнемі бір жағын ала отырып, қасқырдың мойны қарысты-ау дегенде, екінші жағынан шығып келіп, бір-ақ ұрып жығады. Қуған аңның бір жағынан отырса, қасқыр артына алаңдап қараумен мойны қарысып қалады екен.

«Қасқырдың қаншығы арланына қарағанда адамға ұмтылғыш келеді» — дейді Жықаң.

Ұябасар қаншық күшігін емізіп жатып келетін жауға қарап жатады және күшігі әбден еміп болғанша үстіне келсең де, орнынан тұрмайды. Ал, енді күшігі енесінің төсін жұлып емеді екен. Бір жылы Жықаң Аралға барып, қайтар жолда бір қопаға бұрылған. Сол қопанның жанынан қамысқа кіріп жатқан ізге түсе келгенде бір салындының астында күшігін емізіп жатқан қаншықтың үстіне келіп қалады. Қаншық көріп тұрса да, орнынан тұрмай күшігін емізе берген. Қаншықты атып өлтіріп, күшіктерді алған.

Қасқырдың қаншығы күшіктеріне қауіп төнсе, неден де болса тайынбай қарсы шауып, күшігі үшін, өлімге де барады. Жылкелді қасқыр ұя салатын жерді тез аңғарып, тез танитын. Бірде Қайдауыл өзенінің бойындағы «Алқалы» деген қонашада отырғанбыз. Сол маңда қасқыр күшік салады-ау деген жобасы бар жерге барып, ақыры бір ұя күшікке алып соя бастайды. Бес күшік екен, төртеуін сойып болып, енді бесіншісінің терісін рей бастағанда Жықаңның үстінен ата арс етіп атып түседі. «Не боп қалды? деп, бұрыла қараса, өзін алып тастағады келіп қалған қасқырдың қаншығы мен иті ұмар-жұмар алысып, жатқанын көрген. Сөйтіп, иті Жықаңның желкесінен төніп қалған қасқырдан аман алып қалған екен. Ол кісі «Ұядан күшік алғанда өте сақ отыру керек» — деп отыратын. Қаншық күшіктегенде оған тамақты арлан әкеп береді де, ол орнынан қозғалмай күшігін емізіп жата береді.

Арлан әрқашанда ұядан жоғары аулақтау жатып, қарауылдайды. Жау келіп қалғанда, оның бетін бұру үшін, әдейі көріне қашып, ұядан алыс әкетуге әрекет жасайды.

Ұяны қарағанда, арлан қашқан жерден төмен түсіп, іздеген жөн. Арлан өзі қашқанда қалайда қаншығына «сақтан» дегендей дыбыс береді. Жықаңның айтуы бойынша қаншық қасқыр өз өмірінде бірақ рет күшіктейді де, келесі жылы сол ұяға одан туған ұрғашы күшік өсіп, қаншық болып күшіктейді. Қасқыр қаншығының екінші рет күшіктемейтін себебі, ол туысымен өз шуын өзі жеп бедеу болады. Тәжірибелі аңшылар жақсы қаншық тазыны бедеу жасау үшін, жас сойылған қойдың бүйрегін қуырып, оған тазының шуын әкеп қосып, тазыға жегізетін. Қуырдақтың дәмімен алданып, шуын жеген тазы бедеу болады екен.

Кейінгі жылдары қасқырлар қуланып, күшігін адам бара бермейтін көртоғайларға салады. Одан олар қыркүйек айында ғана күшіктерін өргізіп, бірақ шығып жүр. Тоғайдан шығысымен шөлге тартады. Солмаңнан су тауып алып, ұясын сонда көшіреді. Сондықтан күшік аулайтындар шөлдегі суы бар жерді қараған жөн.

Бірде таң қараңғысында Бозшакөлдің «Қасқопасына» барып, киіктің су ішіп жүретін жерін көріп, киіктің келуін күтіп андып жатқан Жықаң, бір киіктің лағы суға жақындай түсіп, кері шегініп, қайта суға таянып, ілгері-кейін әуреге түскенін көреді. Жықаң орнынан қозғалмай әлгінің артын күтеді. Бір кезде суға жақындай берген лаққа қамыстан атып шыққан екі қасқыр бас салады. Жықаң қолындағы «Мелқашқасымен» қасқырдың біреуін атып құлатқанда, аңтаң болған екіншісі лақты тастай қашады. Сол кезде Жықаң «Әй!» — деп дыбыс береді. Дыбысты естіген қасқыр жалт қарағанда, оны да атып түсірген екен.

Осы секілді қызықты жәйлар Жықаң аңға шыққанда әлденеше рет кездесіп жататын.

Несін айтасың жылма-жыл қасқырды көп алып, оның терісін өткізіп ақшаға айналдырып тұрдық. Қалтаға біраз ақша түскеннен кейін, «Волга» жеңіл машинасын сатып алдым. Мен сол кезде қойма меңгерушісі болып істейтінмін. «Әли машинаны қоймадағы дүние-мүлікті сатып, соның ақшасына алып отыр» деп біреулер мені көрсетіп, соны тексеруге жоғарғы Заң орнынан адам келді. Тексеру қорытындысында қойманың кіріс-шығысынан қылмысты іс таба алмады. Сол жылы ірісі бар, күшігі бар 300-дің үстінде қасқырдың терісін өткізгенбіз. Соның квитанцияларын жинап қойған едім. Сол жақсы болды. Жаңағы тексерген кісі түбіртек бойынша есептегенде өткізген терілердің жалпы құны «Волганың» бағасынан асып түсті де, тексеріс жүргізген кісі «жала екен» деп, жүріп кеткен еді.

Менің айтып отырғаным өзімнің көрген білгенім. Ал, енді Жықаңның аңшылық өнерінің мен көрмеген және білмейтін айла-тәсілдері қаншама?!

Әсіресе, ол кісінің атпен қасқыр соққанын естігенім болмаса, көргенім аз. Өйткені мен көбіне-көп қасқырды машинамен аулаймын.

Жықаң қасқырды дыбыс айыруымен иіс сезуін және оның үні арқылы жасын айыратын Сол сияқты қасқыр ғана емес, басқа да аңдар мен құстардың қырлы-сырлы ерекшеліктерін білетін. Оларды аулаудың сан түрлі тәсілдерін меңгерген адам.

Аңшылық — оның соңына түскен адамның қызығына тоймайтын өнер ғой — деп, Әлекең әңгімесін аяқтаған еді.

Жықаң көпті көрген, көп жақсылармен бірге жүрген, Ұлытау — Жезқазған өңірінің барлық жерін аралап, оның табиғи ерекшеліктерін жатқа білетін дарынды адам болатын.

Сәлем беріп келіп, суыртпақтап сыр тартқан кісіге, ол жазылып қойылған шежіре дерсің, шешен дерсің! Әдемі сынғырлаған үнемі тыңдаушының жан-дүниесін шымырлата жанға жайлы әңгімелерді қозғап, ұйытып тастайтын.

Жықаң Ұлытаудың халқы сыйлайтын ел ағасы, қадір тұтатын ақсақалы болатын. Ол кісінің жағымды айтқан сөздері ел арасында айтылып та жатады.

Ұлытау жеріне Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев келгенде, «Белгітаста» қарсы алу салтанатында ел ақсақалдары атынан Жықаң сөз де сөйлеген болатын.

Өнер әрқашан да дарындыдан туындайды. Жықаң дарынды жан еді.

## ***СЫЗДЫҚ МЕРГЕН***

Өнердің қай түрін алсаң да, оның асқар биік шыңына ізденген жеткен ғой. Өнердің соңына түсіп, іздену үшін, батыл жүрек, алған беттен қайтпайтын қайсарлық, басқа түскен қиындықтарды жеңе білетін шыдамдылық керек. Бұл асыл қасиеттерге қоса көрегендік, ақыл, айла-тәсіл бірге жүрген жерде алға қойған мақсат нәтижелі орынға баратындығын өмір көрсетіп жүр.

Сондай асыл адамның бірі — Сыздық мерген дер едім. Аты аңызға айналған Сыздық мергенді 1970 жылы жол жүріп бара жатып, поезд ішінде кездестірдім. Жас шамасы 80-ге жуықтаған қарияның, өзінің сырқаты жайында жанындағыларға айтып отырған әңгімесін естіп, ол кісінің Сыздық мерген екенін аңғардым.

Кешегі Отан соғысының кезінде «Сенің тылдағы қызметің де, соғыстан кем емес, үкіметке аңның еті мен пұл болатын терісі қажет» деп, Сыздық мергенді брон беріп, қалдырған екен. Сол уақытта Сыздықтың жасы елулер шамасында болса керек.

Сыздық жасынан аңқұмар болып, мылтық ұстап, ит жүгірткен екен. Мылтықты қадірлеп ұстап, оны пайдаланудың қыры мен сырын жете меңгерген адам. Оған қажетті оқты қорғасыннан құйып, өзі дайындап ала беретін.

Өсіресе, өле-өлгенше жанынан тастамайтын шұбар бердеңкесіне оқтарды көп жасап алып, шығатын. Соғыс кезінде не қат, тамақ қат болған жоқ па? Сыздық өзіне міндеттеніп берілген, мемлекетке киік етін тапсыру жоспарын асыра орындап отырған. Тұздалып кептірілген киік еттерін 4-5 түйеге артып, әкеп өткізіп тұратын. Оған екі-үш көмекшілер де берілген. Ол кісінің тапсырған еттері Отан қорғап жүрген жауынгерлерге жөнелтіліп отырған.

Табын-табын киіктерге жаяу барып, иіріп қойып, ішіндегі семіз текелерін алып қалады екен. Айтушылар «Сыздық мерген бір жерде қозғалмай отырып 80 теке түсірген еді, ол кісінің атқан оғы құр кеткен емес», дейтін. Атып алған киіктерді далада сойғызып, етін тұздатып кептіріп, түйелерге артатын болған. Етке қажетті тұзы, қант-шайы, ұны және қажетті самаурын-шәйнегі және басқадай ыдыс-аяқтары да түйеге артулы болатын. Далада тамақты да дәмді етіп пісіріп, ішеді екен. Оның негізгі тамағы да даладағы аң мен құстың «тілін» білген, қай аң, қай құс, қай мезгілде, қай жерде болатындығын, күндізгі және түнгі жортуын, олардың салған жымы мен жолын, жайылымы мен суатын жете зерттеп жадында сақтаған аңшы.

Аңға шыққанда ол кісіде асығыстық болмаған. Көмекшілерін ертіп, үш-төрт түйемен құбажонға шығып, аңның мекен еткен жеріне жетіп, сол маңдағы суы бар жерге жүктерін түсіріп, жеңіл-желпі қоскүркелерін тігіп, шай-пайын ішіп, жатып қалатын. Мерген таңға жақын тұрып, бердеңкесін алып, қостан ұзап, бір оңтайлы бұтаның түбінде жан-жаққа дүрбі салып жатады екен. Қасқырдың көбіне-көп түнде жортатыны өзіне аян, Сыздық мерген таң алдында оның мекеніне қарай қайтатынын біледі. Маңайдағы келе жатқан қасқырды көрген бетте, өзі көрінбей қолындағы түлкінің құйрығын анда-санда былай бір, олай бір бұлған еткізіп жата береді. Қырағы көз «қасекеннің» тышқан андыған түлкіні қыраннан көретіні белгілі ғой. Бұлаң еткен

түлкінің құйрығын көзі шалған бетте салып ұрып, келіп қалған қасқырды шақырып атудың бір тәсілі ғана. Тоғайлы, өзен бойына жақын жерлерде қараңғы түнде қоян болып «бақырып» жетіп келген қасқырды атып алатын.

Бірде, топ киіктің су ішіп кетіп жүрген жерінде жасырынып, дүрбі салып жатқан Сыздық мергеннің көзіне жортып келе жатқан қасқыр түседі. Қасқыр суға таяй бере шаңы шығып, бұрқырап жатқан топырақты қазып, соған өзін-өзі көме бастайды. Топыраққа көміліп жатқан қасқырды бердеңкемен дәл атып, орнынан қозғалуға шамасын келтірмей қалдырады да, енді оның артын күтеді. Әлден уақытта бір топ киік келіп, су ішіп, қайтып өре бергенде, оның ар жағынан келіп қалған екінші қасқырдан, олар бері үреді. Мергеннің киікте жұмысы болмайды. Ал енді жетіп келген қасқыр үлкен арлан екен, манағы көмулі жатқан қасқырды «сенің есің дұрыс па?» дегендей, бас салып талай бастайды. Осыны көріп жатқан мерген арланды да бір атып жатқызған екен.

Соғыс жылдары елдің де жағдайы ауыр болатын. Халық қолдағы бірді-екілі малдарының сүтімен құрт-ірімшігін ғана талғажау етіп күн көретін. Тек қыс айларында ғана бірлі-жарым тайынша-торпағын сойып, тамақ ететін.

Сыздық мерген халқының жағдайына қарап, өз мезретесін жасап, келген ауылдарына ет беріп кететін. Сыздық келген ауыл адамдары мәре-сәре болып, қуанып көңілдері көтеріліп, қалатын. Мүмкіндігі бар адамдар мергенге еріп, «қызылшы» болып құр қайтпайтын.

— Сіз, аңды қалай атасыз? — деген ауыл адамдарына Сыздық мерген:

— Жаяу барсаң атасың, таяу барсаң атасың, ерінбесең атасың, керінбесең атасың, көздесең тигізесің — деген екен. Ол кісі алдына бір топ тобылғыны ұстап бір табын киікке тіке еңбектеп таяна бергенін, алыста тұрып көргендер «тіпті, ол кісіден киік үрікпейді және дәл жанына барғанын сезбейді де» деп дәріптейтін.

Ол кісінің руы Шағыр, ұрпақтары Сарысуөзені бойындағы елдерде тұрады. Оларда «Аң десе, ішкен асын жерге қоятын» тұқым қуалаған мергендер.

Сыздық мергеннің даңқы көп елге тараған адам. Оны Сарыарқаның қай еліне барсаң да, білетіндер және естігендер көп-ақ.

Аңшылық та өнердің үлкен түрінің бірі ғой, оның дәмін татып, қызығымен сусындағандар ғана жете біледі.

Кез келген адам аңшылық өнерді меңгере алмайды. Ол құштарлық пен сабырлықтан туындайтын өнер.

## О, ШІРКІН, ҚАНСОНАР!

Жер бетін жауып жатқан ұлпа қар. Қыбырлаған аң атаулының шимай салған іздері «мен мұңдалап» жосып жатыр.

«Әкең өлсе қойылар, атаң өлсе сойылар, қансонар қайдан табылар?» — деп сағына күткендердің қансонары осы емес пе?

«Жері байдың елі бай» демекші бұл өңірде Арғанаты аңға бай жер. Түстіктен терістікке қарай созыла жатқан Арғанаты тауының шығыс жағы адырлы-қыратты болып, келеді де, төбетөбенің арасында шоқ-шоқ қайың-терек, тал-шілік өсіп, бір-біріне жалғасып жатады. Қайсыбір тұстарында орман-тоғай түбіндегі бұлақтардан басын алған сай-саланың сулары ойдым-ойдым айдындары бар, өзеншелерге ұласады.

Арғанатының батыс жақ беті биік шоқылы, терең құз жартасты болады. Қойнау-қойнау жыралардан аққан тау өзендерінің өне бойы ит тұмсығы кірместей қалың орман-тоғай. Таудың қарсы алдындағы жазаңдарға біткен бөлек-бөлек көлеміне көңіл толғандай қайың-терек, долана ағаштары өскен орман тоғайлары мен бітік шыққан көкорай шалғындары, сол өңірді көріктендіріп тұрады. Аң біткеннің көбі саялы жерді сағалап өсіп-өнетіні белгілі емес пе? Кезкелген жерден ұшырасатын қасқыр, түлкі, қоянды былай қойғанда сирек кездесетін аңдар да арагідік көрініп қалады.

Ертеде бұғы-марал, таутеке-арқар болған десетін. Бүгінде сирек те болса елік, сілеусін, құстардан саңырау құр, шіл кездесіп жатады.

Арғанатының түстік жағынан тауды жарып Бозай өзені ағады. Ол — Қараторғай өзенінің бір саласы. Бозайдың бойы терең құз, қалың шатжарасты, ағаш қалың өскен тоғайлы, қорысты келеді. Бозайдың тауға сұғына кіріп жатқан жерінде биік «Итенбай шоқысы» тұр. Оның етегінде өзен жағасындағы шатпа Итенбайдың ескі үй-қорасының орны жатыр.

«Арқада Итенбайдан асқан құсбегі болған емес» деген аңыз, осы үйдің егесіне айтылған.

Ит жүгіртпін, құс салу — еті тірі өнерлі жігіттердің ғана қолынан келетін іс. Біздің әңгіме етіп отырған Итенбайымыз өзінің құсбегілік өнерімен бүкіл Арқаға атағы жайылып, жұртты таң қалдырған адам.

Итенбайдың құсбегілік жайында құлағы тұрік көнті көрген бұрынғы үлкендердің әңгімелерін зер сала тыңдап, есіне сақтаған қаракенгірлік ақсақал Сейсенбек Әбенұлымен әңгімелескен едім.

— «Тыңдаушысы болмаған, сөз жетім» — дейді екен бұрынғылар. Тыңдаушы табылса, бұрынғы әңгімешіл үлкендерден естіген-білгенімді айтып беруге несіне қиналам — деп, Итенбай құсбегінің қызықты әңгімесіне көшті.

Анау, Арғанатыдағы Домбығұлтауы «Сетік құзына» бұркіт ұя салып, балапан басады екен. Бұркіттің ұябасары (аналығы) қаңтардың қақаған аязында туып жұмыртқасын ашық ұяда табаны күректей бір ай қалдырады да, аяз өткен соң басып, біржарым айдан кейін балапан шығарады. Егер бұркіттің шыққан тегі жақсы болса, бір немесе екі ғана балапан шығарады екен.

Әңгіме етіп отырған құсбегіміздің ауылы «Домбығұлға» таяқ тастам жер. Бұркіт ұя салар-ау, — деген қаңтар айының қарсаңында Итенбай жарқұлағы жастыққа тимей, атқа мініп, биік шыңқұстардың ұрымтал жерлерін назардан тыс қалдырмай аңдиды екен. «Аңдыған алмай қоюшы ма еді». Екі-үш жылдай соңына түсіп жүріп, үш балапан ұстап, аңға баулыған. Үш балапанның үшеуі де бір-ер жылда нағыз қандыбалақ алғыр қыранға айналған. Соның ішінде біреуі ірі болып өсіп, алғырлығымен «Ақиық» атанған.

Құс баптау мен аңға баулудың жасырын тұрған қыры мен сырына қанық Итенбай құсбегі балапандарды сан түрлі айла-тәсілмен баулып, өз дегеніне көндіре үйретіп, басқа құсбегілерді таңдандырған. Үйіне таяу тұрған биік шоқыға шығып, бұркіттерінің біреуін, кейде екеуін ұшырып жібереді. Биік аспанға тез көтерілген бұркіттерінің көп күттірмей-ақ, қанат, құйрығы суылдап, ауаны жара төмен шаншыла сорғалағанын көріп, қуанышы қойнына сыймай отырады екен. Бұркіттері барып ұстаған түлкі, қоян сияқты жеңіл-желпі аңдарды өздері-ақ көтеріп әкеліп, егесінің алдына тастайтын болған. Егер кешіксе бұркітінің түскені үлкен аң болғаны. Онда құсбегі дереу атына қонып қамшы басады. Қасқырға түскен Ақиық бір аяғының болат тұяқтарын бетке, екіншісін белге жақын салып, қасқырды екі бүктеп, есін тандырып жығады екен.

Итенбайдың құсбегілік өнеріне қызыққан жақын інісі Қожамжар құс салуға бірге шығып жүріп, ағасының әдіс-айласын меңгеріп, кейін оның да аты шыға бастаған. Одан әрі ол өнер Қожамжардың баласы Сағындыққа да дарыған. Ол да кезінде атаққа іліккен құсбегі болды. Итенбайдың үш

әйелі болған. Үшеуінде үш үй бала-шағасымен ақар-шақар ауыл болып отыратын.

Бір қыста Итенбай қасқыры бар, түлкісі бар 50-60-қа тарта аң алып, үш үйіне бірдей етіп таратып беріп жүрген. Наурыздың бір жаймашуақ күнінде Итенбай үш әйелін шақырып алып, «қыстағы аң-терілерін далаға шығарып, жарқыратып бір іліңдерші көрейік?» — дейді. Аңшылықтың қызығына беріліп, қатындарының салпыетек, салақ екенін аңдамаған Итенбай үйден алып шыққан аң терілерінің іске алғысыз болып, іріп-шіріп кеткенін бірақ көрген. Қыстайғы еңбегі еш болып іші удай ашыған құсбегі, «Өңкей жамандар Итенбайдан табысайық, — деген екенсіңдер» — деп, әйелдерінің ісіне түңіліп, теріс айналып кеткен дейді, қияқтай мұртын бір сыйпап қойып, Сейсенбек ақсақал.

Ал енді Итенбайдың сондағы Ақиық қыран бүркітінің қалай мерт болғанын айтайын.

— Айта түсіңіз, ол да бір қызық оқиға болар?

Бүркіт негізі көп жасайтын құс көрінеді. Итенбай дүние салғаннан бір-ер жыл кейін, ауыл адамдары Ақиықты алып шығып, ауылдан ұзай берген томағасын сыпырып, көзі шарадай жанған қыранды ұшырып жібереді. Биікке көтерілген Ақиық айнала қалықтап жүріп, бір кезде жерге қарай садақтың оғындай қадала зулағанын көреді әлгі аңшылар. Бүркіт түскен тұсқа қарай шауып келгендер Ақиық қыранның төсінен екі айырылып мерт болғанын көреді. Ақиық қабанға түскен екен. Шамасы қабанды тоқтатпақ болып бір аяғының тұяқтарын алдынан кез-келген терекке салғанда, жойқын күшпен жанұшыра ышқына қашқан қабан қыранның денесін екі айырып әкеткен. Бүркіт өлген жерінен қабанның қашқан ізі тайға таңба басқандай болып жатыр.

Бүгінде ондай дарынды құсбегі мен алғыр Ақиықтар қайда? Бұл маңнан құсы бар ешкімді ести алмадым. Шіркін, нелер қансонар босқа кетіп жатыр-ау...

Ал, енді газеттен оқып, естіп, білдік. Шет ауданында осы күнде де тәжірибелі құсбегілер бар, — деп айтып жүр, осында біреулер. Одан не хабарың бар?

— Иә, ол рас. Шет ауданының «Тазбаз» ауылындағы «Азат» шаруа қожалығының иегері Тілеуқабыл Есімбековтың құсбегілік өнермен айналысқанына біраз болған. Ол кісі өзінің жақын туыстарын да сол өнерге тартып, кейінгі үш-төрт жылдан бері құсбегілікті кәсіпке (бизнеске) айналдырған.

Оған әрбірден соң, алыстағы шет елдерден (Англиядан, Белгиядан, Франциядан) әуесқой құсбегілер келіп Тілеуқабылдың құс салған өнерін тамашалап, жатып қайтады. Келгенде олар, құр қол келмейді. Әр болған күніне мыңдаған доллар төлейді.

Ойпырмай, не деген тамаша жігіт еді?! Қасқыр мен түлкінің терісі қашанда құнды емес пе? Илеп терідей өткізсең де, ішік тіктіріп, базарға шығарсаң да тигізбей әкетеді ғой. Мәселен, жағасы бар, тысы бар түлкі ішік қазірде 30-40 мың теңгеге жәй өтеді. Қасқыр ішік те бір биенің құны емес пе?

Ел басының үкіметке нақты 8 тапсырмасында үстіміздегі жылдан бастап шағын және орта бизнесті дамыту көрсетілді емес пе?

Шіркін, ет тірі талапкер, жастарымыз ұмыт қалып бара жатқан осы бір ата кәсібіміз — құсбегілікті қолға алса деймін де отырамын. Оған қазір толық мүмкіндік те бар ғой. Манағы айтқан Ақиық қырандардың тұқымы Арғанаты Ұлытау Кішітау, шың-құздарында әлі де болса бар. Сондықтан еті тірі өнерлі жігіттеріміздің құсбегілік өнерге бетбұрыс жасағаны жөн, — деп Сейсенбек Әбенұлы қызықты әңгімесін аяқтады.

Сейсеке, тамаша, тартымды әңгімеңіз үшін, сізге көптен-көп рахмет айтамын. Жаңа жылда отбасыңызға бақытты өмір болсын! Бала-шаға, немерелеріңіздің ортасында өміріңіз қызықты болып, ұзағынан жарылқасын!

## МАЗМҰНЫ

Өмірдерек . . . . .	4
Төрт тұлға . . . . .	5
Едіге ұлы тұлға . . . . .	8
Ұранға шыққан Сандыбай батыр . . . . .	12
Сандыбайдың Ердені . . . . .	15
Көкбесті . . . . .	27
Қамал бұзған батыр . . . . .	36
Қасымның өлемі . . . . .	41
Бір биеден — үш тұлпар . . . . .	45
Керат өлген . . . . .	49
«Келтетал» — Қаракеңгір өткелінде . . . . .	51
Тобылғылы құмының күнгейінде . . . . .	55
Қара қасқа тұлпар мінген кім? . . . . .	58
Қос батырдың соңғы жылдары . . . . .	62
Қазақтың мақтанышы . . . . .	66
Бөстекбайдан қалған бір әңгіме . . . . .	72
Оның рухы ғасырдан ғасырға жасай бермек . . . . .	74
Найман Дулыға батыр . . . . .	77
Бақталастықтан мерт болған . . . . .	84
Ердің атын — ел шығарар . . . . .	87
Байлық — қыдыр дарығанға бітеді . . . . .	89
Өтжан би . . . . .	91
Терісаққанның тектісі . . . . .	96
Қаражан палуан . . . . .	106
Атан жыққан балуан . . . . .	109
Бейіс палуан . . . . .	111
Жолбарыспен алысқан палуан . . . . .	112
Азаттықты аңсаған ел едік . . . . .	115
<b>II-бөлім</b>	
<b>Сарбаз</b> . . . . .	<b>128</b>
Тайжанмен үш рет кездестім . . . . .	129
Есімі ұмыт қалған абзал жан . . . . .	132
Барымта . . . . .	135
Тымақты Еней . . . . .	138
Қос арыс . . . . .	139
Отты жылдар . . . . .	142
Қыз күткен жігі . . . . .	146
Ұрдың қазақ . . . . .	147
Асыл қасиеттер — ұрпаққа мұра . . . . .	148
Бұзау болыс . . . . .	150
Тоқтар жұлдызшы . . . . .	152
Айтылып жүрген әңгіме . . . . .	154
Аңшылық та өнер . . . . .	155
Сыздық мерген . . . . .	160
О, шіркін, қансонар! . . . . .	163

*Кітаптың шығуына жауапты:  
Ұлытау ауданының  
кітапхана директоры  
Қ. Құсайынова*

Теруге 27.12.2004 берілді. Басуға 24.01.2005 қол қойылды.  
Пішімі 130x180 1/16. Офсеттік қағаз. Әріп түрі "Baltica Kazakh".  
Таралымы 100. Тапсырыс 2555.

*Жезқазған «Полиграфия Ер Мұра» ЖШС-нің  
баспаханасында басылған.*

---

*Жезқазған қаласы, Шевченко көшесі, 36*



